

Г. ҚОСЫМОВА, Р. РАХМЕТОВА, Ж. БЕКЖАНОВА

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық

7

Қазақстан Республикасының Оқу-агарту министрлігі ұсынған

2-басылымы, өндөлген



Алматы «Атамұра» 2024

Г. ҚОСЫМОВА, Р. РАХМЕТОВА, Ж. БЕКЖАНОВА

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқуалық

7

Қазақстан Республикасының Оқу-агарту министрлігі ұсынған

2-басылымы, өңделген



Алматы «Атамұра» 2024

1-8108

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Қ 68

Шартты белгілер:



Қосымова Г., Рахметова Р., Бекжанова Ж.
Қ68 Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық.
2-басылымы, өндөлген./Қосымова Г., Рахметова Р., Бекжанова Ж. – Ал-
маты: Атамұра, 2024. – 256 бет.

ISBN 978-601-10-0423-7

ISBN 978-601-10-0423-7

© Қосымова Г., Рахметова Р.,
Бекжанова Ж., 2024
© «Атамұра», 2017
© «Атамұра», 2024, 2-басылымы,
өндөлген

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушы!

Ұсынылып отырған бұл кітап – XXI ғасырдың оқулығы. Сен қалай ойлайсың, XXI ғасыр несімен бағалы, немен ерекшеленеді?

Қазір білім беру ісіне көптеген жаңа өзгерістер үлттық құндылықтар негізінде еніп жатыр. Ең басты құндылық – өмірлік білім алу. Өмірлік білім – сенің игілікке жету жолындағы құралың, құнделікті тіршілікте сәт сайын қолданатын білімің. Бұл білімді ана тілінде қолдану аса маңызды.

Сен білімді ата-бабамызың дүниетанымымен, ойлау жүйесімен, еңбегімен қалыптасқан үлттық құндылықтарды игерे отырып, бойына сіңіресің. Даналықтың көзі, үлттың шежіресі, халықтың өмір тәжірибесі жинақталған рухани қазына – тіл байлығы, мақал-мәтедер, фразеологизмдер, бейнелі сөздер мен афоризмдер. Оларды менге-ру арқылы сен «ой түйе алатын тұлға» дәрежесіне көтеріле аласың.

Қазақ тілі – тек қарым-қатынас құралығана емес, дүниені танып-білудің құралы. Бұл жерде неге, қалай деген сан түрлі сұрақтарға жауап іздел үйрену, білмейтініңді біліп, түсінуге, ой түюгө үмтүлу – сені рухани кемелдікке, данышпандыққа, даналыққа бастайтын жол. Даналық – дүниені, өзінді, басқаларды түсіну, жинаған білімінді өмірлік қажетіңе сай қолдана білу. Білім оқумен келсе, түсінік оқығанды кекейге тоқумен, ой қорытумен қалыптасады.

Сен оқулықтағы түрлі тапсырмаларды орындау арқылы қазақ тілінің бай мұрасымен терең танысадың. Ана тілінде әдемі, дұрыс сейлеуге, сауатты жазуға үйренесің. Таным көкжиегінді кеңейтіп, ойлау қабілетінді дамытасың. Өзіндік тұжырым жасауға, идея ұсынуға, тілді жан-жақты зерттеуге дағдыланасың. Осындағы қабілеттерге ие тұлғағана көшбасшыға айналған алады. Көшбасшылық жалпыадамзаттық және үлттық құндылықтарды игеру, еркін ойлау, басқалармен диалогке түсে алу және ұжымда жұмыс жүргізе алушмен тікелей байланысты. Үлттық құндылығымыз қазақ тілі – бізге бабалардан қалған аманат, сондықтан ана тілінді сүй, қадірле, құрметте! Бұл – тарихы сандаган ғасырларға тамырланған жасампаз, өміршең тіл! Оны Мәңгілік Елдің мызғымас іргетасы, жасампаздыққа апарап құралы, салт-дәстүрдің қайнар көзі ету – сенің қолында, жас үрпак!

Авторлар

АУА РАЙЫ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ ОЗГЕРІСТЕР

1-бөлім

1–2-сабактар

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫң АУА РАЙЫН БОЛЖАУЫ



ОЙТУРТКИ

- Сендер ауа райын болжай аласындар ма?
- Қазақ халқының астрономиялық түсініктері жайлы не білесіндер?

Тілдік бағдар

Интонация, кідіріс, логикалық екпін

Интонация (сөз сазы) дегеніміз ауызша сөйлеу үстінде сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі. Кез келген сөзді адам өз қажетіне қарай бірнеше түрлі интонациямен айтудына мүмкіндігі мол. Мысалы, «Сөлеметсіздер ме!» дейтін сөзді өркілы сазбен айтуга болады: жұмсақ, нәзік, мейірімді, құрметпен, еліктіре, сынай, ықыласты, сұрай т.б.

Кідіріс – тыныс, үзіліс. Бұл демалысты жеңілдетеді. Сөйлеушінің ойлауына мүмкіндік тудырады, ойды, пікірді бөліп, ерекшелеп айтуга қолайлы жағдай жасайды.

Сөздерді дұрыс айтуда орфоэпиялық нормаларға бағынады. Ауызша тілде дыбыстарды, сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді дұрыс айта білу де сондай маңызды. Сөйлеу мәдениеті адамның әрбір дыбысты, әр сөзді, әр сөйлемді дұрыс, анық айтудынан басталаады.

Сөйлеушінің өз ойын дұрыс жеткізуінде логикалық екпін маңызды болып саналады. Логикалық екпін айтатын ойга тыңдаушының назарын аударуға ықпал етеді. Сөйлем ішіндегі ерекше көңіл аударылуға тиісті болған бір сөзді оқшаулап, бөліп айтуда логикалық екпін деп аталады. Ой екпіні тұрақты болмайды.

Мысалы: *Атасы бүгін ауылга келді.*

Атасы ауылга бүгін келді.

Ауылга бүгін атасы келді.

Назар аударылатын сөз сейлемнің басында не соңында, көбінесе баяндауыштың алдында тұрады.



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тындал, сейлеушінің дауыс ыргагы мен сейлеу мәнеріне қарай негізгі ойды анықтандар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «*Кім көп біледі?*» ойыны. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтінде аталған наным-сенімге байланысты халық арасында қандай тығым сөздер бар?

2. Аспан әлеміндегі халық нанымы бойынша қасиетті саналатын галамшарлар мен жұлдыздар туралы не білесіндер? Өз ойларыңды айтып пікірлесіндер.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Төмендегі сөздерді қатыстырып, оқиганың дамуы мен аяқталуын білдіретін сейлемдер құрандар.

Адам, Күн (галамшар атауы), Ақбозат (жұлдыз атауы), жайлау, жұлдызнама, жұлдыз, Жетіқарақшы, дауыл, қазақтар, ырым.

Есте сақта!

Қазақ тілінің дыбыстары сөз ішінде, сөз бен қосымшаның, сөз бен сөздің арасында бір-бірімен үйлесіп, үндесіп келіп отырады. Сөз біркелкі өуезбен айтылады. **Мысалы:** *конбеді (жазылуы) – комбеді (айтылуы); саңырауқұлақ (жазылуы) – саңыраугұлақ (айтылуы)* т.б.

**АЙТЫЛЫМ**

4-тапсырма. Дауыс сазына сөздердің дүрыс айтылуы да өсер ететін-дігін ескеріңдер. Мысал келтіріп дәлелдендер.

**ОҚЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбын қойыңдар. Мәтін мазмұны бойынша парталастарыңа сұрақ қойып, жауабын бағалаңдар.

Ауа райын болжау – белгілі бір аймақтың алдағы уақыттағы ауа райы жағдайы туралы ғылыми мәлімет. Бұрын Құн сөүлесін, бұлттарды және басқа да табиғат құбылыстарын бақылай отырып, ауа райын алдын ала болжайтын.

Қазақ халқы кең далада мал бағып, ұзақ күндерді табиғат аясында, түндерді жұлдызды аспан астындағы мал қүзетінде өткізген. Олар табиғат құбылыстарын бақылаудан туған көпжылдық тәжірибелерін қорытып, аспан әлемі туралы астрономиялық түсініктер мен ілім жинақтаған.

Табиғат құбылыстарының айналып келіп отыруын – күн мен түннің, жыл мезгілдерінің, айдың жақалануының алмасып отыруын мұқият бақылап, есептей білудің қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі үшін орасан зор тәжірибелік маңызы болған. Қазақтар осы есеп арқылы жайлауга қай уақытта кешу, күзеу және қыстауға қашан келу, қойды қай уақытта қырқу, қай мезгілде мал төлдету, соғымды қашан сою, егінді қай мезгілден бастап салу, шепті қашан шабу сияқты шаруашылыққа қолайлы мерзімдерді дәл басып, нақты белгілеп отырган.

Бұл табиғат құбылыстарының взгерісін, жұлдызды, аспанды бақылаудан туған. Халықтың ғасырлық тәжірибесінде жинақталған астрономиялық түсініктер мен білімдер негізінде байырғы қазақ күнтізбесі жарыққа шықты.

Қазақтар шетсіз, шексіз кең далада мал бағу, көшіп-қону, жол журу және аң аулау, төрт құбыланы анық айыру, қараңғы түндерде жұлдызды аспанға қарап, бағыт-бағдарды белгілеу, өткел, суат,

қоныс, құдықтарды дәл табу сияқтыларды үрпактарына үйретіп, айтып отырған.

(Сергазы Қалиев. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» кітабынан)



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Метіннен алынған күрделі сөздерді зат есімше түрлендіріп, жалғау жалғандар. Оларды етістікпен тіркестіріп, сейлемдер қураңдар. Мәтін құрылымын сақтай отырып, іс-әрекеттерді сипаттап жазындар.

Жайлауга көшу, қой қырқу, мал төлдету, соғым сою, егін салу, шөп шабу.



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін үзіндісінен алынған тәмендегі сейлемді кіріспе етіп алындар. Жалпы мәлімет, детальді мәлімет бере отырып, сызба бойынша іс-әрекетті сипаттап жазындар.

Ауа райы болжамы халықтың кәсіп түрлеріне қалай көмектескен?

Ауа райы болжамы әр салада қызмет ететін ғаламшар тұрғындары үшін: ауылшаруашылығында, кеме тасымалында, балық аулауда, қорғаныста, туризмде, авиацияда, су ресурстарын басқаруда, өнеркәсіп өндірісінде, зілзала мен табиғи апаттардың алдын алуда қызмет ететіндер үшін ете маңызды.

(«Табигат», Балалар энциклопедиясынан)



АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Ауа райына қатысты қандай тыйым сөздерді білесіңдер? Тыйым сөздерді не үшін білу керек?

**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. Суреттерге қарап, «Жердің Күнді айналуы және айнала қозғалуы күн, түн және түрлі жыл мезгілдерінің ауысуын тудырады» деген сейлемді негізге алып, жыл мезгілдері туралы біletіндерінді сұрақ-жауап түрінде жазындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. Оқылым мәтінін талдаңдар. Төмендегі белгілермен әбзацты немесе сейлемдерді белгілендер. Өз ойларынды қорытындылап жазындар.

«✓»	«—»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымда қайшы, керегар.	Мен үшін жана ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.


**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. «Шығу парагы» әдісін қолданып, сұрақтарға жауап беріңдер.

- Бүгінгі сабактан не білдіңдер, бұрын нені біletінсіндер?
- Тыйым сөздерді не үшін білу керек?

3-4-сабактар

КЛИМАТ ПЕН ТАБИГАТ



ОЙТУРТКІ

- Климат дегеніміз не? Ол туралы не білесіндер?
- Қазақстанда қандай климаттық аймақтар бар?



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, тірек сөздерді табындар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сендердің туган жерлерінің табигаты қандай?
2. Сен тұратын жерде қандай климаттық өзгерістер болады?
3. Ата-әжелеріңен, ата-аналарыңнан климаттағы болып жатқан өзгерістер туралы қандай әңгіме естідіңдер?



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. **Жүптық жұмыс.** Төменде интонацияға қатысты берілген танымал адамдардың пікірлерін мәнерлеп, дауыс сазын келтіріп оқындар. Интонация сақталды ма? Бір-бірінді бағалаңдар. Кідіріс сөйлемнің қай жерінде жасалады? Логикалық екпін қай сөздерге қойылады?

Адамның түрлі көңіл құйіне сөздің түрлі әні сәйкес келеді.

(Күдайберген Жұбанов)

Сөз әуезділігі – сөз ішіндегі дыбыстардың құлаққа жағымдылығы. Сейлеу әуезділігі – сейлемдердің құлаққа жағымдылығы, ол сейлемдердің тізілуінен көрінеді. Онда буын екпіні және сөз екпіні ерекше рөл атқарады.

Екеуі де дауыс ағымына қарайды.

(Ахмет Байтұрсынұлы)

Адам жан дүниесінің қанша құбылысы болса, соның бәрін интонациямен беруге болады.

(Всеволод Гернгресс)

Жазу тілі грамматикалық жағынан қанша жетілсе де, интонацияның сан түрлі қызметін бере алмайды. Мысалы, айтуда «иә» деген сөзді 50 түрлі тәсілмен, ал «жоқ» деген сөзді 500 түрлі тәсілмен беруге болады. Ал жазуда бұлай болуы мүмкін емес.

(Бернард Шоу)



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемдер күраңдар. Қандай сезге логикалық екпін түсетінін парталастарына айтып беріңдер.



Қажетті сөздер: судың тасуы, күннің жылуы, ауа райының сууы, жаңбырдың жаууы, тауга көтерілу, жердің құрғауы.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Қазақстандағы климаттық аймақтар» деген тақырыпта кластер жасандар. Ойларынды нақты деректермен дәлелдендер.

Қазақстандағы климаттық аймақтар



**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Тауларда қандай андар тіршілік етеді? Өздеріңе үнайтын аң туралы шағын әңгіме жазындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма. *Топтық жұмыс.* Сыныптастар топқа бөлініп, қазақ даласының екі аймагына жолға шықтыңдар делік. Тобыца нені ескеру керектігін графикалік мәтін түрінде жазындар.

Тауға
сақхат



Шөл далага
сақхат

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. «*Кім білгір?*» ойыны. Топқа бөлініп, аң, құс, шөп атаударына қатысты тенеу мәніндегі сөз тіркестерін атаңдар. Қай топ көбірек айтса, сол топ женеді. Мысалы: *бозторгайдай шырылдады, тікендей қадалды.*

**АЙТЫЛЫМ**

9-тапсырма. Өлең жолдарын дауыс ыргагымен мәнерлеп айтып, неғізгі ойды анықтандар. Өлендердің сөздердің орфографиялық нормага сай жазылуына көзіл боліңдер. Қайталанып келген сөздер қандай дауыс сазымен және логикалық екпінмен айтылатынын түсіндіріңдер.

Жау, жаңбыр!

Аяқасты түнеріп
Тұған жердің аспаны.
Көптен күтіп жүр едік,
Жауын жауа бастады.

Отсе екен деп селдетіп,
Несер төпеп ауылды.
Барлығымыз әндетіп
Шақырдық-ау жауынды.

«Жау-жау, жаңбыр,
Жау, жаңбыр,
Кең далага көлбекен.

Жау-жау, жаңбыр,
Жау, жаңбыр,
Егінжайға шөлдеген.

Жау-жау, жаңбыр,
Жау, жаңбыр,
Егін өссе, береке.

Жау-жау, жаңбыр,
Жау, жаңбыр,
Елге әкелер мереке...»

(Ескен Елубаев. «Күміс кебеже»)



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Өлеңді негізгі бөлім етіп алып, кіріспе мен қорытындыны өздерің ойластырып, шағын әңгіме жазындар.



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ



11-тапсырма. «Бес саусақ» адісі арқылы сұрақтарға жауап жазындар.


Бас бармақ – басты мәселе. Бұғаңғи сабакта ең қынды мәселе не болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жүпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Орган терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе жинадым?

Шылдыр шүмек – шынайылың. Сабак маган үнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көзіл күй ахуалы. Мен өзімді сабакта қалай сезіндім?

5–6-сабактар**ҰЛЫ ДАЛА ТАБИФАТЫ****ОЙТУРТКІ**

- Ұлы Даңа дегенді қалай түсінесіндер?
- Қазақ халқы неге өзін «Ұлы Даңа перзентімін» деп атайды?

**ТЫҢДАЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**

1-тапсырма. Өлеңді тыңдалап, төмендегі сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер көлтіре отырып, дәлелді жауап беріңдер. Өз жауаптарыңды өзгенің жауабымен салыстырып талқыландар.

- Өлеңде қандай өзекті мәселелер көтерілген?
- Ауа райының адам ағзасына тигізер өсері бар ма?

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. Өлеңді қайталап тыңдаңдар. Оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжандар.

БЛГЕНИҢ ДҮРІС!

Тілімізде «түмшаш» деген сөз бар. Түмшаш – ластанған тұман. Түсі қоңыр-сарылау келеді. Оның құрамына өнеркәсіптер, автомобилдер, тұрмыстық химия бөліп шыгаратын ластаушы зиянды заттардың қосындысы кіреді.

**ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Өздерің тұратын елді мекеннің суретін салыңдар. Содан кейін нақты деректермен дәлелдеп, шағын мәтін құрастырыңдар.

**АЙТЫЛЫМ**

4-тапсырма. Түмшаланған ауа райының адам ағзасына тигізер зиянын және одан құтылудың жолдарын айтып, пікірталасқа түсінддер. Үндестік заңын сақтап сөйлеңдер.

Есте сакта!**Үндестік заңы**

Тұбір сездің жуан-жіңішкелігіне қарай қосымшаның дыбыстары да жуан-жіңішке болып айтылады және жазылады. Мысалы: *бала-лар, үй-лер, ауыл-га, көше-де* т.б.

Қазақ тіліндегі қосымшалар сездің соңғы дыбысының сипатына қарай бейімделіп жалғанады. Сездің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымша да қатаң болады. Сездің соңғы дыбысы үяң не үнді болса, қосымша да үяң не үнді дыбыстан басталады. Мысалы: *күзде, ауылга, үйде, мектепке, сабактан, қыста* т.б.

**Оқылым**

5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Қандай мәселелер көтерілгенін анықтаңдар.

Климаттың өзгерістердің зардалтары

Арктика мұздарының еруі мұхиттық ағыстардың өзгеруіне және осы аймақта температуралың көтерілуіне соқтыруы мүмкін. Мұздықтардың еруі мен мұхит суының жылынуы нәтижесінде теңіз деңгейі көтеріледі. Жауын-шашының молдығынан көптеген аймақтарда тасқын болып жатыр. Күшті дауылдар, аптапты қуаңшылық, жылу толқындары жиілеген. Жан-жануарлардың салқынырақ аймақтарға көшүі нәтижесінде экожүйенің өзгеруі орын алғып отыр.

Галамдық жылынудың әсерінен жаңбыр жауу түрлері де өзгеді. Жауын мөлшерінің төмендеуінен жерасты сулары азаяды, ал теңіз деңгейінің көтерілуінен жағалау аймақтарындағы су ластанады. Бұл факторлар ауызсу мен егінді суаратын судың тапшылығына әкеледі.

Галамдық жылынуды азайтуға көмектесетін көптеген шаралар бар. Олардың бірқатары:

- Ағаштарды көбірек отыргызу және ормандарды кесуді тоқтату.
- Шамдарды және басқа да электр құралдарын өшіріп жүру арқылы қуатты үнемдеу, осылайша табиги ресурстардың сақталуын қамтамасыз ету.

- Қоқыс көлемін азайту, қоқысты қайта өңдеу табиғи ресурстардың сақталуына өз септігін тигізеді.

(«Табиғат». Балалар энциклопедиясынан)



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Суреттерге қарап, ғаламдық жылынуды азайту үшін не істеу керектігіне шағын мәтін құрастырыңдар. Септік жалғауларын ережеге сай дұрыс қолданындар.



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Климаттық өзгерістің түрлерін анықтап, мәтіндегі деңгектер бойынша орын алған аймақтарды диаграммада түсіріңдер.



**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Септік жалғауларын еске түсіріңдер. Мәтіннен септік жалғаулы сөздерді тауып, семантикалық картаны толтырыңдар. Олар қандай қызмет атқарып тұр?

Ілік септікте	Табыс септікте	Барыс септікте	Жатыс септікте	Шығыс септікте	Көмектес септікте
мұздарының	көлемін	тапшылырына	аймақтарда	молдығынан	-

**АЙТЫЛЫМ**

9-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Төменде берілген сұрақтардың төніре-гінде пікірлесіңдер.

- Климаттық өзгерістердің басты себептері неде?
- *Ормандарды жою* дегенді қалай түсіндіндер? Оның климаттық өзгеріске әсері қандай?

**ЖАЗЫЛЫМ**


10-тапсырма. Фаламтор материалдарын пайдаланып, «Әлемде болып жатқан климаттық өзгерістер» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. *«Шығу парагы»* әдісін қолданып, сұрақтарға жазба-ша жауап беріңдер.

- Бүгін не үйрәндіңдер?
- Септік жалғаулы сөздерге қатысты семантикалық картаны толтыруда қандай қындық болды?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

7–8-сабактар

АУАСЫЗ ТІРШІЛІК ЖОҚ

ОЙТУРТКІ

- Ауа неден тұрады?

**ТЫНДАЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінді тындалап, атмосферадағы элементтердің пайызын диаграммама салыңдар.

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтінді тындалап, төмендегі проблемалық сұрақтарға мәтіннен жауап табыңдар. Өз жауаптарынды өзгөнің жауабымен салыстырыңдар. Кімнің жауабы дұрыс болды?

1. Құрлықты құрайтын қанша континентті білесіндер?

2. Жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік етүіне ауа мен климат қалай әсер етеді?

3. «Көміртегінің айналымы арқасында өсімдіктер, жануарлар тұныс алады» дегенді қалай түсіндіндер?

**ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. «Аудағы тіршілік көздері» деген тақырыпқа кластер жасаңдар. Ойларынды дәлелдендер.

**АЙТЫЛЫМ**

4-тапсырма. Оттегін қолданатын салалар туралы ой белісіндер.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмау;

- сез әдебін сақтау;
- тіл сауаттылыры;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

**ЖАЗЫЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**

5-тапсырма. *Топтық жұмыс.* «Табиғаттагы көміртегінің айналымы» дегенді бір-біріңе түсіндіріндер. Өрі қарай зерттеу жүргізу көрек пе, жоқ па? Жоспар құрындар.

**АЙТЫЛЫМ****ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Зат есімнің жалғауларын еске түсіріндер. Тындалған мәтіндегі сөздердің қандай жалғауда түрленіп тұрғанын анықтаңдар. Оларды кестеге салып, қолданыстағы марынасын түсіндіріндер.

**АЙТЫЛЫМ**

7-тапсырма. Әрбір екі жолда табиғаттың қандай күйі суретtelгенін айтып беріндер. Ауызша сейлеуде жалғаудың түрлерін үндестік заңына сай қолданындар.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзи.

Күлімсіреп аспан тұр,
Жерге ойлантып әрнені.

Дем алысы – үскірік аяз бен қар,
Кәрі құдаң қыс келіп өлек салды.

Арыстанның жалынданай бүйра толқын
Айдаңарадай бүктеліп, жұз толғанып.

(Абай Құнанбайұлы)

**ОҚЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырындар.

Қазақ қауымы негізгі галамшарлардың жағдайын жақсы білген.
Олар жайында өлең-жыр, сан алуан азыздар шыгарған. Қазақтар-



дың жұлдыздарға қойған аттары да өздерінің тұрмыс-тіршілігінен алынған. Қазақтар жұлдызы аспан картасын Темірқазықтан бастайды. Темірқазық қазақтардың түнде жол жүргенде беталысын бағдарлайтын тұсбагары іспеттес болған. Себебі ол тапжылмай бір жерде тұрады. Оның маңындағы екі жұлдызы «Ақбозат», «Көкбозат» деп аталады. Қыста кешкі Шолпан (Санжұлдызы) туған кезде қойды қорага әкеледі. Меркурийді қазақтар «Таң Шолпаны» деп, кейде «Кіші Шолпан» деп атаған. Юпитерді «Есекқырган», Марсты «Қызыл Жұлдызы», Егіздерді «Қос Жұлдызы», Сириусты «Сүмбіле» деп атаған және бұлардың жай-күйін, орнын, қозгалысын жақсы білген.

Жетіқарақшы – қазақтардың бөріне таныс шоқжұлдыз. Ол – шөміш пішінің құрастыратын жеті жарық жұлдыз тобы. «Жетіқарақшыны таныған жеті түнде адаспас» дейді қазақтар. «Жетіқарақшы» атауы өте ерте замандарда шыққан. Жұлдыз атауындағы «қарақшы» сезінің алғашқы түрі – «қарап тұрушы». Ай көрінбеген сағатта аз да болса жарық беретін, жалғыз жүрген адамдарға ес, сүйеу болатын – осы жеті жұлдыз.

Үркер жұлдызының қазақтар үшін әрі астрономиялық, әрі метеорологиялық мәні бар. «Үркер» деп аталатын бір топ шоқжұлдызға қарап, қазақтар ауа райының құбылуын, әр бөлігін ажыратада білген. Үркер күздің басында шығыстан, қыстың басында төбеден, көктемнің басында батыстан көрінеді, ал жаздың басында мұлде көрінбейді.

Қазақ есепшілері Үркөрдің тууы мен батуын үдайы қадағалап, бақылап отырған. Шаруашылық маусымдарын соған сәйкестендірген.

(Сергазы Қалиев. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» кітабынан)



9-тапсырма. Олең мен мақала мазмұнын салыстырып, тақырыбы мен идеясындағы үқастықты анықтандар. Құрылымы мен тілдік ерекшелігін салыстыра талдаңдар.

Жұлдыздар

Адамзатқа аспанның жүзі мәлім,
 «Ақбоз-Көкбоз» белгілі бұзық әнің.
 Таң алдында толықсып туатұғын,
 «Шолпан» жұлдыз, мен саған қызығамын.
 «Жетіқарақшы», сен кімсің, ұрымысың?
 Сен де керек бол қалдың жырым үшін.
 Миллиард құс үшты ма, бір-ак сәтте,
 «Құс жолының» кім білген құбылысын.
 Шықты, әнеки, «Балықтар» өсек терген,
 «Шаяндар» түр найзасын кезеп төрден.
 «Темірқазық» байланып қазығына,
 Ерінеді енжар бол «Есекмерген».
 «Үркөр» үшты із тастап шиырлаған,
 Құмар ма еді гарыш пен қыырга адам.
 Ақын отыр аспанға қарап жерде,
 Жұлдыз болу бақыты бүйірмаган.

(Рза Оңгарбай)

Жұлдыздар қазакы танымнан неге алыс жатыр?

Құпия сырға толы аспан түңғиығына үмітпен де, қауіппен де қарамаған адам болмаған шығар. Сол аспан әлеміне ерекше үзіле білген, тіршілігін сонымен байланыстырган халық – мыңғырған мал өсірген көшпелі ел. Қыстаудағы қойдың күзетіндегі, ит-құстар сақтау үшін түні бойы жылқы баққан азamat ғасырлар бойы өзінің аспан әлемі туралы танымын жырдай қылыш келесі буынға жеткізіп отырган. Бір ғана Жетіқарақшы туралы аңыз, олардың Үркөрдің қызының үрлап алып, енді Темірқазыққа арқандалған ақ боз ат пен кек боз атты жымқырып кету үшін андуы, таң атып қалып, аттарды қолға түсіре алмауы туралы әдемі ертегі кімді үйтпаған? Мұндай тамаша аңыз қазақтан басқа еш халықта жоқ. Осы жерде

тагы бір айта кетерлік жайт: егер Жетіқарақшы арқандаулы екі атты «екі жұлдызды» үрласа, ақырзаман болады деп түсінеді халық. Бұл да бір болашақты мензеген терең түсінік болса керек.

Біз үрпақты қазақ рухында тәрбиелегіміз келсе, мұның берін ұсақ-түйек деп қарамай, жеткіншек санасын бөтен ұғыммен уламай, қазақы дүниетанымды көкірегіне қондыра білгеніміз жөн.

(Кәмел Жұністегі)



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіндегі кеп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып жазыңдар. Буын үндестігі сақталды ма, кез жеткізіндер.

Күндіз көрінетін жұлдыз қалай аталады?

Бұл – аспан...ғы ең жарық жұлдыз. Жарықтығы сондай, таңтерең барлық жұлдыз өшкен кез... таңшапағы... бірге жарқырап тұра.... Ал ақшамда кек жұз... бар жұлдыз... озып, ең алдымен көрінеді. Бірақ бұл жұлдыз емес. Бұл – Шолпан (ғылым тілі... «Венера» деп аталады), Күн жүйе...идегі екінші планета. Басқа планеталар сияқты, Шолпан да өздігі... жарық шыгармайды, тек Күн жарығ... шагылдыра.... Ақ саулеі әсемдігі... орай Шолпан... «таң жұлдызы» деп те атайды....

(«Негеш» кітабынан)

БІЛГЕНИҢ ДҮРІС!

Атмосферасыз біздің галамшар Ай сияқты өлі галамшарға айналатын еді. Ол бізді тыныс алатын ауамен және ішетін сумен қамтамасыз етеді.

(«Ғылым». Балалар энциклопедиясынан)



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтіннен алынған төмендегі тірек сөздерді синонимдік қатармен ауыстырып, жинақы мәтін жазыңдар.

Жақсы білген, аңыздар шыгарған, ажырата білген, қадагалап, бақылап отырган, сәйкестендірген.

**АЙТЫЛЫМ**

12-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Мениң ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

**ОЙТАРАЗЫ****АЙТЫЛЫМ**

13-тапсырма. «Шыгу парагы» әдісін қолданып, өзінді жөне бірбірлерінді бағалаңдар.

- Өздерің құрастырган мәтінде жалғаулардың қызметін дұрыс қолдана алдыңдар ма?
- Үндестік заңына сай сөйлей алдыңдар ма?

9–10-сабактар**НӘТИЖЕ САБАҚ. ТАБИГАТ ЖӘНЕ АДАМ****ОЙТУРТКІ**

- *Адам мен табигаттың бірлігі дегенді қалай түсіндіндер?*
- *Мұқағали Мақатаевтың «Адамзаттың табигатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтуға тілі жоқ» деген афоризмі туралы ойларыңды айтыңдар.*

**ТЫНДАЛЫМ**

1-тапсырма. Өлеңді диктор мен бір оқушының мәнерлеп оқығанынан тыңдалап, дауыс ыргагы мен кідірістің дұрыс жасалғандығына назар аударыңдар. Ақынның идеясын тақырыппен байланыстырыңдар.

Күз

Сүр бұлт, түсі суық, қаптайды аспан,
Күз болыш, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шәп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш, қурай.

Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыранқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне іртіп шуда жібін
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Кемпір-шал құржың қағып, бала бурсен,
Көңілсіз қара сұық қырда жүрсен.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсөн.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы.
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы.
От жақпаган үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан қазақтың құрысын заңы.

(Абай Құнанбайұлы)



АЙТЫЛЫМ



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Олеңдегі ақпаратты «Төрт сөйлем» әдісін қолданып айтындар.

Пікір. Оқыған өлең бойынша өз пікірлерінді бір сөйлеммен жазындар.

Дәлел. Өз пікірлерінді бір сөйлеммен дәлелдендер.

Мысал. Пікірлерінді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріндер.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазындар.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Олеңдегі қарамен жазылған сөздердің түсініктемесін «Қос жазба қынделігі» әдісін қолданып толтырындар.

Сөз	Түсініктеме
дымқыл тұман	тұманның түрі



ЖАЗЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттерге қарап, табиғи апаттың түрлерін атаңдар. Қолайсыз ауа райының адам өмірі мен оның мұлкіне тәндіретін қауші жайында мәтін құрылымын сақтап, оқигаларды сипаттап жазыңдар.



Қолайсыз ауа райы:

- наизагай;
- «Торнадо»;
- дауылдар;
- су тасқындары;
- бұршақ;
- қарлы боран.



ЖАЗЫЛЫМ



5-тапсырма. Мына сөздерге септік жалғауларын жалғап, сөйлем құрап жазыңдар.

Табиғат, ғаламшар, жерасты отындар, орман, мұхит, жері.



АЙТЫЛЫМ



6-тапсырма. Жанартаулар мен жер сілкінісінің, су тасқыны мен құргақшылықтың адам өміріне тәндірген қаупін әлемде болып жатқан нақты деректермен дәлелді түрде аңгімелендер.



ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді зерттеп оқып, автордың не айтқысы келгенін түсініңдер. Әр абзацта айтылған ойларды сабактың тақырыбымен байланыстыра әңгімелендер.

Егер сіз осынау таңғажайып өлкеге – Алтайга бармасаңыз да, барсаңыз да, Күншығыстың бар асылын, бар байлығын, бар сұлулығын өн бойына жинақтаған аскар-асқар тауларын, асу-асу белдерін, жасыл шалғын кең жайлauын, кер марал, кербез елігін, мамырлай жүзген аққу-қаздарын, ақбалтыр ару қайың, қайсар қарагайын түсініп, сезіміңді селк еткізе алмасаңыз, адамдардың қудіретті қолынан туындаған сұрапыл жанартаулар мен жаңғырутларды зерделей алмасаңыз, онда тыңдаңыз.

Міне, сіз ал қызыл нұрымен ақбас тау, бүйрабас ормандарды аймалап, кең дүниені шапағымен шарапаттай масайраған Күн шыгар сөтте ояндыңыз...

Міне, сіз Алтайдың арайлы таңына шомылып тұрып, мынау дүниеге жаңа келгендей лұпілді жүрек, лыпыған сезіммен: «Өмір, не деген тамаша едің!» деп бар дауысыңызben айғайлайсыз. Сіздің өмірге ғашық екеніңді анау үйқысынан жаңа ғана оянған алып таулар жаңғырықтыра үздік-создық қайталайды-ай...

Ал сіз Алтай жазығының жазирилалы келбетіне сүйсіне, балқарагай мен шайыр ісі қоса аңқыған таңғы таза ауаны жұтасыз. Содан соң иін тірескен қалың орманды аралап, тау басына өрмелеңіз. Тау басына көтерілген сайын анау бір Алтай бұрымы іспетті Бұқтырма, анау тілдей-тілдей көгерген егін, асықтай-асықтай үйірілген аяулы ауыл, жерге таскенедей жабысқан төрт түлік мал, қара жолдың шаңын аспанға көтерген көлік аяғыңыздың астында қалады. Ал сіз – Адам биіктей бересіз, биіктей бересіз!

Алтайдың солтүстік жағы таулы Алтай өлкесімен, ал шығысы Моңголия, оңтүстік-шығысы Қытай елімен шегаралас. Алтайдан әрі қазақтың жері жоқ және Қазақстанның ең сұлу аймағы да осы өр Алтай.

(Оралхан Бекей)



АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Оқылым мәтінінде көтерілген мәселелерді тірек-сызба бойынша талдаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Оқылым мәтініндегі тәуелдік жалғаулы сездерді тауып, қандай септік жалғауында қолданылып тұрғандығын «*Көс жазба*» күнделігінде түсіндіріңдер.



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Тәмендегі мәтіннің өсерін айтыңдар. Жазушы көніл күйінің табиғатпен байланысты екендігін талдаңдар.

Табиғаттың мынадай уылжыған, тамаша, ал ертеңі одан да гажап шағы менің де бойыма өлшеусіз жігер құйып, қуатымды тасқыннатқандай. Өз бойынан көптен бері байқалмаган алапат күш сезіндім: жан дүнием қазір жаңбыр шайып өткендей немесе анау бұлттардан біржола айырып келе жатқан аспандай таза. Сана-сезімім бұрауы келген домбыра ішегіндей болып, тиіп кетсе, өсерленіп, ән салып тұр. Осындағай гажайып, бақытты сәт – көптен күткен арманым емес пе еді...

(Болат Бодайбай.
«Май жаңбыры» хикаятынан)



АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Интонация, кідіріс, логикалық екпінді қойып, өлеңді манерлеп оқындар. Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтаңдар.

Күннің өзі, білсендер,
Біздер үшін жарапған.
Жарығымен жақсылық
Іздеу үшін жарапған.
От та біздің досымыз,
Су да біздің досымыз.
Түсінсендер, осы біз –
Бар өлемнің досымыз.
Қорқытпаймыз құстарды,
Қызықтаймыз үшқанды.
Үркітпейміз андарды,
Жасамаймыз дүшпандық.

(Әбділда Тәжібаев)



ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Табиғат пен адам өмірі бірлікте» деген тақырыпта эссе жазындар. Септік және тәуелдік жалғауларын орынды қолданындар.



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Шығу парагы» әдісін қолданып, сұрақтарға жазбаша жауап беріндер.

- «Ауа райы және климаттық өзгерістер» бөлімі бойынша не үйрендіндер?
- Тапсырманы өздеріңе ұнарлық деңгейде орындаі алдындар ма?
- Өз жұмыстарыңа, сыныптастарыңың топ ішіндегі әрекеттеріне көнілдерің тола ма? (Өзіңнің және сыныптастарыңың білімін бағалаңдар).
- Сөздерді үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормага сай жаза алдындар ма?
- Осы бөлім бойынша тағы не білгілерің келеді?
- Осы бөлім бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисындар?

КӨШПЕЛЛЕР МӘДЕНИЕТІ

2-бөлім

1–2-сабактар

КӨШПЕЛЛЕР МӘДЕНИЕТІ – ОРКЕНИЕТТІң БАСТАУЫ



ОЙТУРТКІ

- Мына суретте кім бейнеленген?
- Көшпелілер дегеніміз кімдер?



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаң, нақты деректер мен авторлық көзқарасты анықтандар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. *Көшпелі өмір салты* дегенді қалай түсіндіңдер?
2. Сақтардың киіну мәдениеті бізге қалай белгілі болды?
3. Сақтар мәдениетінің жоғары деңгейде болғандығын не дәлелдейді?
4. Сақ мәдениетінің әлемге танымал болған қандай ескерткішін білесіңдер?

Тілдік бағдар**Шылау емлесі**

Шылау сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады. Шылаулардың лексикалық магынасы жоқ. Сөйлем мүшесі бола алмайды. Шылауга жалғаулар жалғанып түрленбейді. Өзі тіркескен сөзге қосымша магына береді. Шылаулар үш түрге бөлінеді: *септеулік шылау, демеулік шылау, жалғаулық шылау*. Септеулік шылаулар атау, барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөздермен бірге жұмсалады да, сөздерді байланыстырады. *Жалғаулық шылаулар* сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді тең дөрежеде байланыстырады. *Демеулік шылаулар* өздері тіркескен сөзге қосымша магына үстейді.

Шылаулардың көшілігі өздері байланысатын сөздерден бөлек жазылады және кейбіреуі дефис арқылы жазылады.

1. *Және, мен (бен, пен)* шылаулары бірыңгай мүшелер мен ыңғайлар мәнді сөйлемдерді байланыстырып, қайталанбай қолданылады. Сондықтан бұл *жалғаулықтар* байланыстырган сөздер мен сөйлемдердің арасына үтір қойылмайды. Мысалы: *Алыс пен жақынды жортқан білер*. (Мақал). *Шортанбай, Дұлат пенен Бұқар жырау, Бірінің сөзі жамау, бірі құрау*. (Абай).

2. Да (*де, та, те*) шылауы өзіне қатысты сөздің соңғы дыбысына қарай үндестік заңы бойынша бірде *да*, бірде *де*, бірде *та*, бірде *те* болып өзгеріп отырады. Да (*де, та, те*) бірде *жалғаулық*, бірде *демеулік* ретінде қолданылып, өзіне қатысты немесе байланыстырып тұрған сөзден бөлек жазылады. Мысалы: *Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан*. (Абай). *Толқын да, ағыс та қүшеген*. (Ф. Мұсірепов).

3. *Ма (ме, ба, бе, па, пе) демеулік* шылауы сөйлемге сұрау мәнін үстеп, сұраулы сөйлем жасаудың бір жолы болып табылады да, өзі тіркескен сөзден бөлек жазылады. Мысалы: *Ақын аты ақын ба, Құргақ сөзben мақтаса?* (Жамбыл). *Ерте ме, кеш пе, пайдага ма, зиянга ма, сен де барыңды бересің*. (Ф. Мұсірепов).

4. Өзінің алдындағы сөздің белгілі бір септік жалғауында түруын қажет ететін шылаудың түрін *септеулік шылаулар* дейді. Мысалы: *жөнінде, үшін, сайын, арқылы, таман, дейін, соң, кейін, бұрын, әрі, бері, горі*.

5. Тілімізде **-ақ, -ай, -ау, -мыс (-mıs), -ды (-di)** демеулік шылаулар өзінен бұрын түрған сөзбен дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *Өзің-ақ бар! Күннің сұығын-ай! Орнын жаңа тауыпты-ау! Кісілер келді-ау деймін.* (Б. Момышұлы). *Осындай көп хабарга қанып келген-ди.* (М. Өуезов).



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. «Тілдік бағдардагы» шылаулардың жазылу емлесін оқындар. Кестеде берілген шылау түрлеріне екі сөйлемнен жазып, түсінгендерінді дәлелдендер.

Шылаудың түрлері	Сөйлемдер	Түсініктеме
және, мен, бен, пен		
да, де, та, те		
ма, ме, ба, бе, па, пе		
жөнінде, үшін, таман, дейін, кейін		
-ақ, -ау, -ай, -ды, -ди		



ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Мәтін абзацтарын кезектесіп оқындар. Парталастарының мәтінді қандай интонациямен оқығанын анықтандар. Қандай сөздерге логикалық екпін түсіріп оқыдындар?

Ұлттық мәдениет

Мәдениет – өркениеттің басты көрсеткіші. Дала өркениетінің төл перзенті қазақ халқы зәостарға бай. Көне металлургия ордасы Орталық Қазақстанда біздің жыл санауымыздан бұрын V ғасырда пайда болған.

Байтақ даланы қақ жарып, Шығыс пен Батысты қосатын Ұлы Жібек жолы мәдениет жолы болды. Киіз үй, арба, дала күнтізбесі, аңдар айшықталған көне өнер туындылары, ел басқару өнері, түркілер шындаған өскери өнер, өзіндік әліпби, 5000 күй мен аңыз Дағы өркениетінің өзіндік қолтаңбасы бар екенін танытады. Д. Неру-

дін: «Дала перзенттері Еуропаны шапты да, цивилизациялады», – деуі осыдан.

Жаңа тәуелсіздік дәуірі қазақтың үлттық мәдениетін мемлекеттік деңгейге көтерді. Ол көпұлттық сипаты бар Қазақстан мәдениетінің өзегіне айналды. Ұзақ жылғы құғын-сүргін, зобалаң аяқталған соң, қазақ мәдениеті ұлыларының мұрасы халық қазынасына қосылды.

(Манаш Қозыбаев)



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінде берілген ақпаратты тірек-сызба бойынша талдаңдар.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Жүптық жұмыс. Тәмендегі сөздерді қатыстырып, көшпелілер өркениеті туралы «Сейлеуші-тындаушы» рөлінде еркін диалог құрындар.

Қажетті сөздер: Дала өркениетінің төл перзенттері, эпосқа бай, Ұлы Жібек жолы, Дала өркениетінің өзіндік қолтаңбасы, ұлылар мұрасы.



**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Берілген мәтін бойынша «*Қос жазба күнделігі*» әдісін қолданып толтырыңдар. Өздерің қалаған үзіндінің мағынасын түсіндіріңдер.

Үзінді	Түсініктеме

**Алтын адам**

Әлемге әйгілі «Алтын адам» табылған Есік обасы – Қазақстан жерінде. Алтын жауынгер табылған (б.з.б. IV–III ғғ.) Есік қорғанында көсемдер мен патшалар жерленген. Алтын адамның киімдері мен әшекейлері таза алтыннан жасалған. Қырық жылдың ішінде Алтын адам бүкіл Жер шарын айналып шықты. Әлем халықтары көшпелілер мәдениетінің мындаған жылдар бұрын жогары дәрежеде болғанын білді.

(«*Ұлы Жібек жолындағы киелі жерлер*»
кітабынан)

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мәтіннен жалғау түрлерін тауып, семантикалық карталыны толтырыңдар. Жалғаулардың қызметін сыйыптастарыңа түсініліріңдер.

Кептік жалғауда	Септік жалғауда	Тәуелдік жалғауда	Жіктік жалғауда

**АЙЫЛЫМ**

9-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Төмендегі авторлық көзқарастың тәсірінде ой бөлісіңдер.

Қазақтар ұшы-қырысyz далада үнемі көшіп-қонып, жерін қорғап жүріп, өздерінің салт-дәстүрі мен тілін, мәдени асыл мұралады.

рын мұлтікісіз сақтап қалуы – олардың патриоттығы мен жауын-герлігінің ерекше белгісі.

(Василий Радлов)

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмаяу;
- сөз әдебін сақтау;
- көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларын нормага сай қолдану;
- мәтіндегі деректерді пайдалану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Тәмендегі жұмбақтың шешуін табындар.

«С»-дан бастасаң – бояумын,
«Қ»-дан бастасаң – далацмын.
«Ж»-дан бастасаң – өлеңмін
Аузындағы адамның.

(Мұзатар Әлімбай)



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ



11-тапсырма. «Бес саусақ» әдісі арқылы сұрақтарға жауап жазындар.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгінгі сабакта ең қынды мәселе не болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жүпта қалай жұмыс жасадым?


Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе жинадым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабак маган үнады ма? Нелікten?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен озімді сабакта қалай сезіндім?

3–4-сабактар

КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЖАЗУЫ



ОЙТУРТКІ

- Суретте қандай ескерткіш бейнеленген?
- Көшпелілерде жазу болған ба?



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, негізгі ақпараттарды қосымша ақпараттардан ажыратыңдар. Логикалық екпін қай сөздерге түседі?



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Көне түркі жазба ескерткіштері қай гасырларды қамтиды?
2. Көне түркі жазуы қандай жазу?
3. Көне түркі жазба ескерткіштері арқылы нені біле аламыз?
4. Көне түркі жазба ескерткіштері қай аймақтардан табылған?



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «*Кімнің жады мықты?*» ойыны. Тас моншақтагы жазу туралы сыныптастарыңмен ой бөліскенде, сан есімдер мен сын есімдерді кім қателеспей айтса, сол жеңеді.

Тілдік бағдар**Орфографиялық норма**

«Орфография» сөзі «дұрыс жазамын» дегенді білдіреді. Орфография – сөзді бірізді жазудың тәсілдерін белгілейтін ереже. Орфография дыбыстардың қандай әріппен беруді, сөздерді, оның белшектерін бірге, білек немесе дефис арқылы жазуды, бас әріптердің қолданылуын, тасымал төртібін белгілейді.

Қазақ тіліндегі жалғаулар негізінен буын үндестігіне және дыбыс үндестігіне бағынып жалғанады. Кей жағдайларда жалғаулар буын үндестігіне бағынбай да қолданылады:

1. Көмектес септігінің жалғауы буын үндестігіне бағынбай жалғанады. Мысалы: *баламен, қонақпен* т.б.

2. Сөздің соңғы буынында ә дыбысы, я әрпі бар сөздерге және х дыбысына аяқталған сөздерге жуан қосымша жалғанады. Мысалы: *тарихқа, қияға, құнәға* т.б.

3. Соңғы буында ю әрпі бар сөздерге, *рк, рг, кт, ск, нк, лк, нг, нкт* сияқты дыбыстар тіркесіне және жіңішкелік белгісіне (ъ) аяқталған сөзге жіңішке қосымша жалғанады. Мысалы: *ансамбльден, рульді, Томскіден, хирургке, полюске, циркте* т.б.

**ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Қошпелі тайпалардың өзіндік әліпбі болғандығын дәлелдей, шағын мәтін құрастырындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**


5-тапсырма. Қосымшалар буын үндестігіне бағынбай жалғанатын сөздерге орфографиялық сөздіктен мысал келтіріндер.

**ОҚЫЛЫМ**

6-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ақпарат пен қосымша ақпаратты ажыратындар. Мәтіндегі жалғаулардың буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне бағынып жалғанғанын дәлелдендер.

Көне түркі жазуы

Көне түркі жазуы – Орта Азия жерін бағзы заманнан мекенде-ген түркі тілдес тайпалардың тұцғыш әріптік жазуы. Көне түркі



Орхон-Енисей әліпбіндегі 35 әріп бар, әрбір әріптің түрлі графикалық нұсқалары қолданылады. Бұдан тыс 4 арнайы таңба кейбір дауыссыздардың тіркесін (*лт, нт, нч, рт*) беру үшін пайдаланылады. Жазудың багыты – оңдан солға қарай. Бұл әліпбі көне түркі тілінің мынадай дыбыстық жүйесін белгілейді: 8 дауысты фонема (*a* мен *ə*, *ы* мен *i*, *о* мен *ү*, *ө* мен *ң*) төрт қана әріппен, 16 дауыссыз фонема 31 әріппен белгіленеді, 11 дауыссыз фонема (*б, ғ-ғ, л, й, қ-қ, ң, н, р, с, т, ш*) жуан-жіцишке нұсқаларының таңбаларымен ажыратылады. Кейде олар жіцишке әрі жуан әріптің орнына қолданылады. Бұдан тыс 5 дауыссыз фонема (*з, м, ң, п, ч*) дара таңбамен ғана белгіленеді.

Археологиялық зерттеу барысында жаңадан табылған этнографиялық ескерткіштер ертедегі түркітілдес халықтардың осы көне жазба түрлерін пайдаланғанын дәлелдеді. Б.з.б. 5–4 ғасырлардағы қорымдардан табылған руникалық екі ойма жазу Оңтүстік Сібір мен Қазақстанның ежелгі көшпелі тайпаларында өзіндік әліпбі болғандығын айғақтайты. Мұның бірі – Ертіс бойынан табылған сүйек тұмардагы, екіншісі – Іле бойынан табылған күміс тостагандагы ойма жазу (*мәтіндеңгі суретте*).

(«Қазақстан гылымы» кітабынан)



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Сейлеуші-тыңдаушы» позицияларын таңдап, көне түркі жазуы жайында әңгімелендер. Шылау түрлерін сұрақ пен жауапта ұтымды пайдаланыңдар. Өр сұрақ сайын позицияны ауыстырып отырыңдар.



**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Қөне түркі жазуындағы дауысты және дауыссыз дыбыстарды қазіргі қазақ тілінің дыбыстық жүйесімен салыстырып, қандай ой түйгендерінді жазындар. Демеулік және жалғаулық шылауларды қатыстырып, емлесіне сай жазындар.

**АЙТЫЛЫМ**

9-тапсырма. Мәтіннің соңғы абзацындағы пікір төңірегінде өз ойларыңды дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

**ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. Жазу нені білдіреді? Жазу туралы қосымша ақпараттарды пайдаланып, адамзат мәдениетімен байланыстырыңдар. Тыңдалым мәтініндегі «тас моншақтагы жазудың» мәнісін түсіндіріп, достарыңа хат жазындар.

**АЙТЫЛЫМ**

11-тапсырма. Сөздердің жазылуы мен айтылуындағы айырмашылықты парталастарыңа түсіндіріңдер.

Жазылуы	Жазылуы	Жазылуы
<input type="checkbox"/> алтын күн	<input type="checkbox"/> мемлекетін құру	<input type="checkbox"/> ана алды
<input type="checkbox"/> әдемі қала	<input type="checkbox"/> қазақстандық болу	<input type="checkbox"/> өзен-көлінді
<input type="checkbox"/> бес бүршты	<input type="checkbox"/> көк байрагын	<input type="checkbox"/> гажайып өлке
Айтылуы	Айтылуы	Айтылуы
<input type="checkbox"/> алтын гүн	<input type="checkbox"/> мемлекетін ғұру	<input type="checkbox"/> аналды
<input type="checkbox"/> әдемі ғала	<input type="checkbox"/> қазақстандық болу	<input type="checkbox"/> өзенгөлінді
<input type="checkbox"/> бес бүршту	<input type="checkbox"/> көк пайрагын	<input type="checkbox"/> гажайыб өлке



ОЙТАРАЗЫ




ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Шыгу парагы» әдісін қолданып, сұрақтарға жазба-ша жауап беріңдер.

- «Көшпелілердің жазуы» деген тақырыпта не үйрендіңдер?
- Сен үшін бұл тақырыпта қай мәліметтер маңызды болды?
- Өз жұмыстарыца, сыныптастарыңың топ ішіндегі әрекеттеріне көнілдерің тола ма? (*Өзіңнің және сыныптастарыңың білімін бағалаңдар*).
- Осы тақырып бойынша тағы не білгілерің келеді?
- Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқи-сындар?

5–6-сабактар

КОШПЕЛІЛЕРДІҢ КИНУ МӘДЕНИЕТИ



ОЙТУРТКІ

- Суреттегі киім үлгілері жайында не айтар едіңдер?
- Көшпелілердің киім кио мәдениеті қандай?



Көркемсуретті Қазақстан тарихы. Ежелгі дәуірден біздің уақытымызга дейін. 4 томдық. 1-том.



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаң, жоспар құрыңдар. Накты деректер мен авторлық кезқарасты ажыратыңдар.

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтіндегі авторлық көзқарастарды жеткізіп тұрған сөздер мен сөз тіркестерін тауып, мағынасын түсіндіріңдер.

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. *Жұлтық жұмыс.* Мәтінге сүйеніп, көшпелілер киімінің артықшылығы туралы диалог құрындар. Диалог құруда сұраулық шылауды және жалғау түрлерін дұрыс қолданындар.

**ОҚЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Тақырыбын қойындар. Жанрлық ерекшелігін анықтаңдар. Мәтіннің тілдік ерекшелігін көрсететін сөздер тобын ажыратындар.

Сақтар мен ғүндардың бағдарына киген киізден жасалған шошак бөрік, теріден немесе мауытыдан тігілген қаусырмалы бешпент, металл қаңылтырлар тағылған былгары белдік, тері шалбар және киіз етік тайпа киімдерінің үнемі ат үстінде жүретін көшпелі өмір салтына ыңғайлыш болғанын көрсетеді. Сақ көсемі өңіріне алтын жапсырмалар қадалған және елтірімен әдіптелген қызыл түсті жарғақ қамзол киген. Ал жеңі түгел сүр былгарымен оюланып кестеленген. Шекпені өрнектермен әшекейленген, басына қоңыр киіз қалпақ киген. Әйел үстіне жүннен тоқылған шұбар түсті матадан ұзын етек кейлек киіп, омырау тұсына дөңгелек алтын қапсырмалар қадаған. Кейлектің үстінен иығына ақ-қызыл түстермен қилюластыра кестеленген жүн тоқымалы жамылғы жамылған. Баскиімі де өзгеше бөркімен және тұтікшелі бүрим қабымен ерекшеленеді.

Ғүндар сақтардың киім кио мәдениетін сақтап қалған. Шошак баскиімдер, асқан шеберлікпен сөнделген сыртқиімдер, сырлылып тігілген жейделер, лактың, құлынның терілерінен тігілген шалбарлар, былгары етіктер сапасы жоғары маталардан тігілген.

Түркі қағанаты Иран, Византия мемлекеттерімен сауда-саттық байланыстарын жургізді. Жетісу, Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар саудаға еркін араласа бастады. Ол кезде қағанат жеріндегі адамдар жібектен тігілген киім киген.

Орта ғасырда Қазақстан аумағында өмір сурген түркі тайпаларының бас және сыртқиім ұлгілері Орхон-Енисей ескерткіштері мен тас мүсіндерде сакталып қалған.

(Карл Байпақов. «Қазақ халқының ұлттық киімдері» энциклопедиясынан)



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі киім атауларының дара немесе құрделі сөз екенін ажыратып, кестеге салындар.




АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар туралы әңгіме жазындар. Өңгіменің кіріспесі, негізгі болімі мен қорытындысын қамтитын құрделі жоспар қурындар.

Улғи: «Ұлы Жібек жолының» Қызылқұмды көктеп өтетін тармагы «Боран жолы» деп аталатын. Аталмыш қаланың ұстасы мен зергері бүйым жасап, сол керуен жолына шығаратын, ағылып жатқан саудагерлерге сататын. Жиегіне жақұт тастарын қондырган шолпы, алтын тана, жыланбас білезік, қып-қызыл маржан тасынан тізген шолпы берісі Бұхар, әрісі Бағдат базарында қарған көзді сүріндірді, дедалдың қолын дірілдettі, саудагерді сақылыққа үйретті. Тұғіскен ұсталарын дүниеге мәшінүр етті.

(Дүкенбай Досжанов. «Жібек жолы» романынан)



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. «Баскиім – көшпелілер үшін ең қасиетті киім» деген тақырыпта «Дербес пікір жазу» әдісін қолданып, мәтін мазмұны бойынша пікірлерінді жазындар (уақыт мөлшері: 7–8 минут).

1. **Өзіндік пікір (идея) –** бір сейлем.
2. **Дәлел –** екі сейлеммен келтіру керек.
3. **Өз пікірін дәлелдейтін мысал –** екі сейлем.
4. **Өз пікіріне қарсы пікір –** бір сейлем.
5. **Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал –** екі сейлемнен тұру керек.
6. **Қорытынды –** екі сейлемнен тұрады.

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мәтіннің қандай стильде жазылғанын анықтаңдар. Ақселеу Сейдімбектің жазған мәтінін негізгі бөлім етіп, мақаланың кіріспесі мен қорытындысын жазыңдар.

Кешпелілерде мәңгілік өмір – тіршілікті бейнелейтін түйік ою баянды бақыт, ұзақ өмір белгісі ретінде ер адам киімінің жауырынына, батырдың қалқанына, ердің қасына, тұсқиіздің маңдайына салынатын. Бұл оюды қазақ «тасбақа» деп те атайды. Тасбақаны ұзақ жасайтыны үшін, төзімділігі үшін бабаларымыз кие тұтқан. Қоңе түркінің тасқашау ескерткіштерінің тұғыры тасбақа болатыны сондықтан.

(Ақселеу Сейдімбек)

**АЙТЫЛЫМ**

9-тапсырма. Жұмбактарды шешіндер. Шылауды табыңдар.

Үрамыз ол байғусты таяқпен де,	Бойлаған сайын тереңге,
Тебеміз сәті түссе аяқпен де.	Шығасың биік беленге.
Томпаңдаң жүгіреді ұрган сайын,	
Басынан сипамайды аяп пенде.	

Шешуі: Д.... .

Шешуі: Б.... .

Өзі тұзу, ізі қисық бір аттың,
Ошпес ізін бала кезден ұннады.

Шешуі: К... мен ж.... .

(Мұзатар Әлімбай)


**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. «Шығу парагы» әдісін қолданып, төмендегі сұралтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Бүгін қандай білім алдыңдар?
- Сабакта өздерінді қалай сезіндіңдер?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

7–8-сабактар

КОШПЕЛЛЕР САЛТАНАТЫ



ОЙТУРТКІ

- Көшпелілердің сән-салтанаты олардың жоғарғы талғамын көрсете ала ма? Қалай ойлайсыңдар?
- Көшпелілер сән-салтанатты қандай үгымдармен байланыстырган?



ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, мазмұнын баяндаңдар. Автор көзқарасы мен көтерілген мәселені анықтаңдар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша оңай және күрделі сұрақтар құрастырып, кестені толтырыңдар.

Оңай сұрақтар	Күрделі сұрақтар



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. *Топтық жұмыс.* «Кім үткыр?» ойыны. Топ-топқа белініп, мәтіндегі көркем әдебиетке тән тілдік ерекшеліктерді анықтаңдар. Қай топ ерекшеліктерді көбірек анықтаса, сол топ жеңеді.



ОҚЫЛЫМ



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, ас беру салтанатының қалай жүзеге асқандығына жоспар құрыңдар.

Шілденің бас кезі еді. О шеті мен бұ шеті атшаптырым күміс толқынды Аққөлдің кең алқап жазира даласы ат бауырынан келген көк шалғынға беленген.

Көлдің солтүстік алқабына қонақтарға ариап ақ киізден басылған он екі қанат үш жұз үй тігілген. Іштері Самарқанд пен Бұқарарадан тоғыз керуенмен тасылған қырмызы қызыл кілем, дүрия, торқа жібекпен тысталған мамық жастық, түбіт көрпелермен безенген. Алыстан көгілдір тартып көрінген жасыл шалғында, көк теңіз үстінде үшқан ақ шағаладай, сүттей аппақ киіз үйлерді

үштен-терттен қосарлап тіккен хан ордасы. Көлдің онтустік алқабында хан ордасына жақын уәзір, Жошы үрпактарының ақ шатырлары мен ақ боз үйлері. Әсіресе солардың ішінде ортадағы он екі қанат ақ боз үйдің басына ақ жалау орнатқан, қатарлас тұргызылған оюлы төрт киіз үй – Жәнібек пен Керей сұлтандардың ордасы. Бұлар өзінің еңелі мусіндерімен алыстан-ақ ерекше көзге түседі.

Ас басталғалы жеті күн болған. Алғашқы күні осы арадан кешкен ел бір күн, бір тунде жетер Арғынаты тауының ең шетіндегі Шойынды көлден жіберілген үш жұз сайгұлік жүйріктен Әбілқайырдың Тарланкөгі озып келген. Атқа шапқан ханның жеті жасар немересі, Шах-Будақ сұлтаниның баласы Мұхамед Шайбанидің өзі еді. Түие жарыс, ... – бәрі аяқталыш, бүгін астың ең қызығы – жыраулар айтысы басталған. Айтыс төрешісі – жүзден асқан ұлы жырау Асанқайғы.


Бас бәйгеге қыпшақтың ұлы жырауы Қазтуған мен аргынның ақыығы Сыбыра жыраудың үрпағы Қотан тайшы түспек болды.

(Глияс Есенберлин. «Көшпендейлер» романынан)



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Оқылым мәтінінің мазмұны бойынша «Хикая картасын» толтырып, баяндандар. Өз пікірлерінді өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беріңдер.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» өдісін қолданып айтыңдар.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікірлерінді бір сөйлеммен жазыңдар.

Дәлел. Өз пікірлерінді бір сөйлеммен дәлелдеңдер.

Мысал. Пікірлерінді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.

Корытынды. Тақырып бойынша корытынды жазыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Суреттерге қарап, шагын мәтін құрандар. Сейлемдерді көркемдегіш құралдарды қолданып жазыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мәтіндегі *ілік, табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес* септіктерінде түрған сөздердің қандай сөздермен тіркесетінін табыңдар.

қонақтарға	басылған
Ақкөлдің	ақ боз үйлері
ақ киізден	тіккен
жібекпен	арнап
киіз үйлерді	даласы
оңтүстік алқабында	тысталған

**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін синонимдерімен ауыстырып немесе алып тастап жазып көріндер. Қандай айырмашылық болды?

Қажетті сөздер: О шеті мен бұ шеті атшаптырым, күміс толқынды, қырмызы қызыл кілем, дүрия, торқа жібекпен тысталған

мамық жастық, түбіт көрпелер, көк теңіз үстінде үшқан ақ шагаладай, сүттей аппақ киіз үйлерді.



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Қазақ халқының ас беру салты туралы топтарға белініп әңгімелесіндер. Мәтіндегі көркем тілді пайдалана алдыңдар ма? Өздерінді тексеріндер.



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Шығу парагы» әдісін қолданып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріндер.

- Бүгін не үйрендіндер?
- Сөздік қорларыңды қанша сөзben толықтырдыңдар?
- Сабак бойынша қандай сұрақтарың бар?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

9–10-сабактар

НӘТИЖЕ САБАҚ. ҚӨШПЕЛЛЕР ҮРПАҒЫ



ОЙТУРТКІ

- Қөшпелілердің үрпагы кімдер?
- Қөшпелілер бізге қандай мұра қалдырыды?



ТЫНДАЛЫМ

1-тапсырма. Өлеңді тындаап, интонацияға сай мәнерлеп оқындар. Дауыс ыргагы мен кідірістің дұрыс жасалуын, екпіннің дұрыс қойылуын қадағалаңдар. Ақын қандай эмоционалды сөздерді қолданған?

Біз қандай едік?

Арымас аттар мінетін,
Тозбас тондар киетін;
Қара тастарды қақ жарып,
Қарағайлардай қаптап өсетін;
Қара нарлары
Шудалары желкілден,

Қара бұлттардай көшетін;
Айғырлары күнге қарап кісінеп,
Биелері айға қарап құлышнадаған;
Кетіссе – бұрылмаған.
Сөздерін тасқа қашаған;
Алыпсоқтардың итаяғын
Оюлап жезден жасаған;
Алтайды жастанып жатса,
Аяғы Үрімге жеткен;
Керілсе Үрімнен де өткен;
Кермелеріне Тайбурыл мен
Керкүла байлаған;
Алты айшылық жолдарды
Алты күнде айналған;
Қамалдары құлжаларап шыға алмас
Ақар-шақар құз болған;
Қагандары
Күн астындағы
Күнікей қызды алған...
Күн жағы күміс діңгекті,
Ай жағы алтын діңгекті
Ордада отырған;
Сол жақтан келгенді жапырған;
Оң жақтан келгенді опырған;
Желдей аңқылдан,
Сүңқардай саңқылдан сөйлейтін,
Даладай кең,
Таудай биік халық едік...
Шүкір!
Қайтадан көтеріліп келем!
Баяғы Айым
Қайта туардай!
Баяғы Күнім
Қайта шығардай!

(Темірхан Медетбек. «Көк түріктегі сарыны»)

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. Өлеңде қандай мәселелер көтерілген? Өлеңдегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».


Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген ой түйдім».

**ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Көшпелілер мәдениетіне қатысты деректерді жинап, шағын мәтін құрандар. Мәтінді көркемдегі және сезімді жеткізетін эмоционалды сөздерді қатыстырып жазындар.

**АЙТЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтінді оқып, тірек-жоспар бойынша пікір алмасындар.

**Ұлы Даңада ұлы халық тұрады**

Қазақ өз баласына «Егер қарттарды сыйласаң, Құдай сені сыйлады» деген нақылды кішкентайынан миына құйып есіреді. Егер үйге ақсақал кіріп келсе, барлық жас орындарынан тұрып, бас иеді және әзіл-қалжың кілт тыйылады.

(Эрик Вульфсон, дат галымы)

Қазақтар – сөз өнері жағынан дара тұрған халық. Олардың сезіге шешендігіне таңгаласың. Ұзак өлең жолдарын жатқа айтқанда, алдына жан салмайды. Ойды бейнелеп беруі және ашық-айқын, өткір айта білуі қазақтарды Батыс Азияның француздары деу-

ге болады. Міне, осы халықтың бай ауыз әдебиетінің болуы бізді таңғалдырса керек.

(Василий Радлов, түркі тілдерін зерттеуші галым)

Бала күнінен ат құлағында ойнау – қазақтың түңгыш гимнастикалық жаттығуы төрізді. Олар ат үстінде тұрып, ең асау аттың өзін батыл да шебер ауыздықтайды. Әйелдері бұл жағынан ерекктерден кейде асып та кетеді. Қазақтар тұган жерін, атамекенін қатты қастерлейді. Кір жуып, кіндік кескен жерінен ешкім ешқайда кетпейді.

(Алексей Левшин, тарихшы галым)

Қазақтардың поэзиясы мен музыкасы тығыз байланысты. Олар – өлең айтумен қатар композитор. Ол шығармасына өуендей, ыргакты да өзі береді. Поэзия мен музика – қолы бос ерекктердің қолында. Бейнелеу өнері негізінен ою-өрнек болғандықтан, онымен әйелдер шұғылданады. Қазақтар арасында ақындық өнер аса қатты дамыған.

(Григорий Потанин, фольклорист, өлкетанушы)



ОҚЫЛЫМ

5-тапсирма. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықтандар. Тақырыбын қойып, логикалық екпін түсіп тұрған тірек сөздерді табыңдар.

«Қазақтың қазақ екенін білгің келсе, халық екенін білгің келсе, мамыр өте Мәртебеге кел» дейтін мәтел сөз бар.

Мамыр өте Мәртебеге келсең – сейлесең сөзі сай-сүйегінді сырқырататын қазақтан өткен ділмар халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртебеге келсең – жетім қозының жұмырындейғана қара шанақ, екі ішек, он алты пернеге жер-жанадагы үнбіткенді түгел сыйғызған қазақтан өткен күйші халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртебеге келсең – дауысы төрт кереге, тал шаңырақтығана емес, аспан астын түгел әлдилеп, үшқан құсты, жортқан аңды талмауратқан қазақтан өткен әнші халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртебеге келсең – биі сойлесе, дүние жаратылғаннан бері ықылым заманның жай-жапсарын түгел жадында сақтап,



келешегін бөрін көрмей біліп отырган қазақтан асқан сұңғыла халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртебеге келсең – көпті көрген көнесінің иегіндегі кек шулан сақалдың түқылына, көпті білген кемел ақыл айтқан сөздің ұтырына бас шұлғи тоқтайтын қазақтан асқан пәтуалы халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртебеге келсең – алқалы жиындағы азamatы түгілі кермедегі атына дейін бірінің жалына бірі басын тығып, шұрқырасып жатқан қазақтан өткен бауырмал халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртебеге келсең – дастарқаны жиылмас, сабасы сарқылмас қазақтың жомарттығын көресің.

Мамыр өте Мәртебеге келсең – қазақтың көрісінің ақылына, жасының қайратына қайран қаласың.

Мамыр өте Мәртебеге келсең – жігітінің астындағы атына қарап, қызының ініндегі киіміне қарап, қазақ жұрттының ырзығы мен дөuletін, сөні мен салтанатын көресің.

Осылайша алакандай Сайрам Ұлы жұз тобы келгенде кәрі-жасы аяғынан тік тұрып, әкесін күткендей елпек қағар-ды. Орта жұз тобы келгенде, ағасының алдынан шыққандай құрақ ұшар-ды. Кіші жұз тобы келгенде, қыырдан қиқар ерке інісі келгендей мәз-мейрам болар-ды.

(Әбіш Кекілбайұлы. «Үркөр» кітабынан)



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрактарға жауап беріңдер.

1. Жазушының «Мамыр өте Мәртебеге келсөн» деген мәтеді қайталап қолдануы нени аңғартады?
2. Әрбір абзацта қандай ойлар айтылған?
3. Жазушының көшпелілердің үрпағы – қазақ халқына деген сүйіспеншілігін қандай фразеологизмдер дәлелдейді?



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. *Жұптық жұмыс.* Мәтін бойынша тірек-сызбаны әрі қарай жалғастырып толтырындар. Жұпқа бөлініп, бір-бір тақырып төңірегінде пікір алмасындар.

Ділмарлық, шешен сойлеу	Күйшілік өнер		



АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Тындалым мәтініндегі көркемдік тәсіл – дыбыстардың үндестігі туралы ой бөлісіндер. Қай дыбыстың көп қолданылғанын «Шұқадамдық сұхбат» әдісі бойынша дәлелдеп жеткізіндер.

1) Төрт адамнан тұратын топтарға, содан кейін жұптарға бөлініндер: А және Ә, Б және В.

1-қадам. Ә-дан А сұхбат алады, ал В-дан Б сұхбат алады.

2-қадам, керісінше. А-дан Ә сұхбат алады, ал В-дан В сұхбат алады.

3-қадам. Өр оқушы өз жұбы туралы ақпаратпен төрт адамдық топ ішінде бөліседі.



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі бейнелеуіш сөздер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, шағын мақала құрастырындар.

**АЙТАЛЫМ**

10-тапсырма. Ата-бабадан келе жатқан тыйым сөздерді оқып, «*Ойлан-жүптас-бөліс*» әдісі бойынша ой белісіндер.

Айналайын, халқымызбен бірге ежелден жасасып келе жатқан тыйым заңдары бар. Адамдар арасындағы қарым-қатынастан, табигат пен оның тылсым құпияларының сырына үнілуден тұған бұл шектеу – далалықтардың ұлы мәдениетінің бір көрінісі. Бұл – әдеп, иба, тәртіп. Сол тыйым заңдарының бірсынырасы мыналар: жасы үлкеннің алдын кеспе, сезін бөлме – бұл құрмет; баскиіммен ойнама, біреуге сыйлама – қонған бақтан айырыласың; ошаққа су құйма – өз отынды өзің өшіресің; бос бесікті тербетпе – ұрпақсыз қаласың; малды басқа ұрма, теппе – ырысыңдан айырыласың; кешкүрим үйықтама – жын-пері көшетін кез; Айға қолынды шошайтпа – қасиетті; қолынды төбене қойма – дүниеден безінү; табаныңды тартпа – бейнет шақыру; жерді таянба – торығу; босаганы керме – жазалану; табалдырықта тұрма – сұыт хабар жеткізуіндің белгісі.

(Ділдә Матаїқызы.

«Айналайындарым менің» кітабынан)

**ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. «Көшпелілер мәдениеті» деген тақырыпта эссе жазындар. Эсседе көркемдегіш сөздерді, мақал-мәтелдерді қолданыңдар.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

12-тапсырма. «*Шығу парагы*» әдісін қолданып, сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.


- «Көшпелілер мәдениеті» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
- Сендер үшін бұл бөлімдегі қай мәліметтер маңызды болды?
- Өз жұмыстарыңа, сыныптастарыңың топ ішіндегі әрекетіне көңілдерің тола ма? (*Өзіңнің және сыныптастарыңың білімін бағалаңдар*).
- Осы бөлім бойынша тағы не білгілерің келеді?
- Осы бөлім бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисындар?

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

3-бөлім

1–2-сабактар

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРШАГАН ОРТА



ОЙТУРТКІ

- Денсаулыққа қоршаган ортандың әсері бар ма?



ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сөйлеудің қай түрі (диалог, монолог, полилог) екенін ажыратындар. Дауыс сазының құбылуына назар аударындар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мақала қандай тақырыпқа арналған?
2. Қандай мәселелер көтерілген?



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. «3–2–1 критерий» әдісі бойынша тақырыптары көтерілген мәселелерге баға беріңдер. Мәтінді оқып, тақырыбын анықтаңдар.

- 3 маңызды ақпарат.
- Қыындық келтірген 2 мәселе.
- Мәтіндең 1 мәселе.

Адамның күнделікті тіршілігі қоршаған орта жағдайларымен тығыз байланысты. Тірі ағзаларға тән көптеген қасиеттер адам ағзасына да тән. Адамның тыныс алуы, тамақтануы, өсуі, дамуы табиғи орта өтеді. Сондықтан да адам тіршіліктің құрамдас бір белігі болып табылады. Адам – өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы саналы тұлға. Адамның өсуіне, дамуына және тұлға ретінде қалыптасуына әлеуметтік жағдайлардың ықпалы зор.

Адам барлық табиғи жағдайларда тіршілік ете алады. Өзіне қажетті жағдайларды саналы түрде жасап алуға қабілетті. Жер бетінде өмір сүрген ежелгі адамдар басқа ағзалар сияқты табиғи жағдайларға тәуелді болды. Қоғамның дамуына қарай адамның табигатқа тәуелділігі бірте-бірте бәсендей бастады.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Ақылдың алты қалпағы» рөлдік ойыны. 6 окушыдан топтасып, 6 түсті қалпақ, киіндер. «Денсаулыққа әсер ететін факторлар» деген тақырыпта сұрақтар бойынша пікірталас үйымдастырындар.

Қалпақтардың қызметі	Жауап беретін сұрақтары
Денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы айтады.	Денсаулыққа қандай факторлар әсер етеді?
Денсаулық текке байланысты болатынын айтады.	Денсаулық адам тегіне байланысты бола ма?
Денсаулыққа адамның өзі жауапты екенін айтады.	Неліктен денсаулықты адамның өз қолында дейміз?
Қоршаған ортаниң денсаулыққа әсері туралы ойларын айтады.	Экологияның денсаулыққа әсері бар ма?
Айтылған ойлардың қайсысы үнаганын, қайсысы үнамаганын айтады.	Айтылған ойларға қалай қарайсындар?
Бақылау және қорытындылау: айтылған ойлардың пайдалысын және маңыздыларын айтады.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?



5-тапсырма. Мәтінді оқып, қай жанрга жататынын анықтаңдар. Мәтінде автор қандай ой айтады?

Тіршіліктің төрт тірегі

Ертеректе өмір сүрген даналар дүниедегі бүкіл тіршіліктің негізі төрт нәрсе деп билген: Күн, Ая, Су және Жер.

Күн сөүлесі Д дәруменің түзілуі үшін қажет. Бұл дәрумен тіс пен сүйек үшін құрылыш материалы болып табылады. Күн сөүлесі жетіспеген жағдайда балаларда мешел пайда болады: бұл сырқат кезінде омыртқа қисаяды. Қартайған кезде Күн кезінде сирек болатын адамдардың сүйегі сынғыш келеді. Күн сөүлесі иммундық жүйені оятады, сондықтан жазда ағзаның ауруға қарсы тұру күші артып, адамдар сирек ауырады.

Ая. Дем алған кезде ағзамызға түсетін ауаның арқасында біздің жасушаларымыз аса қажетті оттегін алады. Ал тынысты сыртқа шыгарған кезде ағзадағы көмірқышқыл газының мөлшері реттеліп отырады.

Ежелгі шығыс медицинасы кез келген ауру дұрыс тыныс алмауға байланысты дейді. Дұрыс тыныс алған кезде өкпенің ауаны сыртқа шыгару қызметі күшнейеді. Бұл тәннен шығарылатын уытты заттардың ағымын қайта бөлуге көмектеседі.

Су. Егер адам тамақсыз 40 күн өмір сүре алса, сусыз бір аптадан артық тіршілік ете алмайды. Тірі жасуша орта есеппен 70 пайыз судан тұрады. Су – көптеген химиялық реакциялар жүретін орта. Біздің өміріміз осы реакцияларға тәуелді.


Сонымен қатар су – күшті емдік құрал. Өбу Әли ибн Сина өзінің ережелерінде өзге емдік құралдармен қатар суды да денсаулықты сақтау құралы ретінде атап отеді.

Топырақ. Алдыңғы өмір тіректерімен салыстырганда жердің қуаты күштірек. Ол өзі арқылы Күннің де, ауаның да, судың да қуатын өткізіп, өзіне сіңіріп алады. Оның бұл күшін адамдар ерте-ден біліп, пайдаланған.

(Ү. Қаназ. «Денсаулық» журналы)

**АЙТЫЛЫМ**

6-тапсырма. Мәтінді тірек-жоспар арқылы талдаң, өз ойларынды айтыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Сұрақтар бойынша монолог қурандар.

1. «Тіршіліктің төрт тірегі» дегеніміз не?
2. Күннің адам ағзасына пайдасы қандай?
3. Ауаның адам денсаулығы үшін рөлі қандай?
4. Топырақтың қандай пайдасы бар?

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мәтін мазмұнындағы ақпараттар бойынша диалог қурандар. Сұрақтарды тәмендегі мәселелер бойынша құрастырыңдар.

- Күн сөулесінің адам ағзасының жетілуіне әсері;
- дұрыс дем алудың рөлі;
- адамның сусыз өмір сүре алмайтындығы;
- Өбу Әли ибн Синаның су туралы пікірі;
- адам ағзасы үшін жер қуатының құштілігі.

**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. Адамның хал-ахуалын жақсартуға бағытталған іс-шаралар туралы нұсқаулық жазыңдар. Оnda тыныс белгілерін дұрыс қолданыңдар.

Улғи. Нұсқаулық дегеніміз белгілі бір мақсатты көздең, қысқа әрі түсінікті жазылған ережелер жиынтығы. Мысалы: *Шай шар-*

шаганыңды басады, көңіліңді сергітеді, бойыңа қуат береді. Шайқорабының сыртында мынадай нұсқаулық жазылады:

1. Суды қайнатыңыз.
2. Шәйнекті ыстық сумен шайқап алыңыз.
3. Шәйнекке бір қасық шай салыңыз.
4. Шайға қайнаған суды құйып, 5 минут бұқтырыңыз.
5. Шайды кесеге құйып, қалауыңызша сүт және қант қосыңыз.



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, мақалмөтелдерді көшіріп жазыңдар.

Адамзаттың ... күні жоқ, табиғаттың оны айтар тілі жоқ. Табиғат – ... байлығы, батырлар – ... байлығы. Жауынмен ... көгереді, батамен ... көгереді. Қыстагы қар – ... ырыс, жердегі ылғал – ... ырыс. Таулы жер ... болмас, сулы жер ... болмас.



ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Шыгу парагы» әдісін қолданып, сөйлемдерді то-лықтырып жазыңдар.

Мен үшін ... қызын болды.

Мен ... түсіндім, ... үйрендім.

Мені ... таңғалдырыды.

Алдағы уақытта

3-4-сабактар

РУХАНИ ДЕНСАУЛЫҚ – ОМПРДІҢ МӘНІ



ОЙТУРТКІ

- Магыналы өмір дегеніміз не?
- Отбасыңың рухани денсаулығы деген ұрымды қалай түсінешіңдер?



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Өлеңді тындаңдар. Тақырыбын қойып, сөздің әсер ету күшін талдаңдар. Интонацияның, кідірістің, логикалық екпіннің көмегін анықтаңдар.

Тілдік бағдар**Эмоционалды сөздер**

Эмоционалды сөздер деп адамның сезімін, көзқарасын, көңіл күйдің түрлі іірімдерін білдіріп тұратын сөздерді айтамыз. Мысалы: *сүңқылдау*, *сай-сүйегін сырқырату* т.б. Эмоционалды сөздер ерекше сезім, мәнермен айтылады. Эмоция бар жерде экспрессивтілік те болады. Эмоционалды-экспрессивтілік адамның бір нәрсеге көзқарасын білдіреді: *құрметтей*, *еркелету*, *таңдану*. Эмоционалды мағына одағай, қыстырма, қаратпа, еліктеуіш сөздерді қолданғанда туындаиды. Эмоционалды мән образды сөздерде, поэтикалық тіркестерде (*жогары-төмен үрек, қаз, үшіл тұрса сымпылда*), фразеологизмдерде және мақалмөтелдерде болады.

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өлең идеясындағы авторлық көзқарас қандай жолдарда көрінеді?
2. Бірауыз сөздің адам денсаулығына тигізер өсері қандай?
3. Өлеңдегі жанды байытатын немесе жанды жүдегеттің ойды қандай эмоционалды сөздер беріп тұр?

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Саққұлақ бидің сезін «рухани денсаулыққа» жетуде қалай пайдаланбақсың? Сыныптастарыңа айтып беріңдер.

Жеті жетекші: адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, жолаушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық.

(Саққұлақ би)

**ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Қазақ халқының «Жаны саудың – тәні сау» деген нақыл сезінің өлеңдегі идеяға қатысы бар ма? «Дербес пікір жазу» әдісін қолданып, пікірлерінді жазындар (*уақыт мөлшері: 7–8 минут*).

1. **Озіндік пікір (идея) – бір сөйлем.**
2. **Дәлел – екі сөйлеммен келтіру керек.**

3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сейлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сейлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шыгаратын мысал – екі сейлемнен тұру керек.
6. Қорытынды – екі сейлемнен тұрады.

Тілдік бағдар

Фразеологизмдер

Екі немесе бірнеше сезіндің тіркесуі арқылы жасалғанмен, бір гана магынаны білдіретін тіркестер **фразеологизмдер** немесе **тұрақты тіркестер** деп аталады. Мысалы: *қоян жүрек* деген тұрақты тіркестің магынасы *қорқақ* болса, *жүргі суылдау* деген тұрақты тіркестің магынасы – *чрейлену*.

Олардың сыңарларының орнын ауыстыруға немесе басқа сезбен алмастыруға келмейді. Мысалы: *тайга таңба басқандай* дегенді *жылқыга таңба басқандай* деп бір сезін алмастырып айтуда болмайды.

Фразеологизмдер сөйлемде даяр қалпында жүмсалады, бір гана сұраққа жауап береді. Мысалы: *Жаңагы екпіні су сепкендей басылып (қайтіп?)*, *екі көзі жер сүзіп (қайтіп?)*, тақтаниң алдына кібертікten әрең шықты

 (Ә. Ахметов). Осы сөйлемде екі фразеологизм қатысқан, олардың құрамында бірнеше сез болса да, бір гана сұраққа жауап беріп, баяндауыш қызметін атқарады.
 

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Фразеологизмдерді қатыстырып, сөйлем құрандар.

Көзді ашып-жүмғанша, көздің жауын алады, тайга таңба басқандай, үріп ауызға салғандай.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Берілген фразеологизмдерді білдіретін магынасына қарай сәйкестендіріңдер. Қай фразеологизмдерде эмоционалды мән бар?

Жанын жегідей жеу
Зәресі зәр түбіне кету

әлек болу
мықты

Жаны сірі екен	қорку
Жанын қоярга жер таппау	қиналу
Жараның аузын ашу	тыным таппау
Жарғақ құлагы жастыққа тимеу	ескі жағымсыз оқиғаны еске түсіру
Жер жұту	алдау
Жер қаптыру	жоқ болу

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Төмендегі берілген фразеологизмдердің мағынасын синоним сөздермен анықтандар.

Улгі: дүние есігін ашу – өмірге келу; дуниеден өту – өлту, о дүние лік болу.

Дүние есігін ашу; дуниеден өту; арасынан қыл өтпеу; сөздің майын тамызу; сөзі түйеден түскендей; он екіде бір гүлі ашылмаған; асарын асап, жасарын жасаған; жаны құмар; жаны қас; екі езуі екі құлагына жету; зәресі зөр түбіне кету; жүргегінің түгі бар; сұжурек; ит өлген жер; тиіп түр; қой аузынан шөп алмас; иненің көзінен өткендей; көзге ілмеу; құрдай жорғалау; ат ізін салмау; ат ізін сұытпау; қолы ашық; аузын қу шөппен сұрту; жұлдызы жарапсан; жұлдызы қарсы; кезі ашық; әліпті таяқ деп білмеу.

**ОҚЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мәтінді оқып, әр абзацтағы ойдың берілу тәсілдерін анықтандар (*ақпарат беру, талдау, қорыту, хабарлама жасау*).

Адам денсаулығының жақсы болуына оның көңіл күйі мен төңірегінде болып жатқан жағымды өзгерістердің маңызы ерекше. Қуаныш, сүйініш, таңдану, сүйіспеншілік сезімдері адамның денсаулығына жақсы әсер етеді. Оның дene қурылышының есіп-жетілуін жақсартады, жұмыс істеу қабілетін арттырады. Ал болмашы нәрсеге күйіну, қайғы-қасіретке тусу немесе біреудің табысына қызғаныш білдіру, жек көру сезімдері адамның денсаулығын нашарлатады.

Әлемге әйгілі ғалым Әбу Өли ибн Сина ауруларды емдең, сауықтыруда дәрілер мен хирургиялық әдістерден бұрын жылы сезідің қажеттігін айтқан. Біздің ата-бабамыз сезідің әсер өту күшін біліп, көптеген мақал-мәтелдер қалдырған: «Жақсы сез жан семір-

теді», «Жылды сез жанға қуат береді», «Жақсы сез жанды айықтырады, аурудың жазылуына жәрдемін тигізеді» т.б.

Адамның рухани күйі мен ішкі сезімі – денсаулықтың көпілі. Қоніл күйді жадыратып, жүрекке жылды тиетін жақсы сөздер деніңіздің сау болуына әсер етеді. Себебі жан мен тән егіз, Халқымыздың «Жаны саудың – тәні сау» деген мақалы өмірден алынған.

(«Денсаулық – халық байлығы» кітабынан)



АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Топтарға бөлініп, сурақтарға жауап беріндер.

1. Мәтінде қандай тірек сөздер бар?
2. Мәтін бойынша рухани денсаулықтың мәні неде деп ойлайсындар?
3. «Жаны саудың – тәні сау» деген мақал нені білдіреді?
4. Адамның денсаулығын нашарлататын қандай нәрселер бар?



ОҚЫЛЫМ

10-тапсырма. Гиппократ пікірінің дұрыстығын дәлелдендер.

Той, даңғазашылдық пен ештеңе істемеушілік адамды аздырады, денсаулықтан айырады. Қайта ақыл-ойдың бір нәрсеге талпынуы өмір бақи тұрмысты нығайтуға бағытталған қайратқа мінгізеді.

(Гиппократ)

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».



ОҚЫЛЫМ



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Тәмендегі сөздердің синонимін қолданып, шағын мәтін құраңдар. *Көптік, септік, тәүелдік, жіктік* жалғауларын дұрыс қолданыңдар.

Ағза, дерт, мойындау, ширықтыру, мәнді, бас үрғызу, шындау, даңғазашылдық, аздырады, талпыну.



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ



12-тапсырма. «Бес саусақ» әдісі арқылы сұрақтарға жауап жазыңдар.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгінгі сабакта ең қынды мәселе не болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жүпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе жинадым?

Шылдыр шүмек – шынайылың. Сабак маган цнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабакта қалай сезіндім?


5–6-сабактар

ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



ОЙТУРТКІ

- Сурет не туралы деп ойлайсыңдар?
- Денсаулықты жақсартудың қандай жолдары бар?





ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді диктор мен бір оқушының мәнерлеп оқығанынан тыңдандар. Олардың дауыс ыргагы мен кідірісті дұрыс жасағанына көз жеткізіңдер. Сөз екпіні мен логикалық екпінді дұрыс қойды ма?

Ұзақ өмір сүрге және денсаулықты нығайтуға өмір бойы үмтүлу керек. Майлыш тамақты аз ішіп, көгөніс пен бидайдың тәменгі сұрыптарын пайдаланған маңызды. Жоғарғы сұрыпты үннан жасалған нанды, қантты өте аз мөлшерде жеу керек. Адамдар «майлыш тамақ семіздікке әкеп согады» деп санайды. Қанттың көмірсулары мен құрамында қантты бар сүйіктықтарды аз пайдалану қажет. Мысалы, кока-кола, пепси-кола, фастфуд, хот-догтар өте қауіпті. Құырылған тамақтар жүрек-қан тамырлары ауруына, тіпті қатерлі ісік дертіне әкеп соқтырады. Құніне кем дегенде 400 грамм көгөніс пен жеміс-жидектерді пайдаланған дұрыс. Тағы бір маңызды жайттың бірі – қимыл-қозгалыс. Негізі көп жүріп-түру керек.

(Төрекелді Шарманов)



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сейлем» әдісін қолданып айттыңдар.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікірлерінді бір сейлеммен айттыңдар.

Дәлел. Өз пікірлерінді бір сейлеммен дәлелдендер.

Мысал. Пікірлерінді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.

Корытынды. Тақырып бойынша қорытынды жасаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Тәмендегі мақал-мәтелдерге мағынасы жақын мақал-мәтелдерді жалғастырып жазыңдар.

Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ак жаулық, үшінші байлық – он саулық. Жақсы сөз – жарым ырыс.

Тілдік бағдар**Мақал-мәтеддер**

Мақал-мәтеддер де фразеологизмдер сияқты әбден қалыптасқан, орныққан сөздердің тобы. Ондағы сөздердің орнын ауыстыруға немесе бір сөзben алмастыруға келмейді. Мақал-мәтеддер тұрақты тіркестер сияқты аз сөзben көп мағына білдіреді. Мысалы: *Бидайдың кеудесін көтергені – дақылы жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені – ақылы жоқтығы.*

Мәтел – ой-пікірді бейнелеп, түспалдалап, ишаралап тұратын сөздер тобы. Мысалы: *Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді.*

Мақалдың мазмұнында себебі мен салдары қатар айттылады, ал мәтедде істің салдары айттылып, себебі айттылмай қалып қояды.

**АЙТЫЛЫМ**

4-тапсырма. Берілген пікір бойынша өз ойларыңмен бөлісіңдер. Улы ойшылдың пікірімен келісесіңдер ме?

Улы ойшыл Сократқа кезінде мынадай сұрақ қойылыпты: «Адамға өмірде не қымбаттырақ байлық па әлде атақ па?» – депті. Сонда Сократ: «Байлық та, атақ та, даңқ та адамды шын бақытты ете алмайды. Дені сау кедей ауру патшадан бақыттырақ», – деп жауап беріпті. Яғни адам бақытты болу үшін оған денсаулық керек, ал денсаулықтың кепілі – саламатты өмір салты.

**АЙТЫЛЫМ**

5-тапсырма. Академик Т. Шармановтың «Денсаулық – өркімнің өз қолында» деген сөзі бойынша осы тақырыпта нұсқаулық дайындандар.

**АЙТЫЛЫМ**

6-тапсырма. Төменде берілген сейлемдердің қайсысының мақал-мәтедге, қайсысының ырымға қатысты қолданыстарға жататынын айтындар.

Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде. Жамаулы киім де жаңырға жарайды. Бөтен адамға басқиім бермейді. Кең киім тозбайды, тар киім тез тозады. Киімнің жағасын басуға болмайды. Ит те киімге қарап үреді. Аяқкиімді төңкеріп қоюға, теріс киюге болмайды. Киімді он қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді.

Тілдік бағдар**Қанатты сөздер**

Қанатты сөздер – тұжырымды ой, әуезді үйқасқа құрылған өрнекті сөз тіркестері. Қанатты сөздер көбіне егіз, жалқы, кейде 3–4 шумақтан тұрады. Қөлемі бұл мөлшерден артса, нақыл өлең, терме, толғауга айналып кетеді. Мақал-мәтелдерге үқсас келеді. Қанатты сөздердің көбінесе авторлары белгілі болады. Қанатты сөздер өлең түрінде де, сол секілді қара сөз түрінде де кездеседі. Қанатты сөздерді «Тоқсан ауыз сөздің тобытай түйіні» десе де болады. Мысалы: *Ана тілін ұмытқан адам өз халқының откенинен де, болашагынан да қол үзеді.* (Ф. Мұсірепов). *Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден.* (Ә. Бекейханов).

*Өсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!* (Абай Құнанбайұлы)

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. **Топтық жұмыс.** «Мақал-мәтелді жогалттым» ойыны. Ойынға екі топ қатысады: Бірінші топ – жогалтушы, екінші топ – табушы.

Жақсы адамға жау . . . Жеті жүрттың тілін біл, . . . Кісінің кіслігі киімінде емес, . . . Батырга да . . . Айдағаның бес ешкі, . . . Өзіл айтсаң да, . . . Білгенің бір тоғыз, . . . Тұз астың дәмін келтірсе, . . . Баласы атқа мінсе, . . . Анасын танымаган, . . . Анасын сүйгеннің . . . Тіл тас жарады, . . . Ат – . . .

**ОҚЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырып қойындар. Не туралы айтылған? Парталастарыңа сұрақтар қойындар. Жауабын бағалаңдар.

Ауа ваннасы нерв жүйесін тыныштандырып, жағымды әсер етеді. Тыныс алуды және қанның оттегіне қаныгуын жақсартады. Ағзаның жалпы тонусын жоғарылатады, үйқының тыныш болуы-

на ықпал жасап, тәбетті ашады. Ауа ваннасының әсері ауаның температурасына, оның ылғалдығы мен қозғалысына (желдің күші) байланысты болады. Ауа ваннасын қабылдауды жылдың жылы мезгілінде, ауаның температурасы 20 градустан темен емес желеіз күндері бастау қажет. Алғашқы кезде аяқ пен қолды ғана, кейін барлық денені жалаңаштап қыздырады.

Ауа ваннасын түске дейін қабылдаған жөн. Алдымен 5–10 минут, содан кейін уақытты біртіндеп бірнеше сағатқа дейін ұзартады. Әлсіз, сұыққа төзімсіз адамдар бастапқыда ваннаны киіммен қабылдағаны дұрыс. Ауа ваннасын серуендергенде, бау-бақта т.б. жұмыс істегендеге белуарға дейін жалаңаштап қабылдауга болады. Ауа ваннасын орамалмен сұртініп, ыскыланумен, душқа түсумен, теңізге немесе өзенге шомылумен жалғастырган өте пайдалы. Қыста ауа ваннасын бөлмеде қабылдауга болады. Ол үшін төсектен тұрганнан кейін, киінбей тұрып терезені ашып қойып, гимнастикалық жаттығулар жасау керек.

Ауа ваннасын дәрігер белгілейді. Ол шынығу үшін, әсіресе балалар ағзасын нығайту үшін пайдалы.

(«Шаңырақ» кітабынан)



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінді талдаңдар. Тәмендегі белгілермен өр абзацты немесе сөйлемдерді белгілендер. Өз ойларынды қорытындылап жазындар.

«✓»	«—»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымما қайшы, керегар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Денсаулыққа қатысты мақал-мәтедерді және эмоционалды сөздерді жазып, марынасын түсіндіріңдер.

**АЙТЫЛЫМ**

11-тапсырма. *Толтық жұмыс.* Берілген анықтаманы оқып, тіреккесте бойынша пікірталасқа түсіндер.

«Денсаулық – физикалық ақаудың, аурудың болмауы ғана емес. Денсаулық – адамның физикалық, психикалық, рухани және өлеуметтік түргышындағы толыққанды белсенділігі».

(Дүниежүзілік Денсаулық сақтау үйымының Жарғысы)

Физикалық
белсенділігі –
дene мүшелерін
шынықтыруы

Өлеуметтік
белсенділігі –
тұрмыс жағдайын
жаксарту

Рухани
белсенділігі – жан
дүниесін байтуы

Психикалық
белсенділігі –
көңіл күйдің
жогарылыры

**ЖАЗЫЛЫМ**

12-тапсырма. Омыртқаға арналған жаттығулар кешенін біліп алып, оның пайдасы туралы нұсқаулық жазындар.

Саламатты өмір салтын насихаттаушы Поль Брэгг адам денсаулығы тек оның жасына ғана емес, омыртқасының жағдайына да байланысты деп есептеген. Сондықтан бала кезден денені тік үстәуды әдетке айналдырып, омыртқаны қисайтпауга тырысу керек.

(У. Молдашқызы. «Денсаулық» журналынан)


**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

13-тапсырма. «Шығу парагы» әдісін қолданып, сұрақтарға жазба-ша жауап беріндер.

- «Денсаулық кепілі» неде екенине қандай ой түйдіндер?
- Сен үшін бұл тақырыптағы қай мәліметтер маңызды болды?
- Өз жұмыстарыңа, сыныптастарыңың топ ішіндегі әрекеттеріне көңілдерің тола ма? (*Өзіңнің және сыныптастарыңың білімін бағалаңдар*).
- Осы тақырып бойынша тағы не білгілерің келеді?
- Осы тақырып бойынша тағы қандай акпарат көздерін оқи-сындар?

7–8-сабактар

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ – ҮЛКЕН ӨНЕР



ОЙТУРТКІ

- Денсаулықты сақтаудың басты сыры неде?
- «Денсаулықты сақтау – үлкен өнер» деген сөз қолданысын қалай түсінесіндер?



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Сұхбатты тыңдал, не жайында екенін талдандар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «*Кімнің жады мықты?*» ойыны. Мәтінді қайталап тыңдал, қажетті ақпараттарды кім қателеспей айтса, сол жеңеді.

Есте сақта!

Диалог – сейлеу, әңгімелесу деген сөз. Көркем шығармаларда екі не одан да көп адамдардың бір-бірімен тікелей сейлескен сөзін диалог деп атайды.

Монолог – бір кісінің сейлеуі немесе ойы. Монологте белгілі бір тақырыптағы мәселені баяндап, сипаттап, әңгімелеп береді. Онда адамның ойы, пікірі, көзқарасы бірінші жақта және үшінші жақта баяндалады.



ЖАЗЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Тыңдалымдағы диалогті монологке айналдырып жазындар. Қандай ерекшелікті байқадындар?



ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ақпараттарды іріктеп, жоспар күрүндар.

Тибеттік тамақтану ережелері

Шығыс ғалымдары: «Тамақтану мәдениетінің болмауы немесе оны білмеу – адамзаттың басты мәселесі», – деген. Адам ағзасы

жүйелі болып саналғанымен, ол әрбір секунд сайын ішкі ортасың тере-теңдігін сақтағандаған, ағзаның барлық жүйелері қалыпты қызмет атқарады.

Бүкіл әлем алғашқы пайдаланған 5 элементтің *aуа, су, жер,* және *кеңістіктің* бір-біріне арақатынасы ретінде қарастырылады. Осы аталған алғашқы 5 элемент – бізді қоршаған орта мен денемізді құрастыруышылар. Сау ағзада әрбір элемент өз міндетін дүрыс атқарып, үйлесімді қызмет етеді. Мысалы: *Жер* біздің деңеміздегі тұрактылықты сактайды: ойлау деңгейінде – өзіне деген сенімділік; физикалық деңгейде – сүйек қаңқасының беріктігі мен қозғалуына сенімділік.

Жел ойлау қабілетінің белсенді болуына жауапты, себебі «ой жүйрік» деп бекер айтпайды. От мінезді қалыптастырады, оған байсалдылық, кейде қайсаrlылық қасиет береді, асқорытуға белсенді үлес қосады. *Су* адамды сыпайы және жұғымды болуга, қын жағдайларды орай өтуге бейімдейді және тұздың әрекеттесу үдерістеріне жауапты.

Әр адамның өзіне тән ерекшелігі ағзадағы барлық 5 элементтің үйлесіміне байланысты. Біреулер табиғатынан сымбатты, ал біреулер семіздікке бейім келеді, біреулердің шашы қара, біреулердің шашы сары және т.с.с. Осы аталған белгілер жердің, судың, оттың және ауаның бір-бірімен жеке-жеке үйлесуінің нәтижесінде қалыптасқан. Сондықтан тағам өнімдерін таңдауда, емдем тағайындауда тек қана әр адамның деңсаулық ерекшелігіне қарай жеке-дара жүргізіледі.

(«Денсаулық» журналынан)



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. *Тамақтану мәддениеті* деген не?
2. Нелер деңемізді қоршаған ортамен тере-теңдікте үстайды?
3. *Жер* не нәрсеге жауапты?
4. *Жел* қандай қызмет атқарады?
5. Оттың үлесі қандай?
6. Судың қызметі неден көрінеді?
7. Әр адамның өзіне тән ерекшелігі немен байланысты?

**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Мәтін соңында қарамен жазылған сөйлемдегі негізгі ойды таратып, «тағамды әр адамның денсаулығына қарай тағайындау» дегенді қалай түсінгендерінді ас мәзірін жасау арқылы дәлелдендер.

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. «*Қос жазба күнделігі*» әдісін қолданып, әр адамның өзіне төн ерекшелігін құрайтын 5 элементтің үйлесімін теріп жазып, түсініктеме жазындар.

Ұзінді	Түсініктеме

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. Тындалым және оқылым мәтіндеріндегі фразеологизмдерді тауып, мағынасын ашып айттыңдар.

БІЛГЕНИҢ ДҮРЫС!

Кейде білкке көтерілгенде не төменге түскенде бастың айналатыны бар. Егер мұндай жағдай жиілеп кетсе, адам өзін үстап тұра алмай, құлаң қалады. Бас айналған кезде жүрек айнып, құлақ шұылдан, көзі бұлдырайды. Одан құтылудың бір жолы бар: 1 құты қайнаган жылы суға 2 шай қасық алма сіркесуы мен 1 шай қасық бал салып, мұқият араластырып, түні бойы қойып, таңертең ашқарынға ішпіңіз. Емделу мерзімі – 10–12 күн. Бұл сусын сонымен қатар жүйке жүйесін де тыныштандырады.

(«Денсаулық» журналынан)

**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. Төмендегі Гиппократтың және Анахарсистің пікірлеріне сілтеме жасап, мақала жазындар. Мақалада эмоционалды сезерді қатыстырындар.

Мөлшерден тыс тоқтық та, аштық та және басқа да ауытқушылықтың бәрі де денсаулыққа зиян.

(*Гиппократ*)

Төтті тағам емес, денсаулыққа пайдалы тағам – төтті.


(*Anахарсис*)

**ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. *Жүптық жұмыс*. Қосымша ақпарат көздерінен қымыз бер шұбаттың адам ағзасына тигізер пайдасы туралы ақпарат жинап, эмоционалды сездерді қатыстырып, таныстырылым жаһандар.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. «Шығу парагы». Сабактан алған өсерің қандай?

**9–10-сабактар****НӘТИЖЕ САБАҚ, САЛАМАТТЫ ӨМІР САЛТЫ****ОЙТУРТКИ**

- Саламатты өмір салты деген сөз қолданысын қайdan естідіндер?
- Ол қандай үгымдарды қамтиды?

**ТЫНДАЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаپ, оқу мәнеріне, дауыс ыргағына кеңіл беліндер.

1. Диктор қандай сездерге екпін түсірді?
2. Мәтін қандай жанрда, яғни қай стилде жазылған?

**ЖАЗЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтіндегі ақпарат бойынша «Халық деңсаулығының қауіп-қатерлерін» кластерге түзіп, ойларыңды нақты деректермен дәлелдендер.

**ОҚЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтінді оқып, нақты дерек пен авторлық көзқарасты ажыратындар.

Дәл бүгіннен бастап...

Адам баласы өзінің айналасындағыларға, басқаларға деген көзқарасын, ниетін өзгертсе, олардың да бұған деген көзқарасы өзгереді. Ойы мен ниетін жақсылыққа бағыттай алмайтын адамдар бақытсыз болады. Сондықтан өз бақытымыз үшін өзіміз күресейік. Алдымен өзімізben күресуді жақсы ойдың негізінде жүзеге асырайық. Ол үшін мен сіздерге өзім орындастын бағдарламаны ұсынамын. Оның аты «Дәл бүгінгі күннен бастап...» деп аталады.

Дәл бүгіннен бастап «Мен бақыттымын» деген сөзді басшылыққа аламын.

Дәл бүгіннен бастап мен өзімді қоршаган ортадан тек қана жақсылық іздеймін, ойым мен ниетімді жақсылыққа бастаймын.

Дәл бүгіннен бастап мен өзімнің деңсаулығым туралы ойланбастыаймын. Денешыныңтыру жаттыгуларын жасап, үсті-басыма күтім жасаймын. Дұрыс тамақтанамын, өз деңсаулығыма зиян келтірмеуге тырысамын.

Дәл бүгіннен бастап мен өзімнің ой-өрісімді кеңейте бастаймын. Білімімді толықтырамын. Миымды жаттықтырамын. Ой қозғауға күш беретін кітаптар оқымын.

Дәл бүгіннен бастап барлық адамға достық ниетпен қараймын. Мүмкіндігінше, өзіме жарасатын киім киіп, адамдармен дауыс кө-

термей сейлесем, ешкімді сынамауга, ешкімге жөңсіз тиіспеуге, ешкімді басынбауга тырысамын.

Егер сіз бен біз осы бағдарламаны ұстансақ, өміріміз тынышталып, денсаулығымыз жақсырып, өзімізбен және айналадағы адамдармен қарым-қатынасымыз ізгілікке, сүйіспеншілікке құрылатыны сөзсіз.

(Джеймс Лейн Аллен)



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі авторлық көзқарасты беріп тұрган эмоционалды сөздерді тауып, қолданылу ерекшелігін анықтандар.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Шыныгу және дene жаттығуы – саламатты және үзак ғұмыр кепілі» деген тақырыпта постер жасандар. Пікірлерінді сыныптастарыңың алдында қорғандар.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдей айтындар.

Бірінші сөйлем. «Мениң ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Жақсы ниет, жылы сөзге қатысты мақалдарды қолданып, сыныптастарыңмен диалог құрындар.



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, «Дені саудың – жаны сау» тақырыбына қатысты мәселелердің оңтайлы шешілу жолдарына немесе себептеріне өз көзқарастарыңды білдіріп, дискуссияттың жазындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. «Саламатты өмір салты» дегенді қалай түсінгендерінді «Төрт сөйлем» әдісін қолданып жазындар.

Пікір. Саламатты өмір салтына қатысты айтылған ойға өз пікірлерінді бір сөйлеммен жазындар.

Дәлел. Өз пікірлерінді бір сөйлеммен дәлелдеңдер.

Мысал. Пікірлерінді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.

Қорытынды. Түсінгендерің бойынша қорытынды жазындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. Суретке қарап, өз ойларынды айтындар. Сендерге саламатты өмір салты бойынша жарнама жасау тапсырылды делік. Қалай жазар едіңдер? Жазып көріңдер.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. «Шығу парагы» әдісін қолданып, сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.


- «Денсаулық – зор байлық» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
- Сендер үшін бұл бөлімдегі қай мәліметтер маңызды болды?
- Өз жұмыстарыңа, сыныптастарыңың топ ішіндегі әрекеттеріне көнілдерің тола ма? (*Өзіңнің және сыныптастарыңың білімін бағалаңдар*).
- Осы болім бойынша тағы не білгілерің келеді?
- Осы бөлім бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисындар?

СҮЙІСПЕНИШІЛК ПЕН ДОСТЫҚ

4-бөлім

1–2-сабактар

ДОСТЫҚ – АСЫЛ ҚАСИЕТ



ОЙТУРТКІ

- Достық туралы жазылған шығармаларды оқыдындар ма?
- Сендерге дос не үшін керек?



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді диктор мен бір оқушының мәнерлеп оқығанынан тыңдаңдар. Интонация, кідіріс, логикалық екпін түсетін түстарын ажыратыңдар.

«Досым, сүйікті досым!». Шын жүректен қадірлеп, жақсы көрген адамыңа хат жазсаң, яғни сағына тіл қатсаң, осы сез кеп аузыңа түседі. Бұл сенің өзегінді жарып шығады.

Ең жақсы, ыстық сезімді бейнелейтін осы бір сез қандай магыналы, қандай асыл еді дейсің! Шынында, достасу, дос болу – өміріңнің қызығы гой. Жолдасы, досы жоқтың өмірі еш. Жалғыздықтың күні қараң.

Достық – шынайы, асыл сезім. Достық сезімге көтерілу адамгершілік қасиеттерге, кіршікесіз махаббатқа бөлениң екенін сен жақсы білесің, окушы! Достық жүрген жерде жалған сезімге орын жоқ.

(Мұқан Иманжанов)



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді қайталап тыңдаңдар. Мәтіннің тақырыбы мен идеясын талданадар. Тірек сөздерді қолданып, өз пікірлерінді взгелдердің пікірімен салыстырыңдар.

Тақырыбы:

Идеясы:

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. *Жүлттық жұмыс.* Мәтіннен нақты дерек пен авторлық көзқарасты ажыратыңдар. Автор мысалға келтірген оқиғаның да-мұы мен аяқталуы жайында жұп болып ой бөлісіндер.

**АЙТЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтіндегі сүйіспеншілікті білдіріп тұрған сөз қолда-ныстарын тауып, олардың қандай сөздер екенін талданадар (*эмоцио-нальды сөздер, фразеологизмдер, шылаулар*).

**ОҚЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, достыққа тән асыл қасиеттерді атаңдар.

Достық – адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мұдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық – өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нагыз достық адамға шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауга, басқа түскен қайғы мен қынышылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Дос-жарапандардың мінездері әртурлі болуы мүмкін. Мысалы, біреуінде қызыбалық не шабандық, екіншісінде түйіктық не жігерсіздік байқалса да, бұлар достыққа кедергі бола алмайды, қайта нағыз достық осындай кемшіліктерден арылуға көмектеседі. Достықта сатқындық, екіжүзділік, өтірікшілік, өзімшілдік болмайды. Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде достыққа ерекше көніл бөлінеді.



**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Мақал-мөтелдердің тыныс белгісін қойып, көшіріп жазындар.

Дос ажарың жолдас базарың
 Жұз теңгең болғанша жұз досың болсын
 Жақсымен жолдас болсаң жетерсің мұратқа
 Жаманмен жолдас болсаң қаларсың үятқа
 Заттың жаңасы жақсы
 Достың ескісі жақсы
 Досы көппен сыйлас
 Досы азбен сырлас
 Жаман жолдастан таяғым артық
 Досың дос болғанға шаттан
 Дүшпанмен дос болудан сақтан

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Тарихта болған ұлы тұлғалар – Абай мен Евгений Михаэлистиң, Шоқан Ұәлиханов пен Федор Достоевскийдің, Маржан Жұмабаев пен Максим Горькийдің, Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шахановтың достығы жайында шағын мақала жазындар.

Ұлы адамдардың ұлы достығы

Адамзат бойындағы ең ізгі, ең шуақты қасиеттерінің бірі – достық. Достық арқылы адамның жүргегі тыныштық тауып, өзінің тұлғалық қасиеті қалыптаспақ. Ал қазақ халқы достыққа берік, жолдастыққа адал болуы арқылы өзінің ақ ниеті мен таза көңілін көрсеткен.

Кітап іздеудің, оны оқудың соңында жүріп, Абай 1880 жылы Петербордан айдалып келген төңкерісшіл, халықшыл Евгений Петрович Михаэлис деген зиялды адаммен таныс болады. Бұл таныстықтың соңы үлкен достыққа үласады.

Ал қазақ ғылымын қазынага толтырган Шоқан Ұәлихановтың құбылыс ретіндегі орны белек. Жаратылышынан зерек, білімді, қазақтың тарихы мен әдебиетін жан-жақты билетін дарынды бала Шоқанға Омбыдағы Кадет корпусы құшағын айқара апты. Кейін-

нен Шоқан Үәлиханов орыстың ұлы жазушысы Федор Достоевскиймен дос болып, хат жазысып тұрган.

Дала ойшылы Шәкәрімнің Толстойды өзіне үлкен ұстаз санауданалар үндестігі болып табылады. Себебі, Шәкәрім Толстойға ұстаз ретінде қараган және өзінің көзқарасы ұстазымен үндес қелетіндігін жасырмадан.

Әдебиеттегі ұлы достықтың жарқын көрінісі – болашаққа үлгі. Қыргыз халқының даңқты перзенті Шыңғыс Айтматовтың қазақ ақыны Мұхтар Шахановпен достығының өзі – бір гажап әңгіме.

Ал отыз жетінің қанды шеңгеліне ілінген Магжан Жұмабаев секілді дарабоз дарынның үлкен досы Максим Горькийдің ақынды бірнеше рет айдаудан босаттырғаны да ұлы ерлік.

Сондықтан да қазақтың әдебиеті мен ғылымы әлемнің озық ойлы елдерінің барлық ойшылдарымен дос, пікірлес.

(«Арай» газетінен)



ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Олеңдерді оқып, қайталанып тұрган тірек сөздерді анықтандар. Тақырыбы мен идеясындағы үқастықтарды табындар.

1. Жан қыыспас дос болсаң,
Сыйласумен жүрерсің.
Шашылып жатса сыртынан,
Жинасумен жүрерсің.

Үзатпай хал сұрасып,
Жақындасып жүрерсің.
Жақсы, жаман іс болса,
Ақылдасып жүрерсің.

Кемісі болса, кешіріп,
Татуласып жүрерсің.
Сырттан айтқан сәлемін
Мақұлдасып жүрерсің...
- Болмашыға сыр берсе,
Бұқаша көз сұзерсің.
Ақырында айтсысып,
Достан құдер үзерсің.

(Кылан Алдабергенұлы. «Бес гасыр жырлайды»)

2. Дос емес, достың сезін **бөтен** десе,
Достықтан бір **екпемен** кетем десе.
Арадан достық неғып табылады,
Саған да бір іс тауып етем десе.

Дос емес, достың сезін **көтермесе**,
Салған жерден **түбіце жетем** десе.
Не қылыш дос атына қосылады,
Көтермей бір сезінді бүйтем десе.

Нагыз дос бір-біріне тарылмайды,
Жұырда тұрткеніне жарылмайды.
Жақсы-жаман айтты деп елемейді,
Бақ-дәulet сол адамнан айырылмайды.

Нагыз дос бірін-бірі жамандамас,
Арага кеп **екпе сап табандамас**.
Көңілі татулықты іздең тұрар,
Жөніне татулықтың шабандамас.

(Серәлі Еруэліцлы. «Бес гасыр жырлайды»)



АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Өлеңдерде қарамен жазылған сездердің қайсысы атау, қайсысы фразеологизм, қайсысы эмоционалды сөз екенін айтыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Қарамен жазылған сездердің қолданыстағы магынасын ашып, олардың синонимдік, антонимдік қатарларын жазыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «*Кім жатық сойлейді?*» ойыны. Өлеңдердің мазмұнын өз сездеріңмен жазыңдар. Автордың ойын бере алдыңдар ма, жоқ па? Бір-біріңмен салыстырыңдар.



АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «*Кім жүйрік?*» ойыны. Достық туралы мақал-мәтелдерді кім кеп білсе, сол жеңеді.

1. Дос басқа, дүшпан аяққа қарайды.
2. Ақылсыз достан ақылды дүшпан артық.

3. Дос жылатып, дүшпан күлдіріп айтады.
4. Досы жақсының өзі де жақсы.

Тілдік бағдар

Етістіктің есімше түрі

Есімше – сөйлемде екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте жүмсалатын етістіктің ерекше түрі. Ол бірде жіктеліп, етістік қызметін атқарса, енді бірде есімдерше турленіп (септеліп, тәуелденіп, көптеліп), есім қызметін атқарады.

Есімше мына жүринақтар арқылы жасалады:

- 1) -ган, -ген, -қан, -кен: ал-ған, көр-ген, айт-қан, кет-кен;
- 2) -ар, -ер, -р және етістіктің болымсыз тұлғасынан кейін -с: бар-ар, кел-ер, оқы-р, айтпа-с, көрме-с;
- 3) -атын, -етін, -итын, -йтін: айт-атын, кел-етін, тыңда-итын, сөйле-йтін;
- 4) -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек: бар-мақ, кел-мек, жаз-бак, шаш-пақ, төк-пек, бер-мек.

Есімше тәуелденеді:

I	менің бер-ер-ім	менің бар-ма-с-ым
II	сенің бер-ер-ің	сенің бар-ма-с-ың
	сіздің бер-ер-іңіз	сіздің бар-ма-с-ыңыз
III	оның бер-ер-і	оның бар-ма-с-ы
I	біздің бер-ер-іміз	біздің бар-ма-с-ымыз
II	сендердің бер-ер-лерің	сендердің бар-ма-с-тарың
	сіздердің бер-ер-леріңіз	сіздердің бар-ма-с-тарыңыз
III	олардың бер-ер-лері	олардың бар-ма-с-тары

Есімше септеледі:

A.	айт-қан	бар-ма-с
I.	айтқан-ның	бар-ма-с-тың
B.	айтқан-ға	бар-ма-с-қа
T.	айтқан-ды	бар-ма-с-ты
Ж.	айтқан-да	бар-ма-с-та
Ш.	айтқан-нан	бар-ма-с-тан
K.	айтқан-мен	септелмейді

Есімше жіктеледі:

I	мен көрген-мін	мен берме-с-пін
II	сен көрген-сің	сен берме-с-сің
III	сіз көрген-сіз	сіз берме-с-сіз
	ол көрген	ол берме-с
I	біз көрген-біз	біз берме-с-піз
II	сендер көрген-сіндер	сендер берме-с-сіндер
III	сіздер көрген-сіздер	сіздер берме-с-сіздер
	олар көрген	олар берме-с

**ЖАЗЫЛЫМ**


13-тапсырма. 8-тапсырмадагы өлеңдерден есімшелі етістіктерді төріп жазыңдар. Есімшениң журнақтарын және жалғаудың түрлерін ажыратып, кестеге толтырыңдар.

Сөздер	Есімшениң журнағы	Жалғаудың түрі
жүрерсің	-ер	-сің – жіктік жалғау, 2-жақ

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

14-тапсырма. «Шығу парагы» әдісін қолданып, тәмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Бүгін не үйрендіңдер?
- Достық туралы қандай мағлұмат алдыңдар?
- Достық туралы мақал-мәтелді айта алдыңдар ма?
- Сабак бойынша сұрақтарың бар ма?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

3–4-сабактар**ДОСТЫҚ – ӨМІРЛІК НҰСҚА****ОЙТУРТКИ**

- Шешендердің достық жайында айтылған қандай сөзін оқыдыңдар?
- «Достық – өмірлік нұсқа» дегенді қалай түсінесіңдер?

**ТЫНДАЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, оқиғаның басталуын, дамуы мен қорытындысын анықтаңдар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әйтімбетпен жанындағылар не турагында сейлесті?
2. Достықтың қандай түрлері бар екен?
3. Амал достық деген не?
4. Достыққа кедергі болатын қандай қасиеттер бар?



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. *Толтық жұмыс.* «Достық баптауды қажет ететін нәзік өсімдік сияқты» деген пікірдің төнірегінде ой белсіндер. Накты деректер мен авторлық көзқарастарыңды айтыңдар.



ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Қанатты сездерді оқып, тәрбиелік мәнін талдандар.

Адал болса досың жақын,
Еркелейтін немерең жақын,
Өз үрпағың шеберең жақын,
Тұып-өскен елің жақын.

(Казыбек би)

Жақсымен дос болсаң,
Алдыңан шыгар елпектен...
Жаманмен дос болсаң,
Сыртыңан жүрер өсектен.

(Махамбет Өтемісұлы)

Киын күнде қол үшын берген – нағыз дос,
Жайшылықта доспын деген – жай сөз.

(Саиф Сараи)

Жаман дос – көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың.

(Абай Құнанбайұлы)

**ЖАЗЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мағыналық қарым-қатынасына қарай сәйкестендіріп жазыңдар.

Өзінде қарай дос таңда,	досыңмен қараңғыда жүрген жақсырақ.
Кімнің досы жақсы болса,	ол ешқашан саған опасыздық жасамайды.
Жауыңмен жарықта жүргеннен,	Күшіңе қарай жук кетер.
Үнсіздік – ұлы дос,	өзі де жақсы болады.

**ОҚЫЛЫМ**

6-тапсырма. Мәтінге мазмұны бойынша тақырып қойыңдар. Жоспар құрыңдар.

Елде бір сыйлы қария өмір сүріпті. Жалғыз ұлы бар екен. Әкесінің дәүлетіне семіріп, аттан түспей серілік құрып, жолдас-жораларын көбейтіп, күніге той, қызыққа батып жүріп алышты.

Бір күні әкесі шақырып алыш:

– Балам, мен болсам, ұлғайып келем, өстіп қызық-думан құрып жүре бермекпісің, үйленсөңі, – дейді.

– Ой, әке, қарап жүргем жок, жолдас, дос көбейтіп жүрмін гой.

Әкесі:

– Досың қөп пе сонда? – деп сұрайды.

Баласы:

– Қөп, сол достарымның бәрі мен дегенде ішкен асын жерге қояды, айтқанымнан шықпайды, – дейді.

Әкесі:

– Ендеше, сол достарыңды сынап қайталық, – дейді.

Соны айтып, өзі бір атқа, ұлын екінші атқа мінгізеді. Атан түйенің жады ағашына су құйған мес салынған қапты көлденең салады да, жетекке алады. Әкелі-балалы екеуі жүріп отырып, ұлының жан досының үйіне келеді. Сыртта оңашалап сөйлеседі. «Баламның досы екенсің, әдайілеп ат басын тіреп тұрмыз, – дейді үлкен кісі. – Басымызга іс түсті, малдан айырылдық. Оның үстіне мына бір кісіні байқамай өлтіріп алдық, ісімізді жайгастыр».

Досы: – Бұл істі мойныма ілмексіндер ме?.. Аулақ, аулақ! – деп безектеп шыға келеді.

Макұл десіп, келесі ауылдағы досына жөне ең сенімді деген тағы бір досына келіп, болған жайды баяндайды. Қемек сұрайды. Олардың бәрі де ат-тонын ала қашып, «Аулақ жүріндер», – деп қызып жібереді.

Баланың үнжыргасы түсіп кеткен. Әкелі-балалы тіркесіп үйіне келеді. Сонда әкесі отбасында отырып былай дейді: «Балам, көзің жетті ме, сенің көп досыңың бірі – малдың досы, бірі – дәүлетіңің досы, бірі – жастық базарыңың досы, бірі – әншейін күн өткізуудің досы, ендігісін өзің біл!»

(Дүкенбай Досжанов)



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. 76-беттегі «Ұлы адамдардың ұлы достығы» атты мақала мен Дүкенбай Досжанов әңгімесіндегі ұқеас идеяны анықтаңдар. Мәтіндердің тақырыбы мен құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшелігін салыстыры талдандар.



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі есімше жүрнагы жалғанған сездерді байланысқан сездерімен бірге жазыңдар. Есімше қандай сөз табының орнында жүмсалып тұрғанын айтыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. *Жүлтүқ жұмыс.* «Дос табу – қыын, ал оны сақтау – одан да қыын» деген тақырыпқа жұп болып, диалог құрындар. Сұрақтарыңың 5-тен кем болмауын жөне жауапта нақты деректердің қамтылуын қадағалаңдар.



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді зерттең оқындар. Мәтін мазмұнын тірек-жоспар бойынша талдан, ез ойларында айтыңдар.


«Ерте замандардың бірінде қазақ даласына шабуыл жасаған дүшпанның қалың қолы бұл күнде күм арасында қалған бір қаланы қоршап алышты. Қорғаннан өте алмаган жау қалага келетін ауызсуды тоқтатып, қамаудағы халықтың берілуін күтіпті. Қала жым-жырт. Бірнеше күн өтсе де, қалага кіргізер нышан байқалмапты. Сонда дүшпанның әскербасы жарлық шыгарған:

— Қаладан көтергенше зат алып әйелдердің кетуіне рұқсат! «Ерлері жоқ әйелдер бәрібір үрпақ өрбітпейді. Бұл халықты осылай құртамыз», — деп жау өз үкіміне масайрапты.

Қаланың байлығын таласа-тармаса бөліскең жау енді ерек атаулыны құрту үшін азаматтарды іздесе, қаланың бірде-бір үйінде жан жоқ!

Әйелдер бір-бір ер-азаматты қапқа салып алыш кеткен екен. Кішкене қыздар ер балаларды, кемпірлер шалдарды көтеріп кетіпті. Бір халық осылай аман қалыпты» дейді аныз.

(«Ана туралы аңыздан»)



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Төменде берілген мақалдар мен фразеологизмнің қандай жағдаятта айтылатынын анықтайтындашын өнгіме құрап жазындар.

1. Жұмыла көтерген жүк женіл.
2. Төбесі көкке жетті.
3. Адалдық – достықтың ұлы заңы.



ОЙТАРАЗЫ




ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Шығу парагы» әдісін қолданып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріндер.

- Бүгін не үйрендіндер?
- Амал достықтың себептері болатыны туралы бұрыннан билетін бе едіндер?
- Тапсырмаларды орындау қын болды ма?
- Сабак бойынша туындаған сұрақтар бар ма?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек деп ойлайсындар?

5-6-сабактар ҰЛЫ АДАМДАР ДОСТЫҒЫ



ОЙТУРТКІ

- Сендер кімдердің достығын өздеріне үлгі етесіндер?
- Ұлы адамдардың достығын не үшін білуіміз керек?



ТҮСІДАЛЫМ



1-тапсырма. Өлеңдерді диктор мен үш оқушының мәнерлеп оқығанынан тыңдаңдар. Дауыс ыргагын, кідірісті және логикалық екпінді қайсысы дұрыс қолданды?

Дос болам десең, досымды сыйла, қымбаттым!
Досыңа сонда досыммен гана қымбатпын.
Дос болам десең, мендегі доспен достасқын,
Сендеңі доспен дос болып сонда тұрмақпын.
Достарың көп пе? Апыр-ау, неткен жақсы едің?!
Досым аз менің... Досым-ау, менің, тапшы емін!
Достарыңмен достастыр мені, асылым,
Достастыр мені, болайын құлышқаң нақ сенің!

(Мұқагали Мақатаев)

Достық деген таусылмайтын қазына,
Көктемеде солып қалар гүл емес.
Қарамайды ол сыйдың көп пен азына,
Нагыз достар, тіпті, сый да тілемес.
Сырлас болсаң, есігімді кір қақпай,
Шын дос болсаң, шақырмай кел, тілегім.
Шын шақырсам, саған үқсан тіл қатпай,
Жауымның да келетінін білемін.

(Төлөген Айбергенов)

Бірімізді біріміз қуат көріп,
Бірімізден біріміз шуақ көріп,
Бірімізге біріміз пана болып,
Мен іні боп, сен қимас ага болып,
Дарқан көңілім шалқытын дала болып!

Көусарынан достықтың қанып ішіп,
Бір тілектің бойынан табылысып.
Сәл көрмесек сабылып, сағынысып,
Жолығұра асықтың алып үшүп.

(Мұхтар Шаханов)



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Өлеңдердегі ортақ ойларды қай сөз қолданыстары беріп тұрганын талдандар.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. «Дербес пікір жазу» әдісін қолданып, өлеңдердің мазмұны бойынша пікірлерінді жазындар (*уақыт мөлшері: 7–8 минут*).

1. Өзіндік пікір (идея) – бір сейлем.
2. Дәлел – екі сейлеммен келтіру керек.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сейлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сейлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шыгаратын мысал – екі сейлемнен тұру керек.
6. Қорытынды – екі сейлемнен тұрады.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлеңдердегі фразеологизмдерді және эмоционалды сөздерді тауып, эмоционалды мәнін «Қос жазба күнделігі» әдісімен толтырындар.

Фразеологизмдер	Эмоционалды мәні

Тілдік бағдар

Етістіктің көсемше түрі

Көсемше де есімше сияқты екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте жұмысалады. Көсемше бірде жіктеліп, нақты қимылды білдіріп, етістік қызметінде қолданылса, енді бірде қимылдың амалын білдіреді.

Мысалы, *қалага барамын* немесе *оқып отыр* дегенде көсемше қимылдың өзін білдіріп тұрса, *дауыстап оқыды*, *үйге сойлей кірді* дегенде *дауыстап*, *сойлей* тәрізді көсемшелер қимылдың амалын, қалай болғандығын білдіріп тұр.

Көсемше мына жүрнақтар арқылы жасалады:

- 1) -*a*, -*e*, -*й*: айта, бере, ойлай;
- 2) -*ып*, -*иң*, -*п*: айтып, беріп, ойласп;
- 3) -*галы*, -*гелі*, -*қалы*, -*келі* түрі жіктелмейді.

Көсемшениң жіктелу үлгісі

I	мен жаза-мын	келіп-пін
II	сен жаза-сың	келіп-сің
	сіз жаза-сыз	келіп-сіз
III	ол жаза-ды	келіп-ті
I	біз жаза-мыз	келіп-піз
II	сендер жаза-сыңдар	келіп-сіңдер
	сіздер жаза-сыздар	келіп-сіздер
III	олар жаза-ды	келіп-ті



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. 1-тапсырмадагы өлеңдерден көсемше жүрнақтары жалғанған сөздерді тауып, қандай қызмет атқарып тұрганын талдандар.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Берілген етістіктерге көсемше жүрнағын, жіктік жалғауын жалғап, сойлем құраңдар.

Сыйла, достас, тілеме, кел, кір, шақырма, тіл қатпа.



ОҚЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, қандай жанрда жазылғанын анықтаңдар.

Мәтіннің құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құрыңдар.

Шоқанның інісі Мақы (Мақажан) суретші болды. Ол Петербургтегі керең-мылқаулар мектебінде оқып, білім алған. Кейін түрлі ғылыми мекемелер мен кітапханаларда суретші болып қызмет

істеді. Інісінің дарынды екенін байқаған Шоқан Мақыны көркемөнер академиясының шеберханасына орналастырады. Ол онда суретшілік өнермен шұғылданады. Мақы Петербургте он бір жыл тұрган.

Шоқан арқылы Мақы Петербург пен Омбыда көптеген галымдармен және қоғам қайраткерлерімен таныс болған. Г. Н. Потанин былай деп жазды: «Кеңештаудан шығып, Ұәлихановтардың ауылын іздең келе жатып мен қазіргі көзі тірі ағайынды төртеуінің біреуімен қалтқысыз байланыс жасайтын болсам, нақ осы Мақымен байланысам ғой деп ойладым». Шоқаннан тағылым алған Мақы кетер-кеткенше орыс халқын өзіне жақын тұтып, оның озық мәдениетін қастерлеумен өткен. Атақты архитектор Шота Ұәлиханов – осы Мақының немересі.

Шоқанның тағы бір інісі Мақмұт та агалары сияқты орыс галымдарымен, жазушы, инженерлерімен жас кезінен арасынан. Сол достық қарым-қатынастарын өмірінің аяғына дейін үзген емес.

Г. Н. Потанин Ұәлихановтардың отбасымен 1895 жылғы Сырымбеттегі кездесуін ете жылы еске алады. Шоқанның жақын досы Потанинді Ұәлихановтар әулеті шын ықыласпен қарсы алып, оның құрметіне той-думан жасап, сауық құрган. Г. Н. Потанинге арнайы бәйге үйымдастырып, түрлі халық ойындары мен сұнқар салып, құс аулау сияқты этнографиялық ойындар көрсеткен. Халық ертегілері мен эпикалық өлең-жырларды, аңыз-ертегілерді жазып алуы үшін әйгілі әншілер мен жыршыларды шакыртқан.

(Abai.kz ақпараттық порталынан)



АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтіннің кейіпкерлері сендерге таныс па?
2. Мәтінде кімдердің достығы туралы айтылады?
3. Потанин ертегілер мен эпикалық жырларды кімдерден естіген?



АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі тұлғалар туралы өз пікірлерінді топқа бөлініп айтыңдар. Фаламтор материалдарын пайдаланыңдар.

Бірінші сөйлем. «Менің білуімше, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... мынаңдай қорытындыға келдім».



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Есімше жөне кесемше журнақтары жалғанған сөздерді пайдаланып, мәтіндегі Уәлихановтар отбасының Г. Н. Потанинді салтанатты қарсы алуын көрініске айналдырып, қайта жазындар.



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Ұлы адамдардың достығы» тақырыбында дискуссиятті эссе жазындар. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәтіндердегі орын алған мәселе-лердің онтайлы шешілу жолдарына немесе себептеріне өз кезқарастарынды білдіріндер.



АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. *Жүптық жұмыс.* Өдебиеттен қандай ұлы адамдардың достығы жөнінде оқығандарынды бір-бірлерінде жұп болып әңгімелендер.



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ



13-тапсырма. «Бес саусақ» өдісі арқылы сұрақтарға жауап жазындар.

Бас бармақ – басты мәселе. *Бүгінгі сабакта ең қынды мәселе не болды?*

Балаң үйрек – бірлесу. *Мен топта/жүпта қалай жұмыс жасадым? Кімге комек бердім?*

Ортан терек – ойлану. *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе жинадым?*

Шылдыр шүмек – шынайылың. *Сабак маган үнады ма? Неліктен?*

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. *Мен өзімді сабакта қалай сезіндім?*

7–8-сабактар

СҮЙІСПЕНШІЛК – ШЫНАЙЫ СЕЗІМ



ОЙТУРТКІ

- Сүйіспеншілк туралы не білесіндер?
- Көркем әдебиеттен қандай жағдаяттарды еске алар едіндер?



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. *Жұлтық жұмыс.* Мәтінді тыңдарап, тақырыбын қойындар. Негізгі ақпараттар төңірегінде «Сейлеуші → Тыңдаушы» рөлдерінде еркін сұхбаттасындар.

Сейлеуші



Тыңдаушы

Тыңдаушы



Сейлеуші



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Шемші Қалдаяқовқа деген сүйіспеншіліктердің бәріне ортақ ой қайсы? Пікір айтушылар кімдер?



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіндегі сүйіспеншілік қандай эмоционалды сөздер арқылы берілгендейгін кестеге салып түсіндіріндер.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Шемші – ел аузында» тақырыбына кластер құрасыныңдар.



Тілдік бағдар**Түйың етістік**

Түйың етістік – етістіктің ерекше түрі. Түйың етістік етістіктің негізгі және туынды түбіріне, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына -у журнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: көр-у, бар-у, шегеле-у, айт-қызы-у, сейле-с-у, кел-ме-у, бөге-ме-у. Бұл сөздер қимыл, іс-әрекеттердің атын білдіріп, солардың атауы болып тұр. Сондықтан да түйың етістік зат есім мәнінде жиі қолданылады.

Тіпті, түйың етістіктердің кейбірі белгілі заттың, көбіне құралдың атын білдіріп, зат есім болып кеткен. Тілімізде *көсөу* (отты, шоқты көсейтін құрал), *жасау* (қызға жиналған дүниемүлік), *қашау* (агашты кесетін, жонып, қашайтын құрал), *тұсау* (жылқының алдыңғы екі аяғына салатын құрал) сияқты зат есімдер түйың етістіктен жасалған. Мысалы: *Көсөу ңызин болса, қол күймейді*. (Мақал).

Түйың етістік зат есім сияқты түрленеді, етістікше түрленбейді. Түйың етістік тікелей септеледі, тәуелденеді, бірақ жіктелмейді. Түйың етістікке көптік жалғауы жалғанса, одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанып қолданылады.

Түйың етістіктің тәуелдену үлгісі

I	менің келу+ім	біздің келу+леріміз
II	сенің келу+ің	сендердің келу+лерің
	сіздің келу+іңіз	сіздердің келу+леріңіз
III	оның келу+і	олардың келу+лері


Түйың етістіктің септелу үлгісі

A.	сейлеу	айту+ы
I.	сейлеу+дің	айту+ы+ның
B.	сейлеу+ге	айту+ы+на
T.	сейлеу+ди	айту+ы+н
Ж.	сейлеу+де	айту+ы+н+да
III.	сейлеу+ден	айту+ы+нан
K.	сейлеу+мен	айту+ы+мен



ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мақаланың құрылымын сақтай отырып, күрделі жоспар құрындар.



— деп ойлаганмын.

Мәшинеден түсіп, Мария Шоқайдың зират басына барған кезде құйыш тұрган жаңбыр кілт тоқтады. Қәдімгі ағып тұрган судың шумегін кілт бүрай салғандай. Марқұмның қабіріне гүлшоқтарын қойдык.

Мария Шоқай да қайраткер. Мұстафаның жаңында жүріп, әрі ақылшысы, әрі қамқоршысы, әрі жары болса, қайраткер болмай, кім болады?

Марияның шоқайтанудағы орны ерекше. Шоқайдың жеке құжаттарын, бүкіл мұрасын сақтап, тиісті орындарға табыстаган — осы Мария екен.

Марияның Мұстафа Шоқайдың мұрасын сақтап қалғаны — ез алдына, Мұстафа Шоқай қайтыс болған соң, оның жаназасын шығартып, ислам діні, яғни шаригаттың бүкіл талаптарын жүзеге асыра отырып, жерлегені не тұрады? Мұның өзі Марияның Мұстафага деген сүйіспеншілігі ғана емес, оның дінін де құрметтегені. Мария Берлинде Мұстафаны жерлеп, Парижге оралған соң, 1942 жылдың 5 ақпанында мешітке барып, марқұм күйеуінің қырқын беріп, рухына бағыштап құран оқытты. Өзі бақылық болғанша Мұстафага үнемі құран бағыштап, рухын ардақ тұтты.

Біз қабірдің шаңын сүртіп, төңірегін тазалап, мәшинеге бетедік. Көлікке отырысымен жаңбыр қайта құйды. Апыр-ай, а! Бұл не болғаны сонда? Өлде бұл біздің алыстан келіп, зиярат еткенімізді Табиғат-ана да құпташ, қолдағанының айғагы ма? Кім біледі, бәлкім, солай шығар...

(Қасымхан Бегманов. «Мұстафа Шоқай жолымен» кітабынан)



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтіндегі ой кімдер туралы айттылған?
2. Мария Шоқайдың жарына деген сүйіспеншілігі нeden көрінеді?
3. Мария Шоқайды неліктен қайраткер дейміз?



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді «Төрт сөйлем» әдісін қолданып талдаңдар.

Пікір. Тындаған мәтін бойынша өз пікірлерінді бір сөйлеммен жазындар.

Дәлел. Өз пікірлерінді бір сөйлеммен дәлелдендер.

Мысал. Пікірлерінді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріндер.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазындар.



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Сендердің ата-аналарыңың не бауырларыңың тұган күні. Оларға деген сүйіспеншіліктерінді білдіргілерің келеді. Сүйіспеншілікке толық құттықтау мәтінін жазындар.



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Берілген етістіктерді түйік етістікке айналдырып, септеп жазындар.

Сүй, құрметте, табыста, ардақ тұт, орында.



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Энциклопедиялық әдебиетті пайдаланып, Мұстафа Шоқайдың тұған елге деген махаббаты туралы мәтін жазындар. Мәтінде Мария Шоқай естелігін пайдаланындар. Жазғандарыңың парталастарыңың жазғанымен салыстырындар. Кімнің ақпараты толық екенін түйіндендер.



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Кеп нүктенің орнына керекті сөздерді жазып, «Шығу парагы» әдісімен сөйлемдерді толтырындар.

- Маган ... қызын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындағым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

БІЛГЕНИҢ ДҮРЫС!

1922 жылы онымен бірге Трокадеродагы этнография мұражайын (Францияда, Эйфель мұнарасының жанында) аралағанымыз әлі есімде. Мұстафа сол жерден бір домбыра көріп қалды да, тағатынан айырылды. Сол жердегі қызметкерден рұқсат сұрап, аспапты қолына алыш, құлақ күйін келтірді де, қазактың әсем өүенін орындашықты. Сейтті де, аспапты орнына қойды. Жабырқау болатын, жанары жасқа толы еді. Мен алғашқы және соңғы рет Мұстафандың көз жасын сол кезде көріп едім.

(Мария Шоқай естелігінен)

9–10-сабактар

НӘТИЖЕ САБАҚ. СҮЙІСПЕНШІЛІК БАСТАУЫ – ТУҒАН ЖЕРДІ СҮЮ



ОЙТУРТКІ

- Сүйіспеншілік деген сөздің синонимін білесіңдер ме?
- Туган жерді сю дегенді қалай түсінесіңдер?



ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Өлеңді тыңдандар. Логикалық екпін түсіп тұрган тірек сөздерді табындар.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. *Топтық жұмыс.* «Кімнің ойы жүйрік?» ойыны. Қасым Аманжоловтың ойын топ құрып, қара сөзбен әрі қарай жалғап жазындар. Тапсырманы тақырыптан аудытқымай орындаған топ женеді.

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Ақынның тұран жерге деген сүйіспеншілігі қандай сейлемдермен берілген? Сол сейлемдерді түйық райлы етістікпен аяқта, мәселе түрінде парталастарыңа баяндаңдар.

**ОҚЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтінге мазмұны бойынша тақырып қойындар. Мәтіннің қалай басталғанына назар аударындар.

Мынадай бір аңыз бар. Қапияда жау қолына тұтқын бол түсіп, күлдіккә сатылған **бұғанасы қатыған** жас бала жылдар өте келе, қіндік қаны тамған топырағын, әлпештеп өсірген ата-анасын ұмытуға айналады. **Жат өлкеге** бауыр басып, жақсы-жаманды бастан кешіп, тәзімі мен ақыл-қайратының арқасында ақыры бөтен жүрттың билеушісі атанады. **Жылдар** жылжып өтіп, шау тартқан шағында ат арытып алыстан келген керуен тұган жердің бір тұп жусанын жеткізеді. **Жұпар** іісі бурқыраған жусан билеушінің есіне бала күнгі ұмыт болған бейкүнә дәуренін, тұган жер төсінде қызғалдақ теріп өскен **мұңсыз қүндерін** қайта түсіреді. Қөзінен жасы бүршақтап, санасында сартап болып жатқан сагыныш сезімі бүрк өтіп оянып, шыдас бермейді. Талайларға арман болған тақ пен тәжді **тәрк өтіп**, баққа, байлыққа да бұрылып қарамай, тұлпарына ер салып, тұган жеріне **сүйт аттаңған** екен деседі.

Тұган жерді сую дегеніміз өмір баки өз жерінде байланып қалу емес.

Мәселен, Мұхтар, сенің Отырарың мен менің Шекерімнің қаншама жас жеткіншегі қазір де **әлемнің төрт бұрышын** шарлап кетті. Біразы білім алып, тұрактап қалып, кәсіби мамандықтарын жетілдіру үстінде. «Атың барда ел таны желіп жүріп» деп бабаларымыз айтқандай, қажырлы, қайратты шақта **кокірек көзін ашып, дүниенің ойы мен қырын** шолғанға не жетсін!

Десе де, Жер шарының қай ендігі, экватордың қай белдеуінде жүрсөң де, тұган жер атты ұлы ұғым – біреу. Сонымен рухани байланысынды үзбесен ғана **айдарыңдан** жел еспек. Өйткені өзге топырақ, өзге ауа, өзге су оның орнын толтыра алмақ емес.

Қасиетіңнен айналайын, тұган жер! Бізсіз гүлден, бізсіз өмір сүре алар, ал біздің рухымыз онсыз биік самғамақ емес. Иә, тұган жер барда – біз бармыз.

(Шыңғыс Айтматов. «Ғасыр айрығындағы сырласу»)

**ЖАЗЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтінді талдаңдар. Төмендегі белгілермен өр абзацты немесе сөйлемдерді белгілендер. Өз ойларынды қорытындылап жазындар.

«✓»	«—»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымما қайшы, керегар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

**АЙТЫЛЫМ**

6-тапсырма. Ш. Айтматов айтқан азыз-әңгіме кім туралы? Ізденіп, ой бөлісіндер.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмаяу;
- сез әдебін сақтау;
- дауыс ыргагы, кідіріс, дыбыстардың үндестігін сақтау;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- езіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Мәтінде қарамен берілген сөздердің магынасын синонимдері арқылы ашып жазындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мына жолдарды кіріспе етіп алып, «Туган жерім» тақырыбына эссе жазындар.

Қасиетінен айналайын, туган жер! Бізсіз гүлден, бізсіз өмір сүре алар, ал біздің рухымыз онсыз биік самғамақ емес. Иә, туган жер барда – біз бармыз.

**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. Өлең будан елу жыл бұрын емес, дәл бүгін жазылғандай. Еліміздің егемендік алғанына қанша жыл болғанын айтып,

өлеңге талдау жасаңдар. Талдауда фразеологизмдер мен мақал-мәттердерді қолданыңдар.

Елу жаста «Елім бар» деп айта алмай,
Кетпес естен күйінгенің мұцлы Абай.
Елім бар деп айтатын бір туды күн,
Елім бар деп шырқатайын мен бүгін.
Қойсын енді Қорқыт күйі сарнамай.
Кең далалы, кеңпейілді қазақпыш,
Құл емеспіз, еркін жанбызы, азатпыш.
Ел намысын ешбір жауға бермейміз!
Өмірді алға бастырамыз, өрлейміз!
Сертің осы, азат жігіт, азат қызы!

(Қасым Аманжолов)



10-тапсырма. «Бес саусақ» әдісі арқылы сұрақтарға жауап жазыңдар.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгінгі сабакта ең қынды мәселе не болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жүпта қалай жүмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе жинадым?

Шылдыр шүмек – шынайылың. Сабак маган ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бебек – көңіл күй ахуалы. Мен озімді сабакта қалай сезіндім?

БІЛГЕНІҢ ДУРЫС!

«Мен оқуға үйренген баланың алдымен өз Отаны туралы оқығанын қалаймын. Ол 10 жылдан кейін оның барлық пропагандиясын (ауылдарын), барлық жолын, барлық қаласын білсін, енді 15 жылдан кейін елінің барлық тарихын, ал 16 жылдан кейін барлық заңын білсін. Ол өзінің жады мен жүргегінде жатталмаған бірде-бір ерлігі, бірде-бір батыры болмасын. Бұл – өз елінің әрбір азаматы үшін парыз».

(Жан Жак Руссо)

МУЗЫКА ӨНЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛДОМБЫРАСЫ

5-бөлім

1–2-сабактар

МУЗЫКА – ТАБИГИ ӨНЕР



ОЙТУРТКІ

- Музыканың түрлерін диаграммама салып жазындар.



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Өлеңді тыңдаң, қандай тақырыпта жазылған монолог екенін анықтандар.



АЙТЫЛЫМ

- 2-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша жүп болып диалог құрындар.

Диалогтің сұрақтары:

- Қобыздан қандай әуен төгіледі?
- Ақын әуенді қандай образдарға теңейді?
- Музыка нені бейнелейді?
- Музыканы адам не үшін тыңдайды?

Тілдік бағдар

Етістіктің шақ түрлері

Етістік қымыл-әрекетті білдіреді. Ал қымыл, іс-әрекет белгілі бір кезеңде іске асады. Сөйлем тұрған сәтке байланысты қымылдың өту кезеңін білдіру *етістіктің шағы* деп аталады. Мысалы: *Өнер-білім бар жүрттар, Тастан сарай салғызды*. (Ы. Алтынсарин). Мұнда *салғызды* етістігі істің сөйлем тұрған сәттен бұрын болып кеткендігін білдіреді. *Жазғытцы қалмайды қыстың сызы, Масатыдаі құлпырап жердің жүзі*. (Абай). Мұндағы *қалмайды, құлпырап* деген етістіктер қымылдың сөйлем тұрған сәттен кейін болатынын білдіреді. *Енді бүгін қарасам, Айналам бақыт кең жатыр. Бірімен-бірі туысқсан, Қол үстас-*

қан ел жатыр. (Ж. Жабаев). Бұл сөйлемдерде **жатыр** етістігі кимылдың сөйлеп тұрган сәтте болып тұрганын білдіріп тұр.

Етістіктің шақтары есімше, көсемше тұлғалы етістік түбіріне **-ды**, **-ді**, **-ты**, **-ти**, **-мақ**, **-мек**, **-бақ**, **-бек**, **-пақ**, **-пек** жүрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Шақтың мағынадагы осы тұлғалар дара етістікке де (*кел-in-ti*, *кел-ер*), күрделі етістікке де (*келіп отыр*, *келіп кеткен*, *келіп кетпек*) беріліп отырады.

Осы шақ

Осы шақ болатын етістіктер: 1) сөйлеп тұрган кездегі іс-әрекетті білдіреді; 2) әрдайым болып тұрган дағдылы іс-әрекетті білдіреді. Осы шақ мағынасы мен жасалу жолына қарай **нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ** болып екіге бөлінеді.

Нақ осы шақ **отыр**, **жатыр**, **жүр**, **тыр** деген етістіктердің жіктелуі арқылы жасалады.

	Жақ	отыр	жазып отыр
Жекеше	I	отыр+мын	жазып отыр+мын
	II	отыр+сың	жазып отыр+сың
	III	отыр+сыз	жазып отыр+сыз
Көпше	I	отыр+мыз	жазып отыр+мыз
	II	отыр+сыңдар	жазып отыр+сыңдар
	III	отыр+сыздар	жазып отыр+сыздар
		отыр	жазып отыр

Ауыспалы осы шақ етістіктің түбіріне көсемшениң **-а**, **-е**, **-й** жүрнақтары жалғанып, жіктелуі арқылы жасалады.

Жақ	Жекеше	Көпше
I	айт+a+мын, сөйле+й+мін	айт+a+мыз, сөйле+й+міз
II	айт+a+сың, сөйле+й+сің айт+a+сыз, сөйле+й+сіз	айт+a+сыңдар, сөйле+й+сіңдер айт+a+сыздар, сөйле+й+сіздер
III	айт+a+ды, сөйле+й+ди	айт+a+ды, сөйле+й+ди



ОҚЫЛЫМ

З-тапсырма. Мәтінді оқып, қай стилде жазылғанын анықтаңдар. Тақырып қойындар.

«Оркестр» деп бір музикалық туындыны түрлі аспаптарда қатар ойнайтын музиканттар тобын айтамыз.

Оркестрдің ете үлкен түрі «Симфониялық оркестр» деп аталаады. Симфониялық оркестрдің құрамында ішекті, үрлемелі, соқпалы музикалық аспаптар болады. Ол классикадан бастап, поп музикаға дейінгі барлық әуендерді орындаиды.

Ішекті аспаптардың барлығы оркестрдің алдына орналастырылады. Бас, соқпалы және үрлемелі аспаптар артқы қатарда тұрады. Мәлшері жағынан ішекті аспаптар үлкен болады. Концерттерде күйсандық (фортециано), скрипка немесе виолончель сияқты дара аспаптар оркестермен сүйемелденеді.

«Гамелан» деп аталатын Индонезия оркестрінде 75-ке жуық аспап қамтылған.

Симфониялық оркестрде көбінесе батыс классикалық музикасы немесе опера орындалады. Симфония – 3 немесе 4 түрлі бөліктен тұратын музикалық жанр.

Опера музика жанрына жатады. Опера – оркестрдің сүйемелдеуімен, көтерінкі ыргақпен орындаитын сахналық музикалы-драма.



малы шыгарма. Музыканың бұл жанры 1600 жылдар шамасында Италияда дүниеге келген. Операны орындайтын басты кейіпкерлер белгілі бір драмалық шыгармадағы кейіпкердің рөліне еніп, көрерменге солардың сезімін, көңіл күйін жеткізеді. Операда би өнері де жіңі қолданылады. Өсіреле Францияда операда өн мен би қатар жүреді. Операның кей түрлерінде ауызекі сөйлесу түрі – диалог те қолданылады.

(«Музыка, би, драма». Балаларга арналған танымдық энциклопедиядан)



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Топтың жұмыс. «Кім ізденгіш?» ойыны. Суретте қандай оркестр бейнеленген? Осы оркестр туралы ізденіп, мәлімет жиһандар. Көп ақпарат берген топ жеңеді.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Фаламтордан не газет-журналдан ақпараттарды ізден, «Астана Опера» театры туралы шағын мақала жазындар. Мақалада етістіктерді нақ осы шақта қолданындар.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Оқылым мәтініндегі қарамен жазылған сөздерді синонимімен ауыстырып, тақырыптан ауытқымай шағын мәтін жазындар. Сейлемді аяқтайтын етістіктерді ауыспалы осы шақта алындар.



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі тырнақшага алынған сөздердің түсініктемесін кестеге жазып, тырнақшаның қойылу себебін (+) немесе (-) қойып анықтаңдар.

Тырнақшаның қойылу себебі	+ немесе –	Атауга түсініктеме
Мақалдар мен мәтелдер, афоризмдер тырнақшага алынады.		
Әжүа, сықақ, кекесін, мысқыл мағынасында қолданылған сөздер тырнақшага алынады.		

Газет, журнал, кітап, шыгарма аттары тырнақшага алынады.		
Кәсіпорын, фирма, зауыт, фабрика, үйым аттары, машина маркалары тырнақшага алынады.	+	«Симфониялық оркестр» – үйым атауы



ЖАЗЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Қазақстандағы оркестрдің түрлері» деген тақырыпқа кластер құрастырындар. Әрқайсысын сипаттап айтындар.

Қазақстандағы оркестрдің түрлері



АЙТЫЛЫМ



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Өлеңді мүқият оқып, негізгі идеясын анықтаңдар. Өлең авторы туралы не білесіндер? Ой қозғандар. «Музыканың маңызы» тақырыбында ассоциациялық кесте құрындар.

Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсөң, менше сүй.

Дүние ойдан шығады,
Өзімді өзім үмытып,
Көңілім әнді үғады,
Жүргегім бойды жылтыып.

Аңсаған шөлде су тапса,
Бас қоймай ма бастауга?
Біреу түртсе, я қаңса,
Бой тоқтамас жасқауга.

Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді тіргізер.

Өмір тонын кигізіп,
Жоқты бар гып жүргізер.

Есіткендей болады
Құлагы ескі сыбырды.
Ескі ойга көңілім толады,
Тірілтіп өткен құргырды.

Ішіп, терең бойлаймын,
Өткен күннің уларын.
Және шын деп ойлаймын
Жүрттың жалған шуларын.

Тагы сене бастаймын
Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын,
Мен ішпеген у бар ма?

(Абай Құнанбайұлы)



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ



10-тапсырма. «*Бес саусақ*» өдісі арқылы сұрақтарға жауап жазындар.

Бас бармақ – басты мәселе. *Бүгінгі сабакта ең қынды мәселе не болды?*

Балаң үйрек – бірлесу. *Мен топта/жүпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?*


Ортан терек – ойлану. *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе жинадым?*

Шылдыр шүмек – шынайылың. *Сабак маган ұнады ма? Неліктен?*

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. *Мен өзімді сабакта қалай сезіндім?*

3–4-сабактар

МУЗЫКАЛЫҚ БАҒЫТТАР МЕН АСПАПТАР



ОЙТУРТКИ

- Қандай музыканы тыңдағанды ұнатасындар?
- Музыкалық аспаптардың бөрін тізіп айтып шыға аласындар ма?
- Халықаралық деңгейде елімізді танытқан музыканттарды біле-сіндер ме?



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді диктор мен бір оқушының мәнерлеп оқығанынан тыңдаңдар. Дауыс ыргағы мен кідірістің дұрыс жасалғанына көңіл аударындар.

Музыкалық бағыттар

Әрқиылды кезеңдерде дүниенің төрт бүршыныда музыканың түрлі жанрлары өмірге келді. Музыкадағы джаз жанры XX ғасырдың

басында АҚШ-тың Жаңа Орлеан штатында туындады. Джазды Батыс Африка мен Еуропа музикаларының қосындысы деп қаруға болады. Онда саксофон, керней, тромбон, кларнет (агаштан жасалған үрлемелі музикалық аспап), пианино, гитара, контрабас, барабан сияқты музикалық аспап түрлері бар.

Классикалық музика, кантри музикасы, діни әуендер, рок, поп, үнді классикалық музикасы және электронды музикалар да әлемге танымал музика жанрларына жатады. Осылардың арасында қазіргі кезде поп пен электронды музика көбірек **сұранысқа** ие.

Музиканың түрлі жанрлары әлемнің түкпір-түкпірінде өмір сүретін өртүрлі адамдардың шабыты мен қиялышының нәтижесінде пайда болды. Бірақ музика тілі ортақ. Қай жерде өмірге келгеніне қарамастан, біз оны тыңдалап, ләззат аламыз.

«Самба» деп аталатын бразилиялық ырғақ әлемнің барлық музиканттарына **өз ықпалын тигізді**. Қатты әрі жылдам ойналатын музика ыргагында би билеу көп адамға үнайды.

Қазақта күй жанры өзінің қайталанбас әуенімен әлемге танымал болды.

Өнердің тарихына **көз жүгіртетін** болсақ, адамзаттың даму тарихында қылыш кезеңдерді бастан өткөрғеніне **куә боламыз**.

Технологиялар қарқынды дамыған қазіргі заманда өнердің түрлері де өзіндік сипаттын өзгертті. Дегенмен ертедегі өнер түрлері үмытылмақ емес. Ата-бабаларымыздың мәдени мұрасын сактап, келешек үрпаққа өзгеріссіз жеткізу – біздің міндетіміз.

(«Музика, би, драма». Балаларға арналған танымдық энциклопедиядан)



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндегі музика жанрына қатысты терминдік атаулардың түсініктемесін іздең тауып, «*Қос жазба күнделігі*» әдісімен толтырыңдар.

Жанр атаулары	Түсініктемесі
Классикалық музика	

Тілдік бағдар**Келер шақ**

Келер шақ қымылдың, іс-әрекеттің сөйлем тұрган сәттен кейін болатынын білдіреді. Мысалы: *Ол мектепке ерте бармақ. Сендер үйге келерсіңдер.*

Келер шақ магынасы мен жасалуына қарай **болжалды келер шақ** және **аудиспалы келер шақ** болып бөлінеді. Болжалды келер шақ қымылдың, іс-әрекеттің болу мүмкіндігін айқын көрсетпей, болжап қана айтылады.

Болжалды келер шақ есімшениң *-ар*, *-ер*, *-р*, болымсыз етістіктен кейін *с* жүрнагы қосылу арқылы жасалады да, уш жақтың бірінде жіктеліп жұмсалады.

Жақ	Жекеше	Көпше
I	бар+ар+мын, кел+ме+c+пін	бар+ар+мыз, кел+ме+c+піз
II	бар+ар+сың, кел+ме+c+сің	бар+ар+сыңдар, кел+ме+c+сіңдер
III	бар+ар+сыз, кел+ме+c+сіз бар+ар, кел+ме+c	бар+ар+сыздар, кел+ме+c+сіздер бар+ар, кел+ме+c

Мақсатты келер шақ қымылдың, іс-әрекеттің келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.

Мақсатты келер шақ етістіктің түбіріне **-мақ**, **-мек**, **-бақ**, **-бек**, **-пақ**, **-пек** жүрнақтары, одан кейін жіктік жалғауының жалғауны арқылы жасалады. Мысалы: *Мен ауылга бармақшымын. Сен ерте кетпекшісің.*

Жақ	Жекеше	Көпше
I	кел+мек+пін, қайт+пақ+пын	кел+мек+піз, қайт+пақ+пыз
II	кел+мек+сің, қайт+пақ+сың	кел+мек+сіңдер, қайт+пақ+сыңдар
III	кел+мек+сіз, қайт+пақ+сыз	кел+мек+сіздер, қайт+пақ+сыздар

Аудиспалы келер шақ аудиспалы осы шақ сияқты кесемшениң *-а*, *-е*, *-й* жүрнақтарының жіктелуі арқылы жасалады. Сондықтан аудиспалы осы шақ пен аудиспалы келер шақ сөйлемдегі магынасы жағынан ажыратылады.

Аудиоспалы осы шақ	Аудиоспалы келер шақ
Бұл жерде ағаш өседі.	Бұл жерде ағаш күтсө ғана өседі.
Мен ылғи ерте тұрамын.	Мен ертең ерте тұрамын.
Ол мектепте оқиды.	Ол сабагын кешке оқиды.

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтінде қарамен жазылған фразеологиямдерді синонимімен ауыстырып айтыңдар. Қандай өзгеріс болғанын парталаста-рыңа түсіндіріңдер.

**ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Берілген етістіктерге келер шақ жүрнақтарын жалғап, түрлендіріп жазыңдар.

Өмірге келу, ие болу, ләззат алу, ықпалын тигізу, куә болу.

**ЖАЗЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтінді оқып, қандай мәселе көтерілгені туралы пікірлерінді төрт сөйлеммен жазыңдар.

Қобыз

Күндердің күнінде бойы өсіп, бұғанасы қатқан Қорқыт түс көреді. Түсінде ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы кек тіреген әулие қарт аян береді: «Уа, Қорқыт, түр! – дейді. – Сен бір аспап жаса. Аспабың алты жасар нар атанның жілігіндей болсын. Шанағы бақырдай болсын. Коні аруананың бауыр терісінен болсын. Тие-гі ортекениң мүйізінен болсын. Ішегі бесті айғырдың құйрығынан болсын. Аспабыңның аты қобыз болсын. Сол қобыз қиялыңа қа-нат, жолыңа шырақ, жаныңа араша болар!».

Қорқыт осы сезіді өзінде естігендей болып оянса, кекірегі күйге толып, көмейінен сөз саулағандай халде екен. Сол бетінде қобыз жасауга кіріспі, әулиенің қойған барлық шарттарын орындайды. Сонаң соң қобызды қолына алып, құлагын бұрап, қияғын шалып көрсе, сарнап қоя береді. Әлгі кекірегін кернеген күй қобызына

көшіп, аспан асты сазды сарынга бөлөнеді. Ұшқан құс, жүгірген аң, ескен жел – бәрі сүттей үйип, қобыз күйін тыңдайды.

(Акселев Сейдімбек)



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі етістіктер қай шақта қолданылған? Парта-ластарыңа түсіндіріп айтып беріңдер.



ОҚЫЛЫМ

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтін соңында берілген сәйкестен-діру тапсырмасын орындаңдар.

Шертер – екі немесе үш ішекті, саусақпен шертіп ойнайтын аспап. Шертердің шанагы терімен қапталады. Оны көбінесе мал бағатын бақташылар тартатын болған.

Асатаяқ – сілку арқылы үн шығаратын көне музикалық аспап. Ұзындығы – 110–130 см. Тұтас ағаштан арнайы қалышта жасалады. Басы күрек текстес. Бас жағына түрлі темір сақиналардан сылдырмақтар тағылып, өрнектермен әшекейленеді. Асатаяқ өзіндік үнімен ерекшеленеді. Аспапты ыргап, шайқап ойнайды. Асатаяқ аспабын ертеде көбінесе бақсылар қолданған.

Домбыра – қазақ халқының арасына өте ерте және кең тараған, гасырлар сырын сақтаган қос ішекті, шертіп ойнайтын музикалық



аспаптың бірі. Өзіне тән ерекшелігі бар, ішекті-шертпелі аспаптар тобына жатады. Домбыра әртүрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып немесе құралып жасалады. Мойның он тоғыздан жиырма екі санына дейін пернелер байланады. Арнайы құлақ қүйге келтіріледі.

Дауылпаз – ұрып ойналатын көне музикалық аспаптың бірі. Халық түрмисінде кеңінен қолданылған. Әсіресе, бұрынғы кезде, жаугершілікте дабыл қағып, белгі беру үшін пайдаланылған. Аспаптың жасалу құрылышы анағұрлым күрделі. Ол тұтас ағаштан ойылып жасалады. Бет шанағы терімен қанталады. Иыққа асып алу үшін қайыстан арнайы аспалы бау бекітіледі. Дауылпаз ағаш тоқпақпен ұру арқылы дыбысталады. Қазіргі кезде дауылпаз аспабы көптеген фольклорлық ансамбльдерде кеңінен қолданылып жүр.

Жетіген – қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан жеті ішекті шертпелі музика аспабы. Аспап ағаштан құрастырылып жасалады. Құрылышы өте қарапайым. Жетіген аспабы талай жүздеген жылдар өтсе де, баяғы қарапайым қүйінде. Жетілдірілген түрінде он үш ішек байланып, арнайы тиектер қойылған. Аспаптық үні өте нәзік, құлаққа жағымды.

Қылқобыз – ерте заманнан келе жатқан қазақ халқының екі ішекті кияқпен ойналатын аспабының бірі. Өзіндік жасырын сыры мол, адамның еркіне көне қоймайтын, күрделі аспап. Ішегі жылқының қылынан жасалады. Қобыз аспабының екі ішектісімен бірге – үш, төрт ішектілері және «нар қобызы», «жез қобызы» деп аталатын түрлері де бар.

(«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан)

Шертер	Ішекті-шертпелі аспаптар тобына жатады
Асатаяқ	Ағаш тоқпақпен ұру арқылы дыбысталады
Домбыра	Өте ерте заманнан келе жатқан жеті ішекті шертпелі музика аспабы
Дауылпаз	Оны көбінесе мал бағатын бақташылар тартатын болған
Жетіген	Ішегі жылқының қылынан жасалады
Қылқобыз	Сілку арқылы үн шыгаратын көне музикалық аспап



ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқындар. Қазақтың музыкалық аспаптарының кешегі мен бүтінгі жіктемесіне назар аударып, ой қозғандар.

Қазақтың музыкалық аспаптары – ғасырлар бойы үрпақтан үрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұра. Қазақтың музыкалық аспаптарының өзіне тән үні (өуендерлігі мен саздылығы), орындаушылық дәстүрі бар.

Музыка аспаптарын жаугершілік заманда халыққа хабар бергенде, аң үркіткенде, әнші-күйшілер ән-күй орындағанда, бақсылар сарнағанда пайдаланып отырған. Мысалы, жау шапқанда елге хабар беру үшін соқпалы-урлемелі аспаптарды (дабыл, дауылпаз, ұран, керней); бақсылар даңғара, асатаяқ, шаңқобызды; әнші-күйшілер өлең-жыр, терме-ән айтқанда немесе күй шерткенде – домбыра, сыйбызығы, сырнай, қылқобызы сияқты ішекті аспаптарды пайдаланған. Музыкалық аспаптар кептірілген қайың, шырша, емен ағаштанан, қамыстан, сазбалышықтан, малдың терісі мен сүйегінен, мүйізінен, қылынан жасалған.

Музыкалық аспаптарға арнайы қап жасап, қоржынға салып, аттың қанжығасына байлап немесе асынып алып жүргуге ыңғайлы болуын да ескерген.

Қазақтың музыкалық аспаптары үрлемелі (сазсырнай, қоссырнай, қамыссырнай және мүйізсырнай, сыйбызығы, адырна, ұран, керней), ішекті (жетіген, шертер, екі және үш ішекті домбыралар, қобызы), шалып ойнайтын (шаңқобызы), соқпалы (даңғыра, дауылпаз, шыңдауыл, дабыл, асатаяқ) болып бірнеше топқа бөлінеді.

(И. Әбішева. «Қазақ өнері» энциклопедиясынан)



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтап, «5–3–1» әдісі бойынша тұжырымдап жазындар.

5 сезілем	
3 сез тіркесі	
1 сез	

**АЙТЫЛЫМ**

10-тапсырма. *Жүптық жұмыс.* Қазақ музыка өнеріндегі ішекті және соқпалы аспаптар туралы диалог құрындар. Диалогті келер шақта айтындар.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. Қөп нүктенің орнына керекті сөздерді жазып, «Шығу парагы» әдісімен сөйлемдерді толықтырындар.

- Маган ... қызын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындағым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

5–6-сабактар**ДОМБЫРА – ХАЛЫҚ МУРАСЫ****ОЙТУРТКІ**

- Қазақтың қандай ұлттық музыкалық аспаптары бар?
- Домбыра тарта аласындар ма?
- Қазақ домбырашы, күйшілерінен кімдерді білесіндер?

**ТЫНДАЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, музыкалық аспап түрлерінің санын графикалық кестеге салындар.

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. Қазақтың музыкалық аспаптарын басқа халықтардың музыкалық аспаптарымен салыстырып, үқасстығы мен айрымашылығын айтындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

З-тапсырма. Қазақтың үлттық музыка аспаптары мұражайын жарнамалайтын мәтін құрастырып, сипаттаң жазындар. Эмоционалды сөздер мен фразеологизмдерді орнымен қолданындар.

**Тілдік бағдар****Откен шақ**

Откен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлем түрган сәттен бұрын істелгендігін білдіреді. Мысалы: *Ол оқуды бітірді. Ол кезде сен оннан асқансың. Оқушылар демалыста қалага баратын.*

Откен шақ магынасы мен жасалуына қарай **жедел откен шақ, бұрынғы откен шақ, ауыспалы откен шақ** болып үшке белінеді.

Жедел откен шақ қимылдың, іс-әрекеттің таяу уақытта болғанын білдіреді. Жедел откен шақ етістіктің түбіріне **-ды, -ді, -ты, -ті** жүрнақтарының жалғануы арқылы жасалып, жіктеліп қолданылады.

Жак	Жекеше	Көпше
I	кел+ді+м, алма+ды+м	кел+ді+к, алма+ды+қ
II	кел+дің, алма+ды+ң	кел+ді+ңдер, алма+ды+ңдар
III	кел+ді+ңіз, алма+ды+ңыз	кел+ді+ңіздер, алма+ды+ңыздар
	кел+ді, алма+ды	кел+ді, алма+ды

Бұрынғы откен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлем түрган сәттен әлдеқайда бұрын орындалғанын білдіреді. Бұрынғы откен шақ **-ып, -ин, -п** түлғалы көсемшениң және **-ған, -ғен, -қан, -кен** түлғалы есімшениң жіктеліп келуінен жасалады.

Жак	Жекеше	Көпше
I	оқы+п+пын, жаз+ып+пын	оқы+п+пыз, жаз+ып+пыз
II	оқы+п+сың, жаз+ып+сың	оқы+п+сыңдар, жаз+ып+сыңдар
III	оқы+п+сыз, жаз+ып+сыз оқы+п+ты, жаз+ып+ты	оқы+п+сыздар, жаз+ып+сыздар оқы+п+ты, жаз+ып+ты
I	оқы+ған+мын, жаз+ған+мын	оқы+ған+быз, жаз+ған+быз
II	оқы+ған+сың, жаз+ған+сың	оқы+ған+сыңдар, жаз+ған+сыңдар
III	оқы+ған+сыз, жаз+ған+сыз оқы+ған, жаз+ған	оқы+ған+сыздар, жаз+ған+сыздар оқы+ған, жаз+ған

Ауыспалы өткен шақ есімшениң *-атын*, *-етін*, *-тын*, *-тін* жүрнақтары арқылы жасалып, бірде өткен шақ, бірде келер шақ магынасында қолданылады. Мысалы: *Асан ауылга жиі баратын*. Ол *ауылга ертең баратын*.

Жак	Жекеше	Көпше
I	қара+йтын+мын, көр+етін+мін	қара+йтын+быз, көр+етін+біз
II	қара+йтын+сың, көр+етін+сің	қара+йтын+сыңдар, көр+етін+сіңдер
III	қара+йтын+сыз, көр+етін+сіз қара+йтын, көр+етін	қара+йтын+сыздар, көр+етін+сіздер қара+йтын, көр+етін



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша «Қазақтың музикалық аспаптарының жасалуы және олардың қызметі» деген тақырыпта пікірталас үйымдастырылғандар. Пікірлерінді өткен шақта айтылдар.

Пікірталасқа қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмаяу;
- пікірталас әдебін сақтау;
- әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеу;
- мақал-мәтелдерді, фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- езіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

**ОҚЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтінді оқып, қай стильде жазылғанын айтыңдар.

Домбыра – қазақтың халық аспабы. Домбыра – қазақ халқының әрбір үйінің төрінде тұратын аспап. Домбыраның екі түрі бар: батыстық және шығыстық. Бұл орындалу дәстүрінің екі түрлілігіне байланысты. Орындалуы тез, виртуозды тәкпе күйлерді орындағынын батыстық домбыраның мойны жіңішке және ұзынша болыш келеді. Шығыстық жуан және қысқа мойынды домбыраларда мұндай техникалық әдіс қолданылмайды. Мұндай домбырамен орындалған шертпе күйлерде дыбыс жекелеген қол саусақтарымен ішектерді шерту арқылы орындалады. Осылайша домбыра мен күйдің, олардың орындалуы арасында тығыз байланыс бар.

Домбырада ойналатын жанрлардың ең бастысы – күй. Күй – қазақ халқының сан ғасырлар қойнауынан жеткен асыл мұрасы. Ол орындалатын аспап түрлеріне қарай домбыра күйі, қобyz күйі және сыбызағы күйі болып бөлінеді. Күй – мазмұны мен құрылышына қарай әр алуан болып келетін музикалық жанр.

Домбырашылық өнердің негізі – күйшілік. Оның өзі құрылымдық желісі мен орындау мәнеріне қарай тәкпе және шертпе күйшілік дәстүрге бөлінеді. Қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл мұрасы – халық күйлерін қазіргі заманғы нота жүйесіне дейін жеткізген күйші-сазгерлер болғаны анық.

(«Домбыра үйренгің келе ме?»
кітабынан)

**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Мәтінді талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгілендер. Өз ойларынды қорытындылап жазыңдар.

«✓»	«—»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымда қайшы, керегар.	Мен ушін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

**АЙТЫЛЫМ**

7-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Сынып оқушылары 6 топқа бөлінеді. 1-топ мәтіннің үзіндісін оқиды, 2-топ онда нелер туралы айтылғанын баяндайды. 3-топ мәтін үзіндісін оқиды, 4-топ онда не туралы айтылғанын әңгімелейді. 5-топ мәтін үзіндісін оқиды, 6-топ ондағы негізгі мәселелерді айтады. Етістіктің шақ жұрнақтарын дұрыс колданындар.

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мәтіндегі оқиғаның кіріспесін оқып, негізгі бөлім мен қорытындысын жалғастырып мазмұндаңдар. Мәтін мазмұны бойынша ашық сұрақтар құрастырындар. Өуенниң құдіреті жайлышпікір алмасып, әмірден мысал келтіріндер.

«Ақсақ құлан – Жошы хан»

(V нұсқа)

Ертеде Жошы деген ханның үлкен баласы аңға шығып, құлан атуға барғаннан қайтып оралмапты. Баласын біраз күндер күтіп, ақыры келмеген соң, оның тірі емес екенін сезсе де, жаман хабарды естігісі келмеген хан:

– Кімде-кім, менің баламның қайғылы хабарын естіртсе, соның көмейіне қорғасын ерітіп құямын, – деп халықта жар салыпты. Халық ханның баласын құлан теуіп өлтіргенін біледі, бірақ әкесінен айтуға батылдары бармайды.

Күндердің күнінде ел аралап жүрген бір домбырашы бұл хабарды естіп, ханның ордасына барыпты. Бірақ күзетшілерінен асып ордаға кіре алмай далада, қақпа алдында отырып, домбырасынан бір күйді күңіренте тарта беріпті. Кешкүрым саңқылдаш шыққан домбыра үні сол маңайды тегіс шарлап, орда ішіндегі ханның да құлагына шалынады. Такта мұлгіп отырған хан сөл басын көтеріп:

– Мынау нениң үні? Барып біліндерші! Егер менде шаруасы бар адам болса, мұнда алып келіндер! – деп үөзірлерінің біріне әмір етеді. Үөзір әлгі домбырашыны ханның алдына алып келеді. Хан оған:

– Қайдан жүрген адамсың, мұнда келу мақсатынды айт! – деңгендеге домбырашы:

– Тақсыр! Көптен көңілімде жүрген бір күйім бар еді, соны сізге сынатқалы келіп едім, – депті.

– Е, олай болса домбыранды тарт! – депті хан...

(«Бабалар сөзі». Жұз томдық, 84-том)



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіннен негізгі ойды ірікten алып, тақырып қойындар.

Стиль түрін анықтаңдар. Өздерің жалғастырып айтқан нұсқаны үш белімге (*кіріспе, негізгі, қорытынды*) бөліп қарастырындар.

Кіріспе болім	
Негізгі болім	
Қорытынды болім	



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. *Топтық жұмыс.* «Кім білгір?» ойыны. Төрт топқа бөлініп, қазақ халқының домбыра күйі, қобyz күйі және сыйызығы күйі туралы білім жарысын үйымдастырындар. Қай топ көбірек айтса, сол топ жеңеді.



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Музыкалық аспап атауын түрлеріне қарай топтап жазындар. Осындағы бір аспап жайлы шағын мәтін жазындар. Етістіктің шақ журнақтарын ережеге сәйкес түрлендіріп колданындар.

Бұғышақ, қамыссырнай, домбыра, керней, дабыл, асатаяқ, қоссырнай, жетіген, мүйізсырнай, шертер, қылқобыз, сазсырнай, сыйызығы, даңгара, қоңырау, шаңқобыз, тастауық, ұран, дауылпаз, дудыға, үскірік, кепшік, шың, ысқырауық, шындауыл.

Түрлері	Атауы
Үрлеп ойналатын	
Шертип ойналатын	
Қияқпен ойналатын	
Ұрып ойналатын	
Сілкіп ойналатын	



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Шыгу парагы» әдісін қолданып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Бүгін не үйрендіңдер?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
- Пікірталасқа қойылған талаптарды орындаі алдыңдар ма?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

7–8-сабактар

КҮЙ – МУЗЫКАНЫҢ ЕРЕКШЕ ЖАНРЫ



ОЙТУРТКІ

- Суреттегі күйші, сазгер кім?
- Күй туралы қандай азыз-әңгімелер білесіңдер?



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Азыздарды диктор мен екі окушының мәнерлең оқығанынан тыңдаңдар. Дауыс ыргагы мен оқу мәнерінен қандай сезімді жеткізіп тұрғанын ажыратыңдар. Күйлердің атауын табыңдар.

1

«Ақтабан шұбырынды, Алқакел сұлама» заманы болса керек.
Халық басына күн туып, елінен, жерінен айырылған, ауыл дүрбе-

леңге түскен сол бір шақта орта дәулетті біреудің боз інгені болған екен. Ботасы оққа ұшады да, иесі боз інгенге жұтін артып, күнді күнгө, тунді түнгө ұрып босып, ауа көшкен елмен бірге кетеді. Бір жерге жетіп, көліктердің белін суытып, адамдарды демалдырады. Кешке таман боз інген өзге түйелердің ішінде жоқ болып шыгады. Іздеп таппайды.

Боз інген сол кеткеннен мол кетіп, ботасының жемтігі қалған жаққа қарай бет алған жолда азықсыраган қалмақтардың қолына түседі. Ашыққан жау шиберіше қантап, тарпа бас салып жығып, төрт аяғын байлаپ, бауыздауға ыңғайланған сөтте, інген өте бір аянышты дауыспен ыңғырси боздап, екі көзінен жас сорғалап, бейне адамша жылаған екен дейді.

Сол кезде өздері аға тұтар біреуі: «Астарыңдағы аттарыңды сойсандар да, осы інгенге тиіспендер», – дейді. Жау қолынан босанған боз інген алдымен оң жағына қарап, бір боздап, сол жағына қарап, бір боздап, үшінші ретте алдына қарап, бір боздап, алған бағытына қарай желе жөнеледі. Ботасының жемтігін тапқан соң, бір тал шөп жұлмай жатып, сол жерде өлген екен. Осыны бейнелеген күй «...» деп аталыпты.

2

Бір байдың екі баласы аң аулап жұргенде біреуін аю жеп қоюпты. Ағасы інісінің өлгенін көріп, қайғырып, інісін жеген аюды атып алмақ болып аңдиды. Бір кезде аю билей басып, анда-санда тұра қап, жорғалап келе жатады. Балақ жүндегі сусылдан, қозғалған сайын үстінен жалтылдан от үшқындейді. Аңдып отырган жігіт аюды атып, терісін сойып алып, үйіне келеді. Әкесіне іні өлімін естірте алмайды.

Әкесі:

– Кәне, балам, қандай аң аттың? – деп сұрайды.

Үлкен ұлы керемет домбырашы екен. Аюдың терісін әкеліп, әкесінің алдына тастайды да, бір күй шертеді.

Күйді тыңдал отырган бір ақсақал ауыр күрсініп, байга баласының өлімін естіртіп, көңіл айтады.

Сондагы жігіттің шерткен күйі осы «...» екен.

(Мұсайып Хұсайынұлы. «Алтай-Қобда домбыра күйлері» кітабынан)



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнындағы күйлердің атауын тауып айтыңдар. Ойларыңды мәтіндегі нақты дерекпен дәлелдендер.

ТІЛДІК бағдар

Етістіктің райлары

Етістік сөйлемде қымылды, іс-әрекетті, жай-күйді білдіріп қана қоймайды. Сол қымылдың, іс-әрекеттің, жай-күйдің өтуі сейлеушінің пікірімен, ол пікірдің ақиқат шындыққа қатысын білдірумен байланысты болады. Мысалы: *Агаш кессен, ұзын кес, қысқартуың оңай; темір кессен, қысқа кес, ұзартуың оңай.* (Мақал). *Мен жазбаймын олеңді ермек үшін.* (Абай). *Жүзі жылы жандарды құшақтагым келеді.*

Сейлеушінің сөзі арқылы қымылдың шындыққа қатысын, айтушының пікірін, көзқарасын білдіріп, белгілі бір грамматикалық түлғалар арқылы жасалатын етістік түрі **рай** категориясы деп аталады. Етістіктің райлары төрт түрге бөлінеді: ашық рай, бүйрық рай, шартты рай, қалау рай.

Уш шақтың (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) бірінде қолданылып, сейлеушінің шындыққа қатысты баяндаудың ашық рай дейміз. Мысалы: *Әркім өз ойымен отыр.* (Ф.М.). *Мақсатым тіл үстартып, өнер шашпақ.* (Абай). *Жер жырттық, қайнады еңбек, егіс салдық.* (Ж.Ж.).

Бүйрық рай іс-әрекеттің тыңдаушыға (II жақ) не бөгде біреуге (III жақ) немесе өзіне (I жақ) қаратылып, бүйира, талап, тілек етіле айту мағынасын білдіреді. Мысалы: *Фылым таппай мақтанба.* (Абай). *Мен жазайын сізге хат, оқып көрсін ол шындал.* (Абай).

Бүйрық райдың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	барайын, айтпайын	барайық, айтпайық
II	бар, айтпа	барындар, айтпандар
III	барыңыз, айтпаңыз	барыңыздар, айтпаңыздар
	барсын, айтпасын	барсын, айтпасын

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. 1-тапсырмадары ақыздар желісі бойынша жоспар құрып, оқиганың басталуын, дамуы мен аяқталуын бағиңдаңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Берілген етістіктерді ашықрай және бүйрекрай формасында түрлендіріп жазыңдар.

Бол, демал, атып ал, күй шерт, рақмет айт.

**ОҚЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтінді оқып, қай стилде жазылғанын анықтаңдар. Идеясы не?

«Телқоңыр» күйі

Дәулеті шалқыған, елге беделі артқан бір ұлықтың тәскейді қаптаған қалың жылқысының ішінде мәпелеген қоңыр аты болыпты.

Ұлық: «Қоңыр аттың жүрісін күйге түсірген домбырашы болса, атан жетектетіп, ат мінгізіп, киіт кигізем», – деп бүкіл елге жария етеді.

Көршілес рудың ұлығы қоңыр жүйрікті ұрлап алмақ болып, бір ку жігіттің қасына домбырашы қосып аттандырады.

Домбырашы төгілте күй шертеді.

Манадан тәтті күйден таусылмластай нәр алған ауыл адамдары оралса, кермедегі қоңыр жүйрік жоқ. «Қайтіп айырылдыңдар?» деген сұрауға адамдар болған оқиганы атып, жауап береді.

– Домбырашы қандай күй шертті? – деп сұрайды ұлық.

– Домбырашы мынадай күй шертті, – деп күйді ұғып қалған біреуі шерте жөнеледі. Алып қашқан ат жүрісін, аттың сұлу шабысын елестеткен күй тындаушыларды баурап алады.

Ұлық күйініп аз отырады да, сенімді деген екі жігітін шақырып алыш:

– Атқа қоныңдар да, сол төреге барыңдар. Ат басындај жамбы – төреге салемдемем. Қоңыр жүйрікті сұрамаңдар, берсе алмаңдар, – денті.

Төре екі жігітті құрметті қонақ қылып, сәлемдемесін қуана алады. Екі жігіт аттанарда төре бүйымтайларын сұраса, «Ұлығымыз сәлем деді» дегеннен басқа ештеңе айтпайды.

– Улықтарыңа сөлем де! Айыбымды кешкен екен, мен де аягына жығылдым. Егіздей көрінетін екі қоңырдың екеуі екеуімізде тұрмай, біріне-бірі сән беріп сонда тұрсын! – деп қос қоңырды жеткестеді.

Бір-бірінен аумайтын қос қоңырдың пішініне, сымбатына, жүйріктігіне құмартқан күйшілер «Телқоңыр» күйін шығарады.

(Мұсайып Хұсайынұлы. «Алтай-Қобда
домбыра қүйлері» кітабынан)



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Диалогті монологке айналдырып жазындар. Мәтіндегі көркем тілді сақтаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндердегі рай жұнақтары жалғанған етістіктерді ірікten алып, «Қос жазба құнделігі» әдісімен жазып түсіндіріңдер.

Рай тұлғалы етістіктер	Түсініктеме

Тілдік бағдар

Етістіктің райлары

Етістіктің шартты райы қимылдың, іс-әрекеттің болу-болмау, іске асу-аспау мүмкіндігінің шартын білдіреді. Шартты рай етістікке -са, -се жұнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

Шартты райдың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	оқыт+са+м, тыңдама+са+м	оқыт+са+қ, тыңдама+са+қ
II	оқыт+са+и, тыңдама+са+и	оқыт+са+ңдар, тыңдама+са+ңдар
	оқыт+са+ңыз,	оқыт+са+ңыздар,
	тыңдама+са+ңыз	тыңдама+са+ңыздар
III	оқыт+са, тыңдама+са	оқыт+са, тыңдама+са

Етістіктің қалау райы іс иесінің қимылды, іс-әрекетті қалауын, соған ынтасын, ниетін білдіреді. Мысалы: *Мениң оқығым келеді. Ол мақсатына жетсе игі еді. Не де болса шынын айтқайсың.*

Қалау рай етістікке: 1) *-ғы, -ғі, -қы, -қі* жүрнағы және төуелдік жалғауы жалғанып, кел көмекші етістігімен тіркеседі; 2) етістікке шартты рай жүрнағы (*-са, -се*) жалғанып, *игі еді* сөздерінің жіктеліп келген түрі тіркесу арқылы жасалады; 3) етістікке *-ғай, -гей, -қай, -кей* жүрнағы жалғанып, жіктеліп келіп жасалады.

Жақ	Жекеше	Кепше
I	барым келді, барсам иғі еді, баргаймын	барғымыз келді, барсақ иғі еді, баргаймыз
II	барғың келді, барсаң иғі еді, баргайсың барғыңыз келді, барсаңыз иғі еді, баргайсыз	барғыларың келді, барсандар иғі еді, баргай едіңдер барғыларыңыз келді, барсаңыздар иғі еді, баргай едіңдер
III	барғысы келді, барса иғі еді, баргай еді	барғылары келді, барса иғі еді, баргай еді



АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Қазақтың күй ақыздары жайында өздерің қалаған адамнан диктофонмен сұхбат алыңдар. Шартты рай және қалау рай жүрнақтарын ережеге сай қолданыңдар. Оны сыныптастарыңа әкеліп тындалыңдар.



ОҚЫЛЫМ

9-тапсырма. Берілген мәтіндерді оқып, стилін, түрін, идеясын, тілдік ерекшелігін анықтаңдар.

А мәтіні

Қазақ **күйлерінің** көбі поэтикалық сөйлемге құрылған, күші жырды аспапта жыр жазғандай (қағазға емес) әрекетке барған, бұл әдіс музикалық әуен **құраудың** осы күнге дейін жалғасып келе жатқан тамаша жолы болып табылады. Күй тілдік даму жүйесі немесе күй тілі деген **ұғымды** тарқата айтсақ, ол халықтың төл тіліндегі екпіндік, ырғақтық, өлшемдік интонацияларының музикалық шығармашылықтағы композициялық бейнесі болып шығады. Кез келген күйдің әуенінде сөздік тіркестер бар, сонымен бірге, сөздердегі тоникалық және силлабикалық өлеңге

тән буындар да айқын көрініп отырады. Күйді нотамен таңбалауда осы жайт ескерілетін болса, күй жазбасы саласы әлбетте, мол мүмкіндіктерге қол жеткізе алады.

(Abai.kz ақпараттық порталы, Жанғали Жұзбаев. «Қазақ қүйлері»)

Ә мәтіні

Қазақтың музыкалық мәдениетіндегі ең күрделі өнер – күй. Ол – тек аспаптың сарын ғана емес, үлт мінезін айқындайтын нышандардың бөрін біріктіретін рухани құбылыс. Күйтануғының бүгінгі зерттелуі – оның тарихын, шежіре-ақызын, сонымен бірге, музыкалық шығарма ретінде теориялық тұрғыдан талдануын, дәстүрлі және кәсіби оқыту әдістерін мүмкіндігінше қамтып отыр. Осының нәтижесінде күй мен күйшілік үрдістің үлттың рухани суранысын өтей алатын қазіргі деңгейі қалыптасты.

Күй – өте көне өнер, оның шығарма ретінде қалыптасуы үлт емес, ұлыстық дәуірден бастау алады. Ұлыстық дәуір мәдениеті Сақ, Фұн, Үйсін, Қанұн замандарынан сыр тартады. Қазіргі аныз қүйлердің ішінде сол замандардан қалған туындылар мынау еді деп айту мүмкін емес, алайда әдеби мұраларымыз сақталған.

(massaget.kz сайтынан)



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. А мәтінінде қарамен белгіленген сөздерге морфологиялық талдау жасаңдар, жалғауларды атап көрсетіңдер. Басқа жалғаулармен орнын ауыстырып көріп, сөздердің дұрыс байланысуына мән беріңдер.



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Ә мәтінінен зат есімдер мен сын есімдерді анықтап, төменде берілген кестені толтырыңдар.

Зат есімдер							
Құрамына қарай		Тұлғасына қарай		Мағынасына қарай			
Дара	Күрделі	Негізі	Туынды	Жалқы	Жалпы	Деректі	Дерексіз

Сын есімдер							
Құрамына қарай		Тұлғасына қарай		Марғынасына қарай			
Дара	Күрделі	Негізі	Түйнды	Сапалық	Қатыстық	Салыстырмалы	Күшепелі

**АЙТЫЛЫМ**

12-тапсырма. Тыңдалым және оқылым мәтіндеріндегі фразеологиялықтер мен эмоционалды-экспрессивті сөздерді тауып, синоним сөздермен ауыстырып айттыңдар. Қандай айырмашылығы бар?

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

13-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазып, «Шығу парагы» әдісімен сөйлемдерді толықтырыңдар.

- Маган ... қын болды.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мені ... таңғалдырды.
- Мен ... тапсырмаларын орындағым.
- Мен ... үйрендім.

БІЛГЕНИҢ ДУРЫС!

Егер сен музыканы түсінгің келсе, оны ыждағаттықпен тыңдай біл! Кейін сен оны міндетті түрде ұнататын боласың, бірте-бірте өзің белгісіз мезетте қалай үйренгеніңді де сезбей қаласың, жақсыны жаманнан айыра алатын боласың. Осылай етсең, сенде тамаша талғам пайда болады.

(Дмитрий Дмитриевич Шостакович)

9–10-сабактар**НӘТИЖЕ САБАҚ****МУЗЫКА – ӘЛЕМДЕГІ ЕЦ ЖОҒАРФЫ ӨНЕР****ОЙТУРТКІ**

- Музыканың адам баласына әсері туралы ойланып көрдіңдер ме?
- Музыканы қай кезде тыңдағанды жақсы көресіңдер?

**ТЫҢДАЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаپ, алған әсерлерінді «INSERT» өдісі арқылы бағаландар.

«✓»	«—»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымда қайшы, керегар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. Тыңдалған мәтін мазмұнындағы әл-Фарабидің пікірлерін қалай түсінгендерінді айтып дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мән оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Берілген мәтіндерді қатыстырып, «Музыка тілі барлық халыққа ортақ» деген тақырыпта пікір алмасындар. Осы тақырыпқа қатысты деректерді ғаламтор, энциклопедия, кітап, газеттен тауып, авторына сілтеме жасап сейлендер.

Пікірталасқа қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмаяу;
- дерек пен дәлелдерді ұтымды қолдану;
- пікірталас әдебін сақтау;
- әдеби тіл нормаларын сақтау;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

1. «Армения астанасы Ереванда Димаш Құдайбергеннің «Stranger» атты шоу-концерті өтті» деп хабарлайды Egemen.kz. Димаштың шоу-концертіне келген көрермендер түрлі жанрдағы әндерді тыңдады. Кеште домбырашылар Темірлан Олжабаев пен Ернат Наурыз күй-

лерден попурри ойнады. Димаштың інісі Әбілмансұр вокалистер командасының сүйемелдеуімен электр гитарада жеке өн орындағы. Сонымен қатар сахнада ресейлік жас әнші Анна Кравт, Грузиядан келген актриса және әнші Теона Дольникова, вокалист Тамара Джамгарян, джаз әншісі Арпеник Хакобян өнер көрсетті.

«Біздің мақсатымыз – қазақ әндері арқылы сіздердің жүректеріңгэ жол табу және сол арқылы өз мәдениетімізді насиҳаттау. Сіздерге көп рақмет», – деді Димаш Құдайберген концертте. Концерт соңына қарай әнші армян тілінде «Сарери ховин мернем» атты әнді орындалап, көрмеренге тосынсый жасады. Өнерсүйер қауым Димаштың орындаудындағы әнді жылды қабылдады.

(Маржан Тілеубек, Егемен.kz. 30 сәуір 2023 ж.)

2. Жаздың бірінші күні жапон радиосының толқынында More Music бағдарламасының World Music Scene бөлімінде қазақ эстрадасының жүлдзызы Димаш Құдайбергеннің «Өмір» әні тыңдарманга ұсынылды. Димаштың парақшасында жазылғандай, жапондық радиобағдарламаның жүргізуши Като Кадзуки қазақстандық өнерпаздың жаңа композициясын естіп, өз әсерімен бөліскең. «Осы әнді тыңдай отырып, Димаштың алға, тек алға умтылатын күшті ерік-жігерін сезінемін. «Өмір» әнін бір рет тыңдаған соң, қайта-қайта тыңдағың келетіні сезсіз!» – дейді жүргізуши.

(Гүлшахра Сансызбай, Егемен.kz. 01 маусым 2023 ж.)



Оқылым

4-тапсырма. Мәтінді оқып, жоспар құрындар.

Қазақ музыка өнерінің ең алғашқы туындылары

Халқымыздың бала дүниеге келгеннен бастап, өмірінің әрбір маңызды кезеңін әнмен әрлеп, күймен көмкеріп, көңіл көтеру, қуанышты оқиғаны ерекше мәнді ету салтқа айналған. Шілдехана, тұсаукесер, атқа мінгізу, сұндетке отырғызу, келін түсіру, қыз айттыру, Ұлыстың ұлы күні, Ораза айт, Құрбан айт секілді мейрамдардың барлығы да музыкасыз өтпеген.

Музикалық дыбыстардың әлеуметтік мәнін ашатын бесік жыры, санамақ, «Бас бармақ, балаң үйрек», «Бақа, бақа, балпақ» секілді басқа да ойын өлеңдері – дүние есігін ашқан жас баланы

әлеуметтендірудің басты құралдарының бірі. Осы қысқа да әуезді үндерді айта отырып, анасы баласын әуен арқылы сез мәнін пайымдауга баулиды. Бала ана тілінің дыбысталуы мен халық әуендерінің алғашқы әуезділігімен таныса бастайды. Осыдан барып баланың жүрек түбінде алдымен ата-анасына, әлгі әуендерді айтып отырған туысқандарына сүйіспеншілік пайда болады. Өсе келе бул сәби кезінде естігендерінің үстіне ойын үлгілерінің әуені мен сездері қосылады. Осындай «Ақ терек, көк терек», «Ақ сандық, көк сандық» сияқты ойын өлеңдері – балалар есейе бастағанда ойын кезінде айтатын өлеңдер. Бұл ойындар балалар арасында туысқандық байланысты, достықты, өзара қамқорлық, бір істі орындауга үжымдасу, бірлесіп өзара көмектесу секілді міндеттерді атқарған. Өйткені балалар ойын кезінде өлеңнің әуенін барлығы бірге үндерсіп айтады.

Әлті ойын балалары есейіп бойжеткенде, бозбала жасына қадам басқанда бұл өлеңдер ғашықтық әндеріне, терме, толғаулар, жыр, дастан, қиссалар мен домбыра және қобyz күйлеріне ауысады.

(«Қазақтың тәлімдік ойлары» антологиясы.
«Қазақ халқының әдем-ғұрып әндері»)



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Суреттерге назар аударыңдар. «Музикалық терапия» тренингін үйымдастырыңдар. Музикалық терапияның пайдасын алгоритмдік түрде ұсынып, мәтін жазыңдар.



**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Мәтін мазмұнын «*Оқиға шыңы*» әдісі бойынша толтырып, талдау жасаңдар.

**АЙТЫЛЫМ**

7-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақтар дайындаңдар.

Мен өз болмысымды түпкі Отаным Қазақстанның, қазақ халықынан бөлек алып қарастырган емеспін. Қазақтың ұлттық мәдениетінен барынша жан-жақты сусындан өстім. Әлемнің қай сахнасында болсын жан-тәніммен беріле сүйсініп орындастыным да өз халқымның әндері және бір ғажабы, жүлделі орындардан көрінуіме медет болып жүрген де сол әндер.

Кең тынысты қазақ әндерінде табиғатпен біте қайнасқан, пейілі даладай ұлттымыздың бітім-болмысы, дүниетанымы, рух көзі жатқанын аңғарасың. Сонда дауысыңың шырайланып, тынысыңың ашылып кететіні де сол ән тасасындағы халық деген киелі күштің арқасында шыгар.

Мәскеуде откізілетін Чайковский атындағы байқаудың әнші бес ән орындағанша қол соқпаңыздар деп тыңдармандарға қоятын талабы бар. Мен екінші кезекте қазақтың халық әні «Алқоңырды» орындағанда, қол соққан халық орнынан тік тұрып кетті. Жаңағы талап жайына қалды. Соғылған алақанның шуылынан естен тана жаздадым. Бұл маган емес, қазақтың әніне, қазаққа көрсетілген құрмет еді.

(Майра Мұхамедқызы)

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. «Қазақтың әдет-ғурып әндері қалай дамыды?» деген тақырып бойынша тірек-сыйбаны толтырындар. Топқа бөлініп, бір-бір тақырып төңірегінде жоба жасап, қандай әүендер ойналатынын көрсетіндер.

Қазақтың әдет-ғурып әндері қалай дамыды?

Шілдехана	Тұсаукесер	Сұндег той	

**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. Улылардың музика туралы айтқан пікірлеріне сілтеме жасап, эссе жазындар. Эсседе фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, эмоционалды сөздер болсын. Эсседе етістіктің рай журнақтарын орынды пайдаланындар.

- Музика жас азаматтардың ішкі дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбыльстарын дұрыс түсінуге көмектеседі.

(А. Жұбанов)

- Музика адам жанын жарқындастып, жалындануға тиіс.

(Л. Бетховен)

- Музика тамшы сияқты, там-тұмдап жүрекке енеді де, жанды желлініндіреді.

(Р. Роллан)

- Музыканы халық тудырады, ал біз, суреткерлер оны тек музикалық аспаптармен орындауға бейімдейміз.

(М. И. Глинка)

- Музика... әрбір адамға өзін-өзі терең түсінүіне көмектеседі, ол адамның сезімі мен ойын байытады.

(Д. Д. Шостакович)



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқындар. Рай жүрнақтарын қолданып, 1-жақта айтылған өлеңді 2-жақ пен 3-жаққа өзгертіп, қара сөзге айналдырып айтындар.

Тыным алмай күн-түні,
Қобызды мен үйрендім.
Тарттым өзім бір күні
Ықыластың күйлерін.

Мен қобызға таңғалам,
Барлық аймақ ән салды.
Сан құбыла сайраган,
Құстар мені қарсы алды.

Әнге үйшіп атырап,
Мұлғи қалды тогайлар.
Сыбдыр қағып жапырақ,
Тыңдай қалды торгайлар.

(Нұрсұлтан Әлімқұлов)



ОЙТАРАЗЫ

11-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазып, «Шығу парагын» толтырындар.


Маган ... қызын болды.
Мен ... тапсырмаларын орындадым.
Мен ... екендігін түсіндім.
Мен ... үйрендім.
Мені ... таңғалдырыды.

ФАЛАМТОР ФАЛАМАТЫ

6-болім

1–2-сабактар

ФАЛАМТОР ТАРИХЫ



ОЙТУРТКІ

- Фаламтор туралы не білесіндер?
- Сендердің үйлерінде фаламтор бар ма?
- Фаламторды не үшін пайдаланасындар?



ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаپ, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтіндегі негізгі ақпарат туралы не айтасындар?
2. Фаламтордың тарихы туралы не білесіндер?
3. Қазіргі таңда фаламторды қанша адам пайдаланады?

Тілдік бағдар

Шылау түрлөрі

Лексикалық магынасы жоқ, белгілі бір сөздердің жетегінде жүріп, оған әртүрлі мән, грамматикалық магына үстейтін сөздерді шылаулар деп атайдыз. Мысалы, *Фаламтордан көтеген пайдалы да қажетті ақпараттарды табуга болады* деген сөйлемдегі *да* шылауы пайдалы, қажетті сөздерін бір-бірімен салаластыра байланыстырып түр. Шылаулардың көшпілігі сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады. Шылаудың толық магынасы болмайды. Олар сөйлем ішінде сөйлем мүшесінің қызметін атқармайды.

Шылаулар жалғаулықтар (*мен, және, әрі, да* т.б.), септеуліктер (*цішин, сайын, арқылы, туралы, соң* т.б.) және демеуліктер (*ма, бе, ша, -ақ, -ай, -ды* т.б.) болып үшке бөлінеді.

Жалғаулық шылаулар жай сөйлем құрамындағы бірыңғай мүшелердің, құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің арасын байланыстыру үшін қолданылады.

Септеулік шылаулар белгілі бір септік жалғаулы сөздерге тіркесіп, олардың грамматикалық мағыналарын толықтырып тұрады.

Толық мағыналы сөзге тіркесіп, сол сөздің мағынасын күштіп тұратын немесе сөзге сұраулық, болжалдық, болымсыздық мағына үстейтін шылаулар **демеулік шылау** деп аталады.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрактарға жауап беріңдер.

1. Мәтінге қандай ат қояр едіндер?
2. Фаламтордан қандай ақпараттар табуға болады?
3. Фаламтор қазіргі таңда қаншалықты дамыды?
4. Фаламтор арқылы нені білуге болады?



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықтандар. Мәтіндеңі шылауларды тауып, қандай мағына үстен тұрғанын түсіндіріңдер. Мәтін мазмұны бойынша графикалық мәтін құрандар.

«Гаджет» дегеніміз не?

«Гаджет» дегеніміз қазіргі таңда нақты мақсаты мен қызметі бар, адам үшін пайдалы зат. Бұл зат көдімгі, қарапайым технологиямен салыстырғанда анағұрлым өзгеше және ақылмен құрастырылған. «Гаджет» сөзін арнаулы электронды заттар дүкенінен бастап барлық жерден естүге болады. Ағылшын тілінен аударғанда бұл сөз «құрылғы» деген мағына береді. Басқаша айтқанда, гаджет – электронды құрылғы. Кез келген гаджеттің мақсаты – адамның өмірін **жарқын** да маңызды, қарапайым да жайлы ету, яғни өмір сүруді жеңілдету.

Гаджеттер XX ғасырдың орта түсінде пайда бола бастады. Уақыт өте келе, жаңа технологияның жылдам дамуына орай бұл құрылғылар күн сайын өзгеріп, жетіле түсті. Олардың даму **жылдамдығы** мен қызметі күннен-күнге артып, гаджеттер қолайлы да жеңіл, ықшамды бола түсті. Мысалы, үлкен магнитофонның

орнын кейін кассеталы шағын плеер басқаны бәріміздің есімізде. Одан кейін «тр3» плеері дүниеге келді. Ал бүгінде өзі шағын болса да, сыйымдылығы үлкен флештер пайда болды. Гаджеттің кең таралған түрі – үялды телефондар. Олар тек қана сейлесу қуралы емес, сондай-ақ сағаттың, радионың, фотоаппарат пен бейнекамерандың және шағын қалта компьютерінің т.б. рөлін атқарады.

Гаджеттердің ішінде көп қолданылатындар қатарына – компьютер гаджеттері, уақыт гаджеттері, байланыс гаджеттері, саяхат гаджеттері және т.б. жатады.

*(Балаларға арналған танымдық
энциклопедиядан)*



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі терминдердің мағынасын «*Қос жазба күнделігі*» әдісін қолданып түсіндіріңдер.

Үзінді	Түсініктеме



ЖАЗЫЛЫМ


5-тапсырма. Мәтіндегі шылауларды түрлеріне қарай ажыратып, кестеге салып, дәптерлеріңе жазыңдар.

Септеулік	Жалғаулық	Демеулік



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Гаджет» сөзіне кластер құрып, ойларынды дәлелден айтыңдар.



**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиесті шылауларды қойып жазындар. Сөйлемге морфологиялық талдау жасандар.

1. Гаджеттердің даму жылдамдығы ... қызметі күннен-күнге артып келеді.
2. Олар қолайлы ... жеңіл, ықшамды бола түсті.
3. Қазіргі кезде өзі шағын болса ..., сыйымдылығы үлкен флештер пайда болды.

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мәтіндегі қараман берілген сөздердің синонимдік қатарын тауып, сейлемдер құрандар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. Аптаның әр күні ғаламторды қалай пайдаланатындарынды кестеге түсіріңдер.

**АЙТЫЛЫМ**

10-тапсырма. *Жүлтыхұ жұмыс.* Мәтін бойынша сыныптастарыңмен ой белісіндер. Ойбөлісте гаджеттегі ғаламтор, оны қолданудың жолдары туралы айтындар.

**АЙТЫЛЫМ**

11-тапсырма. Алмас күн сайын 5–6 сағат әлеуметтік желіде отырады. Ата-анасты жұмыста болғандықтан, қадағалайтын ешкім жок. Бір күні ол тіпті үй тапсырмасын орындауды да ұмытып кетті. Сабакқа келген кезде ғана үй жұмысын орындағаны есіне түсті. Сасқанынан сыныптастарынан көмек сұрады.

Сұрақтар:

1. Сендер Алмасқа көмектесер ме едіндер?
2. Алмастың орнында болсандар, не істер едіндер?
3. Ғаламторда ұзақ отыру әдетін немен алмастыруға болады?



АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Метіндегі түйік етістіктерді тауып, сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айтыңдар.

БІЛГЕНИҢ ДУРЫС!

Ең алғашқы веб-камера Кембридж университетінде кофеқайнатқышты бақылау үшін ғана орнатылған.

«Youtube»-ке ең бірінші қойылған бейнекәзбандың атауы «Мен зообақтамын» деп аталады.



ОЙТАРАЛЫ




ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «ББВ» әдісін қолданып, тәмендегі сурақтарға жауап беріңдер.

- Бүгінгі сабактан алған әсерің қандай?
- Бүгінгі сабакта не қызын болды?
- Бүгінгі сабак бойынша өзінді толғандырган қандай сұрағың бар?

3–4-сабактар

ФАЛАМТОРДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ



 ОЙТУРТКІ

- Суреттегі отбасы туралы не айтасындар?
- Отбасы қандай болу керек?
- Фаламтордың қандай зияны бар?



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тындалап, негізгі ойды анықтаңдар. Факті мен көзқарасты ажыратыңдар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

ТІЛДІК БАЗДАР

Жалғаулық шылаулар

Жалғаулық шылаулар сез бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді тен дәрежеде, салаластыра байланыстырады. Жалғаулық шылаулар **жалғаулықтар** деп те аталады. Жалғаулықтар бірыңгай мүшелер мен салалас сөйлемдерді әртүрлі мағыналық қатынаста байланыстырады. Мысалы:

Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *мен* (ben, pen, менен, бенен, пenen), *да*, *де*, *та*, *те*, *және*, *орі*.

Қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *бірақ*, *алайда*, *дегенмен*, *әйтпесе*, *әйткенмен*, *сонда да*.

Талғаулықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *әлде*, *біресе*, *не*, *немесе*, *я*, *яки*, *болмаса*, *кейде*.

Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *себебі*, *ойткени*, *сондықтан*, *сол себепті*.

Шарттық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *егер*, *егер де*.

Есте сакта!

Мен, бен, пен, да, де, та, те жалғаулық шылаулары септік жалғауларымен сырт тұлғасы жағынан үқсас. Алайда олардың жазылуында айырмашылық бар. Септік жалғаулары бірге жазылады. Ал жалғаулық шылаулар белек жазылады. Септік жалғауын түсіріп айтуда болмайды. Мысалы:

- 1) Мен телефонмен сейлестім. Азамат жазғанын телефонда сақтайды.
 - 2) Анам маган телефон мен ноутбук алғып берді. Оның айтқаңы да, жазғаны да сақталмапты.

Егер бірінші сейлемдегі мен, да септік жалғауларын алып тастасақ, сейлемнің мағынасы бұзылады (Мен телефон сейлестім. Азамат жазғанын телефон сақтайды). Ал екінші сейлемдегі мен шылауын алып тастап, үтірмен берсек те, сейлемнің мағынасы сақталады (Анам маған телефон, ноутбук алыш берді. Оның айтқаны, жазғаны сақталмапты).



ЖАЗЫЛЫМ

З-тапсырма. Галамтордың пайдасы туралы кластер құрастырындар. Ойларында дәлелдей жазындар.



OK BUDIM

Баламтөр кітаптағы балмайлы

Галамтор кітаптай болмаиды

Қазір қоғамда «кітап әлде Ғаламтор» деген шкірталас туындағы отыр. Шынымен де, қайсысын маңызды деп санаймыз? Ғаламтор – компьютерлік серверлердің бүкіләлемдік желісі. Ол қазір барлық

тіршілігімізді билеп алған. Қажетінді пернетактаға терсөң болғаны, таба қоясың. Іздең адамынды да дүниенің қай түкпірінде жүрсе де, тауып аласың. Аз уақыттың ішінде қыруар жұмыстарың бітіп жатады. Тез хабарласу: хат жазғың келе ме, тіпті бейнеконырауды қосасың ба немесе WhatsApp, Instagram әлеуметтік желілері де елгезектік танытып тұр.

Осындай жақсы **нәрсениң** жаман жақтары болатыны өкінішті. Біз, жалпы адам баласы, компьютерді шамадан тыс көп пайдаланамыз. Тылсым техниканың жетегінде кетіп, пайдасынан зиянын көбірек шегетінімізді аңғармаймыз да. Компьютердің көмегімен сабакқа, өзіңе қажетті мәліметтер алып шектелсек жақсы. Жоқ. Әртурлі ойындар, әлеуметтік желілердегі «қызықтар» сені жіпсіз байлан тастайды. Оның қажеттісін және қажетсізін таңдауға әрқайсысымыз дайын емеспіз.

Әр техниканың өзіне тән зияны болатынын медициналық зерттеулер дәлелдеді.

Ал компьютер мен үялыш телефон мектеп жасындағы оқушылардың ажырамас досына, ал **қішкентайлардың** ойыншығына айналды. Айталақ, монитордың алдында үзақ отыру әрі **дұрыс** отырмау, компьютер құралдарының дұрыс орналаспауы көздің талуы, бас ауруы, желке тарту, арқа, аяқ бұлшық еттерінің шаршауы, адам ағзасын әлсіретіп, әртурлі ауруға үшіраратуға себеп болады.

Сондықтан пайдалану ережелерін қатаң сақтауымыз керек. Галамторға деген **тәуелділік**, жастарымыздың айналасынан гөрі қолындағы үялыш телефонга телміріп отыруы үйреншікті әдетке айналып барады.

Жаһаңдану кеңістігінде жаңа технологиялар ағымына ілесу – заңдылық. XXI ғасыр – галамтор ғасыры. Ол аса үлкен, күрделі мәселелерді шешуге көмектеседі. Алайда компьютерді талғаммен пайдалануды ұмытпайық. Өйткені ол – жансыз техника, ал біз жаны бар адамбыз.

(«Айғөлек» журналынан)

- Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін тірек сөздер қайсы деп ойлайсындар?
- Автордың ойына қосыласындар ма? Не себепті?
- «Әлеуметтік желілердегі «қызықтар» сені жіпсіз байлан тастайды» деген сөйлемді қалай түсінесіндер? «Жіпсіз байлау» деген не?
- «Талғаммен пайдалану» дегенді қалай түсінесіндер?
- Мәтіндегі галамтордың зияны туралы ақпаратқа тагы не қосар едіндер?



ЖАЗЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі жалғаулық шылаулар мен көмектес, шығыс септіктерінде тұрған сөздерді теріп жазыңдар. Жалғаулықтардың қандай сөз бен сөзді, қандай сейлем мен сөйлемді байланыстырып тұрғанын айтыңдар.

Әлемде Байқоңырдан да басқа гарышайлактары бар. Қай жағынан алсақ та, Байқоңыр – ешқандай қалаларды қайталамайтын кішігірім шаһар. Осы бір көкке жалғанған гажайып гарыш қаласын ғаламтор қызметтіңіз елестету мүмкін емес. Оның үстіне бұл қалада гарыштық технологияларды дамыту, зерттеу саласына қызмет ететін ерекше мамандық иелері – Қазақстан мен Ресей азаматтары тұратыны аян. Әсіресе, мұнда сапалы да жылдам ғаламторға деген сұраныс та жоғары. Осы мәселеге орай еліміздегі Beeline Байқоңырда кең жолақты ғаламторға қол жеткізген бірінші үялы операторға айналды.

В. Челомей атындағы халықаралық гарыш мектебінде гарышкерлер мен гарыш саласына қызмет ететін жандардың балалары, сондай-ақ келешекте гарышшкер болуды көксейтін өрендер оқиды.

Арзан да жедел ғаламтордың пайда болуы Байқоңыр қаласындағы гарыштық нысандар мен мекемелердің табысты болуына ықпалын тигізері анық.

(Айнаш Есалиден,
«Егемен Қазақстан» газетінен)



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Атаулар туралы үш сұрақ» әдісін қолданып айтыңдар.

Қайда? Мәтіндегі терминдерді бұрын қайда және қандай мағынада кездестіріп едін?

Қалай? Өз тәжірибенен осы атауларды қолданудың мысалдарын көлтіре аласың ба?

Қандай? Бұл атаулар сабакта қай кезде қолданылады деп ойлайсың?

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Жалғаулық шылауларды қолданып, сейлем құрандар. Әйтпесе, бірде, сол себепті, егер, мен, дегенмен, болмаса, да, яки, алайда.

**ЖАЗЫЛЫМ**


8-тапсырма. Мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеріңдер. Қарамен берілген сөздерді синонимдік қатармен ауыстырып, мәтінді редакцияландар.

**ЖАЗЫЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғаулық шылауларды қойып, сейлемдерді жазыңдар. Жалғаулықтардың қандай мағыналық қатынасты білдіріп тұрганын айтыңдар. Морфологиялық талдау жасандар.

1. Кезінде галамтор галымдар ... зерттеушілердің құпия байланыс құралы болды.
2. Онлайн-орта ... өте жылдам қарқынмен өзгеріп келеді.
3. Желілердің өздері цифрлық сигналдарды сымсыз ... сымды байланыстарды қолдану ... таратады.
4. Синхрон чаттар ... жедел хабарлама алмасу ... галамторда жеке психологиялық орта қалыптасады.
5. Өлеуметтік желілер – галамтордағы ең тартымды орталар. ... адамдар өз парапашасын ашады.

(«Интернет психологиясы» кітабынан)

**ЖАЗЫЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**

10-тапсырма. Партаастарыңмен бірге аналарыңды туған күнімен құттықтап, хат жазыңдар. Хатты біреуің SMS арқылы үялды телефонға, біреуің дәптерге жазыңдар. Жазған хаттарыңды салыстырып, талдаңдар. Қандай айырмашылық бар екендігін айтыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**

11-тапсырма. *Топтық жұмыс. «Оймоншақ».* Топқа бірігіңдер. «Галамтордың зияны қандай?» деген сұраққа әр бала бір сейлеммен жауап дайындау керек. Сейлемде міндетті түрде жалғаулық шылаулар болуы тиіс. Барлық баланың сейлемдері бір-бірімен байланысып, соңында тұтас мәтін құрауы шарт.



АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Суреттер бойынша ой белісіңдер. Сендер қай баланың өрекеті дұрыс деп ойлайсыңдар?



АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. М. Шахановтың «Компьютербасты жартылар» атты елеңі бойынша ой белісіңдер.

Компьютербасты жартылар

Елге үстаздық еткен қарттан алғыр, құймақұлақты
Қонақтары сұрапты:

- Ага, неше балаңыз бар соңызыдан самғаган?
- Бір жарым, - деп, тіл қатыпты әлгі адам.
- Ал, дәл айтсам, уш ұлым бар зерек әрі білімді,
Ушеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.
- Сол уш ұлдың бірі гана қайсар, үшқыр арманын,
Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын
Өз ұлтының санғасырлық рухына жалғады,
Содан шуак, қуат алып ғаламдық ой толғады.
Екі ұлымның тағдырында бұл өзгеріс болмады,

Екеуі де жалаң білім шеңберінде сорлады.
Рухы, жаны аласының зорлық жатыр паркында,
Сондықтан қос перзентімді санаймын мен жартыға...

(Мұхтар Шаханов)

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- өлеңнің толық нұсқасымен танысу;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.



14-тапсырма. «*Бес саусақ*» әдісін қолданып, сұрақтарға жауап жазындар.

Бас бармақ – басты мәселе. *Бүгін сабакта ең қынды мәселе қандай болды?*

Балаң үйрек – бірлесу. *Мен топта/жүпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?*

Ортан терек – ойлану. *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе жинадым?*


Шылдыр шүмек – шынайылық. *Сабак маган ұнады ма? Неліктен? Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы.* *Мен озімді сабакта қалай сезіндім?*

БІЛГЕНІЦ ДҮРЫС!

Бұғынгі таңда ұялы телефон – бұл тек байланыс құралы не- месе фотоаппарат пен бейнекамера ғана емес, сонымен қатар радиомаяк. Радиомаяк арқылы абоненттің сөйлесу барысында қайда жүргені: көшеде ме әлде ғимаратта ма, не болмаса авто- көлікте отыр ма, оны да нақтылауга мүмкіндік бар.

5–6-сабактар

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛПІ НАЙДАЛАНАМЫН



- Суреттегі шартты белгілер нені білдіреді?
- Олар қандай ақпарат береді?
- Бұл желілерді кімдер қолданады?



ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдарап, мазмұнын баяндаңдар.

Тілдік бағдар

Септеулік шылауладар

Септеулік шылауладар белгілі бір септік түлгадағы толық мағыналы сөздермен тіркесіп, оған қосымша мән үстеп тұрады. Септеулік шылауладар сөйлемде екі түрлі қызмет атқарады. Септік жалғауындағы тұрган сөздермен тіркесіп, оларды екінші сөзбен сабактастыра байланыстырады. Яғни мезгілдік, мекендік, амалдық, себептік, мақсаттық қатынастагы сөз тіркесін тудыруға дәнекер болады. Мысалы: *Ол анасымен әлеуметтік желі арқылы сөйлесті*. Мысалдағы арқылы септеулік шылауы әлеуметтік желі сөзін сөйлесті сөзімен амалдық қатынаста байланыстырып тұр. *Фаламтордың ақысын ай сайын төлеп тұрамыз*. Ал сайын септеулік шылауы ай сөзін төлеп тұрамыз сөзімен байланыстырып мезгілдік қатынасты білдіріп тұр.

Сонымен бірге септеулік шылауладар сөйлемнің баяндауышының құрамында келіп, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады. Мысалы: *Қазіргі таңда онлайн-тілді қолданушылар саны артқан соң, гылымда осы тілді зерттеу қарқынды түрде да мып келеді*.

Септеуліктер мынадай сөздердің шылауында айтылады:

Тұбір тұлғадағы зат есім, есімдік, түйік етістік, есімшемен тіркесетін септеуліктер: <i>арқылы, жайында, үшін, туралы, сайын, тәрізді, сияқты, секілді, жайлы, жөнінде, шақты</i> және т.б.	Барыс септік-тегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: <i>дейін, шейін, таман, жуық, қарай, тарта, салым</i> және т.б.	Шығыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: <i>сон, бері, бұрын, әрі, бетер</i> және т.б.	Көмектес септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: <i>қатар, қабат, бірге</i> және т.б.
---	--	---	---



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, әлеуметтік желілердің пайдасы тура-лы диаграмма жасандар. Диаграмманың негізінде мәтін құрандар.



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазір қолданушылар саны артқан сайын әлеуметтік желінің қызмет аясы кеңейіп келеді. Өсіреке Facebook пен Instagram-ды қолданушылар өте көп. Әлеуметтік желілердің ішінде қолданушылар саны жағынан Facebook көш бастап тұр.

Ал әлеуметтік желілердің ішіндегі – Instagram-да жазылған адамды сырттай бақылап қана қоймай, хат алмасу арқылы жаңа таныстық орнатуга, қажетті ақпаратты дер кезінде алуға, бизнес жүргізуге мүмкіндік мол. Осы артықшылықтарды үтімді пайдаланып, жарнама арқылы танымал болғандар да бар.

Бұл желіде жазылушылар саны ең көп аккаунт – Instagram әлеуметтік желісінің ресми парақшасы. Мұнда авторлық суреттерді де жариялауга болады. Түрлі тақырып бойынша топтастырылған сапалы суреттер де бар.

Instagram-ды көбінесе 15, 25 пен 34 жас аралығындағы адамдар пайдаланады. Instagram-ды атақты тұлғалар көп қолданады. Олар жарнама ретіндегі әр жарияланымы үшін қомақты қаражат

алады. Сұраныс болғандықтан, алдағы уақытта жарнама беруші де көбейді, жарнамалаушының да аудиториясы кеңеңе түседі. Қазір әлеуметтік желідегі жарнама басқа салаларға қарағанда етімді болып тұр.

Электронды сауданың да арнағы бекітілген тәртібі бар. Егер бұл тәртіпке сәйкес жұмыс атқармайтындар болса, оларға камералды бақылау басқармасы арнағы хабарлама жіберіп, өз еркімен салық төлеуге мүмкіндік береді. Тіпті ешқандай назар аудармаса, мәжбүрлі түрде өндіріп алу шаралары қолданылады.

(«Егемен Қазақстан» газетінен)

- Мәтінге ат қойындар.
- Мәтін бойынша жоспар құрындар.
- Мәтінде айтылған әлеуметтік желілердің қызметі туралы айтындар.
- Мәтіндегі үш сейлемге морфологиялық талдау жасандар.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі шылауларды тауып, қандай мән үстеп тұрғанын айтындар.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. *Топтық жұмыс. «Кімнің жады мықты?»* ойыны. Топқа бірігіндер, мәтінді бөліктеге беліп алғып, тағы бір рет оқындар. Әрқайсысың өздерің оқыған бөліктегірің бойынша түсінгендерінді айттындар. Қай топтың оқушылары дұрыс айтса, сол топ жеңеді.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Берілген сөз тіркестерінен сейлем құраңдар.

Электронды хабарландыру тақталары арқылы, «online» сервис туралы, хабарлама үшін, kitap.kz сайтымен бірге, күн сайын, онға жуық, қолданушылар төрізді, блогер жайлы, әлеуметтік желіден ғөрі.



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. *«Броундық қозғалыс»* әдісі арқылы сыныптастарының қандай әлеуметтік желілерді пайдаланатынның анықтаңдар. Олар қолданатын әлеуметтік желілерді салыстырмалы кесте түрінде көрсетіндер. Сыныптастарыңың не себепті ол әлеуметтік желіні қолданатынын дөлелдеп айттындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Көп нүктенің орына жақша ішіндегі тиісті шылауды қойып, сейлемдерді жазындар.

1. Чат-орта жазу мәнеріне бірнеше тәсіл ... (жайлы, арқылы, мен) өсер етеді. 2. Чатта сауатты жазу ... (таман, тарта, ушін) дағдылану қажет. 3. Қазіргі таңда әлеуметтік желі ... (де, сол себепті, соң) мәдениетті сөйлеуге үйрете алады. 4. Ұялы телефон ... (жуық, немесе, сондықтан) әлеуметтік желі ... (арқылы, сайнын, яки) серіктестер өте мыгым қатынас жасай алады. 5. Фаламтордагы қарым-қатынастың кейбірі әлеуметтік желіде басталады, содан ... (не, әрі, кейін) басқа ортада жалғасуы мүмкін.

**АЙТЫЛЫМ**

9-тапсырма. «Графикалық органайзер» әдісін қолданып, кестеге өз кезқарастарынды жазындар.

Мәтіндегі факті	Мәтіндегі көзқарас

**ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. «Менің әлеуметтік желідегі достарым» тақырыбында эссе жазындар.

**ОҚЫЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**


11-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Топқа бөлініцдер. Өр топ бір әлеуметтік желінің таңдаш, сол желідегі қазылған мәтінге талдау жасандар. Қандай қателер кездесті? Не себепті? Мәтіндегі шылауларды тауып, түріне қарай топтап жазындар.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

12-тапсырма. Мәтінді талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сейлемдерді белгілендер. Өз ойларынды қорытындылап жазындар.

•✓•	•—•	•+•	•?•
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымда қайшы, керегар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

7–8-сабактар

ТІЛ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ

ОЙТУРТКІ

- Тіл мен технологияның байланысын диаграммама түсіріңдер.



ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаң, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. *Технология* дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Ақпараттық технологияның қоғамға тигізер өсері қандай?
3. Ақпараттық технологияға кімдер жауап береді?
4. Сандық *технология* деген не?

Тілдік бағдар**Демеулік шылаулар**

Демеулік шылаулар немесе демеуліктер өзі шылауында тұрған сөзге я сөйлемге күшету, тежеу, сұрау, болжau, күмән сияқты қосымша мән үстейді. Демеуліктер жалғаулық және септеулік шылаулар сияқты сөз берілгенде байланыстыра алмайды.

Демеуліктер негізгі сөзге үқсайтын мағынасына қарай сұраулық демеуліктер (*ма, ме, ба, бе, па, пе, ше*), күшеткіш демеуліктер (-*ақ*, -*ау*, -*ай*, -*әсіресе*), шектік немесе тежеу демеуліктері (*гана*, *тек*, *қана*), болжалдық демеуліктер (-*мыс*, -*міс*, -*ау*), нақтылау мәнді демеуліктер (*қой*, *гой*, -*ды*, -*ди*, -*ты*, -*ти*), болымсыздық немесе салыстыру мәнді демеуліктер (*түгіл*, *тұрсын*, *тұрмақ*) болып белінеді.

Есте сақта!

Сейлемдегі ма, ме, ба, бе, па, пе шылаулары сөзге сұраулық мән үстеп, бөлек жазылады. Бұл шылаулар сырт тұлғасы жағынан болымсыз етістіктің журнағына үқсас. Болымсыз етістік журнағы бірге жазылады. Мысалы: *Сен ақпараттық технология туралы білесің бе? Ол тапсырманы орындаады.*

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Сонғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

**ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлем құрандар.

Фаламтор тұрмақ, онлайн оқу ғана, онлайн ғой, технология ше, сондай-ақ, көмектеседі-мыс, тек жасанды интеллекті, айтатын-ды.

**ОҚЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінге тақырып қойып, жоспар құрындар. Мәтіндегі шылауларды түріне қарай топтап жазындар.

«Ақпараттық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіге негізделген технологияларды тіліміздің, тіл білімінің көрегіне қалай жарата аламыз?» деген сұрақ баршамызды мазалауды тиіс. Себебі алдағы уақытта тілдің өміршешендігі, оның кең қолданысқа енуі көп жағдайда технологияларға тәуелді болмақ.

Ақпараттық технологиялар мен галамтордың қарқынды дамуы адамдар арасындағы коммуникациялық қарым-қатынасты арттырып отыр. Бұл өз кезегінде үлкен қолемдегі сандық ақпараттың жинақталуына алып келді. Ақпарат алмасу – тек технологиялық қарым-қатынас қана емес, сонымен қатар лингвистикалық құбы-

лыс. Адамдардың тілді пайдалануы, сөз бен сөз тіркестерін қолдануы, мәліметтерді түсінуі сынды мәселелер тіл білімінің маңызды саласына айналды.

Әр мемлекет жасанды интеллектіні өз тілінде сөйлетуге тырысып келеді. Себебі болашақта есептеу қуаты мықты компьютерлер гана тілді сақтау және оны дамытумен тиімді айналыса алады. Сол себепті дамыған елдерде компьютерлік лингвистикаға жете назар аударылып, осы саланы дамытуға қыруар қаражат бөлінеді.

Қазақ тілінің алдында тұрган ең өзекті мәселелердің бірі – қазақ тілін технологиялармен жақындастыру. Себебі болашақта біздің қоршаган барлық дүниелер технологиялармен тығыз байланысты болмақ. Өздігінен жүретін көліктер мен ұшақтар, «ақылды» үйлер және басқа да озық технологиялардың көбі дауыспен басқарылады деп болжанып отыр.

Егер біз мемлекеттік тілдің өміршешендігін қамтамасыз етіп, оның кең қолданысқа енүін қаласақ, онда бар күшімізді тіл мен технологияны кешенді түрде достастыруға жұмысайды керек.

(Нұрбек Матжаниден)



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қойып, сөйлемдерді жазыңдар. Морфологиялық талдау жасаңдар.

1. Қазақ тілінің дамуы ... болашағы оның барлық салада кең қолданылуына байланысты.
2. Жастар тілді дамыту ... ғаламтордың мүмкіндіктерін пайдалануы қажет.
3. Басқа елдердегі ... Қазақстанда ... кез келген ақпарат қазақ тілінде жазылуы тиіс.
4. Фылым ... техниканы дамытуда қазақ тілінің алатын рөлі зор.
5. Қазақ тілін ғаламтор тіліне айналдыру ... термин мәселесін жүйелі жолға қою қажет.
6. «Тіл-аудит» сайты қазақ тілін сауатты ... дүрыс жазуға көмектеседі.
7. «Қазақстанның ашық кітапханасы» жобасы ғаламторда жүзеге асырылмақшы
8. Жоба аясында төрт мыңға ... кітап жиналды.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Жүлтых җұмыс. «Тіл мен технологияның байланысы» атты тақырыпта диалог құрындар. Диалогте мәтіндегі ақпаратты пайдаланыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. «Дербес пікір жазу» әдісін қолданып, мәтін мазмұны бойынша пікірлерінді жазындар (уақыт мөлшері: 7–8 минут).

1. **Озіндік пікір (идея)** – бір сейлем.
2. Дәлел – екі сейлеммен келтіру керек.
3. **Оз пікірін дәлелдейтін мысал** – екі сейлем.
4. **Оз пікіріне қарсы пікір** – бір сейлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шыгаратын мысал – екі сейлемнен түру керек.
6. **Қорытынды** – екі сейлемнен тұрады.

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. Жүптық жұмыс. «Данышпан ұқілер» әдісін қолданып, тапсырманы орындаңдар. Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, әліпbi ретімен жазындар.

1. Сендерге жаңалық болған ақпаратты жазындар.
2. Мәтіннің идеясын бір сейлеммен айтыңдар.
3. Мәтіннен сендерге таныс және мұлдем таныс емес ақпаратты табыңдар.
4. Мәтіндегі негізгі ақпаратты сурет, сызба және т.б. арқылы көрсетіңдер.
5. Мәтіннен келешекте пайдалы болатын маңызды қорытынды шыгаруга бола ма? Ойларынды айтыңдар.
6. Сыныпта талқылауга, ерекше көңіл белуге тұратын ойларды, пікірлерді тауып талқыландар.


**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. Сөздерді қажетті шылаулармен тіркестіріп, сейлемдер құрап жазындар.

Сөздер	Жалғаулық шылау	Сентеулік шылау	Демеулік шылау
ақпарат	мен	үшін	-ақ
жүгінеді	себебі	туралы	-мыс
ғылым	сондықтан	тәрізді	ма
техника	өйткені	сайын	ғана
сайт	не болмаса	жуық	-ды
желі		арқылы	тек
технология			

**ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. Kitap.kz сайтын пайдаланып, «Аудиокітаптар оқи-
мын» тақырыбында шарын ойтолрау жазыңдар.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. «Таңбалар» әдісін қолданып жазыңдар.

	Бұғаңгі сабакта саган не үнады? Өз ойыңды жаз.
	Сабактағы әсерің жайлы сыныптастыңа хабарлама жаз.
	Өзіңе үнаган тапсырманы айттып, сыныптастыңмен пікір- лес.
	Сабактағы қажет мәліметті айттып, жазып қой.

БІЛГЕНИЦ ДУРЫС!

«Google» іздеуіш жүйесінің атауы «Гугол» (100 нөлі бар) са-
нынан шыққан. Алайда Ларри Пейдж мен Сергей Брин доменді
тіркеу кезінде қате жіберіп, «Googol» сөзінің орнына «Google»
деп тіркеп қойған. Кейін қате нұсқасы өздеріне қатты үнаган-
дықтан, солай қалдырган.

SPAM сөзі 1936 жылы пайда болған. Ол консервіленген
аҧы шошқа етінің атауы еді. Соғыс жылдарында мерзімі өткен
бұл өнімді сату ушін түрлі беймаза жарнамалар жарық көрген
екен. Осылайша, *spam* сөзі жалпылама қолданыла бастаған.

9–10-сабактар**НӘТИЖЕ САБАҚ****ОЙТУРТКІ**

- Шылау дегеніміз не?
- Шылаудың қандай түрлері бар?
- Шылау өзі тіркескен сөзге қандай мән үстейді?

**ЖАЗЫЛЫМ**

1-тапсырма. Шылауларды тауып, қандай мән үстен турғанын айтыңдар. Сөйлемдерге морфологиялық талдау жасандар.

1. Мемлекеттің қолдауымен ашылған порталдарға kaztube.kz, bnews.kz сайttарын жатқызамыз. 2. Жекелеген адамдардың күшімен arkamedia.kz, tarlan.kz және т.б. сапалы қазақша ғаламтор ресурстары да пайда болғаны аян. («Ана тілі» газетінен). 3. Тілші ғалымдардың есебінше, дүниежүзінде 6 000-га жуық тіл бар екен. 4. Бұл дерек XX ғасырдың екінші жартысында жарияланған, сол кездің өзінде «жыл сайын жүзденген тілдер өліп жатыр» деп дабыл қагылды. («Түркістан» газетінен). 5. Instagram желісінде жарнама берушілер саны 500 мыңға жетті деп хабарлайды Fortune порталы. 6. Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы қазіргі кезде Tilalemi.kz порталын, ономастикалық базага құрылған Atau.kz, орфографиялық базага негізделген Emle.kz және терминологиялық Termincom.kz сайтын бүгін таныстырығалы отыр. 7. Мұндағы негізгі мақсат – 2011–2020 жылдарға арналған тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын орындау, сонымен бірге мейлінше көпшілік бұқараға еліміздегі тілдік ахуалды, жинақталған тілдік қорды насхаттау, әдістеме саласын жетілдіру.

(«Айқын» газетінен)

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. *Жұлтық жұмыс.* Тірек сыйбаны өрі қарай жалғастырып толтырыңдар. Жұпқа бөлініп, бір-бір тақырып бойынша пікір алмасыңдар.

Ғаламторда не істей аламыз?

сабакқа қажетті ақпарат жинаймыз	аяу райын білеміз	жаңалықтарды оқимыз	



3-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтіндегі шылауларды топтап жазындар.

Дүниежүзіндегі ғаламторга қосылған адам саны жылдан жылға көбейіп келеді. Жержузі халқының басым бөлігі бір гана үрпақ ғұмырының аясында ешқандай ақпаратқа қолы жетпей отырган жағдайдан адамзат тарихында жасалған барлық ақпарат пен мәлімет қорын еркін аша алатын жағдайға ие болды. Ол ақпаратқа жол ашатын құралдар бір қолдың алсағанына сыйтыны кімді болсын таңғалдырмай қоймайды. Егер технология осы қарқынмен дами беретін болса, алдағы 5–10 жылдың ішінде Жер бетіндегі халықтың ғаламтормен толықтай қамтылатыны анық. Байланыс әлдеқайда қолжетімді, ал жылдамдық аса жоғары болатыны да сөсіз. Кеп ұзамай-ақ, ғаламтор шалғай ауылдар мен елді мекендерді қамтып, миллиондаған адамдардың қолына дәстүрлі телефоннан бұрын жетеді. Мұның барлығы әрбір жеке адамның және жалпы қоғамның әлдеқайда тиімді әрі өнімді жұмыс істеуіне, интеллектуалдық және шыгармашылық мүмкіндіктерді шексіз кеңейтуге жол ашады. Технологиялар мен олардың негізінде пайда болған құралдар көпшілікке қолжетімді болған сайын, олардың мүмкіндіктері де кеңеңе береді. Яғни әркім өзінің «онлайн профайлының» таза әрі тартымды болуын ойлауы қажет. Абайсызда айтылған сез немесе пікір, жазылған комменттер, салынған суреттер мен бейнефайлдар, тіпті балалықпен ойнап жасалған қылыштар, кірген веб-сайттар, жіберілген электронды хаттар ғаламторға бір түскеннен кейін еш уақытта жойылмайтынын есте сақтау керек. Осы ақпаратты асықпай жинап, жүйелеп жатқан компаниялар ертең-ақ «профайл» сатуды, қажет болса, керекті нұсқадағы профайл жасауды, біреулердің жеке профайлдарын жүргізуі көсіпке айналдырады. Мемлекеттер болса, осы күннің өзінде ақпараттық саясат, дипломатия, қауіпсіздік салаларында екі деңгейлі бағыт үстануға мәжбүр. Алдыңғы қатарлы елдердің сыртқы саясат пен қауіпсіздікке жауапты мекемелерінің құрамында онлайн дипломатия мен кибер қауіпсіздікке жауапты бөлімдер пайда болып жатыр.

(«Түркістан» газетінен)

**АЙТЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Сонғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

**АЙТЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтінді қайталап оқып, графикалық мәтін қурандар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. «Қос жазба құнделігі» әдісін қолданып, 1-тапсырмада айтылған өлеуметтік желілерді теріп жазып, түсініктеме жазындар.

Ұзінді	Түсініктеме
kaztube.kz	

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құрап жазындар.

Әңгімеге қойылатын талаптар:

- тақырыбы болуы қажет;
- ой жүйелілігі сақталуы тиіс;
- ғаламтордың зияны нақты дәлелдер арқылы берілуі керек;
- стильдік түргыдан дұрыс жазылуы тиіс;
- фразеология, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану шарт;
- орфографиялық нормалар қатаң сақталуы керек;
- өзіндік қорытынды жасалуы тиіс.



**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Берілген шылауларды сөздермен тіркестіріп, сөйлем құраңдар.

Сондықтан, гана, қой, пен, және, әсіресе, яки, тарта, дегенмен, сайын, ба, -міс, -аяу, турмақ.

**АЙТЫЛЫМ**

9-тапсырма. *Жүптық жұмыс.* «Әлеуметтік желілер және қауіпсіздік» тақырыбында диалог құрындар.

**АЙТЫЛЫМ**

10-тапсырма. *Толтық жұмыс.* «Ақылдың алты қалпағы» рөлдік ойыны. 6 оқушыдан топтасып, 6 түсті қалпақ күндер. Сұрақтарга жауап беріп, пікірталас үйымдастырындар. Берілген сұрақтар бойынша ез ойларынды айтындар. Қалпақты алмастырып, ойларынды қайта жалғастырындар.

Қалпақтардың қызметі	Жауап беретін сұрақтары
Фаламтор туралы не билетінін айтады.	Фаламтор деген не?
Фаламтордың артықшылығын айтады.	Оның қандай пайдасы бар?
Фаламтордың зияны туралы айтады.	Оның қандай зияны бар?
Фаламторды қалай пайдалану керектігін айтады.	Фаламторды қай жағдайда қалай пайдалану керек?
Айтылған ойлардың қайсысы үнаганын, қайсысы үнамаганын айтады.	Айтылған ойларға қалай қарайсындар?
Бакылау және қорытындылау: айтылған ойлардың пайдалы және маңыздыларын айтады.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шыгаруға болады?



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Төменде берілген мақал-мәтедердің өздеріне ұнаган біреуін тақырып ретінде алып, ойтолғау жазындар.

1. Алтын алма, білім ал.
2. Фылым – теңіз, білім – қайық,
3. Кісінің көркі киім емес – білім.
4. Күш – білімде.



ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Тест тапсырмаларын орындаңдар.

- 1. Септеулік шылауды табындар.**
A. кейін келген
B. түстен кейін
C. кейін өзі келген-ді
D. компьютермен жазды
E. көліктер мен ұшақтар
- 2. Жалғаулықты шылауларды табындар.**
A. үйге дейін, кешеден бері
B. және, да, де, бірақ
C. ма, ме, ше
D. -ак, да, -ды, -ді
E. кейін, соған, қарай
- 3. Іңгайлас жалғаулықтарды табындар.**
A. арқылы, ушін, туралы
B. бұрын, әрі, бетер
C. мен, да, және
D. бірақ, әйткенмен, сонда да
E. болмаса, кейде, біресе
- 4. Қарсылықты жалғаулық арқылы жасалған сөйлемді табындар.**
A. Фаламтор мен әлеуметтік желіні жиі қолданамын.
B. Ол үялы телефонын сабактан соң жоғалтып алды.
C. Фаламтормен жұмыс жасаған тиімді, бірақ көп отыруға болмайды.

Д. Аз уақыттың ішінде ақпаратты да, қызықты ойынды да оңай таба аласың.

Е. Компьютердің көмегімен сабакқа және өзіңе қажетті мәліметті жылдам табасың.

5. Қүшейткіш демеуліктерді табындар.

- А. ма, ме, ба, бе
- В. гой, қой, -ты
- С. -ақ, -ау, -ай
- Д. гана, тек, қана
- Е. түгіл, тұрсын, екеш



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Шығу парагы» өдісін қолданып, сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.


- «Фаламтор және әлеуметтік желілер» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
- Бұл бөлімдегі қай мәліметтер маңызды болды?
- Өз жұмысыңа, сыныптастарыңың топ ішіндегі әрекеттеріне көңілдерің тола ма? (*Өзіңің және сыныптастарыңың білімін бағалаңдар*).
- Осы бөлім бойынша тағы не білгілерің келеді?
- Осы бөлім бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқи-сындар?

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЛТТАР ДОСТАСТЫҒЫ

7-бөлім

1–2-сабактар

ҮЛТТАР ДОСТЫГЫ – БАСТЫ БАЙЛЫГЫМЫЗ



ОЙТУРТКІ

- Қазақстанда қанша ұлт тұрады?
- Сендер тұратын аймақта қанша ұлт өкілі өмір сүреді?
- Олардың Қазақстанға қалай келгені туралы білесіңдер ме?
- Сендердің басқа ұлт өкілдерінен достарың бар ма?



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаң, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтіндегі негізгі ақпарат туралы не айтасындар?
2. Ассамблеяның негізгі бағыты қандай?
3. Қазақстанда тұратын ұлттардың мәдени орталықтары туралы не айтар едіңдер?

Тілдік бағдар

Еліктеу сөздер

Еліктеу сөздер екіге бөлінеді: бір тобы *еліктеуіш сөздер* деп, екіншісі *бейнелеуіш сөздер* деп аталады.

Еліктеуіш сөздер деп табиғатта ұшырасатын сан алуан заттар мен құбылыстардың бір-біріне қақтығысу-соқтығысу-ларынан туатын дыбыстардың атауларын айтамыз. Мысалы: *Мылтық тарс етті. Агаш гұрс етіп құлады.*

Еліктеуіш сөздер көмекші етістікпен тіркесіп жүмсалады.

Мысалы: *сарт етті, гұрс ете түсті, топ ете қалды* т.б.

Еліктеуіш сөздер қайталанып, қосарланып та жүмсалады.

Мысалы: *тарс-түрс етті, сарт-сүрт болды, арс-арс етеді, бырт-бырт шайнайды* т.б.

Еліктеу сөздің кейбіреуі әртүрлі мағынаны білдіреді. Мысалы: *Кесе шырт етіп сынды. Балалар шырт үйқыда жатыр.* Әсел шырт ете қалды деген сөйлемдердегі шырт сезі үш түрлі мағынаны білдіріп тұр. Бірінші сөйлемде кесенің сынганынан шыққан дыбыс атауын, екінші сөйлемде тыныштықты, жым-жырт қалышты, үшінші сөйлемде адамның ренжіп қалғанын байқатып тұр.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тыңдаған мәтінге қандай ат қояр едіңдер?
2. Қазақстан халқы Ассамблеясы қай жылы құрылды?
3. Ассамблеяның негізгі бағыты туралы не білесіңдер?
4. Елімізде тұратын түрлі ұлттардың мәдени орталықтары туралы не айттар едіңдер?



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Тыңдаған мәтіндегі шылауларды тіркессек сөзімен есте сақтап, емлесіне сай жазылуын көрсетіңдер. Туріне қарай ажыратындар. Осы шылауларды қолданып, сөйлемдер құрандар.



ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықтаңдар. Мәтін құрылымын сақтап, графикалық мәтін құрандар.

Достығы жарасқан елміз

Қазақстанда әр үлт өкілдерінің көсіппен шұғылдануына барлық жағдай жасалған. Бізден басқа мемлекетте дәл біздегідей терезесі тен еңбек етіп, көсіп жасап, қалаған ісімен айналысып жатқан диаспоралар жоқ. Сондықтан олар Қазақстанда бақытты өмір сүріп жатыр.

Елімізде еңбек етіп жүрген әртүрлі үлт өкілдерін көргенде қазақтың кеңдігіне қайран қаласыз. Осыдан біраз жыл бұрын тарихи отандарына кеткен біраз немістер Қазақстанға қайта оралды.

Қазақтың дарқандығы мен кеңдігін және бауырмалдығын Герольд Бельгер көп жазды. Оны өзінің өсietі бойынша мұсылман-

дар зиратына – Кеңсайға жерледі. Міне, қазақтың өзге үлтқа деген сүйіспеншілігін осыдан көрүте болады. Олай болса, Қазақстандағы үлттар достығы жасай берсін!

(Серік Бураев. *Kazgazeta.kz* сайтынан)



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «*Қос жазба күнделігі*» әдісін қолданып, мәтіндегі қара қаріппен берілген сөздерге түсінктеме беріңдер.

Үзінді	Түсінктеме



ЖАЗЫЛЫМ



ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Kitap.kz сайтынан Г. Бельгердің «Қазақ дәптері» еңбегінің «Көне сөздің сөүлесі» белімін оқыңдар. Бес көне сөзді таңдаң алып, оның мағынасын түсіндірме сөздіктен қараңдар. Жазушының қазақ тілі туралы ойларын жазып алып, ой бөлісіңдер.



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Берілген еліктеуіш сөздерді қолданып, сейлем құрандар.

Шақ, саңқ, шаңқ, сатыр-күтір, шарт-шұрт, солқ, дұңқ-дұңқ, гұрс-гұрс.



ЖАЗЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Қазақстан» сөзіне кластер құрып, ойларынды дәлелдей айтыңдар.



АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Мәтін бойынша сыныптастыңмен ой бөлісіңдер. Ойбөлісте халықтар достығы туралы айтыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. «Қазақстан – достық мекені» тақырыбында қысқаша әңгіме құрастырындар.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. «Шығу парагы» өдісін қолданып, сөйлемдерді аяқтап жазындар.

Мен мынаны білдім: ...

Маган қызық болғаны: ...

Маган қыны болғаны: ...

3–4-сабактар**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ****ОЙТУРТКІ**

- Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы не білесіндер?
- Қазақстанда қанша ұлт өкілі тұрады?
- *Халықтар достығы* дегенді қалай түсінесіндер?

**ТЫНДАЛЫМ**

1-тапсырма. Тындаған мәтіндегі негізгі және қосалқы ақпаратты кесте бойынша беліп жазындар.

Негізгі ақпарат	Қосалқы ақпарат

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтін бойынша төмендегі кестені толтырындар.

Ойбөліктері	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер

Тілдік бағдар**Бейнелеуіш сөздер**

Бейнелеуіш сөздер табигаттағы құбылыстар мен заттардың козралысын, қүйін сипаттап, бейнелеп айту арқылы қалыптасқан. Мысалы: *жалт, кілт, маң-маң, жылт-жылт* т.б.

Қимылды, құбылысты көз алдына елестетуге байланысты тұган сөздер *бейнелеуіш сөздер* деп аталады. Бейнелеуіш сөздер етістікпен тіркеседі. Мысалы: *қорбаң-қорбаң жүгірді, жалт қарады, жалп ете тұсті* т.б.

**ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. *Жұптық жұмыс.* «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында диалог құрындар.

**ОҚЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мазмұны бойынша бірнеше сұрап жазындар. Мәтіннің қандай жанрда жазылғанын айтындар.

Ассамблеяның қызметі

Бұгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этно-мәдени бірлестіктердің саны тұрақты өсіп келеді. Қазақ және орыс театrlарын қоспағанда елімізде – өзбек, уйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітап *жарық* көреді. Жыл сайынғы ұлттық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантойды атап өту дәстүрге айналды. Мемлекеттің қалыптасу кезеңіндегі басты міндет – этносаралық *төзімділік* пен қоғамдық келісім негізінде қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болыш табылады. Сондықтан 2010 жылы сөүірде Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы қабылданды. Бұл – біздің қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді – соны түсінудің тәсілі. Бұл – *болашаққа* бірігіп үмтىлудың серпіні.

(Т. Х. Габитов, Н. Қ. Альдjanова, Ж. О. Әбікенов.
«Мәдениеттану негіздері» кітабынан)

**ЖАЗЫЛЫМ**

5-тапсырма. Сейлемдерден еліктеу сөздерді тауып, түріне қарай ажыратындар. Сейлемдерге морфологиялық талдау жасандар.

1. Момақан өзен бүрк-сарқ долданды. 2. Жарқ-жүрк найзагай ойнап, корғасын бұлттан тырс-тырс секірген тамшылар шанақ бетіне дұрс-дұрс тиді. 3. Тасыр-тұсыр дауыстан селк етіп, орнынан атып тұрды. (С. Сматеев). 4. Кейін келген топтың талайының со-йыл, шоқпарлары бірнеше үйге жапыр-жұптыр тиді. 5. Абай қасына келді де, суга Оспанмен бірге шолп етіп құлай кетті. (М. Әuezов). 6. Бізді екі сағат апар-топар тәмпектесе де, бекінісімізге бір дақ түскен жок. 7. Төбе дір ете қалды. (F. Мысірепов).

**АЙТЫЛЫМ**

6-тапсырма. Суреттегі ұлт өкілдері туралы қандай мәліметтер білесіндер? Қазақстанда тұратын бір ұлт туралы таныстырылым да-йындаңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Кеп нүктенің орнына тиісті жүрнақты қойып, мақал-мателдерді жазындар.

- Үнтымақ қайда бол...,
Бырыс сонда.
- Бірлік болма...,
Тірлік болма....
- Сыйлас... екі кісіге бірдей.

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. *Жүптың жұмыс.* Сыныптағы оқушы санына сәйкес бірнеше жұпқа белініңдер. «1 мамыр – бірлік пен татулық мереңесі» тақырыбында диалог құрындар. Өр жұп өз диалогінде еліктеу сөздерді пайдалануы шарт.

**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. 4-тапсырмадагы мәтіннен шылауы бар сөйлемдерді теріп жазып, олардың шылаудың қай түріне жататынын айтындар.

**АЙТЫЛЫМ**

10-тапсырма. Өлеңдегі еліктеу сөздерді тауып, мағыналық ерекшелігін анықтаңдар.

Ортасына шаһардың
Бурыл келіп, топ етті,
Жердің шаңы бүрк етті.
Төрт аяғы тиген жер
Тесіле жаздан солқ етті.

(«Қобыланды батыр» жырынан)

Маң-маң басып жүрініз.
Байсалды үйге түсініз.

(Бұқар жырау)

**ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. 4-тапсырмадагы мәтінде сөздердің тақырыпқа сайорынды қолданылуын тексеріңдер. Қарамен берілген сөздерді синонимдік қатармен ауыстырып, мәтінді редакцияландар.

БІЛГЕНИҢ ДҮРІС!

Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентіңің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган болып саналады.

**ЖАЗЫЛЫМ**

12-тапсырма. «Халықтар достығы» деген тақырыпта шағын эссе жазындар.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

13-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазып, «Шығу парагы» өдісін қолданып, сейлемдерді толыктырындар.

- Маган ... қын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындағым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

5–6-сабактар**ҚАЗАҚСТАН – ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТА****ОЙТУРТКІ**

• «Қазақстан – әлем елдері мойындаған егеменді, тәуелсіз мемлекет» тақырыбы бойынша оиталқы үйымдастырындар.

**ТЫНДАЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, мазмұнын баяндаңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйене отырып, «Ұлы Дағы тарихы» тақырыбы бойынша эссе жазындар.

Тілдік бағдар**Негізгі және туынды
еліктеу сөздер**

Еліктеу сөздер құрамына қарай негізгі және туынды еліктеу сөздер болып екіге бөлінеді. Негізгі еліктеу сөздердің қатарына *тарс*, *жалт*, *шалп*, *шіңк* т.б. тәрізді түбір сөздер жатады. Туынды еліктеу сөздер негізгі еліктеу сөздерге және басқа сөздерге жүрнақтар жалғану арқылы жасалады.

Туынды еліктеу сөздер жасайтын жүрнақтар:

-ң, -ың, -ің, -аң, -ең жүрнағы негізгі еліктеу сөздерден де (елп-ең, жылт- ың, тарс-аң), басқа сөздерден де туынды еліктеу сөздерді жасайды. Мысалы: <i>агар-аң,</i> <i>сыла-ң, қара-ң</i> т.б.	-лаң, -лең, -алаң, -елең жүрнағы. Мысалы: <i>шұба-лаң,</i> <i>үір-елең,</i> <i>бұра-лаң</i> т.б.	-аң, -ең жүрнағы арқылы жасалған кейір еліктеу сөздердің түбірі қазіргі кезде жеке қолданылмай- тын өлі түбірге айналып кеткен. Олардың түбірін басқа сөздермен салыстыру арқылы ғана білуге бола- ды. Мысалы: <i>арб-аң – арби,</i> <i>майм-аң – майми, қайқ-аң –</i> <i>қайқи</i> т.б.
--	--	--

Күрделі еліктеу сөздер негізгі және туынды еліктеу сөздердің қайталануынан немесе қосарлануынан жасалады. Мысалы: *бұрсаң-бұрсаң, ғұр-ғұр, адыраң-едірең, дір-дір, тарс-тұрс* т.б.

Еліктеу сөздерден басқа сез таптары да жасалады. Мысалы: *-ыл, -іл, -л, -ақ, -ек, -ғыр, -ғір* жүрнақтары арқылы *тарс-ыл, даң-ғыр, дүң-ғір* т.б. зат есімдер жасалған болса, *-ыра, -іре, -ла, -ле, -да, -де* жүрнақтары арқылы *арбаң-да, күрк-іре, ербең-де, күбір-ле* т.б. етістіктер жасалған.



Оқылым

З-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтін құрылымын сақтап, графикалық мәтін құрандар.

Біздің Қазақ елі жаһанға ынтымақтың үясы ретінде танылды. Еліміздің Еуропа төріне шығуы – мемлекетіміздегі толеранттылықтың жоғары деңгейге кетерілуінің арқасы, елдегі тыныштық пен діндер арасындағы татулықтың нәтижесі. Үнтымағы жарасқан ырысты елге құт қонады.

Қазақстан әлемдік демократиялық стандарттарды қабылданп қана қоймай, Еуропа мен әлемдік қоғамдастыққа өзінің халықтарды, мәдениеттерді олардың үлттық дәстүрі, құндылықтарын сақтай отырып, жақыннатудың озық тәжірибесін ұсынды.

Толеранттылық, ягни тәзімділік өз тамырын Қазақстанда кеңінен жайған деуге болады. Себебі, дәл қазіргі таңда еліміз түрлі конфессиялар мен түрлі этностар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтып қана қоймай, дінаралық татулық бағытында батыл бастамалар көтеріп жүрген жас мемлекет ретінде әлемге танылды. Тәзімділік мәселе сінде басқа мемлекеттерге үқсамайтын Қазақстаның өз жолы, өз тәжірибесі бар.

Қазақстан – бұғанде тұрақты және серпінді дамып келе жатқан мемлекеттердің бірі. Жалпы, әлемдік геосаясатта Шығыс пен Батыстың өзара табысты үнқатысындағы тепе-тендіктің сақталуы және Орталық Азия аумагындағы тұрақтылықтың салтанат құруы біздің елімізге байланысты.

(Әли Бектаев.
«Егемен Қазақстан» газетінен)

- Мәтінге тақырып қойындар.
- Мәтін бойынша жоспар құрындар.
- Шылауларды түріне қарай топтап жазындар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Негізгі еліктеу сездерді бір белек, туынды еліктеу сездерді бір белек жазындар.

Жылтың, тарс, сопаң, дік, гұрс, қиқаң-сиқаң, шарт, жалт-жұлт, қиралаң, жымың-жымың, курс, кілт, дұрс-дұрс, лып, күмп-күмп.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сезді қойып жазындар.

- | | |
|--|---|
| <ul style="list-style-type: none"> • Адассаң ... адас. • Әр елдің ... басқа, • Иттері қара қасқа. | <ul style="list-style-type: none"> • Бейбіт елде ... бар. • Елдестірмек ...,
Жауластырмақ жаушыдан. |
|--|---|

Қажетті сездер: салты, еліцмен, береке, елшіден.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша диаграмма құрындар.

**АЙТЫЛЫМ**

7-тапсырма. «*Ойна да, ойла*» әдісі. Төмендегі сұрақтарға мақалметелмен жауап беріңдер.

1. Шешен мен шебердің несі ортақ?
2. Тіл не жарады?
3. Тіл неден өткір?
4. Кімге қолқа жоқ?
5. Ананың сүті мен баланың тілі қандай?
6. Бал мен у неден тамады?
7. Тақпен сөз неден өтеді?
8. Піл көтермегенді не көтереді?
9. Тіл мен ой қандай?

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Сөйлемдердегі еліктеу сөздерді теріп жазыңдар. Морфологиялық талдау жасандар. Еліктеу сөздердің қалай жасалып тұрғанын айтыңдар.


1. Ахан басынан тымагын алып, сілкіп қайта киді де, қарқ-қарқ құліп, егінжайға қарай шоқыта жөнелді. (*M. Magayin*). 2. «Қара Қожа» дегендеге «әу» деп, жалт қарайтын болдым. (*B. Соқпақбаев*). 3. Шіркін-ай, осы бойда барып, күмп етіп, өзенге қойып кетер ме еді! (*B. Соқпақбаев*). 4. Таңдайын тақ-тақ еткізеді. (*B.T.*). 5. Алмас тамағын апыл-ғұптыл жеп, сабагына кетті. (*B.M.*).

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. Мәтінді талдандар. Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгілендер. Өз ойларынды қорытындылап жазыңдар.

«✓»	«—»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлаганымда қайшы, керегар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

7–8-сабактар

ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫНЫҢ ҮЙІТҚЫСЫ

ОЙТУРТКІ

- «Қазақстан халқының құндылықтары» тақырыбы бойынша клас-тер қурастырындар.

Қазақстан халқының
құндылықтары



ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаپ, мазмұны бойынша сұрақтар қураңдар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Мениң ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

Тілдік бағдар

Еліктеу сөздердің сөйлемдегі қызметі

Еліктеу сөздер көбінесе көмекші етістікпен, кейде негізгі етістікпен тіркесіп жұмысалады.

Еліктеу сез заттанып қолданғанда сөйлемнің бастауышы болады: Көрінің *қүйбеңі* көп болады.

Көмекші етістіктермен тіркесіп, сөйлемде күрделі баяндауыштың құрамына енеді. Мысалы: Оның айтқан сезіне *мыңқ етпеді*.

Еліктеу сөздер негізгі етістікпен тіркескенде сөйлемде анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштың да қызметін атқарады. Мысалы: Оның сезіне *елең еткен* (анықтауыш) адам болмады. Алмастың бұлшық еттері *бұлт-бұлт* (пысықтауыш) ойнайды. Інің *құрқ-құрқ* (пысықтауыш) жөтеліп қалыпты. Ол *қалт еткенді* (толықтауыш) андып отыр.

**ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтіннен шылауы бар сөйлемдерді теріп жазып, талдаңдар.

**ОҚЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Тақырып қойындар. Мәтін құрылымын сақтап, жинақы мәтін құрандар.

Қазақстан көпүлтты республика екені бурыннан белгілі. Кеңестік дәуірде КСРО-дағы жалғыз интернационал ел аталғанымыз тегін емес. Ежелден бауырмал, қайырымды қазақ халқы тағдыр тәлкегіне үшырап, әлемнің әр тараҧынан келген ұлттарды жатсынбай, оларды тұған-туыстарындај жақсы көрді. Міне, сондықтан қазір Қазақстан көпүлтты мемлекет атанаып отыр. Дәл Қазақстан сияқты ұлттар достығы өнеге, халықтар достығы үлгі – дүниежүзінде ел жоқ. Біздегі халықтың ынтымақ, бірлігіне, жарастығына тәнті болған шетелдік саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері «Қазақстаннан үйрену керек» дегенді жиі айтады. Барлық ұлттардың терезесі тең, мұдде-мақсаты бір және олардың еркін еңбек етуіне, кәсіппен шұғылдануына, саясатпен айналысуына барлық жағдай жасалған гой. Ең ерекшелік сол – кейбір ұлт өкілдерінің балалары мектепте өз ана тілінде оқиды. Мұндай үрдіс көптеген мемлекеттерде мүлдем жоқ.

Қазір адал еңбектерінің арқасында кәсіппен шұғылданып, байып жатқан отбасылар көбейіп, қауымға айнала бастаған ұлт диаспоралары бар. Қазақстанда барлық ұлттар ұлттық салт-дәстүрлерін сақтап, өз діндерін ұстанып, бір шаңырақ аясында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұған, әрине, қуанасың және мақтандышипен айтасың. Осындай ел бірлігі мен тұтастығы жолында өз бағдарламасы мен мақсаты бар Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына дүниежүзі риза десек, артық айтпаймыз.

(Б. Даулетбақов. *Kazgazeta.kz* сайтынан)

**АЙТЫЛЫМ**

5-тапсырма. Жұлтық жұмыс. «Ұлттық құндылық» атты тақырыпта жүппен диалог құрындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Сейлемдердегі еліктеу сөздерді тауып, қалай жасалып турғанын айтыңдар. Сейлемдерге синтаксистік талдау жасандар.

1. Терезе алдындағы сағат сырт-сирт соғады. 2. Осымен жарты сағаттай еткенде, есіктің сыртында сарт-сұрт еткен дыбыстар шықты. 3. Асығып ерсілі-қарсылы қақтығысқан көп кісінің да-быр-дүбір жүрісі естілді. (*M. Әуезов*). 4. Үйқыдан қалжырап тұрган Таствемір лезде қор ете қалды. 5. Қар күрт еріп, Есілдің үсті жуық арада жүргізбеу қаупі туған. (*C. Мұқанов*). 6. Қара теңіз бұрқ-бұрқ етіп қайнап жатқандай. (*F. Мүсірепов*).

**АЙТЫЛЫМ**

7-тапсырма. Достық, жолдастық тақырыбындағы мақал-мәтелдерді еске түсіріңдер. Оларды қатыстырып, ауызша шағын мәтін құрап айттыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Берілген еліктеу сөздерді қолданып, сейлем қурандар.

Қызыраң-қызыраң, гурс, сарт, қарш-қарш, маң-ман, топ, морт, қайқаң, баж-бұж, дір-дір.

**АЙТЫЛЫМ**

9-тапсырма. Бұқаралық ақпарат құралдарынан Қазақстанда тұрағын басқа ұлт өкілдерінің қазақ халқы туралы айтқан сөздерін тауып, ой бөлісіндер.


**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. «Таңбалар» әдісін қолданып жазыңдар.

	Бүгінгі сабакта саған не үнады? Өз ойынды жаз.
	Сабактағы әсерің жайлы сыныптастыңа хабарлама жаз.
	Өзіңде үнаган тапсырманы айттып, сыныптастыңмен пікірлес.
	Сабактағы қажет мәліметті айттып, жазып қой.

9–10-сабактар

ПӘТИЖЕ САБАҚ



ОЙТУРТКІ

- Халықтар достығына арналған қандай мерекені білесіндер?



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннен тұрақты тіркестерді тауып, оларға анықтама беріңдер.

Қыдырыңған төр

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымақ күні. Мұнданай айтулы күндер әр мемлекетте бар. Десе де, оның мән-маңызына терең бойлай алмаған елдердің күйін көзben көріп, құлақпен естіп отырмыз. Биыл уыздай үйыған берекеміздің берекетін әйгілеп, осы айтулы күнді айрықша өткізуі жоспарлағанымыз баршага аян. Мине, сол күнді де ойдағыдай өткіздік.

Мереке-мейрамды той тойлау емес – ой қорыту, өзара түсіністікті, бірлікті нығайту деп үқсан абзал. Қазақстанды мекен еткен түрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдері бейбітшілік бесігіне айналған елімізді мақтан етіп, өздерінің есіп-өркендеуіне, мәдениетінің дамуына, тілі мен ділінің қанат жауына жағдай жасаған ел басшылары мен кеңпейіл, бауырмал қазақ халқына шын жүректен алғыстарын білдірісті.

«Бірлік болмай – тірлік болмас» деп ой түйетін елдің бүгінгі тыныс-тіршілігіне қызыға да, қызгана да қарайтын жұрт көп. Алғаш егемендіктің көк туын тәбемізге көтергенде түтініміздің түзу шыгарына сенімсіздік танытқандардың легі мол еді. Түсініксіздіктер мен белгісіздіктердің талайын бастан өткергеніміз айқын. Әйтсе де, түтініміз бағытынан адаспады. Үйтқи соққан замана желін де көрдік. Көрші-қолаңың қазан-ошағын қапсыра құлатып, құлін көкке көтерген дауылдардың лебін де сездік. Бірақ ішкі бірлігімізді ала алмады.

(«Ана тілі» газетінен)

**ЖАЗЫЛЫМ**

2-тапсырма. Еліктеу сөздерді қолданып, сейлем құрандар. Құраган сейлемдеріне морфологиялық талдау жасандар.

Қызараң, тарс, жылт, дір-дір, қыңқ, елпен, маң-маң, сарт-сүрт, қарш-қарш, жарқ-жүрк, жалт, морт.

**ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтіндең шылауларды теріп жазындар. Қандай қызмет атқарып түрғанын түсіндіріндер.

Мен әдеби кітаптарды көп оқымын гой. Сонау, XVIII–XIX ғг. жыраулардың, ақындардың өлең-жырларын оқып отырып таңғалмын. Қазақ тілінің ауқымы қаншама десенізші?! Қунделікті түрмиста пайдаланудан шығып қалған сөздерді есептесек, қазір он миллион қазақ сөзі бар екен. Ондай сөздік қор немістерде де, орыстарда да, ағылшындарда да жоқ. Соны бірақ қазақтардың өздері де біле бермейді. Олардың тілінің керемет байлығы екендігін. Тајауда маган бір қазақтың жігіті келді. Жасы отыз екі-отыз үштерде. Үлкен қызыметтегі адам. Түрік тілін, ағылшын тілін жатық менгеріп алған. Ақылы мол, білімі терең. Өзі ете пысық екен. «Жана қазақтардың» бірі. Сол жігіт айтады: «Осы қазақ тілін қарабайырау етіп қайта жасауға болмай ма? Қазақ тілі тіпті қыындал кетті. Атаулары ете көп. Тек қана қунделікті өмірге қажеттісін ғана алып, ал қалған сөздерінің бөрін жойсақ қайтеді? Грамматиканы жеңілдетсек. Синтаксисте шетелдің сөздерін молырақ қолдансақ, қалай болады екен?» Мен оған қарсылық білдірдім. Не үшін бай тілді жасанды түрде кедейлендіреміз?! Неге барымызды жоғалтуымыз керек?! Онсыз да көптеген сөздеріміз қолданудан қалып бара жатқан жоқ па? Қайта сол бай тілді қайтадан қалпына келтіріп, оны одан сайын дамытуымыз керек емес пе?

(Герольд Бельгер)

**АЙТЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтіндең Герольд Бельгердің пікірі бойынша ойталқы еткізіндер. Сендер мәтіндеңі жігіттің ұсынысына қалай қарайсыңдар?

**ЖАЗЫЛЫМ**

5-тапсырма. Еліктеу сөздерді түріне және жасалу жолына қарай топтап жазыңдар.

Қалш-қалш, зірк, кідің-кідің, солқ, қодыраң-қодыраң, балп, желең, шылдыр, кемсек, гу-гу, баж-бұж, далаң-далаң, тақ-так, тырс, мылжа-мылжа, былқ-сылқ, сылаң.

**ТЫҢДАЛЫМ**

6-тапсырма. Мәтінді тыңдаپ, мазмұны бойынша сұрақтар құраңдар.

**АЙТЫЛЫМ**

7-тапсырма. Мәтіндегі етістіктердің қай шақта тұрғанын айтыңдар. Сейлемге морфологиялық талдау жасандар.

«Жерўыйық» – Лаврентий Сонның балалық шағы туралы фильм. Оның отбасын 1937 жылы Қызыр Шығыстан жер аударған. Балалық шағы Алматы облысы Үштөбе ауылында өткен, үлтү – кәріс. Бұл фильмнің басты идеясы – қазақ халқының кеңпейілділігін, қонақжайлығын көрсету. Режиссері – Сламбек Тәуекел, ал сценарийдің авторы – Лаврентий Сон. «Адамзаттың бәрін сүй, баяурым деп» деген ұлы Абайдың сөзімен басталатын кинокартинада Сталин заманындағы өзге ұлт өкілдерінің жер аударылған кездеңі тағдыры көрсетіледі. Болат Әбділманов сомдаған басты кейіпкер Орынбайдың бойына достыққа адалдық, қонақжайлық, турашылдық, әділеттік жолында басын бәйгеге тігуге дайын батырлық сияқты жағымды қасиеттер топтасқан.

(«Арай» газетінен)

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. Семантикалық картаны толтырыңдар.

Мысалдар	Еліктеуіш сөздер	Бейнелеуіш сөздер
тарс-тұрс		
томп-томп		
гұрс		
мырс		

елең бұлк-бұлк санқ дір-дір қалт		
--	--	--



АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Достығы жарасқан ел» деген тақырыпта фотоколлаж дайындаңдар. Коллажды сыйыпта қорғаңдар.



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Фаламтордан «Жерүйық» фильмін көріндер. Фильм бойынша сыйыпта ой бөлісіндер.



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. Еліктеу сөздерді табыңдар.

- A. азық-түлік, сауық-сайран
- B. қысы-жазы, азды-көпті
- C. тарбаң-тарбаң, қарқ-қарқ
- D. аш-жалаңаш, мәрдымды-мәрдымсыз
- E. он-ондал, топ-тобымен

2. Бейнелеуіш сөздерді табыңдар.

- A. қор-қор, зың, гұрс
- B. алшаң, сыпың, өрім-өрім
- C. арс-арс, былш-былш

Д. бақ-бақ, шик-шик
Е. қыр, лап, күріс

3. Еліктеуіш сөзі бар сөйлемді табындар.

- А. Гүлдеген жел терезенің пердесін желп-желп еткізді.
В. Қазан шымыр-шымыр қайнап жатыр.
С. Ол досының маң-маң басқан жүрісіне таңдана қарады.
Д. Ол күтпеген сөзге селк етті.
Е. Қызыл кейлегі жалт-жұлт етеді.

4. Сәйкесін табындар.

- | | |
|----------------|--------------------|
| А. қалт-құлт | 1) бейнелеуіш сөз |
| В. тарс, гұрс | 2) есімше |
| С. дейін, соң | 3) септеулік шылау |
| Д. оқыған адам | 4) көсемше |
| Е. күліп айтты | 5) бейнелеуіш сөз |

5. Қөп нүктенің орынна тиісті еліктеуіш сөзді қойындар.

*Қазақ үйдің алдында тұрган бірнеше цлт өкілдері өзара ...
әңгімелеге қошкен.*

- А. мырс-мырс
В. гу-гу
С. шыр-шыр
Д. тапыр-тұптыр
Е. салдыр-гүлдір



ОЙГАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Шығу парагы» әдісін қолданып, сұрақтарға жазба-
ша жауап беріңдер.

- «Қазақстандағы үлттар достастығы» тақырыбы бойынша не үйрениндідер?
 - Бұл бөлімде қай мәліметтер маңызды болды?
 - Өз жұмысына, сыныптастарыңың топ ішіндегі әрекеттеріне көнілдерің тола ма? (*Өзіңнің және сыныптастарыңың білімін бағалаңдар*).
 - Осы бөлім бойынша тағы не білгілерің келеді?
 - Осы бөлім бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисындар?

ДҮРҮС ТАМАҚТАНУ

8-бөлім

1–2-сабактар

АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ



ОЙТУРТКІ

- Дұрыс тамақтану дегенді қалай түсінесіңдер?
- Дұрыс тамақтанаңыздар ма?
- Дұрыс тамақтанбаудың деңсаулыққа тигізетін әсері туралы не білесіңдер?
- Күніне неше рет тамақтанаңыздар?



ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаپ, тақырып қойыңдар.



АЙТЫЛЫМ



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды анықтандар. Мәтіннің андатпасын толықтырып жазыңдар.

Мәтінде _____



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықтандар.

Қазақтың дәстүрлі дастарқаны, негізінен, малшаруашылығының өнімдері мен сүт тағамдарынан құралады. Ал егіншілік өнімдері – астық, көгөніс, жеміс-жидектер үлттық тағамдарға қосалкы нәр беруші, дәмдегіш ретінде саналған.

Қазақ халық мал етінен түрлі тағамдар дайындаған. Суға қайнатып, майға қуырып, қақтап, қарып пісірудің тәсілдерін жетік меңгерген. Оларды сақтаудың бірнеше түрін білген. Сақтаудың әдіс-тәсілдері көшпелі тұрмыстың ауқымында санғасырлық тәжірибе негізінде қалыптасқан.

Еттен қарын бортпе, қимай, қуырдақ, ми палау, сорпа, сірне, ұлпершек, шүжық, қазы және т.б. тағамдар өзірлеген.

«Ағы бардың бағы бар» деп қазақ халқы сүт тағамдарын да ерекше қастерлеп, құт-береке, несібе деп киелі санаған. Абайсызда ақ төгілсе, оған саусағын малып, маңдайына жағып, ырыс-құт кетпей ырымын жасайды. Түйе мен биенің сүтінен қымыз, шұбат, сиырдың сүтінен айран үйытып, сарымай шайқап, қатық, сұзбе, құрт сұзіп, ақ ірімшік, қызыл ірімшік, ежігей қайнатып, алуан түрлі тағамдар өзірлеген. Шөл қандыру үшін айранға су қосып, шалап жасаған.

Халық егіншілікпен айналысып, бау-бақша өсіріп, отырықшылықта бет алған дәүірден бастап, нан, жеміс, көгөніс тағамдары мәзірден тұрақты орын алды. Астықтан дайындалатын негізгі тағамның түрлері – бауырсақ, нан, шелпек, тоқаш. Тарыдан да сан алуан тағам түрлерін өзірлейді.

Қазақ үшін дәмнен, дастарқаннан үлкен нәрсе жоқ. Дастанқан басындағы сұхбат-әңгіме, ән-жыр – қазақ мәдениетінің мәйегі іспеттес.

(«Сен білесің бе?» әнциклопедиясынан)

Тілдік бағдар

Одагай. Одагай түрлері

Адам көңіл күйін білдіретін сез табын **одагай** деп атайды.

Одагай үш топқа жіктеледі: **көңіл күй одагайлары**, **жекіру одагайлары** және **шакыру одагайлары**.

Көңіл күй одагайлары	Жекіру одагайлары	Шакыру одагайлары
<p>Адамның түрлі сезімін білдіреді. Riza болу мәнді одагайлар: <i>басе, барекелді, уа, иә.</i> Қуану мәнді одагайлар: <i>оно, алақай, ене.</i> Қорқу, шошу мәнді одагайлар: <i>ойбай, он, ах.</i> Өкініш мәнді одагайлар: <i>қап, аттөң, апыр-ай, тцу, ой.</i> Таңырқау, таңдану мәнді одагайлар: <i>пай-пай, пан-пан, па, бәле.</i></p>	<p>Жекіру, тыйым салу, бүйіру сияқты мәнді білдіреді: <i>жә, кәні, тәйт, тек т.б.</i></p>	<p>Ит-құс, малды шакыру, қууга қатысты мәнді білдіреді. Құрау-құрау (жылқыра қатысты), әукім-әукім (сиырга қатысты), шөк-шөк (түйеге қатысты), кә-кә (итке қатысты) т.с.с.</p>

Одагайлар өздігінен сейлем мүшесі бола алмайды.

Қосарланып айтылған одагайлар дефис арқылы жазылады.
Мысалы: *пай-пай, қош-қош т.б.*

Одагай сейлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады да, сейлем соңына леп белгісі қойылады. Мысалы: *Қап, ертерек келгенде гой!*

Одагай сейлемнің ортасында келсе, оның екі жағына үтір қойылады. Мысалы: *Далага шықсам, о тоба-ай, айнала қалың тұман*. Сейлемнің соңында келсе, алдынан үтір қойылады. Мысалы: *Соны айтши, бәсө!*



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтін бойынша «*Қос жазба күнделігі*» әдісін қолданып, кестені толтырыңдар.

Үзінді	Түсініктеме



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Төменде берілген одагайларды қатыстырып, сейлем құраңдар.

Пай-пай, тәйірі, қап, алақай, туһ, ах.





ЖАЗЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Берілген графикалық мәтінді толықтырыңдар. Мәтін-дегі тағам түрлері туралы айтыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. «Қазақтың ұлттық сусындары» тақырыбы бойынша одагайды қатыстырып, шыгарма жазыңдар.

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сыныптастарыңмен ой белісіндер. Ойбөлісте үлттық тағамдар туралы айттыңдар.

**АЙТЫЛЫМ**

9-тапсырма. «Қазақтың үлттық тағамдары» деген тақырыпта фотоколлаж дайындаңдар. Оны сыныпта қорғаңдар.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Маган ... қызын болды.

Мен ... сияқты тапсырмаларды орындадым.


Мен ... екенін түсіндім.

Мен ... үйрендім.

Мен ... таңғалдым.

БІЛГЕНИҢ ДҮРІС!

Дайындалу ерекшелігі мен сақталу мерзіміне қарай қымыздың «уыз қымыз», «саумал қымыз», «тунемел қымыз», «құнан қымыз», «бесті қымыз» және т.б. түрлері болады.

3–4-сабактар**ДӘРУМЕНДЕРДІҢ ПАЙДАСЫ****ОЙТУРТКІ**

- Дәрүмен дегеніміз не?
- Дәрүменнің қандай пайдасы бар?
- Дәрүменнің қандай түрлері бар?
- Адамның ағзасында қандай дәрүмендер болады?

**ТЫНДАЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаң, мазмұнын баяндаңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

2-тапсырма. Суреттегі бір жемістің түрін тандап, сол жайында жарнама дайындаңдар. Жарнамада суреттегі жеміс-жидектердің пайдасы, оның құрамындағы дәрумендер туралы ақпараттар қамтылуы тиіс.

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Өртүрлі дереккөздерден дәрумендер туралы ақпарат жинаңдар. Әр дәруменнің пайдасын *пай-пай*, *алақай*, *пәлі*, *эттең* және т.б. көңіл күй одагайларын қолданып айтыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты кестеге түсіріңдер. Ол ақпаратты деректер келтіре отырып дәлелдендер.

Тағам атауы	Оның құрамындағы дәрумендер	Оның адам денсаулығына тигізетін пайдасы	Оның адам денсаулығына тигізетін зияны
Үлгі:			
Сүт	<i>акуыз, май, көміртегі, минералды тұздар</i>	<i>Сүттің құрамында баланың сүйектері мен тісінің қалыптасуына әсер ететін кальций және фосфор бар. А дәрумені баланың бойының өсуіне және көзі мен терісіне пайдалы.</i>	<i>Сүттің негізгі компонентін лактоза құрайды. Сүт асқаннаның кебуін түгизады. Ағзаның қабынуына әсер етеді, ағзамызда қышқыл ортанды құрайды.</i>

**ОҚЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтінге тақырып қойындар. Мәтін бойынша жоспар құрындар. Негізгі ойды білдіріп түрған сөздер мен сөйлемдерді табындар.

Адам сүт тағамдарын көп қолданады. Адамзат баласы өзінің қайталанбас көп әдетінің ішінен дәл осы әдетін сақтағаны дұрыс.

Фалымдардың көз жеткізгені: күніне жарты литр немесе одан да көп сүт ішкен ер адам диабет, қан қысымының артуы, қандагы холестерин деңгейінің аз болуы және диабет пен жүрек ауруына жиі соқтыратын семіздік сияқты ауруларға 62 пайызга кем шалдығады.

Йогурт, ірімшік сынды өзге азық-түлікке қараганда сүттің аз да болса артықшылығы бар көрінеді.

Бірақ өткен 25 жылдың ішінде Ұлыбритания халқының сүтті пайдалануы айтарлықтай төмендеген.

Өткен ширек гасырда сүттің қадірі түсті. Сүт өндірушілер сүттің, өсіресе балаларға пайдалы екенін үнемі насиҳаттап келді. Сүттің құрамында «D» витаминімен бірге сүйекті қатайтатын кальций көп. Бірақ сүттің құрамына май да көп қосылады. Майы көп сүт жүрек ауруына соқтырады. Ал соңғы ізденіс сүттің пайдасын асыра бағалаган бірінші зерттеу емес. Иранда жасалған зерттеу майлы сүтті көп ішу мен метаболизмдік дертке шалдығудың өзара байланысын тапса, Францияда өткізілген сынақ, та дәл сондай тұжырымға келді. Алайда француздардың зерттеуі әйелдерге қараганда ерлер үшін сүттің әлдеқайда пайдалы екенін тапты.

(Султанхан Ақұлынан)

**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Мәтіндегі өзіңе үнаган ақпаратты таңдап алып, сол женинде өз ойларынды шағын әссе түрінде жазындар. Эссеге қойылатын талаптар сақталуы тиіс.

**ЖАЗЫЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**

7-тапсырма. Көңіл күй одагайларын қолданып, сүт өнімдері туралы 5 сөйлем құрандар. Одагайлардың сөйлем мағынасына қандай өзгеріс енгізгенін айтындар.

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Бұқаралық ақпарат құралдарынан, ғаламтордан дәруменнің шығу тарихы, оның пайдасы туралы ақпарат жинаңдар. Жинаған ақпараттарың бойынша бірнеше сұрақ да-йындаңдар. Осы ақпараттарды қолданып, сабакта ой бөлісіндер.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмадау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- мақал-мәтөл, фразеологиялық тіркестерді, одагайларды қолдану;
- езіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

**АЙТЫЛЫМ**

9-тапсырма. Қазақ халқының сүттен жасалған өнімдері туралы фотоколлаж дайындаңдар. Фотоколлажды сыныпта қорғаңдар.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. Мәтінді талдаңдар. Төмендегі таңбалармен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгілендер. Өз ойларыңды қорытындылап жазыңдар.


«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлаганымда қайшы, керегар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

БІЛГЕНИҢ ДҮРІС!

Балға үккіштен өткізілген сәбізді қосып, құтыға салып, біраз уақыт қояды. Бал сәбіздің шырынына әбден еріген соң, тосап сияқты өте тәтті тағам пайда болады. Оны, әсіресе бауыры, өт жолы ауыратындар ем ретінде пайдаланса, шипалық қасиеті мол. Бал қосылған сәбіздің құрамында каротин деп аталатын дәруменді зат жақсы сақталады. Ал бал мен лимонды қосып пайдаланса, бүрекі, бауыры, өт жолы ауыратын адамдарға өте пайдалы.

5–6-сабактар

ГЕНДІК ӨЗГЕРІСКЕ ҮШЫРАҒАН ТАҒАМДАР



ОЙТУРТКІ

- Жартылай дайын өнім дегеніміз не?
- Олардың адам денсаулығына тигізтер зияны бар ма?
- Сендер жартылай дайын өнімдерді жиі пайдаланасыңдар ма? Не себепті?
- Күніне неше рет тамақтанасыңдар?



ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретті пайдаланып, мәтін күраңдар.

Қажетті сөздер: тамақтану, адамға пайдалы, төтті, ашы, жартылай дайын өнім, зиянды тағам, қоректік заттар, микроэлементтер мен дәрумендер, гендік өзгеріс.



ТЫНДАЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңдарап, негізгі ойды анықтандар. Мәтін болынша бірнеше проблемалық сұрақтар дайындаңдар.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөйлемдерден одагайларды тауып, қандай мән үстеп тұранын айттыңдар.

1. – Өй, балам-ау, мына жер – жер жатагы. 2. – Уа, қой деймін, бала! Ат зорықтырасың! 3. – Бәсе, Телгара ғой... жаным-ау, мынау... Телгара! 4. – Әй, шырагым балам, әуелі ар жағында әкең түр... Сөлем бер! – деді. 5. – Ойбай, бау-рем! – деп қояды. 6. – Апыр-ай, атақонысым еді. 7. – О-о, мен көрсетем! Мен сени алдамаймын. (М. Өтөзөв).



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдаған мәтінді пайдаланып, гендік өзгеріске үшірган тағамдар туралы сыйба дайындаңдар.



5-тапсырма. Мәтінге тақырып қойындар. Мәтін бойынша жоспар құрындар. Шылауларды тауып, түрлеріне ажыратындар.

Саламатты тамақтану – тамақ рационын, тамақтану тәртібін, тамақтану ережесін дұрыс сақтау деген сөз. Адамның денсаулығы саламатты тамақтануға көп байланысты. Дүниежүзлік денсаулық сақтау үйымының мәліметі бойынша, шамамен сырқаттың 80 пайыздан астамы дұрыс тамақтанбаудан болады. Адамның күнделікті тұтынатын асында ақуыз, май, көмірсу сынды қоректік заттар, микроэлементтер мен дәрумендер жеткілікті мөлшерде болуы қажет. Мүмкіндік болса, тағамды белгілі бір уақытта қабылдау керек. Бул астың сінірліуін жақсартып, адам денсаулығына игі әсер етеді. Ал ретсіз, кеш және шамадан тыс көп ішілген тағам асқазан-ішек жолдарына салмақ түсіріп, тамаққа төуелді сырқаттардың асқынуына әкеліп соғады.

Тағамды күніне 4–5 рет аз-аздан жеу керек. Егер күніне 3 рет тамақтанатын болсаңыз, таңғы асыңыз тәуліктік рационның 30–35 пайызын, түскі ас – 40 пайызын, кешкі ас – 25–30 пайызын құрауы қажет. Бірақ тамақ қабылдау аралығы 3 сағаттан аспауы шарт. Негізі әр үш сағат сайын ағзага тағам түсіп тұру қажет. Ал соңғы ас қабылдау үйіктардан 2–3 сағат бұрын болуы керек. Егер түнге қарай шамадан тыс ауыр тағамдарды қабылдасаныз, бұл астың қорытылуына кері әсер етіп, семіздік, панкреатит және басқа да асқазан-ішек ауруларының асқынуына әкелуі мүмкін. Жалпы кешкі ас жеміс-жидектерден болғаны дұрыс.

Күні бойы ашқұрсақ жүрген адам салмақ тастамайды. Тіпті қосуы мүмкін. Себебі тұтынатын калориялар кенет азайған кезде ағза дағдарысқа үшінрап, заттектер қорға жинала бастайды. Бұл калорияның баяу жойылуына әкеледі. Яғни ашыққан кезде, керісінше, салмақтың қосылуы артады. Сондықтан күні бойы аш жүріп арықтаймын деген ойдан аулақ болу керек. Салмақты қалыпты деңгейде үстап тұру үшін жогарыда айтқан тамақ рационын сақтай білу қажет. Бұған күніне 5 рет аз-аздан тамақтану, дene белсенділігін біртінде арттыру, үн өнімдерін, жануар майларын, аңы тағамдарды тұтынуды азайту жатады. Тамақ құрамында жеміс-жидектер мен көгөністердің мөлшері көп болғаны дұрыс.

Салмақ төмendetудің дұрыс тәсілін таңдау үшін алдымен дәрігермен кеңесу қажет. Бұл жерде сіздің жекебас ерекшеліктеріңіз бен сырқаттарыңыз есепке алынады. Сонда ғана нәтиже жақсы болады.

(«Астана ақшамы» газетінен)



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Сейлемдерге морфологиялық талдау жасаңдар.

Ақ ірімшік – тағам түрі. Ақ ірімшікті алу үшін сүтті пісірген соң, қайнап тұрган сұтке айран құйып ірітеді. Сүт ірігеннен кейін қоюланып, жентектеледі де, сары сұы шығып, ірімшігі бөлінген кезде қазанды оттан түсіріп, ірімшікті кенеп дорбага салып сүзеді. Ақ ірімшікті көп кептірмей жас құйінде қолданады. Кептірлген ірімшікті қыстың құндері ыстық шайға, сорпаға салып жібітіп жейді.

(«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясынан, 1-том)



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннен түйік етістіктерді тауып, қандай сейлем мүшесінің қызыметін атқарып тұрганын айтыңдар. Осы сейлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі термин сөздерді теріп жазып, әрқайсысына анықтама жазыңдар.

Рацион	Жекелеген азықтардың немесе азық топтарының қоректік қасиетіне қарай пайыздық арақатынасы



АЙТЫЛЫМ

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсық жұмыс. Бұқаралық ақпарат құралдарынан ГМА (генетикалық модификацияланған ағза) туралы мақалаларды оқып, ой бөлісіндер.

**АЙТЫЛЫМ**

10-тапсырма. *Топтық жұмыс.* «Жартылай дайын өнімдердің пай-
дасы мен зияны» деген тақырыпта пікірталас өткізіндер.

Пікірталасқа қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырманау;
- деректер мен дәлелдерді үтимды қолдану;
- сез әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. *«Бес саусақ»* әдісін қолданып, сұрақтарға жауап жа-
зындар.

Бас бармақ – басты мәселе. *Бүгінгі сабакта ең қынды мәселе
не болды?*

Балаң үйрек – бірлесу. *Мен топта/жүпта қалай жұмыс жа-
садым? Кімге комек бердім?*

Ортан терек – ойлану. *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе
жинадым?*

Шылдыр шүмек – шынайылық. *Сабак маган үнады ма? Нелік-
тен?*


Кішкентай бобек – көзіл күй ахуалы. *Мен өзімді сабакта қа-
лай сезіндім?*

7-8-сабактар**ТАМАҚТАНУ МӘДЕНИЕТІ****ОЙТУРТКІ**

- Тамақтану мәдениеті дегенді қалай түсінесіндер?
- Қазақ халқының дастарқан әдебі туралы не білесіндер?

**ЖАЗЫЛЫМ**

1-тапсырма. «Тамақтану мәдениеті» деген тақырыпта кластер құрасыңдар.

**ТЫҢДАЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтінді тыңдаң, бірнеше сұрақ дайындаңдар. Осы сұрақтарды сыйнаптастарыңа қойып, диалог құрындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтіннен сын есімдерді тауып, оның орнына синонимін қойындар. Мәтін мазмұны қалай өзгергенін айтыңдар. Осы сөздерді қолданып, құрамында одагайы бар сөйлем құрандар.

**АЙТЫЛЫМ**

4-тапсырма. Сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңдар.

Дәмнен үлкен нәрсе жоқ деп есептейтін дәстүрлі ортада дастарқан мен дастарқан басына қатысты қалыптасқан қағидалар, маңызды да бұлжымас ережелер, жоралғылар мол. Ол отбасы мүшелерінің, қонақтардың дастарқан басында отыруы, өзін ұстауы және сыйлы тағамдардың маңызы мен ретіне қарай тартылуы (бата жасау, асату, сыбаға ұсыну) сияқты т.б. көптеген дәстүрлі ұстанымдардан тұрады.

Улкенді сыйлау салты дастарқан басында қатаң сақталады. Дастарқанға үлкен кісі бата береді. Улкендер мен үй иесі астан дәм татқан соң ғана басқалары тағамға қол созады.

(«Қазақтың этнографиялық категориялар, цымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясынан, 1-том)

**ОҚЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтінді оқып, талдаңдар. Тақырып қойып, жоспар құрындар.

Дәрігер-диетолог мамандардың кеңесімен Қарулы Құштердің түрлеріне қарай арнайы тамақтану мәзірі жасалған. Мәселен, үшқыштарға ет, десантшыларға сүт өнімдері, теңізшілерге үн тағамдары көбірек ұсынылады. Қазақстан сарбазының дастарқан мәзіріне шұжық, ірімшік, сұзбе, ет, үн өнімдері, көгөніс, жұмыртқа тәрізді негізгі дәрумендер бар тағамдар енгізіліп отыр. Бұл өскердегі тамақтану мәселесінің сапалы әрі калориялық құндылығы жоғары болу керектігін меңзейді. Сонымен сарбаздың күндік нормасы 4 351 калорияга жеткізілді. Аталған көрсеткіш бойынша біз НАТО өскерінің деңгейіне жақындалап, ТМД елдері бойынша Ресейден (4 374) ғана сәл арттамыз.

Бүтінгі таңда Қазақстан Қарулы Құштері өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету, ас өзірлеуден бас тартып, барлық жұмысты ашық тендерде жеңімпаз атанған жекеменшік көспікерлік фирмалардың қолына беріп отыр. Ендігі жерде сарбаздар асхана жұмыстарына араласпай, бар уақытын оқу-жаттығу, тікелей міндеттеріне байланысты туындаған шаруаларға жұмсақтын болды. Өскери бөлімдер тамақтың дайындалу барысында бақылау, тексеру, қабылдау жұмыстарын ғана атқарады. Бөлім бастықтары сарбазға ұсынылған ас мәзірін құптап, қол қояды.

Сонымен ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша Қазақ тағамтану академиясы жаңа нормага сай сарбаздың күнделікті асына 15 грамм пияз, 0,8 грамм шай, 45 грамм сәбіз, 30 грамм қияр, 10 грамм қызылаш, 5 грамм сиыр сүтін, 1 тауық жұмырткасын, 5 грамм өсімдік майын қосты. Сондай-ақ 100 грамм жеміс-жидек, 1 грамм кофе немесе 2 грамм какао, 15 грамм шұжық, 20 грамм қаймақ, 30 грамм ірімшік секілді өнімдермен сарбаздың дастарқан мәзірі толыға түсті.

(Рая Мінап, «Сарбаз» газетінен)

**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Одағай сөздерді табындар. Олардың қандай мағынада айтылып тұрғанын түсіндіріңдер. Тыныс белгілерінің қойылу себебін айтыңдар. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасандар.

1. – Әй, әй, қойындар әзілді! 2. – Қап, әттеген-ай! – деді ана екеуінің біреуі. 3. – Ойбай, тартпасын ағытындар! – деді екінші біреу. (Т. Әлімқұлов). 4. – О, алып қой мынау! Мұны қайтып құлатамыз? – деп күмәнданды. 5. – Ә-ә, – деді де, қолын бір сілтеді. (Ш. Мұртаза). 6. – Пау, шіркін, сері десең, сері-ay! 7. – Е, бәйгеден аты келіп, үш жүзге мағлұм болған адамның көңілі өспеуші ме еді! 8. – Ойпырм-ай, мына сезінде қарағанда шын құмартқан адам гой! 9. – Ау, Құсеке, түсінізден шошып оянидыңыз ба, мұныңыз не?! (С. Жұнісов). 10. – Апыр-ай, ә! «Үшқында» бір қолы алтын ұста бар деуші еді. (Ә. Кекілбаев). 11. – Түү, машинаны босқа әурелепсің гой! 12. – Тәйт, өшір үнінді! – деп зекіп тастады. 13. – Оу, не болды саган! 14. – Е, білмеймін, жүр де ауыл арасы. (С. Мұратбеков).



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. 5-тапсырмадагы берілген мәтіндегі «ұшқыштарға ет, десантшыларға сүт өнімдері, теңізшілерге ұн тағамдары көбірек ұсынылады» деген ақпарат неге негізделгенін анықтаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, мақал-мөтелдерді жазыңдар.

- Аз ас...ц, аз піседі,
Көп ас...ц, көп піседі.
- Ас иесі... төтті,
Табагы... жақсы.
- Ат – адам... қанаты,
Ас – адам... қуаты.



АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. *Жүлтых җұмыс.* Берілген сез орамдары қай уақытта қолданылатынын айтып, диалог құрындар.

1. Біздің үйдің қадірлі қонағы болыңыз.
2. Тамақ алыңыз!
3. Келгенізге үлкен рақмет!
4. Біздің дастарқанымыздан дәм та-тыңыз!
5. Ұялмаңыз, ас алыңыз!
6. Орамал тон болмайды, жол бо-лады.
7. Дәм-тұзыңызға көп рақмет!
8. Осыған риза болыңыз!


**ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. «Менің сабактан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не үнады?

БІЛГЕНИҢ ДҮРЙС!

Сараптама нәтижесі деңсаулыққа зиян келтіретін хот-дог секілді жартылай дайын өнімді балалардың 86 пайзызы күнделікті тұтынатынын, ал 18 пайзызы газды сусындарды күнделікті ішетінін көрсетті.

9–10-сабактар**НӘТИЖЕ САБАҚ****ОЙТУРТКИ**

- «Ас атасы – нан» деген мақалды қалай түсінесіңдер?

**ЖАЗЫЛЫМ**

1-тапсырма. Ақпарат құралдарындағы пайдалы кеңестерді пайдаланып, бір апталық ас мәзірін жасаңдар. Өр тағамның калориясын ғаламтордан, қосымша әдебиеттерден қарап, беліп алыңдар. Олардың адам ағзасына тигізетін пайдасын дәлелдендер.

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. Одагай түрлерін ажыратыңдар.

– Рахат апай бар гой, ол кісі менің желінбей қалған, әркім көшеге тастаған нандарды жинап, фермаға аппаратынымды да біледі еken. Атайға соны айтып еді, ол кісі: «Нан қадірін білген адам ғана – адам. Жаның жомарт, алақаның ашық, пейілің кең болсын. Тілеген тілегіңе жет, балам», – деп екі алақаның жайып, бетін сипады.

- Ой, құлымынам, мұнан артық не керек бізге. Ақкөңіл, адал жүргімен батасын берген екен гой! – деп Ажар жүрегі жарыла қуанып, немересін аймалап сүйе бастады.
- Шәйімкүл-ай, Шәйімкүл, мұнда кел. Қуан. Той жаса. Құлымызды мақтау қағазбен қоса Дәрмен атасынан бата алыш келіпті. – Ермек аң-таң.
- Әже, бата деген не? – деді қысыла, күмілжи сұрап.
- Ой, жаным, ол – ...

(Сансызыбай Сарғасқаев)



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «Нан қадірін білген адам ғана – адам. Жаның жомарт, алақаның ашық, пейілің кең болсын. Тілеген тілегіңе жет, балам» деген Дәрмен атасың тілегін талдандар. Атасың батасында қандай мағына бар? Бата деген не? Мәтіндегі Ермектің әжесінің жауабын аяқтандар.



ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар дайындаңдар. 2–3 сейлемге морфологиялық талдау жасандар.

Бүкіл әлем бойынша екі жасқа дейінгі алты баланың бесеуді толықтанды тамақтанбайды, ол баланың физикалық және ақыл-ой дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Бұл туралы БҮҮ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) жаңа баяндамасында белгілі болды.

Сарашылардың айтуынша, баланың алғашқы екі жыл өмірінде маңызды құнарлы микроэлементтердің жетіспеушілігі болашақта күрделі денсаулық мәселелеріне әкеп согады.

«Балалар мен сәбілер құнарлы микроэлементтерге аса мұқтаж. Адам дамуы түрғысынан қарағанда алғашқы жылдар өте маңызды. Егер бала барлық қажетті тағам рационын алмаса, оның ағзасы мен миң толық дамымайды. Сондай-ақ мұнда миллиондаған балалардың тағдыры сез болуда», – делінген ЮНИСЕФ мәлімдемесінде.

Соңғы 10 жылда балалардың тойып тамақ ішпеу ауқымын елеулі түрде азайта алдық. Алайда бүгінгі таңда әлемде бес жасқа дейінгі 156 миллион баланың бойы өспей жатыр. Оның үстіне денсаулыққа пайдалы тағам ішпеген 42 миллион бала семіздіктен, артық салмақтан зардап шегіп келеді.

(«Қазақпарат», 15 қазан, 2016 ж.)



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. Қоңіл күй одагайларын табыңдар.

- A. құрау-құрау, шек-шек
- B. тәйт, тек
- C. шөре-шөре, беу
- D. уh, әттең, пәлі
- E. жә, кәні

2. Жекіру одагайларын белгілеңдер.

- A. тәйт, eh, әй
- B. o, уау, жә
- C. жә, тек, тәйт
- D. a, ha, e, құп
- E. қай, uh, eh

3. Шақыру одагайын табыңдар.

- A. ойпырым-ай
- B. пәлі
- C. бәрекелді
- D. көс-көс
- E. қап

4. Сөйлемдегі одагайдың білдіретін мағынасын анықтаңдар.

Әттөң, сүт өнімдері туралы дайындалған жарнамам женғендегой!

- A. қуану
- B. өкіну
- C. бүйіру
- D. таңдану
- E. ұрысу

5. Сәйкесін табыңдар.

- | | |
|---------------|----------------------|
| A. беу | 1) септеулік шылау |
| B. кәні | 2) шақыру одагайы |
| C. қарай, соң | 3) қоңіл күй одагайы |
| D. кә-кә | 4) еліктеуіш сез |
| E. даң-дүң | 5) жекіру одагайы |

**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Өздеріне ұнайтын қазақтың үлттық тағамдарының бірі жайында жарнама дайындаңдар. Жарнамаларында *бәрекелді, алақай, әттең, пай-пай, қап* т.б. одагайларды пайдаланыңдар.

**АЙТЫЛЫМ**

7-тапсырма. *Топтық жұмыс.* «Ақылдың алты қалпағы» рөлдік ойыны. 6 оқушыдан топтасып, 6 түсті қалпақ киіндер. Сұрақтарға жауап беріп, пікірталас үйимдастырыңдар. Берілген сұрақтар бойынша өз ойларынды айтыңдар. Қалпақты алмастырып, ойларынды қайта жалгастырыңдар.

Қалпақтардың қызметі	Жауап беретін сұрақтары
Гендік өзгеріске үшыраған тағамдар туралы не білетінін айтады.	Гендік өзгеріске үшыраған тағам деген не?
Гендік өзгеріске үшыраған тағамдардың артықшылығын айтады.	Оның қандай пайдасы бар?
Гендік өзгеріске үшыраған тағамдардың зияны туралы айтады.	Оның қандай зияны бар?
Гендік өзгеріске үшыраған тағамдарды пайдалану туралы ойларын айтады.	Гендік өзгеріске үшыраған тағамдарды қалай пайдалану керек?
Айтылған ойлардың қайсысы ұнғанын, қайсысы ұнамағанын айтады.	Айтылған ойларға қалай қарайсындар?
Бақылау және қорытындылау: айтылған ойлардың пайдалы және маңыздыларын айтады.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. «Гендік өзгеріске үшыраған тағамдар» атты тақырыпта эссе жазындар.



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Төмөндегі тыйым сөздерді қатыстырып, мәтін құрас-тырындар.

Тыйым сөздер

- Дастанарқанды, тамақты баспа.
- Шелектегі суга аузынды батырма.
- Нанды бір қолыңмен үзбе.
- Асты үрлеме, асты жамандама.
- Тамақты сораптап ішпе.
- Дастанарқанды, тамакты, ыдысты тастама.



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Төле бидің батасын оқып, мағынасын түсіндіріңдер. Батаны жаттап алындар.

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол.
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.
Бір тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол.
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала.
Өзегің талса, өзен бойын жагала.
Басыңа іс түссе, көпшілікті сагала.
Өзіңе өзің кәміл бол,
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адад бол!

(Төле би)



АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Кубизм» әдісін қолданып, тапсырманы орындаңдар.

1. **Баянда.** Одагай туралы айт.
2. **Колдан.** Одагайды қатыстырып, сейлемдер құра.

3. *Салыстыр.* Одағайдың түрлерін өзара салыстыр.
4. *Топтастыр.* Одағайдың негізгі белгілерін атап айт.
5. *Зертте.* Одағайлардың сөйлемдегі қызыметін айт.
6. *Қорытындыла.* Одағайлар туралы өткенді жинақтап, қорытындыла.



12-тапсырма. «Таңбалар» әдісін қолданып жазындар.

	Бұғынгі сабакта саған не үнады? Өз ойынды жаз.
	Сабактағы әсерің жайлы сыныптастыңа хабарлама жаз.
	Өзіңе үнаған тапсырманы айтып, сыныптастыңмен пікірлес.
	Сабактағы қажет мәліметті айтып, жазып қой.

ЖЕҢІС КҮНІ. ҰЛЫ ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

9-бөлім

1–2-сабактар

ОТАН ОТТАН Да ыстық



ОЙТУРТКІ

- Ұлы Отан соғысы қай жылдары болды?
- Ұлы Отан соғысы туралы не білесіндер?
- Неліктен бұл соғыс «Ұлы Отан соғысы» деп аталады?
- Сендердің ата-әжелерің немесе туыстарың Ұлы Отан соғысына қатысқан ба?



АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретті қолданып, Ұлы Отан соғысы туралы қысқаша енгіме құрап айттыңдар.



И. Хивренко. «Қанды шайқас» («Неравный бой»).

<http://tipolog.livejournal.com/15881.html>



ТЫҢДАЛЫМ



2-тапсырма. Өлеңді тыңдал, теңеулерді атаңдар. Мәтіндегі оқираның дамуы мен аяқталу кезеңін айттыңдар.

Тілдік бағдар**Оқшау сөздің түрлері.****Оқшау сөздердің қызметі**

Сөйлем құрамында тұрып, бірақ басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейтін сөздер **оқшау сөздер** деп аталады. Оқшау сөздер қаратпа, қыстырма және **одагай** болып бөлінеді.

Қаратпа сөздер дегеніміз тыңдаушының назарын аудару мақсатында айтылған сөздер мен сөз тіркестері. Қаратпа сөз көбінесе кісі есімінен, адамға қатысты сөздерден болады. Яғни сөйлеуші біреудің назарын өзіне аудару үшін қолданылатын оқшау сөзді **қаратпа сөз** дейміз. Мысалы, *Азамат, қиял-гажайылтар туралы не білесің?*

Поэзияда сөз тек адамға ғана қатысты емес, жан-жануарға, табиғаттағы жансыз заттарға да қаратылып айтылуы мүмкін. Мысалы:

Ау, қызығыш құс, қызығыш құс,
Канатың қатты, мойның бос.

(Махамбет)

Жан дала! Дәстүрің бар ел сақтаған,
Інжу мен маржаныңды көрсет маган.

(К. Ахметова)

Неге, неге, жас қызгалдақ!
Қыста көктеп тұрсың сен?
Қараймын да, қалам гажап,
Әттең, сырын түсінsem.

(F. Қайырбеков)

Қаратпа сөз сөз тіркесі түрінде де, бірнеше бірыңғай сөздер арқылы да жасалады. Мысалы: – Ел-жұрттың тегіс аман ба, қадірлі Дарабоз? Құрметті ел агалары, жаңа қоныс қалай? (К. Жұмаділов). Балаларым, балапандарым, қындерім-ау, қайдан жүрсіндер бәрің? (Б. Кененбаев).

Қаратпа сөз сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтір арқылы ажыратылады. Қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады. Қаратпа сөз сөйлемнің ортасында келсе, екі жағынан үтір қойылады. Қаратпа сөз сөйлемнің соңында келсе, алдынан үтір қойылады. Қаратпа сөз сөйлем басында келіп, көтеріңкі дауыспен айтылса, одан кейін леп белгісі қойылады. Көтеріңкі дауыс ыргағымен айтылған қаратпа сөз сөйлем соңында келсе, одан кейін леп белгісі қойылады.

Сейлемде сөйлеушінің айтылған ойға қатысты көзқарасын білдіретін оқшау сөздер **қыстырма сез** деп аталады.

Қыстырма сөздер айтушының сейлемдегі ойға өзіндік пікірін білдіреді. Қыстырма сөздер құрамына қарай дара (*cірә, рас, әйтіп, мүмкін* т.б.) және қурделі (*қорытып айтқанда, бақыттыма қарай, менің ойымша, тоқ етеріп айтқанда* т.б.) болып белінеді.

Қыстырма сөздер мағынасына қарай төмендегідей топталады:

Сейлемдегі ойта сендіру мақсатындағы қыстырма сөздер: <i>эрине, әлбетте, рас, шынында, шынын айту керек, жа-сыратыны жоқ, тұрасын айтқанда, әділіне келгенде</i> т.б.	Сейлемдегі ойга күмән келтіру мағынасындағы қыстырма сөздер: <i>cірә, мүмкін, шамасы, меніңше, қалай екені белгісіз т.б.</i>	Алдыңғы айтылған ойға қорытынды жасау мақсатындағы қыстырма сездер: <i>қысқасы, тоқ етері, демек, түсіп айтқанда, сайып келгенде, жалпы алғанда</i> т.б.	Кеңіл күйге байланысты қыстыр-ма сез-дер: <i>бәсе, бақыты-мызға қарай, амал не, өкінішке қарай, сәті түсіп</i> т.б.	Ойды сана-малап айту үшін қолданылатын қыстырма сөздер: <i>ен алдымен, екінші жағынан, біріншіден</i> т.б.
---	--	--	---	--

Қыстырма сез сейлем ішіндегі басқа сөздерден үтір арқылы ажыратылады. Қыстырма сез сейлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады. Қыстырма сез сейлемнің ортасында келсе, екі жағынан үтір қойылады. Қыстырма сез сейлемнің соңында келсе, алдынан үтір қойылады.



ЖАЗЫЛЫМ

З-тапсырма. Тындаған өлеңде ақын соғыс басталғанға дейінгі сөт пен «соғыс» деген сезді естігеннен кейінгі кезді қалай суреттеген? Мәтіннен ақынның осы кезеңді бейнелеген көркемдегіш тілдік құралдарды тауып, кестеге түсіріңдер.

Көркемдегіш тілдік құралдар			
-----------------------------	--	--	--

**АЙТЫЛЫМ**

4-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Ф. Оңғарсынованың «Қасірет пен ерлік жыры» атты өлеңінің толық нұсқасын оқып шығып, өлеңдегі көтерілген соғыс зардаптары туралы ой белісіндер. Өлеңді бірнеше мағыналық бөліктегерге бөліп алындар. Мысалы, баласын іздеғен қарт солдат; концлагерь; крематорий және т.б. (*kitap.kz* сайтын пайдаланыңдар).

Ойбеліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмаяу;
- сез әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестердің мәтіндегі эмоционалдық қызыметін түсініп қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

**ОҚЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықтаңдар. Мәтін бойынша күрделі жоспар құрындар. Сұрақтарға жауап беріңдер. Мәтіннен оқшау сөздерді табындар.

Өмір мен өлім туралы

Адам туады, адам өледі. Мунда тұрган қайры не? Бұл – жара тылыс заңы. Біздің шығыс елдері: «Адам – дүниеге келген қонақ, біраз қонақтадық, аттануың керек», – деседі. Бірақ адам дүниеге тек қана келіп, өншейін ғана аттана бермейді: ол артында ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады. Ол өмірге адам болып келіп, адам күйінде қайтады. Мен жиырмасыншы ғасырдың жасымын. Бұғін мен өз жайымды әңгіме еткім келеді. Өйткені бір жагымнан кек қысып отыр да, екінші – үлкен бір қайғым да бар. Менің бұл жазғандарым болашақта біздің осы ұлы күресімізді зерттеушілердің қолына түсіп, үлкен істердің кішкене бір тетігіне тиянақ болуга жараса, менде одан басқа арман да жоқ; ол зерттеушілердің біз осы арпалыста жүргенде қайғыра да, жылай да, күле де, кектене де білгенімізді үгынса болғаны. Кек неге қысады дерсіздер, оны да айта кетейін. Жастық шақ маган бір-ақ рет берілмеп пе еді?

Сол кезімді әлдекайда тунерген қара күш жұлып әкетпекші. Ол жастықтан бір айырылсам, оралар ма? Оралмайтынын мен жақсы білем, ах, жақсы білем! Біз, жастар, өмір сүруге асығатын едік, жастық шағымыздың іші-тысы бірдей болсын деуші едік қой, солай емес пе, құрбыларым! Міне, сол қымбат шағымызды фашистер тонап алғысы келеді, балдырығанды бақшага ерт салғысы келеді, осыған кектенем. Мен дүниеде жиырма-ақ жыл жасамадым ба? Бірақ дәл қазір ересек адаммын деуге болады, жиырмадамын, бірақ мендегі ой ақсақалды, талай белді артқа салған адамның ойындай.

Менің 19 жасымда бар ойым оқуда, қызмет жайында және несін жасырайын, атақ болатын. Мен толып жатқан өнер жайын ойлаушы ем. Алдымен ақын болғым келетін. Пушкин мен Лермонтовты, Гете мен Гейнені, Байрон мен Шиллерді оқығанда біржо-ла сүңгіп кетуші ем. Бұл ақындар маган қатты үнайтын да, күні-түні басымды көтермей оқытынмын. Мен күйші де болғым келетін. Чайковский мен Глинканы, Бетховен мен Шопенді ерекше құмартыш тыңдаушы ем. Мен өзімшіл екем, әрі ақын, әрі күйші болғым келетін.

...Бұл уақыттың ішінде біздің ел де өзгеріп кетті, адамдар да өзгерді, мен де өзгердім. Міне, жауынгер болдым. Қабагымнан кәр теккен, ызгар шашқан жауынгермін мен! Мені қазір көрген адам будан он ай бұрын бар ойы оқуда, я сүйген қызында болатын жас жігіт еді-ау дей алмайды. Менің жастығым адам баласының қызметіне берілді. Мүмкін, мен жастығымды қайыра алмаспын. Бірақ ол босқа кетпейді, менен кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жандарсындар. Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласындар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарының жолына құрбан еттік. Сендер тыныш өмірде бақытты жасайтын боласындар. Біз кәрлі кезеңнің, соғысты заманың жандарымыз.

(Баубек Бұлқышев)

- Жазушы адам өмірі туралы қандай философиялық ой айтады?
- Соғысты ол қалай суреттеген?
- Оның алдына қойған мақсаты қандай еді?
- Оның өз мақсатына жетуіне не кедергі болды?
- Мәтін қай стильде жазылған?

**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Фразеологизмдердің құрамындағы тиесті сөзді тауып жазыңдар. Осы тіркестерді қатыстырып, сөйлем құрандар.

... түгі бар, ... шүйіру, ... тоймау, ... кек ала шыбын үймелу, ... шашы тік түру, ... қойнына сыймау.

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. «Қос жазба құнделігі» әдісін қолданып, мәтіндегі фразеологизмдерге түсініктеме беріндер.

Үзінді	Түсініктеме

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. Фариза Оңгарсынова мен Баубек Бұлқышевтің шығармаларында қандай сабактастық, үндестік бар? Екі мәтінді салыстырып, өз ойларынды айтыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. Берілген оқшау сездерді қатыстырып, сөйлем құрандар.

Қарагым, шынында, мүмкін, ах, әкесі, ой, шіркін, балам, рас.

**ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. Баубек Бұлқышевтің «Менің бұл жазғандарым болашақта біздің осы ұлы қырасімізді зерттеушілердің қолына түсіп, үлкен істердің кішкене бір тетігіне тиянақ болуга жараса, менде одан басқа арман да жоқ; ол зерттеушілердің біз осы арпалыста жүргенде қайғыра да, жылай да, күле де, кектене де білгеніміздің ұғынса болғаны» деген арманын сөндөр қалай орындап жүрсіндер? Ойтоттау жазыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. Сөйлемдегі бастауыштарды қаратпа сезге айналдырып, сөйлемдерді қайта қурастырып жазыңдар. Тыныс белгілерін қойыңдар.

1. Жамал бірер сагаттан кейін мылтық дауысының екінші бетке ойысқанын аңғарды.
2. Тамара Жамалдың алдында екі қолын

жайып, күліп тұрган Маяны қолына алды. 3. Тамара мектепте беларусь тілі мен әдебиетінен сабак берген. 4. Сүтке тойған лақтай Мая монтиып отыр. (Ә. Шәріпов). 5. Сұлтанмұрат бұған қатты қуанды. (Ш. Айтматов). 6. Жаңыл нарды үйге жақынырақ әкеп байлады. 7. Оразымбет домбыраны қолына алып, жалғастырып тарта жөнелді. (Т. Ахтанов).



ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Метіннен фразеологизмдерді тауып, мағынасын түсіндіріңдер. Оған елі тағы не деді деп ойлайсыңдар? Көп нүктенің орнына бірнеше сөйлем жазыңдар.

Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі. Өлім әртүрлі болады: біреу сүйкітан өледі, біреу қыз үшін өледі, енді біреулер аурудан өледі. Мұндай өлімдерді көргенде құрғана ренжисің де қоясың. Ал естігенінде үлкен құрметпен, бас иетін өлім – майданда ерлерше өлу! Мен жасспын, менің өмір сүргім келеді. Ең қызықты өмір өлі де алдында екенін жақсы білемін. Менің үстімде қызыл өскер киімі, мен армияда жүрген Азия елінің ұлымын.

Мен ез елімді қоргаймын; момын да бауырмал, ардақты да елім бар! Сол елім мен аттанарда былай деген болатын: «Тас түлегім, мен сені баулыдым, сылап өсіріп қанатыңды қатырдым. Қын бір кезең келіп қалды: жау жағадан, бөрі етектен алғалы тұр...» – деген. Мен мұны ұмытпаймын.

(Баубек Бұлқышев)



ОЙТАРАЗЫ




ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Шығу парагы» әдісін қолданып, төмендегі сұрақтарга жазбаша жауап беріңдер.

- Бүгін не үйрендіңдер?
- Сабак бойынша қандай сұрақтарың бар?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
- Сабактағы материалдардан өздеріңе қандай ой түйдіңдер?

3–4-сабактар ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗДАРЫ



ОЙТУРТКІ

- Қазақтың батыр қыздары кімдер?
- Олар соғыста қандай ерлік көрсетті?
- Олардың ерліктерін еліміз қалай құрметтейді?



ТЫНДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаң, негізгі ойды анықтаңдар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттегі қазақтың батыр қыздары туралы әңгіме құрандар.



Олия Молдагулова



Хиуаз Доспанова



Мәншүк Мәметова

Есте сакта!

Құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдастып кеткен, олардың мағыналық жігін ешқандай ажыратуға келмейтін тұрақты тіркестерді фразеологиялық тұтастық дейміз. Мысалы, *мұрнына су жетпеді, түйені түгімен жүттү* және т.б.

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтіндердің жанрлық ерекшелігін анықтаңдар. Оқшау сөздерді тауып, тыныс белгілерінің қойылу себебін айтыңдар.

1. Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады. Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Мәншүк Мәметова: «Отбасымыздан майданга жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін», – деп әскери комитетке өтініш берді. Қазақстаннан соғыс майдандарында 100-ге жуық қызындар мен жазушылар шайқасқан. Республика бойынша 2 миллионнан астам адам әскери даярлықтан өтті.

(«Қазақстан тарихы» порталынан)

2. Айнала атыс, бізге шегінер жер жоқ. Сол екі ортада сол жақ беттегі әскердің бір офицері маған телефонмен айқайлайды. «Селоны сағат он екіге дейін ұстап тұрындар. Соған дейін біз Днепрден өтіп үлгереміз», – дейді. Біз, шамамен, сол он екіге дейін селоны ұстап тұрдық. Бірақ отрядтағы адамның бөрінен айырылдық. 20 шақтығана адам қалдық. Сөйтіп тұрганда фашистер бізді бомбылай бастады. Келесі күні Совет Армиясы белімдері Днепрден өтіп, біз басып алған Григорьевка селосына да жетті-ау... Тарихта Букрин плацдармы деген атау бар. Ұлы Букрин және Кіші Букрин деген екі селога байланысты аталған. Днепрдің төменгі ағысында, Киевтен төмен қарай 100 шақырым. Григорьевка және бұған қосымша екі селоны алуарқылы Букрин плацдармына жол салған біз едік.

(Касым Қайсенов)

**ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдагұлова туралы таныстырылым дайындандар.

**ОҚЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындандар.

Көп жыл бұрын Ұлы Отан соғысы деген атпен тарихта өшпестей ізі қалған алапат қырғын басталып еді. Кенес Одағындағы басқа

халықтар секілді қазақтар да қолдарына қару алғып, неміс-фашист басқыншыларына қарсы аяусыз күресті. Осы соғыста ерлермен қатар қазақ қыздары да ерлік көрсетіп, ұлттың абыройын асқақтатты. Қазақтың қыздары да намысшыл, аршыл, қайратты екендігін төрткүл әлемге паш етті. Солардың қатарында Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдагұлова да бар.

Бірі – пулеметші, екінші – сүр мерген. Мәншүк пен Әлия елесінде мәңгілік қалды. Оларды білмейтін, ерліктеріне қанық емес отандастарымыз некен-саяқ. Өкінішке қарай, біз соғыс аяқталған алпыс жылдан кейін барып қана қазақтың тағы бір қызы соғыста айрықша қаһармандық көрсеткеніне қанықтық. Ол – Хиуаз Доспанова.

Хиуаз орыстың белгілі үшқыш қызы М. Раскова басқарған үшқыштар полкінде штурман қызметін атқарды. Жау шебіне 300-ден аса үшып шықты. Соғыс кезінде көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, көнтеген медальдармен марапатталды. Хиуаздың соғыстағы ерлігі лайықты бағаланды. Еліміздің жоғарғы марапаты – Халық Қаһарманы атағына ие болды. Сөйтіп, бұрыннан белгілі батыр қыздарымыз – Мәншүк пен Әлияның қатарына Хиуаз келіп қосылды. Бұл – мақтаныш!

(Нұрперзент Домбай)



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Қыстырма сөздердің сөйлемде айтылған ойға қандай үстеме мағына қосып тұрғанын айтыңдар.

1. Байқаймын, көңілі көтеріпкі.
2. Айтпақшы, олар ертең келетін болды.
3. Біріншіден, Әмірдің айтқаны дұрыс.
4. Мүмкін, ауылға анам да баратын шыгар.
5. Жасыратыны не, қазіргі бала-лар телефонды бізден жақсы біледі.
6. Жолаушылар, әрине, мұндайға әбден үйреніп кеткен.
7. Амал қанша, қару-жарақ болмаған-дықтан қиналып қалдық.
8. Ең әуелі, балаларға көмектесу керек қой.
9. Қысқасы, партизандар бізге көп көмектесті.
10. Ақырында, оның ойлағаны дәл келді.



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Хиуаз Доспанова туралы ақпарат жинаңдар. Қазақтың үшінші батыр қызы жайында әңгімелендер. Майдангер қыздың ерлік хроникасын жасаңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. «Қаһарман» сөзіне кластер құрып, ойларынды дәлелдей айтыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. «Синектика» әдісі бойынша Әлия Молдағұлованың атынан қазіргі жастарға хат жазыңдар. Көлемі – 100–150 сөз. Хаттарында оқшаша сөздерді пайдаланыңдар.

**ОЙТАРАТЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. «Бес саусақ» әдісін қолданып, сұрақтарға жауап жазыңдар.


Бас бармақ – басты мәселе. *Бүгінгі сабакта ең қынды мәселе не болды?*

Балаң үйрек – бірлесу. *Мен топта/жүпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?*

Ортан терек – ойлану. *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе жинадым?*

Шылдыр шүмек – шынайылың. *Сабак маган үнады ма? Неліктен?*

Кішкентай бебек – көзіл күй ахуалы. *Мен өзімді сабакта қалай сезіндім?*

5–6-сабактар**ЕРЛІК – ЕЛГЕ ӨНЕГЕ****ОЙТУРТКИ**

- Ерлік деген не?
- Адамдар қай уақытта ерлік көрсетеді?
- Ерлік тек соғыс уақытындаған бола ма?
- Сендер өшпес ерлік көрсеткен қандай адамдарды білесіндер?
- Қазіргі таңда орасан ерлігімен танылған кімдерді білесіндер?



ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтіндеңі негізгі ақпарат туралы не айтасындар?
2. Бауыржан Момышұлы туралы не білесіндер?



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтінге қандай тақырып қояр едіндер?
2. Мәтіндеңі негізгі ой туралы не айтасындар?



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Жанын шүберекке тцю, мойнымен көтеру, табанда, шыңдалған деген сөз тіркестердің мағынасын түсіндірме және фразеологиялық сөздіктен қараңдар. Оларды қатыстырып, сөйлем құрап жазыңдар.



ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі идеяны анықтаңдар.

Мен жиырма бес жыл өскерде болым. Біле білген кісіге бұл – үлкен университет. Осы жиырма бес жыл ішінде мен талай қолбасшымен кездестім, сабак алдым, талай генералдың қол астында қызмет істедім, тәрбие көрдім. Өйткені командир деген өскери педагог қой. Осы әр үлт адамдарымен қызметтес болғанымды өзіме ерекше мектеп деп бағалаймын. Себебі, «чуваш мынадай екен-ау, қыргыз мынадай болады екен-ау» деп толғанасың. «Ана халық анадай дәстүрін қастерлейді, мына халық мынаны құрметтейді екен-ау» деп толғанасың. Мен осы жиырма бес жыл ішінде қарамағымда болған, үстеріне шинель киген солдаттар арқылы барлық халықтардың жанын ұқтым деп ойлаймын. Өйткені олардың жүректері, іштерінен шыққан балалары менің алақанымда болды. Отан үшін өз басымды өлімге байлай отырып, мен оларды ажалмен алысуга жұмсадым. Олардың өлмеуі үшін, өз үрпақтарын, өз халықтарының намысын, оның өздері сүйеттін асыл қасиеттерін аман сақтап қалу үшін жұмсадым. Өзім де халқым үшін қасықтай қаным піда деп, жанып тұрган отқа талай түстім.

(Бауыржан Момышұлы)

**ЖАЗЫЛЫМ**

5-тапсырма. Оқшау сөздерге қатысты тыныс белгілерін қойып, сөйлемдерді жазындар. Тыныс белгілердің қойылу себебін түсіндіріндер.

Ананың еркін дауысын
Тында барлық аналар
Жаңғырықты құз бен шың,
Тында дала қалалар

(*M. Хакімжанова*)

Ақ Еділ асау Еділ арындаған,
Ағыннан бар ма кезің жарылмаған

(*M. Айтхожина*)

Туган ел
Қайдан сендей жай табылсын!
Ақының асылынды айта білсін.
Сарыарқа
Басқа алтынға қызықпаймын,
Сен менің шексіз алтын байтағымсың

(*K. Ахметова*)

**АЙТЫЛЫМ**

6-тапсырма. *Жүптық жұмыс*. Мәтін бойынша сыйнаптастарыңмен ой белісіндер. Ойбелісте қазақ батырлары мен олардың ерлік істері туралы айтындар.

Ойбеліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырманау;
- сез әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді, одағайларды қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Сызбаны пайдаланып, сөйлем құрап жазындар.

- _____ көргісі келіп, _____ .
 _____ үйрену үшін, _____ .
 _____ амандасайын деп, _____ .
 _____ көмектессін деп, _____ .
 _____ оқысам деп, _____ .

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. Бауыржан Момышулының келіні Зейнеп Ахметоваға айтқан нақыл сөздерін оқындар. Осы нақыл сөздер туралы ез ойларынды айтып, ой бөлісіндер. Етістік райларын түріне қарай ажыратындар.

- Алатын кезде – алға озып, беретін кезде артта бұғып қалатын, алғаны мен бергенін жіпке тізіп санайтын адамнан аулақ жүр. Ондай адамнан құтылудың өзі – үлкен олжа.

- Өзгеден артық боламын деп арындама, шаманды шакта. Тең түскенге қанағат ет. «Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыздық жалғыз атын сойғызар» деген ата-бабаң. Бірақ тепкіге төзбе, ешқашан аяққа басылма.

- Фылым-білім деген түпсіз тұңғиық. Жұмыр жердің бетінде оның түбіне жеткен жан жоқ. Дегенмен шетсіз-шексіз білім жолында әркім өзінің өресі, шама-шарқы жеткен жерге бір белгі – шыбық шашып қалдырса, сол шыбық өсіп, өзінен кейінгіге сая болып, жол нұсқап жатса, есте қалған деген сол болады.

БІЛГЕНИҢ ДУРЫС!

Бауыржан Момышұлына арналған қаһармандық рухтағы та-
нымал шығарманың бірі – «Ақиқат пен аңыз». Авторы – Әзілхан Нұршайықов. Шығармада Бауыржан Момышұлының азамат-
тық, ерлік тұлғасын, Ұлы Отан соғысының отты жылдарындағы
бастан кешкендерін, одан кейінгі уақыттағы ұлагатты өмір жо-
лын шынайы деректер аясында толық әрі қызықты баяндайды.

**ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. Көп нүктенің орынна жақша ішіндеңі қажетті сөзді дұрыс тұлғада қойып, нақыл сөздерді жазындар.

1. ... (корқақ, арлы, пасың) адам – ардақты, ар – ардақтың анасы.
2. Екі сөзді болып елеңдеп жүргенниен, ... (көп, уш, бір) сөзді болып мерт кеткен дұрыс.
3. Әр адамның мінезі – астындағы ... (аты, тұлпары, жылқысы).
4. Отанда ... (опасыз, қорқау, қорқақ) орын жоқ.
5. Ел үшін аянбау – ... (бас, ерлік, жұрт).
6. Ақын – ... (ел, Отан, жер) еркесі, батыр – елдің серкесі.



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Шыгу парагы» әдісін қолданып, төмендегі сұрақтарға жаубаша жауап беріңдер.

- Бүгін не үйрендіңдер?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
- Сабақта ең маңызды не болды?
- Өз жұмыстарыңда қанағаттандыңдар ма?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

7–8-сабактар

ЕРЛІК – ЕЛДІЦ ҚАСИЕТІ, ЖУРЕКТЕЛІК – ЖІГІТТИҢ ҚАСИЕТІ



ОЙТУРТКІ

• «Ұлы Отан соғысындары қазақ батырлары» деген тақырыпта класстер дайындаңдар.



ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаپ, тақырып қойындар. Мәтін бойынша жоспар құрындар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қос батырдың соғыстан кейінгі өмірі туралы не білесіңдер?
2. Олардың ерліктерін Отанымыз қалай бағалады?



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Талғат Бигелдинов пен Рақымжан Қошқарбаев туралы қосымша материал жинап, «Ерлік – елге мұра, үрпаққа үлгі» деген тақырыпта дискуссивті эссе жазындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

З-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты диаграммама түсіріндер. Жеңіс туы туралы хабар жазындар. Тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріндер.

Рейхstag түбіндегі ұрыстарда қазақстандықтар Нығмет Науменов, Әлімкүл Жылқыбаев, Павел Василевский, Алексей Ковалев және басқа да жауынгерлер ерлік көрсетті. Мысалы, Төлеухан Шайділдинов Рейхstag қабыргасына былай деп жазып кетіпти: «Мен қазақын, Қазақстаннан келдім. Қан майданда жүріп, Мәскеуден Берлинге дейін жеттім. Рейхstagқа шабуыл жасап, жеңіске жеттік. Шайділдинов Төлеухан».

Нұркен Әбдіров 16 рет әуе шайқасына қатысып, фашистердің 12 танкісін, 28 жук автомобилін, оқ-дәрі тиеген 18 мәшинесін, жаңармай құйылған 3 цистернасын, 3 зеңбірегін жойып, 50-ден астам неміс солдаты мен офицерін жер құштырған. Н. Әбдіров жаудың Сталинград шебіне енетін Боков-Пономаревка ауданындағы қорғаныс бекінісі мен шоғырланған танкілерін жою үшін әуеге көтеріледі. Тапсырманы орындау кезінде Н. Әбдіров бірнеше дзотты, зенит артиллериясының 2 нүктесін, 6 танкті жойды, бірақ өзінің ұшағы да зақымданды. Жалын шарпыған ұшағын жау техникасы шоғырланған түсқа бағыттап, капитан Н. Ф. Гастелло сияқты қаһармандықпен қаза тапты. Қазанның 23-і күні түңгыш рет әуе шайқасына аттанар алдында Нұркен былай деп жазған екен: «Егер біз фашистерді құртпасақ, олар біздің түбімізге жетеді. Сейтіп, қуанышты, бақытты өмірмен қоштасамыз...»

Шайқаста жау дзотын кеудесімен жауып, ерлікпен қаза тапқан Сұлтан Баймагамбетов, фашистердің 14 танкісінің көзін жойған Василий Мартехов, ұшағын танкілер колоннасына бұрып ерлікпен қаза тапқан Бақтыораз Бейсекбаев және осы секілді ерлік көрсеткен қазақстандықтар саны көп болды.

(<https://kaz.inform.kz сайтынан>)

Есте сакта!

Тұрақты тіркес сыңарларының лексикалық мағынасы бүтіндей жойылмайды, тек көмекіленеді. Мысалы, *күміс комей, асқар бел, көз үшінда, еki иығынан дем алды, көрер таңды көзімен атырды* және т.б.

**ОҚЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Негізгі идеяларды анықтап, олардың езара байланысын айқындаңдар. Мәтіннен оқшау сөздерді табыңдар.

Жалған солдат болуга біздің құқымыз жоқ. Біз ерліктің екі бірдей мектебінен тәлім алдық. Біз шығыстың Қобыланды, Тарғын сияқты батырларынан ерлікті бір үйренсек, бауырлас орыс халқының қолбасшылары Суворов, Кутузовтардан екі үйрендік. Біз Исатай мен Махамбетті, Амангелді мен Абайды дүниеге әкелген халықтың балаларымыз. Біздің қылышымыз фашист немістің қанымен суарылуды керек, серт осы болсын!

Таң бозарып келеді. Артиллерия тағы да өзінің әнін бастады. Біздің кейінгі жағымыздары орманнан атылған совет артиллериясының снаряды үстімізден зыңылдаш ұшып, жау бекіністерінің ортасына түсіп жарылып жатыр. «Фрицтерге онша оңай тиіп жатпаған болар», – дейді көршім, Алматының кешегі бағбаны, жауынгер Шәріп жымындалап.

Әрине, немістің басына күн туса, минометті ала жүгіретін әдеті... Міне, мина ұшып келеді. Оның дауысы бізге мәлім... Бірінен соң бірі он шақты мина жарылғанда, тулаққа салып жұн сабап жатқандай болып естіледі. Тіс қаққан, күзем тойда болған қазақ жігіттері «Фрицтер күземге кірісті» деп күлісіп тұрады. Жауогының астында қасқайып күлісіп тұрган шығыс адамдарын жаңым сондай сүйеді. Асылы, біздің халық намысқой, «өлімнен үят күшті» дейтін халық қой. Сондықтан біз өлімнен үят күшті дегенді жауогының астында да қайталап айтамыз.

Нагыз қыншылық кезеңде менің көз алдымға шығыстың жиырма серіз батырының бейнесі елеңтейді. Жазғытурым сол 28 батырдың бейітінің үстінен өттік. Шығыстың топырағы торқа ерлері жер астында жатқанменен қолын қысып амандақың, тілдесіп сейлескің келеді. Осыларша өлу біздің де дәстүріміз болуы керек. Отан: «Жауынгер, менің тағдырым сенің қолында», – дегенде 28 батырдың сертін жоғары көтеріп, бас іп жауап беруіміз керек оған, Шығыс ұлы!

Немістер бізді әрі минометтің, әрі артиллерияның снарядта-рымен атуда. Оқ астымен келіп шабуыл жасамақ. Танктың алыстан шуы естіледі. Қарсы атакага дайындалындар деген команда беріледі. Мықты бол, Шығыс ұлы! Біз қазір шабуылға шығамыз...

(Баубек Бұлқышев. Батыс Майдан, 1942 жыл)

**АЙТЫЛЫМ**

5-тапсырма. *Толтық жұмыс.* Мәтіндегі автордың намыс туралы айтқан пікірлерін талдаңдар. «Өлімнен ұят күшті» деген тақырыпта ой бөлісіндер.

**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Мәтіндегі тұрақты тіркестерді тауып, мағынасын түсінідіріндер. Оларды қатыстырып, сейлем құрандар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Қыстырма сөздерді пайдаланып, берілген сыйба бойынша сейлем құрандар.

Мениң ойымша, _____ .

Өкінішке қарай, _____ .

Абырой болғанда, _____ .

_____, әйтеуір, _____ .

_____, қысқасы, _____ .

_____, әрине, _____ .

_____, бәлкім.

_____, шамасы.

_____, тегінде.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. «Шығу парагы» әдісін қолданып, кестені толтырындар.

Сабактагы жетістіктерім	Оның себептері	Сабактагы кемшіліктерім	Оның себептері

БІЛГЕНІЦ ДУРЫС!

Соғыс жылдарында 558 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды, олардың 100-ден астамы Даңқ орденінің толық кавалері атанса, 4-еүі Батыр атағын екі мәрте иеленді. Бұл атақты екі мәрте иеленген Талғат Бигелдинов 305 рет әскери шабуылға шыққан. Фашистер Талғат мінген үшақты «Қара ажад» деп атаған. Ол 23 жасында Кеңес Одағының екі мәрте батыры атағын иеленген.

9–10-сабактар

ҰЛЫ ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ



ОЙТУРТКІ

- 9 мамыр – Жеңіс күнін қалай мерекелейсіндер?
- Бұл күні не істейсіндер?
- «Жеңіс» деген сөз саған қалай әсер етеді?



ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Өлеңді тыңдалап, негізгі ойды анықтаңдар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндегі тұрақты тіркестердің қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңдер.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттер бойынша әңгіме құраңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақ ақын-жазушыларды туралы ақпарат құралдарынан мәлімет жинап, шағын мақала жазыңдар.

**АЙТЫЛЫМ**

5-тапсырма. Суреттер бойынша мәтін құрандар.

**ОҚЫЛЫМ**

6-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінге тақырып қойып, жоспар құрындар.

Баукең соғыста, қан майданда жүріп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насиҳат және үгіт белімінің менгерушісі М. Әбдіхалықовқа хат жазды. Қазақтың салт-санаса, әдет-тұрып, ұлттық ойындарын өшірмей сақтауга жетекші болуды оған аманат етті. Әсіреле, халықты спортпен шұғылдандырудың, соның ішінде, ат спортының Отан қорғау ісінде ерекше маңызы бар екенін атап көрсетті. ...Сұрапыл соғыста жүріп Баукең өз ұлтының болашағын ойлады. Алдағы бір ғасыр болашаққа көз қадады. Болашақтың ішінде жаһандану деген жайын бар екенін болжады. Тұган халқының салт-санасы, әдет-тұрпы, ұлттық өнері, халықтың психологиясы сол жайынның аузына жұтылып кетпеуін арман етті.

Баукең – ұлы адам, ұлы азамат, патриот еді. Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, ал патриот болу – парыз. Барлық адам патриоттың парызын бүлжытпай өтеуге міндетті. Патриотизм әскерге алынып, сарбаз санатына қосылғаннан кейін ғана басталмайды. Патриотизм отбасынан басталады. Әке-шешендеңді құрметтей білу – патриотизм. Ауыл-аймағынды ардақтай білу – патриотизм. Өз ұлтыңды сую – патриотизм. Өз халқының өткен жолын (тарихын) құрметтеп, оған тіл тигізбеу – патриотизм. Өз Отаныңды

жаудан қорғау, еліңің азаттығы үшін қажет жерде жаңындық – патриотизм. «Отан үшін отқа тұс, күймейсің!» деген Баукең.

(Әзілхан Нұршайықовтан)

- Метін кім туралы?
- Қазіргі жаһандану заманы үлттық салт-дәстүрімізге, салт-санамызға қауіп тәндіріп тұр ма?
- Автордың патриотизм туралы пікіріне тағы не қосар едіндер?
- Сендер өздеріңді патриотты деп есептейсіңдер ме?
- «Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, ал патриот болу – патрыз» деген автордың пікірін талқылаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне алғыс турінде хат жазындар. Хатта мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестерді қолданындар.



АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «9 мамыр – Жеңіс күні» деген тақырыпта фотоколлаж дайындаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Қоң нүктенің орнына жақша ішіндегі қыстырма сезердің тиістісін қойып жазындар. Қыстырма сезіндің сөйлемдегі ойға қандай үстеме мағына қосып тұрғанын айтындар.

1. – ... (сірә, әй, қысқасы), сен бала бұл жерде не істеп жүрсің?
2. ... (әйтеір, мүмкін, сөйтсем), Баукең жақсылығын айтпай, сырттан жасайды екен. 3. – ... (шамасы, о, бәсе), сенің мундай өнерің де бар екен гой, – деді. (*M. Мырзахметұлы*). 4. ... (қысқасы, әйтеір, шындығында да), Александр Кривицкий соғыстың алғы шебін арапап жүріп, Баукеңмен танысып, шыгарма жазуды ойлагандардың бірі еді. 5. ... (әйтсе де, байқаймын, мүмкін), оның бұл ойы іске аспады. 6. Анасының үйреткен өлеңдерінің әсері ме, әлде тұқымынан дарыған дарынның әсері ме, ... (сірә, әйтеір, сөз жок), Бақытжан әуелі журналист мамандығын игеріп, кейіннен жазушылыққа бет бүрады. (*M. Қатімхан*). 7. ... (мүмкін, байқаймын, оның ойынша), әжем мені ойлантып, әлгі сезіндің мәнін үқсын деп отыр. (*C. Бақ-*

бергенов). 8. Сыртқа шығып қараса, ... (біріншіден, шынында да, бәсеке), көрмеде сүліктей қаракөк дөнен байлаулы тұр. 9. – ... (шіркін, сонымен, қап), маңайда машинаның болмағанын да қарашы! (Қ. Жұмаділов).

 **ОЙТАРАЗЫ**  **ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. «Менің сабактан кейінгі әсерім» әдісін қолданып, кестені толтырындар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не үнады?

11–12-сабактар

НӨТИЖЕ САБАҚ

 **ОЙТУРТКІ**

- Ұлы Отан соғысына қанша қазақстандық қатысты?
- Ұлы Отан соғысында қазақстандықтар қандай ерлік көрсетті?
- Қазақстан шыққан қандай батырларды білесіндер?
- Қазіргі таңда кімдерді батыр деп айта аламыз?
- Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанға қандай өнеркәсіптер мен зауыттар көшірілді?

 **ЖАЗЫЛЫМ**

1-тапсырма. «Қазақ халқының батырлары» деген тақырыпта дискуссивті әссе жазындар.

 **ТЫНДАЛЫМ**

 2-тапсырма. Мәтінді тыңдаپ, тұрақты тіркестерді табындар.

 **ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтіндегі сөздерді синонимдерімен алмастырындар. Мәтін мазмұнының қалай өзгергенін дәлелдей айтындар. Қойған синонимдерді қатыстырып, сөйлем құрандар.

**АЙТЫЛЫМ**

4-тапсырма. «Үрпақтар атынан алғыс» деген тақырыпта Ұлы Отан соғысының соғыс ардагерлері мен тыл ардагерлеріне алғыс түрінде 2–3 минуттық монолог айтындар.

**ОҚЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтінді оқып, оқшау сөздерді табыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер. Мәтіндегі ақпарат туралы ой бөлісіндер.

... Қазақ елі Ұлы Отан соғысы біткен соң, он уш жылдан кейін ғана Рақымжан Қошқарбаевтың кім екенін алғаш білген. Ол кісінің ерекше ерлігінің көпке танылуына, кейінгі өмірінің басқа арнаға түсүіне бірден-бір себепкер адам – ата. Мұны біреу білсе, біреу білмейді. Қөнелердің қатары азайып, көзі кеткен сайын, өсіресе кітап оқымай, галамторға емініп кіріп кеткен жастар бұл жағдайдан бейхабар.

Рақымжан Қошқарбаевты ата бірінші рет 1958 жылдың алғашқы күндерінің бірінде өзіне сәлем бере келгенде көріпті. Майдангерлер тез-ақ тіл табысып, ұзақ әңгімелеседі. Атаның айтуынша, алғашында сезін суыртпактаң бастап, бірте-бірте бөгеті ағытылған судай ақтарылып жан жүйесінде жатқан сырын да, аңы шынын да жайып салыпты. Рақымжан аға кете салып, ата Кәкімжан Қазыбаев-қа телефон соғып, «Тез жеткін!» – дейді қатаң түрде. Ағасының бүйірігін екі етпейтін әдетімен ол кісі лезде жетеді. Аға келген заматта ата:

– Журналиスピn дейсің! Дипломым бар деп мақтанаңың. Журналиске, ең алдымен, сезірі жүрек, көрекен көз керек. Соғыс біткелі бері он уш жыл өтті. Рақымжандай тарихи адамды күні бүгінге дейін көрмей жүрген негылған журналиссіндер?! Адам ерлік жасауды жоспарламайды. Ерлікті туғызатын сәт болады. Адамның жақсы қасиеті де, жасық қасиеті де соғыста, тап сондай сәтте көрінеді. Мұндай сәт адамның ғұмырына, керек десен, үрпақтан үрпаққа кететін өмірбаян, өситет болып қалады. Рақымжан – сондай қыын-қыстау сәтте асыл қырынан көрінген азамат. Ол қыры – жасаған ерлігі. Тағдыр оның өмірбаянын сол сәтте жазды. Оның өмірбаяны – отпен жазылған өмірбаян. Мен де төрт жыл соғыстың

небір қияметін көрген жаңмын. Бірақ фашизмнің соңғы бекінісіне айналған Берлинді алғандағы соғыс, Рейхстагқа ту тігердегі сұрапыл соғыс – ол нагыз жойқын қырғын! Рақымжан – Жеңіс жалауын желбіретіп Рейхстагқа тіккен батыр ...

(Зейнеп Ахметова)

- Бауыржан Момышұлы Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігін қалай бағалады?
- Батырдың «Адамның жақсы қасиеті де, жасық қасиеті де соғыста, тап сондай сәтте көрінеді» деген пікірін қалай түсінесіндер?
- Сендердің өмірлерінде бүкіл алдағы өмірлеріңе әсер еткен оқиға болды ма?
- Зейнеп Ахметованың «Бабалар аманаты» кітабын оқып, Бауыржан Момышұлының Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігін халыққа қалай таңтқанын айтындар.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Ұлы Отан соғысының батырлары туралы «Отпен жаылған өмірбаян» деген тақырыпта мақала жазындар.



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Сейлемнен қаратпа, қыстырма сөздерді тауып, тиісті тыныс белгісін қойып жазындар. Қыстырма сөздің сейлемдегі ойға қандай қосымша мағына үстеп тұрғанын айтындар.

1. Амал қанша ол құдықтар қазылмай қалды ғой.
2. Білетіндердің айтуына қараганда екеуі сол күннен бастап араларынан қыл өтпейтін дос болып кеткен көрінеді. (*К. Жұмаділов*).
3. Кім білмейді тарихынды Орда сенің, Кетпеген бұрын-соңды жауда кегің.
4. Мінекей сол Талғардың көрдік жүзін, Қара кез, жібек бұрым келін-қызын. (*M. Хакімжанова*).
5. Сіздің халық – менің аңғаруымша ақын халық.
6. Сірә дәл осы бұлақ бұл аймақтың нәрі болса керек. (*M. Әуезов*).
7. Өлең сенің тербелем құшагында, Бойымды алдырмай-ақ күш-агынға.
8. Айтшы қызым бүгін неге налимын, Ер қазақтың Даригасын танимын.
9. Күнім гүлім еркетайым шырағым неге бүнша тым езіліп жыладың? (*M. Айтхожина*).
10. Содан бері міне осылай үйде жатады. (*B. Қыдырбекұлы*).

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. Қаратпа сөзі бар сөйлемді табыңдар.

- A. Аспан мен Жер арасын өрт қаптады жалыны жалаңдаған.
- B. Не кінәң бар, Адамдар, тағар маған?
- C. Соғыс, тартыс ешқашан басылмаған.
- D. Соғыс – майдан ғана ма оқ бораган.
- E. Амал қанша, ол құдықтар қалды гой.

2. «Мүмкін» қыстырма сөзі қандай мағынаны білдіреді?

- A. ойга сендеру
- B. күмән келтіру
- C. мойындауды
- D. қорытынды жасау
- E. ойды санамалап айтту

3. Ойга қорытынды жасау мақсатында айтылған қыстырма сөзі бар сөйлемді табыңдар.

- A. Балам, сенің айтқаның рас па?
- B. Өкінішке қарай, партизандарға жете алмадық.
- C. Демек, оның соғыс жайлы әңгімесі толық аяқталмады ма?
- D. Ең алдымен, жылынып алғандарың дұрыс болар.
- E. Бәсе, оның айтқаны шындыққа келеді.

4. Көп нүктенің орнына қажетті қаратпа сөзді қойыңдар.

O, ...! Осыны ұмыттың ба? Ұмыттың ба? Қалайша? Қайран қалам. (Ф. Оңғарсынова)

- A. жер
- B. соғыс
- C. адамзат
- D. балам
- E. дүние

5. Сәйкесін табыңдар.

- | | |
|---------|--|
| A. рас | 1) күмән келтіру мақсатындағы қыстырма сөз |
| B. сірө | 2) санамалап айтту мақсатындағы қыстырма сөз |

- | | |
|--|--|
| С. сайыш келгенде
Д. амал не
Е. екінші жағынан | 3) көңіл күйге байланысты қыстырма сөз
4) ойга сендіру мақсатындағы қыстырма сөз
5) қорытынды жасау мақсатындағы
қыстырма сөз |
|--|--|



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «*Қосу-алу-қызығамын*» әдісін қолданып, кестені толтырындар.


«қосу» +	Сабакта қызық болған, пайдалы болар деп үйгарылған мәселелер жазылады.
«алу» -	Сабакта сәтсіз шыққан, пайдасы жоқ немесе аз болды деп үйгарылған мәселелер жазылады.
«қызығамын» - ?	«Не білгім келеді?» немесе «Бұл мен үшін қызық бола ма?» деген сұрақтарға жауап жазылады.

ФЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА

10-бөлім

1–2-сабактар

ҚИЯЛ-ГАЖАЙЫПТАР ӘЛЕМІ



ОЙТУРТКІ

- Қиял дегеніміз не?
- Қиял-гажайып әңгімелер дегенді қалай түсінесіндер?
- Қиял-гажайыптар туралы қандай кино, шығармаларды білесіндер?
- Қиял-гажайып шығармалар сендерге үнай ма?
- Сендер қиялдай аласыңдар ма?



АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретті пайдаланып, қиял-гажайыптар әлемі туралы әңгіме қурап айттыңдар.



Тілдік бағдар**Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілер. Үтір**

«Пунктуация» деген термин латынның *punctum* – «нүктө» деген сөзінен алынған. Тыныс белгілері айтайын деген ойды нақтылы, дәл, түсінікті етіп жеткізу үшін, сондай-ақ баяндалатын пікірді ала-құла етпей, айқын білдіру үшін қолданылады.

Сөйлем соңына қойылатын нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте даралаушы қызмет атқарады. Сөйлем ішіне қойылатын үтір, қос нүкте, жақша, тырнақша, сзықша ерекшелеме қызмет атқарады. Құрмалас сөйлемнің жігіне қойылатын үтір, қос нүкте, нүктелі үтір, үтірлі сзықша ойдың аражігін ажырату қызметін атқарады.

Жазуда тыныс белгілері үш үстанымға сүйенеді:

Грамматикалық үстаным	Мағыналық үстаным	Интонациялық үстаным
Тыныс белгілерін қоюда сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктері негізге алынады. Мысалы: <i>Таң атқалы бұл бөлменің есігі ашылып, кісі кіргені осы еді</i> (М. Әуезов) деген сөйлемде күрделі ой беріліп түрғандықтан, грамматикалық негіз екеу. Сондықтан тыныс белгісі жай сөйлемдердің арасына жəне сөйлемнің соңына қойылады.	Тыныс белгілері сөйлемнің ішіндегі кейір сөздерді мағыналық жағынан айқындаپ тұрады, яғни сөздердің мағыналарын ашып көрсетіп тұрады. Сондықтан бұны мағыналық үстаным деп атайды. Мысалы: – <i>Мәкіш, әкен оңай сапарға бара жатқан жоқ, – деді</i> (М. Әуезов) деген сөйлемде ойдың нақты кімге арналған дығын нақтылаپ тұр.	Сөйлемдерді оқуда дауыс ыргагының құбылып қолданылуы тыныс белгілерінің қосымша, комекші қызметін танытады. Яғни сөйлемнің айтылу мақсатын, сөйлемдегі сөздердің мағыналарын ашып айқындауға ықпал етеді. Мысалы: – <i>Ойбай, жаратқан, Мәкіш-ай. Ділдәң не?</i> <i>Не деп кеттің?</i> (М. Әуезов).

Сөйлем ішінде кездесетін тыныс белгілердің ең бастылары: *ұтір, сзықша, жақша, тырнақша, қос нүкте*. Үтір бірыңғай сөйлем мүшелерінің арасына қойылады. Мысалы: *Жылқы – қазақтың бағалы, қымбат қазынасы*. Үтір сөйлемдегі қаратпа,

қыстырма, одагай сөздерді басқа сөйлем мүшелерінен ажыратады. Мысалы: *Мениң ойлаган ойымның цетінен тұстің, Ботағөз!* (С. Мұқанов) *Ол, меніңше, тапсырманы орындамай келмейді.* (Ф. Мұсірепов) *Па, дауысы дауыс-ақ екен!* Үтір жай сөйлемдердің арасына қойылады. Мысалы: *Алтын түймелер қадалған тондар қзакқа шыдан, тез тозбайды, оте сәнді көрінеді.* Үтір төл сөз бер автор сөзінің арасына қойылады. Мысалы: «*Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік*», – деді Абай.



ТЫҢДАЛЫМ



2-тапсырма. Мәтінді тыңдал, түсінгендерінді әңгімелеп беріңдер. Мәтін бойынша бірнеше сұрап дайындаңдар. Мәтіннен термин сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңдер.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Тыңдаған мәтіннен оқшаша сөздері бар сөйлемдерді көшіріп жазып, синтаксистік талдау жасаңдар.

Есте сақта!

Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілеріне нүкте (.), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!) және көп нүкте (...) жатады.

Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілеріне үтір (,), қос нүкте (:), сызықша (-), тырнақша («»), жақша () жатады.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Қиял-ғажайып туралы ақпарат жинап, ой бөлісіндер.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- езіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.



ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтіндегі ақпарат туралы қосымша материал жинаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер. Мәтіндегі үтірдің қойылу себебін түсіндіріңдер.

Қазақ халқы да айналады әлемді қиял-гажайыптармен байланыстырган. Оның дөлелі – қиял-гажайып ертегілері. Айналады құбылыстардың бәрін жанды, киелі деп қабылдаған түсініктен, табигат сырларын білсем екен деп армандаган халықтың ой-тілегінен көптеген қиял-гажайып ертегілер туған. Ертегідегі кейіпкерлер адам еңбегін женілдетсек, жақсы өмір сүрсек деп армандаган. Осы армандары мен қиялдарын ертегі арқылы жеткізген.

Қиял-гажайып ертегілерінің жағымды кейіпкерлері қарапайым еңбек адамдары, аңшы-мергендер, бақташы-малшылар болып келеді де, жағымсыз кейіпкерлері жалмауыз кемпір, жетіасты айдаңар, қорқау қасқыр және т.б. болып келеді. Жағымды кейіпкерлері адамдарды жақсылық жасауга шақырып, табиғаттың дүлей құштерімен арпалысса, жағымсыз кейіпкерлерінің іс-әрекеттері адамға сатқындық жасау, аяқтан шалу, өтірік айту және т.б. қасиеттердің жамандықпен аяқталатынын сездіртеді. Қуресетін жаулары қанша мықты болса да, жағымды кейіпкерлер оларды өздерінің ақыл-парасаты, білімі арқылы женіп отырады. Қиял-гажайып ертегілері халықтың өз құш-қайраты мен ақыл-парасатына деген сенімінің күшті болғанын танытады.

(Ә. Қоңыратбаев. «Қазақ фольклорының тарихы» кітабынан)

- Қандай қиял-гажайып ертегілерін білесіндер?
- Ертегідегі кейіпкерлердің қиялы қазіргі таңда орындалған ба? Ол қалай орындалған? Дөлелден айтыңдар.
- Мәтіннің ой-түйінін тауып айтыңдар.
- Мәтін құрылымын сақтап, графикалық мәтін құрандар.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. «Қос жазба құнделігі» әдісін қолданып, мәтіндегі қиял-гажайып кейіпкерлері туралы түсініктеме жазыңдар.

Үзінді	Түсініктеме

**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. «Қиял-гажайыптар өлемі» тақырыбында ойтолғау жаңындар. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. «Фантастика» сезіне кластер құрындар. Оқшау сезідерді пайдаланып, ойларыңды дәлелдеп айтындар.

**АЙТЫЛЫМ**

9-тапсырма. *Жұптық жұмыс*. Мәтінді пайдаланып, сыныптастарыцмен 12–14 сөйлемнен тұратын диалог құрындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті тыныс белгісін қойып, сөйлемдерді жазындар. Тыныс белгілерінің қандай үстанымға негизделіп қойылып тұрғанын айтындар.

Мерген есік алдына отырайын деп еді... бір нәрсе келіп көтеріп таstadtы... отыргызбай... етегінен тартқандай болып... тәрдің алдына шығарды. Мергеннің есі кетіп отырды... Бір мезгілде самауыр өзі келіп... дастарқан өзі жайылып... неше түрлі жемістер салынып... шай құйылды екі шыныға. Бір шыныны мерген ішті... бір шыны өзі құйылып... ішіліп тұрды. Мұнан соң бір күміс шараменен қымыз келді... ожауы алтын. Өзі сапырылып... алтын аяққа құйылып тұрды. Мерген ішті... бір мезгілде мерген... «Тойдым!»... – деді... қымыз көтеріліп кетті де... бір табақ қазы-қарта келді.

(«Бабалар сезі». Жұз томдық, 74-том)

**ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. Мәтіннен сын есімдерді тауып, бағанға бөліп жазындар.

Авгурей (ағылшынша *Augerey* немесе ирланд фениксі) – кек жасыл түсті, арық, тұл құс. Ол өз ұясын қол жетпейтін ағаштың күйстарына салады. Жәндіктерді жеп күн көреді. Тек жауынның кезінде гана ұшып, қалған уақытта ұясынан шықпайды. Авгурейдің жан айқайы өлімді алып келеді деген нағым болғандықтан, сиқыршылар оның ұясынан аулақ жүргуге тырысқан.

Сапалық сын есім	Қатыстық сын есім


**АЙТЫЛЫМ**

12-тапсырма. «Киял-тажайыптар әлемі» тақырыбына фотоколлаж дайындаңдар.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

13-тапсырма. «Шығу парагы» әдісін қолданып, тәмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

- Бүгін не үйрендіңдер?
- Сабак бойынша қандай сұрақтарың бар?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
- Сабактағы материалдардан өздеріңе қандай ой түйдіңдер?

3–4-сабактар**АДАМ ҚИЯЛЫ****ОЙТУРТКІ**

- Сендер қиялдай аласындар ма?
- Киял мен арманның айырмашылығы неде?
- Сендер өздеріңің болашақ өмірлерінді қалай елестетесіңдер?



тыңдалым



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтіндегі негізгі ақпарат туралы не айтасындар?
2. Арман мен қиял туралы не білесіндер?
3. Саған мәтіннен қай сөздер үнады? Сол сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндіріңдер.



Айтылым

2-тапсырма. «Арман мен қиялдың айырмашылығы» деген тақырып төңірегінде ой бөлісіндер.

Тілдік бағдар

Сызықша

Сызықша бастаудың пін баяндаудың арасына қойылады. Мысалы: *Астық – біздің байлығымыз. Үш – тақ сан*. Сызықша бірыңғай сейлем мүшелерінен кейін келген жалпылаудың сөздің алдынан қойылады. Мысалы: *Мінезі де, түрі де – бәрі өзім*. (І. Есенберлин). Сызықша төл сөзден кейін келген автор сөзінің алдына және диалогке қатысушылардың сөзінің алдына қойылады. Мысалы: – *Сейіл кім?*

– *Біздің ауылдың баласы, – деді қарт*. Сызықша кейде қарама-қарсы мәнде айтылған сейлемдердің арасына қойылады. Мысалы: *Сөз бергенге ерме – бөз бергенге ер*.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі идеяны анықтаңдар. Мазмұнына қарай бөлікке бөліндер. Мәтінге тақырып қойындар. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

Есекқырган – күн үясына батқаннан кейін батыстан туатын жарық жүлдүз. Халық арасында «Сары жүлдүз», «Бақташы жүлдүз» деген бірнеше атауы бар.

Аңызда былай айтылады: «Бір күні есектерге жүгін артқан саудагерлер керуені жолай бір ауылға жетеді. Шаршап-шалдығып келген олар алыс жол алдында тынығып алмақ болып, ертерек жатып қалады. Бір мезетте керуенбасы үйқысынан оянып, далаға шықса,

айнала жап-жарық. Ол адамдарын оятып: «Жүрер уақыт болды. Шолпан туыпты», – деп, жолға қамдана бастайды. Есектеріне жүктегін тенден, жүріп кетеді.

Олар жүріп келеді, жүріп келеді. Таң агарудың орнына, қайта қоюланып қараңғылана түседі. Таң атып болмайды. Осылай келе жатқанда құмды дауыл басталады. Бүкіл есек дауылға шыдамай қырылып қалады. Жандарын әзер сақтап қалған керуеншілер жаяулап-жалпылап, өздері шыққан ауылға зорға жетеді. Есін жиган жұрт: «Шолпан туды деп алыш шыққан сенсің», – деп, керуенбасыдан қырылған есектері үшін құн талап етеді. Керуенбасы ақталып: «Мені алда соққан жұлдыздың өзі, сенбесендер, көрсетейін», – деп, барлығын сыртқа алыш шығады. Жарқырап тұрган жұлдызды көрген адамдар «Расында да таң атып қалған ба?» деп жагаларын үстапты. Содан бері ол «Есекқырган» деп аталып кетіпті».

(«Сен білесің бе?» әнциклопедиясынан)



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Жұлдыздар туралы мәлімет жинап, «Қос жазба күнделігі» әдісін қолданып, кестені толтырыңдар.

Үзінді	Түсініктеме



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Қарамен жазылған сөздердің синонимін тауып, сөйлем қурандар. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

Жаратылыштың құшағында, меруерт себілген кек шатырдың астында, хош істі жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге еріп, сары сайран далада өсетін қазақ баласының қиялы **жүйрік, өткір, терең** болуга тиісті. (*М. Жұмабаев*). Адамның қайталанбас қасиеттерінің ең зор көрініс табатын жері – оның қиялы. (*Альфред Адлер*). Қиял деген – гүл екен құшағыңа сыймайтын, Қиял деген – жыр екен еліце нұр сыйлайтын. Қиял – менің өлеңім, балғын және өмірім, Қиял – менің арманым ешбір **жанға қимайтын**. (*Ерлан Рымбек*). Арман мен қиял, үміт пен мақсат – осының қай-қайсы-

сы да бір гана үмтұлыс үгымымен шектелмейді, тапқан дүниенің, шыққан биігінің аздығы мен аласалығын айғақтап, үнемі бір тың, басқа, жаңа да жақсы белгісіз бірденелерді көксеумен күн кешеді. (*О. Бекей*).



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. *Толтық жұмыс.* Бала кезіндегі арманына қол жеткізген қандай танымал адамдарды білесіндер? Осы адамдар туралы материал жинап, сыйныпта пікір алмасындар.



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Сызбаны пайдаланып, сөйлем құрандар.

_____ тілек тілеген, _____ .

_____ арманның аргы атасы да, _____ .

_____ армандардың орындалған, _____ .

_____ үстата салатындей, _____ .

_____ оның шындықпен _____ .



ОҚЫЛЫМ



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Kitap.kz сайтынан өзіңе ұнаган қиял-ражайып ертегінің оқындар, сзызықша қойылған сөйлемдерді тауып жазындар. Сызықшаның не себепті қойылып тұрганын айтындар.



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті тыныс белгілерін қойындар, сөйлемдерді жазындар. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріндер.

Қызының қашып кеткенін білген соң, хан қырық уәзіріне қызын қудырады. Қырық уәзір Серікке жақындаған бергенде, Гүлбаршын ... қызғалдақ, екі ат ... қой, Серік ... қойшы болыш қалады. Қырық уәзір қайта қуганда ... Гүлбаршын ..., екі ат ... мола, Серік ... молда бола қалады. Уәзірлер қашқан қызы мен күйеуді ұстай алмай қайтып келеді. Келіп көргендерін ханга айтады. Хан енді өзі ізден шыгады. Хан Серікке жақындаиды. Сонда, Серік ... қасқыр,

Гүлбаршын ... балық, аттар ... су бола қалады... хан келіп суды іше бергенде... қасқыр келіп үрттан алады. Хан сол кезде қырық үәзіріне: «Қой... бұл қызы бір жарылған жұмыртқа болар» ... деп үйіне қайтады. Серік пен Гүлбаршын... сейтіп... өзінің дегеніне жетеді.

(«Бабалар сөзі». Жүз томдық, 74-том)



10-тапсырма. «З Қ» әдісін қолданып, сабакты қорытындыландар.


Қызық	Құнды	Қыын
-------	-------	------

5–6-сабактар

ҚЫРАН ЖЕТПЕГЕН ЖЕРГЕ ҚИЯЛ ЖЕТЕДІ



- «Қиял» сөзіне кластер құрындар. Кластерге жазған әрбір сөздеріңің мәғынасын түсіндіріндер.



1-тапсырма. Өлеңді тыңдарап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ақын келешекті қалай елестеткен?
2. Ақынның қиялынан туындаған мәселелер қазіргі таңда жүзеге асты ма?



2-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

Тілдік бағдар

Қос нүкте

Қос нүкте түсіндірмелі мәнде келген сөйлемдердің аражігіне қойылады. Мысалы: *Жамандық жалын секілді: өзін де, өзгөні де жалмай береді*. (Ж. Баласагұн). Жалпылауыш сөз бірыңғай сөйлем мүшелерінің алдынан келген жағдайда, жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады. Мысалы: *Өнеркәсіпке керекті заттар мыналар: тасқомір, мұнай, мыс, болат, жез, темір т.б.* Төл сөз автор сөзінен кейін келгенде, автор сөзінен соң қос нүкте қойылады. Мысалы: *Абай былай деді: «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – қыйік*. Салдар мәнді сөйлемнен бұрын келсе, арасына қос нүкте қойылады. Мысалы: *Әзгеңнен горі менің жаным қаттырақ ауырар еді: бұл егін дәнін қолымнан септім гой*. (С. Мұқанов).



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, мақалмәтелдердің марынасын түсіндіріңдер.

- Жақсы іске келе..., • Талапты бала
- Жаман асқа келе.... . Талпын... құстай.
- Көптің көзі көре.... . • Кісі қандай бол..., асы сондай.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Кешегі қиял – бүгінгі шындық» деген тақырыпта дискуссивті эссе жазындар.



ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Тақырып қойып, жоспар құрындар. Мәтіндегі етістіктердің қалай жасалып тұрғанын айтып, құрамына қарай ажыратындар. Сызықшаның қойылу себебін айтындар.

Фантазия – өмірдің гүлді, көрікті болуының түпкі дінгегі. Фантазиясыз адам – тұсаулы есек. Фантазия ақылды кенейтеді. Фантазиясыз жақадан бір нәрсені ойлап табу мүмкін емес. Фантазия құлықты түзейді. Біз құлықсыз адамның орнына өзімізді қойып, құлықсыздықтан жиренеміз. Фантазия әдемілік сезіміне белейді: біз неше түрлі әдеміліктерден фантазия арқылы ләззат аламыз. Фантазиясыз адам өмірі өңсіз, түссіз бір нәрсеге айналады. Мылқау өмірге үн беретін, сақау өмірге тіл беретін, жоқты бар қылатын, барды гүлді, көрікті қыла алатын, бізді арыға аяқ басқызып, тәңірімен тілдестіретін – сол фантазия.

Киял терең һәм бай болу үшін жанды суреттеулер көп болу керек. Адам негұрлым білімді, тәжірибелі болса, қиялы да сонша бай болмақ. Міне, осы себептерден баланың қиялы терең, бай болсын десек, оның білімді болуына иждиhat қылу керек. Бала тұрмыспен көзбе-кез таныссын, оның есінде, жанында көп білім болсын, жан-жануардың тұрмысын бақыласын, жаратылыштың тұрмысымен таныс болсын. Міне, сонда баланың қиялы өткір һәм бай болмақ.

(Магжан Жұмабаев)

- Мәтіндегі қазір жіңі қолданылмайтын сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндірме сөздікті пайдаланып айтыңдар.
- «Фантазиясыз адам өмірі өңсіз, түссіз бір нәрсеге айналады» деген ғалымның пікірін қалай түсінесіңдер?



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. «Дербес пікір жазу» әдісін қолданып, мәтін мазмұны бойынша пікірлерінді жазындар (*уақыт мөлшері: 7–8 минут*).

1. Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлеммен келтіру керек.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шыгаратын мысал – екі сөйлемнен түру керек.
6. Қорытынды – екі сөйлемнен тұрады.

**АЙТЫЛЫМ**

7-тапсырма. *Топтық жұмыс.* «Фантазиясыз жақадан бір нәрсені ойлап табу мүмкін емес» деген ғалымның пікіріне қосыласындар ма? Осы тақырыпта пікірталас үйымдастырындар. Сейлемдерде қос нүктені пайдаланындар.

Пікірталасқа қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмаяу;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- мақал-мәттел, фразеологиялық тіркестерді және оқшау сөздерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. Сейлемдердегі қос нүктенің қойылу себебін түсіндіріңдер. Морфологиялық талдау жасандар.

1. Содан бір мезетте екеуінің ойы бір аринаға тоғысады: бостандыққа шығарар жолды, тегінде, үңгірдің жоғарыға келбей өрлеген жүлгесін қуыш, тек қана төбеден іздеу жән дегенге саяды.
2. Шыңғыстай өнертапқышты көп болып іздесек: ол туралы қандай да бір деректі сөсіз табар едік деп ойлаганмын.
3. Атын да бірден таптым: «Өнер құдіреті».
4. Пән үлгерімі туралы деректер тізілген кітапшаны да асықпай параптадым: кілец бестік бағалар, емтихан тапсырган ілім салалары – кристаллография, электротехника, сызықты геометрия, теориялық механика, неміс тілі, физика, жалпы химия, металлургия курсы, қоғамдық ғылымдар...

(Медеу Сәрсеке)

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

9-тапсырма. «Бес саусақ» әдісін қолданып, сұрақтарға жауап жазындар.

Бас бармақ – басты мәселе. *Бүгінгі сабакта ең қынды мәселе не болды?*

Балаң үйрек – бірлесу. *Мен топта/жүпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?*


Ортан терек – ойлану. *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе жинадым?*

Шылдыр шүмек – шынайылың. *Сабак маган ұнады ма? Неліктен?*

Кішкентай бөбек – қоңіл күй ахуалы. *Мен өзімді сабакта қалай сезіндім?*

7–8-сабактар

ТҮС КОРУ



ОЙТУРТКІ

- Түс көру қиялға жата ма?
- Түс адам қиялышнан туа ма?
- Сендер жиі түс көресіңдер ме?
- Түстерінді жорисыңдар ма?



ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаپ, оның қай стилде жазылғанын айтыңдар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Мениң ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Сонғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннің аңдатпасын толықтырып жазыңдар.

Мәтінде _____

Тілдік бағдар**Тырнақша. Жақша**

Тырнақша. Тырнақшаның магынасы да, қызметі де алуан түрлі. Ол бір жағдайда тырнақшага алынған сөздің я сейлемнің бөгде біреудікі екенін білдірсе, екінші бір жағдайда тырнақшаның ішіндегі сөздің, сөздер тіркесінің өзінің тұра магынасында қолданылмай тұргандығын, болмаса бірдеценің шартты атауы екендігін білдіреді. Тырнақша мынадай жағдайларда қойылады:

Дәйексөз, мақал-мәтел, төл сөздің ішіндегі бұлжытпай алынған сөздер тырнақшага алынады.	Кекету, мұқату, ажуалау және кері магынада айттылған сездер, біреудің айтқанынан алынған сөздер, біреудің ойлаған айттуға оқталып, бірақ алі айтпаған сездері, ішкі ойы тырнақшага алынады. Есік жақтағы целде осы Тайтырнақшага манның өзімен бірге оқитын студенттер да, тіл кеспек жоқ» деген мақалдың әлеуметтік мәннен өзімен оқыдым.	Газет, журнал, кітап, үлкен-ді-кішілі шыгарма, қаулы және т.б. аттары тырнақшага алынады.	Зауыт, құрал-жабдық және үйім аттары тырнақшага алынады. Ол өзінің бала кезінде, «Қазақ әдебиеті» газетінен М. Әуезовтың «Көктүм» серек» тәндеесін оқып жүрген кездегі оқыганы айтқан.	Нысанага алынған жеке сез, дыбыс, буын сейлемде тырнақшага алынады. «А» – дауысты дыбыс. «Жаз» – бітеп буынды сез.
(Ш. Мұртаза)	«профессор Сапаровтың досы!» деп айтатын кішкене жігіт Арынгазы отыр. (З. Қабдолов)			

Жақша. Жақша – мағынаға байланысты қойылатын тыныс белгісі. Жақшага алынатындар, негізінде, сөйлеммен тікелей байланысы жоқ, оның мүшелерімен грамматикалық қатынаста тұрмайтын, жазушының айтқанын айқындай түсін үшін қолданытын кейбір ескертпе сөздер мен сөйлемдер.

Сөйлемдегі негізгі ойды немесе бір сөйлем мүшесін айқындаپ, дәлелдей, қосымша түсінік беру үшін қолданылатын қыстырма мәнді сөз, сөз тіркесі не сөйлем жақшага алынады. <i>Жаз шыға беріміз (әпкелерімді айтамын) апам есіп берген жіпті алып, тоғайга отынга атманатынбыз.</i>	(О. Бекей)	Драмалық шығармаларда кейіпкерлердің жүріс-тұрысын, іс-әрекет, көңіл күйін білдіретін автордың қосымша түсініктемелерін көрсететін сөздер, сөйлемдер жақшага алынады. <i>Нәзіпа (кеудесіне басын қойып). Өкінбейін бе?</i> (З. Шашкин)	Белгілі үзіндінің не мысалдың қай шыгармадан алынғанын, авторын, шығу деген көрсететін түсінітер, ережелер мен жаттығуларда көрсетілгендей, жақшага алынып беріледі. <i>Қыз бен Есен қол беріп амандасты.</i> (З. Шашкин)
---	------------	--	---



ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді бірнеше бөлікке бөліп, тақырып қойындар. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындаңыз, диалог құрандар. Шылауларды теріп жазып, шылаудың қай түріне жататынын айтындар. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себебін айттындар.

Мұсылман халықтары тұс жору туралы мәселелеге ерте замандардан бастап кең мән берген. Фасырлар бойы жинақталған тәжірибелерді басқа үлт өкілдері өз тілдеріне аударып, мұсылман әлемінің тылсымымен ұдайы таныстырып отырған. Мәселең, 1902 жылы Н. Г. Маллицкийдің «Мұсылмандық тұс жору» деген кітабы жарық көрді. Мұнда автор парсы тілінде шыққан мұсылман энциклопедиясының тұс көріп, оны жоруга ариалған бір тарауын орысша аударып ұсынғанын айтады. Он екі тарау тұтастай тұс жоруга бағытталыпты.

Қымыл, әрекет үстінде кім-кімнің де күш-жігері нақтылы іске арналады, ал үйқы барысында сыртқы сезінулеріміз тынышталады. Сол кезде түске әлденелердің ену себептерін ғұлама бабаларымыз қалай түсіндірген? Бірінші себебі: үйқы барысында қиял керемет шарықтайтын көрінеді. Қым-құыт құйбіңен мұлдем алыстап, ішкі қазына сандықтарының кілті кенеттен ашылады. Соның тікелей ықпалынан ап-анық бейне белгілер суреттеледі де, үйқыдағы небір таңғажайыптарды тудырады. Мұндай жайт басым көвшілікке тән екен. Фалымдар бұған мән бере қарап, түсте көрген жайттар орындалады, әсіресе оны кеменгер, ойшыл адам жорыса дейді. Екінші себебі: адамның ағzasында түрлі өзгерістер ұшырасады. Соған орай рух та түрлі өзгеріс тұгызады. Мысалы: егер ыстықтаса, түсінде от; егер тоңса, түсінде қар, аяз; егер адам ағzasына сыз өтсе, түсінде жауын, тасқын су немесе өзен; егер құрғақшылықта душар болса, түсінде шан, құм, тау, тас көріп, денедегі сәл-пәл осындай ауытқуларға қарай түрлі құбылыстар туады. Мұндай жағдайда көрген түстерге пәлендей мән берілмеген. Фалымдар да оны талдамаған. Үшінші себебі: сыртқы сезінуіміз тұтастай тәуелсіз, азат хал кешкендіктен таңғажайыпқа боленеді. Сол сәтте анық белгі түсіп, олардың іске асуы алдын ала сезіледі. Мұндай түстер айрықша бағаланған және фалымдар оған шындық деп қараган. Жан дүниесі таза, пәк адамдарғана аян берілер түс көреді деп саналған.

(«Ана тілі» газетінен)



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Ақындардың түс туралы өлеңдерін оқындар. Олеңдерді талдап, өз ойларыңды айтындар. Морфологиялық талдау жасандар. Тыныс белгілерінің қойылу себебін айттындар.

ТҮС

Жарық сөule, Айды, Құнді көрмеймін,
Жарты өлік, толық өмір сүрмеймін.
Қуанышты, азат жүрген халықтың
Не істегенін, не дегенін білмеймін.

Қор болды гой қалың қайрат, есіл күш!
Абақтыда қолдан келер қандай іс?
Үйқы тілең, көзді торлап жұмамын,
Амал қанша, жұбанышым жалғыз түс.

(Магжан Жұмабаев)

Түс

Жаралғандай бір гажайып қиялдан,
Қолын бұлғап әкем соққан үй алдан,
Бала күнім жиі енеді түсіме
Әжелерден алғыс алған, сый алған.

Бұлқан-талқан тау өзені тасынып,
Тау шыңына таң шапагы асылып,
Жасыл бектер, жасыл шырша, жасыл ән,
Жасыл орман, шақырады жас үміт...

Жаралғандай бір гажайып қиялдан,
Қолын бұлғап әкем соққан үй алдан,
Бала күнім жиі енеді түсіме
Аталардан аңыз алған, күй алған.

(Нұрлан Оразалин)



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті тыныс белгілерін қойып, сөйлемдерді жазыңдар.

1. Түсте баққа кіріп, оны аралау ... жақсылықтың белгісі.
2. Түсінде ара қуып жүрсө... өңінде пайдага жолырады. 3. ... Ә..., бәрекелді... Жақсы келдің қиял қуған жас журналист, ... деп жайраңдай қарсы алды. 4. Жалғыз-ақ айтартым... оның әрекеті ақылға сыймас құдіреттің ісі демеске менің шарам жоқ. 5. Ал әзірге саған тапсырма... осы істе барлық жиган-тергенінді қағазға түсіріп... газетке ұсын... – деді.

(Медеу Сәрсеке)

**АЙТЫЛЫМ**

7-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Бұқаралық ақпарат құралдарынан, галамтордан түс көру туралы ақпарат жинаңдар. Жинаған ақпараттарың бойынша бірнеше сұрақ дайындаңдар. Осы ақпараттарды қолданып, сабакта ой бөлісіндер.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмаяу;
- сез әдебін сақтау;
- тіл сауаттылыры;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді және одагай сездерді қолдану;
- езіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Сейлемдердегі тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер. Морфологиялық талдау жасаңдар.

1. Күціреніп «Асанқайғы» күй толғанды, Желмая желе жортып жерді шалды. (*I. Жансүгіров*). 2. «Еділ-Жайық», «Жұпар қорығы», «Құламерген» – бәрі де айтылды. 3. – Е, балам, «шешениң судай төгілген, тыңдаушың бордай езілген» дегендей, сөйлеуді де, таңдауды да сүйген ел – ел дағы. 4. «Сөз өңменіңнен өтеді гой» деген Қаратайдың тағы бір тапқыр сөзі есіне түсті. 5. Абай әлдеқандай өзгеше «таңды» сезеді. (*M. Өуезов*). 6. Шынымды айтсам, бізді, тіпті бізді ғана емес, ертеректе әкемізді, оның іні-қарындастарын асыраған. 7. Біз үйге жеткенде (жолда ешкілерді айдай келдік) екі сиырды бұзауы еміп түр екен. Біз оны «күжілдек» дейтінбіз. 8. Жеңісхан айтты: – Шербекті (араны) әлі күнге апам қайрайды. 9. Сиыр «психологиясына» әбден қанық Тоқа шалдың шебі жазға жетіп, ал пішені тақа таусылып қалған ауылдастарына артығын сатады. 10. Сонда сіздің құлағыңызға (егер керен болмасаң) өксіген бір үн шалынады. (*O. Бекей*).



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінді талдандар. Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгілеңдер. Өз ойларынды қорытындылаш жазындар.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымда қайшы, керекар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

БІЛГЕНИЦ ДУРЫС!

Адам өмірінің 1/4 бөлігін үйқыга және оның 6 жыл уақытын түс көруге жумсаиды. Алайда оянғаннан кейін адамдар түстің көп бөлігін есте сақтамайды. Адам түсті әр 90 минут сайын көреді. Ал ең ұзақ түс таңғы мезгілде, ары кетсе, 30–45 минутқа созылады.

9-сабак

ФЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА



ОЙТУРТКИ

- Суретті пайдаланып, әңгіме құрандар.



<http://www.pravmir.ru/nauchnaya-fantastika-osnova-patriotizma>

**ТЫҢДАЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтіннің қай стилде жазылғанын анықтаң, жоспар құрыңдар.

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

**ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтіндегі тұрақты тіркестерді тауып, мағынасын түсініріңдер. Осы тіркестерді қолданып, сөйлем құрандар.

ТІЛДІК бағдар**Сөйлем соында****қойылатын тыныс белгілер**

Сөйлем соында қойылатын тыныс белгілеріне *нұктте* (.), *сұрау белгісі* (?), *леп белгісі* (!) және *көп нұктте* (...) жатады.

Нұктте белгілі бір ойдың аяқталуына байланысты қойылады. Нұктте дұрыс қойылмаса, сөйлем түсініксіз болады. Нұктте мынандай жағдайларда қойылады:

Тиянақталған ойды білдіретін хабарлы сөйлемнен кейін және екпінсіз айтылатын бүйрық, тілек мәнді сөйлемдерден кейін қойылады. Аяң-пциямен жұмысты тамамдал алладамага асығасың. (О. Бекей)

Адамның аты, тегінің бас әріптері шартты түрде қысқартылып айтылғанда қойылады: *A. Байтұрсынұлы: «Қазақ – жоқшы, жогын іздеген құғыншы», – деп еді.* («Егемен Қазақстан» газетінен)

Тағысын тағылар, тағы басқалар, тағы сол сияқтылар деген сөздер қысқартылып айтылғанда қойылады: *Шынымды айтсам, байқаймын т.б. сөздерді қолданып сөйлем құрандар.*

Жыл, гасыр сөздері
қысқартылып қолданылғанда қойылады:
*Фылымда орныңқан
Андронов мәдениеті
б.з.б. II–I ғг. мензесе,
«арқайым-сынтаст
мәдениеті» деген жаңа
атауга ие болған
жаңалық б.з.б. IV–II ғг.
қамтиды.*

Цифрлар арқылы таңбаланатын санамалы нөмірден кейін қойылады: *Алдыма екі мақсат қойым:*
1. Сабакты жаңысы оқу.
2. Қазақ тілін терең менгеру.

Пьесада әр кейіпкердің есімінен кейін қойылады:
Сара. Қонақтың бәрі ана жақта гой, жүрсенді, біз де солай барайық. (М. Өуезов)

Сұрау белгісі біреуден жауап күтуді, сұрап білуді мақсат ететін сұраулы сөйлемнен кейін қойылады. Сұраулы сөйлемдер сұрау мәнді сөздердің қатысуы арқылы және интонация арқылы жасалады. Сұрау белгісі төмендегідей жағдайларда қойылады:

Ма, ме, ба, бе, па, пе сұраулық шылауларының қатысуы арқылы жасалған сөйлемдерден кейін қойылады:
– Абайжан, өзіңе асыл соғ, алғыр ой тауып айтқан кісі болды ма? – деп сұрапты. (М. Өуезов)

Сұрау есімдіктері арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден кейін қойылады:
Сонда Әбіш: – Оның берін қалаң білдіңіз? – деді. (М. Өуезов)

Болар, шыгар кемекші етістіктерінің қатысуы арқылы жасалған сөйлемдерден кейін қойылады:
Саган көп керек шыгар?

Fой шылауы мен ә дыбысының тіркесуі арқылы жасалған сөйлемдерден кейін қойылады:
Қанаты қайырылды гой, ә? – деді ақырын гана. (М. Өуезов)

Сұрау интонациясымен айтылған сұраулы сөйлемдерден кейін қойылады:
Нұрлан. Өзіңнің есімің? (О. Бекей)

Леп белгісі. Адамның түрлі көңіл күйін білдіретін лепті сөйлем мен тілек, өтініш, алғыс, бүйрық, зекіру, зіл сазындағы бүйрықты сөйлемдерден кейін леп белгісі қойылады. Сондай-ақ одагай, қаратпа сөздер де көтеріңкі дауыспен айтылса, леп белгісі қойылады.
– Алла, басым! – деп, шешем әңгіменің ауанын бұзып жиберді. – Рақмет, Құлия! – деді ол қош көңілмен шығып бара жатып. (О. Бекей)

Көп нүкте пікірдің аяқталмаганын, әлдеқандай себептен сейлемнің түсіп қалғандығын немесе асырып, аптығып сойлеуге байланысты айтылмақ пікірдің толық айтылмай қалғандығын білдіреді.

Көп нүкте көркем шығармаларда, яғни кейіпкерлердің сөздерінде жиі кездеседі.

<p>Сейлеушінің қуанғаннан я қызылып ұялғаннан сөзі аузына түспей, сөз таба алмай мұдіргенін, сасқалаттаганын білдіру үшін немесе сөз, сейлем аралығында ұзақ кідріс болғандығын білдіру үшін қойылады.</p> <p>а) Айтылуға тиісті ойдың аяқталмай қалғанын білдіру үшін қойылады: <i>Баянауылдың жері жетеді жыртуға ...</i> (З. Шашкин)</p> <p>ә) Негізгі ой желісіне қатысы жоқ басқа бір оқиғаны еске түсіру қажет болса, сейлемнің ортасы мен азатжолдың (абзаңтың) басында да қойылады: ... <i>Қазақтың академиялық Опера және балет театрында студенттерге арналған бал.</i></p> <p>(З. Шашкин)</p>	<p>Сейлеуші көңіл күйінің әсерінен қызылып сейлей алмаганда, ойдың бөліну себептеріне байланысты дауыс ыргағындағы үзілісті (пауза) білдіру үшін қойылады: <i>Кеудеде талай ыстық толқын сезімдер сия алмай сығылысқандай... Өлең әнге оралып еркеленіп келеді... Ұзіле алмай ыргалады.</i> (М. Әуезов)</p> <p>Айтуға, естуге қолайсыз, түрпайы сөздердің орнына жазуда көп нүкте қойылады да, мағынасы конспект арқылы ұғынылады: <i>Қараши, сөзін қараши ... қаскөйдің, жоқ қылайын сен итті!</i> – деп Әзімбай тап берді. (М. Әуезов)</p>
<p>Віреудің шығармасынан үзінді, дәйектеме алғанда, оны ықшамдарап алуда үзілген жеріне қойылады: <i>Бұдан кейінгі жылдары қазақ балалар фольклорының әртүрлі үлгілері «Балдырган», «Ақ желкен», «Ұлан» сияқты мерзімді басылымдарда жиі жарияланып, мектеп оқулықтарында кеңінен пайдаланылады...</i> («Рухани уыз»)</p>	<p>Тарихи, ғылыми қолжазбаларда үақыт әсерімен өшіп, жойылып кетуі кездесіп жатады. Осындай қолжазбаларды жариялаганда, сілтеме жасағанда, көрінбеген жерлерінің орнына көп нүкте қойыды: <i>Күлтегін Башы боз атқа мініп шапты.</i> <i>Башы боз</i> <i>Екеудің өзі құртты.</i> («Күлтегін» жырынан) <p>Мұндағы көп нүктелер тастагы жазудың өшіп қалған орнына қойылған.</p> </p>

**ОҚЫЛЫМ**

4-тапсырма. Сұхбатты оқындар. Не жайында екенін айтындар. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

– *Әңгімені ғылыми-фантастика жанрына қысқаша сипаттамаңыздан бастасақ...*

– Бұл жанр өз ішінде фантастика, ғылыми-фантастика, фантастикалық скетч, фантастикалық юмор болып одан әрі бөлінеді. Ғылыми-фантастика жанры қазақ әдебиеті үшін жат емес. Оның кейбір элементтері біздің қазақ өртегілерінде де кездеседі. Мен өсіресе «Ер Тестік» өртегісіне көп көңіл болемін. Есіңізде ме, өртегінің соңында Ер Тестіктің әке-шешесі, сүйген қызы, бәрі жасарып кетеді. **Бақытты** өмір сүреді. Бұл – жасты жасарту әликсирінің күші. Қазір ғалымдар жастық әликсирін, яғни жасарттын сұйықтықты табу үшін ізденіп жатыр. Бәлкім, болашакта жүзеге асар. Өртегінің кейіпкерлері – өмірде болмаған, ойдан алынған адамдар. Ал аңыздың, әпостың кейіпкерлері – өмірде болған адамдар. Мысалы, Қорқыт атамыз, Қобыланды батырымыз аңыз-әпос кейіпкерлеріне айналғанымен, олар өмірде болған жандар...

– *Осындағы тұлғалар жөніндегі аңыз-әпостарды оқып өскендіктен бе, романдарыңыздан кейіпкерлерің де жай адамдар емес, гарышкерлер гой?*

– Өте дұрыс айтасыз. Бастауыш сыныпта оқып жүргенімде ауылымызда электр шамы болған жоқ, Ауылда қызықты кітап та тапшы болды. Сонда, әлі есімде, анам Құлханыс көрші-қоланды кешкі асқа шақырып, дәм соңында ағам Төрегелді мен әпкелерім Гүлбала, Фатима, Рахимага «Батырлар жырын» кезекпен оқыттын. Кітаптағы Қобыланды батыр жыры мен түрлі түсті суреттер маган қатты әсер ететін. Сол ұлы тұлға, **хас** батырдың сүйегінің табылғаны, оған дұлыға-күмбез тұрғызылғаны жөнінде телеарнадардан көріп-естігенімде ерекше толқып, соны бір барып көруді мақсат еттім. Сөті де осы жолы түсті.

– *Ғылыми-фантиканың кейіпкерлері де ойдан шыгарылған ба?*

– Иә. Ғылыми-фантикалық шыгармаға емес, **шынайы** саналатын кез келген шыгарма негізінен ойдан туындейдьы. Ал ғылыми-фантиканың кейіпкерлері түгелдей ойдан алынады, оқиғасы да солай. Бірақ ғылыми-фантастика болған соң, оның өзіне сай қоюлатын талабы, ғылыми идеясы болады. Ойдан алынған кейіп-

керлер – сол идеяны шығармада жүзеге асырушылар. Сондықтан ғылыми-фантастикалық шығарманы ертегі, азыздан бөлең қарастырамыз. 1957 жылы Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани алғаш рет ғылыми-фантастикалық шығарма деген айдармен «Жер астына саяхат» деген шығармасын жариялады.

(Ж. Сахиев пен А. Жалмаганбетованың сұхбаты,
aktobegazeti.kz сайтынан)




АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сұхбатты қайталап оқындар. Тыныс белгілерінің қандай ұстанымға сәйкес қойылғанын түсіндіріңдер. Мәтіндегі қара қаріппен берілген сөздердің орнына синонимін қойып, мәтін мазмұнының қандай өзгеріске ұшыраганын дөлелдеңдер.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, «Ғылыми фантастика» тақырыбы бойынша диаграмма құрындар.



БІЛГЕНИЦ ДҮРІС!

Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің «Жер астына саяхат» кітабы ғылыми-фантастикалық әңгімелерден тұрады. Кітапта жазушы геология, Жер мен гарыштың арақатынасын, халық ауыз әдебиетіндегі кейбір сюжеттердің аспан денелерімен байланыстылығын қызықты баяндайды. «Ай арысы» ғылым жаңалықтары» кітабында алхимия, астрология секілді ғылым салалары жөніндегі көзқарастар қайта жаңғыртылып ұсынылған.



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Тыныс белгілерін қойып, сөйлемдерді жазындар.

- Нени айтады Не деп түсінеді Тағат сабырым қайда 2. Абай Қош келдіңіз нағашы деп қол қусырып тағзыммен қарсы алған (М. Әuezов). 3. Арыстаным ай ақ бейілім ай шойырылып қалған

агаң қалай есіце түсті Келші бері 4. Айналайын Ұлпанжан соны маган ендігөрі айтпайтында болып өзің тындырышы 5. Кәріқыстау тұтасымен Бөрібайға тиетін болды гой (F. Мұсірепов). 6. Қыран қартайып өлмейді қайғырып өледі деуші еді (Бұқар жырау). 7. Бес мың атты әскер Абылайлап бекініске лап берді 8. Осы жолы Ақмола бекінісін алуда еткен қанаармандық қайраты үшін Кенесары Төлебайды Жеке батыр атады (I. Есенберлин). 9. Женеше деді апама неге женеше дейтінін білмейтінмін өйткені шешем де солай аттайтын 10. Ертең таңтертең сиыршы шал Жұністі жіберем 11. Ей пысық бала әкең тұрды ма



ОЙТАРАЗЫ



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, «Шығу парагы» әдісін қолданып, сөйлемдерді толықтырындар.

- Маган ... қызын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындағым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

10-сабак

НӨТИЖЕ САБАҚ



ОЙТУРТКІ

- Түс дегеніміз не?



АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. *Топтық жұмыс.* Берілген тақырыптар бойынша ой белісіндер.

Қиял әлемі
Фантастика
Арман



ТЫНДАЛЫМ



2-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, мазмұнын баяндаңдар. Мәтіннің негізгі идеясын анықтаңдар.

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Мениң ойымша, ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

**ОҚЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріндер. Тыныс белгілерінің койылу себебін түсіндіріндер.

Мөңке би тұс көріп, сол түсін Сырым батырга жорытпақ болады. «Бір жолы бәйгеге 40 ат қостым, біреуі де бәйгеден келмеді. 30 ат қостым біреуі де келмеді. 5 ат қостым, төртеуі бәйгеден келмеді де, біреуі ғана қарақшыға аман жетті. Аман жеткені сол, келе сала пышаққа ілікті. Әлгі аттың ішін жарып жібергенімде, қасқыр шықты, қасқырды жарғанда тұлқі шықты. Тұлқіні жарғанда, қоян шықты. Осыны жорып берші», – дейді Мөңке би.

Сырым батыр түсті Мөңкенің ұзатылып кеткен қызына жорытуды үйгараады. Бірақ Мөңкенің қызы би үш рет шақырту жібергеннен кейін әрең келеді.

Қыз түсті естіген соң, Сырым батырга: – «Түсті жездене жорытпа, жиеніце жорытпа, әйелге жорытпа» деген сөз бар еді... Сонда да айтайын, – дейді. – Тұс адал тұс, қияли тұс, шайтани тұс деп үшке бөлінеді. Мұны қай түске жатқызарымды білмеймін, бірақ оның шешуі мынадай: «40 ат дегеніміз мұсылмандың 40 парызы орындалмай қалатын заман болады еken; 30 аттың бәйгеден келмей қалатыны – 30 күн ораза ұстамайтын заман туады еken; 5 аттың төртеуі келмей, біреуі келгені – бес уақыт намаз қаза болып, оны біреу оқып, біреу оқымайтын кез келеді еken; қасқырдың шыққаны – кісінікін тартып алып, үрлап жейтін зорлықшыл заманың туатыны шығар; тұлқі шыққаны – алдаушы мен арбаушы көбейетін, тұлқідей бұландаған заманың күтіп тұрганы шығар; қоян шыққаны – ұрпақ үрейленіп өсетін, көлеңкесінен қорқып жүретін заман болар».

Осыны айтып болғаннан кейін Мәңке бидің қызы: – Маган тұс жорытқандарыңыз қате болды, күндердің күнінде әйел билеген заман келеді. Ол заманда әйелден ұят кетеді, еркектен намыс қашады, менің үш рет шақырғанда зорға келуімнің сыры осында еді, – депті.
 («Ел аузынан» кітабынан)

- Мәңке бидің түсін қызы дұрыс жорыған ба? Оның айтқандары дөл келді ме?
- Ойларыңды нақты деректер арқылы дөлелден айтындар. Жинақы мәтін құраңдар.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. *Жағдаяттық тапсырма.* Бұғін достарың көрген түсін айтып, сендердің жорып берулерінді өтінді. Не істейсіндер?



ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқындар. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар. Өлеңдегі етістіктердің орын тәртібі туралы айтындар.

Түсіме қала кірді

Қала кірді түсіме,
 Мүмкін емес жеңуге,
 Барлық елі ғаламның жабыла оған төнуде.
 Мекені екен Достардың
 түсіме енген сол қала,
 Жарығында жалғанның бұрын-соңды болмаған,
 Сол қалада махабbat барлығына бас болған,
 Бәрі соған табынып, бәрі содан басталған.
 Сол махабbat —
 Әркімнің қымылышынан байқалған,
 Көзі, сезі, ісінен, жауабынан қайтарған.

(Мұқагали Мақатаев)



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. «Фылыми фантастика» тақырыбында әңгіме құрап жазындар.

Әңгімеге қойылатын таланттар:

- тақырыбы болуы қажет;

- ой жүйелілігі сакталуы тиіс;
- ғылыми фантастика туралы нақты дәлелдер арқылы берілуі керек;
- стильдік тұрғыдан дұрыс жазылуы тиіс;
- оқшау сөздерді дұрыс қолдану шарт;
- орфографиялық нормалар қатаң сакталуы керек;
- езіндік қорытынды жасалуы тиіс.



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Өздерінің болашақтағы армандарың туралы ойтолғау жазындар.



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Сейлемдегі тыныс белгілерінің қойылу себебін түсін-діріңдер. Сейлемге синтаксистік талдау жасандар.

1. Есен. Өкінбе! Сен адал дәрігер екенінді таныттың! (Нәзипа тerezе жақтауына сүйеніп тұрып қалады). Шәрбанжан, сен көтер басынды! (З. Шашкин). 2. Шынында, бұл – ойланатын жұмыс екені рас. 3. – Тақсыр... қарағым... шырағым-ау... Аргы атам Аргынбайдың шаңырагына мініп келген ... – дей бергенде Аман келді де, қолтықтап апарып скамейкага отырғызды. (Ғ. Мұстафин). 4. Намыс – азаматтың алтын туы. Ер жігіттің елі – ата-анасы. Отаны – өз үйі. (Б. Момышұлы). 5. Бәлкім, қазір біз пойызбен жүйткітіп келе жатқан жермен бір кезде жалғыз атты жолаушы жүріп өткен болар... 6. Сірә, мені жұбатқысы келген болу керек. 7. Япыр-ау, осы адамды қайdan көріп едім? 8. «Е, жұмысы бол бір жаңқа бара жатқан болар», – деп ойлап, тынышталып жайыма отырдым. 9. Мен оның әңгімесін жалғастырып, толықтырып, өзіне беймаглұм көп жайды үгындыра (бұл повестің екінші әңгімесінде айталауды) алатын едім. (Ш. Айтматов).



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. Сызықша қай жерге қойылатынын айтындар.

Қиял-гажайып ертегілері қазақ халқының бай қазынасы.

- қазақ сөзінен кейін
- ертегілері сөзінен кейін
- халқының сөзінен кейін

- Д. бай сөзинен кейін
 Е. қиял-гажайып сөзинен кейін

2. Үтірдің қойылу себебін анықтаңдар.
Неге екені белгісіз, оның айтқанына ешкім сенбеді.

А. қаратпа сөзге байланысты
 В. құрмалас сөйлем болғандықтан
 С. қыстырма сөзге байланысты
 Д. одагай болғандықтан
 Е. айқындауыш болғандықтан

3. Бірыңғай мүшелердің арасына қойылатын тыныс белгісі.

А. сзықша	Д. нүктे
В. көп нүктө	Е. қос нүктө
С. үтір	

4. Сызықша дұрыс қойылған сөйлемді анықтаңдар.

А. Отыршы – балам, түсінді айтшы!
 В. Келген, осы – бала.
 С. Фантазиясыз адам – тұсаулы есек.
 Д. Көрмес, түйені де – көрмес.
 Е. Біздің – міндетіміз оқу.

5. Қос нүктө қандай жағдайда қойылады?

А. қыстырма сөзден кейін
 В. жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелердің алдында келсе
 С. қаратпа сөзден кейін
 Д. бірыңғай мүшелердің арасына
 Е. айқындауыш мүшеден кейін



ОПЛАВА



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Шығу парагы» өдісін қолданып, сұрақтарға жазоаша жауап беріндер.

- «ғылыми фантастика» тақырыбы бойынша не үйрениңдер?
 - Сендер үшін бұл бөлімде қай мәліметтер құнды болды?
 - Өз жұмысыңа, сыныптастарыңың топ ішіндегі әрекеттеріне көнілдерің тола ма? (*Өзіңнің және сыныптастарыңың білімін бағалаңдар*).
 - Осы тақырып бойынша тағы не білгілерің келеді?
 - Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисыңдар?

ГЛОССАРИЙ

Байсалды – сабырлы, салмақты.

Геосаясат – грек сөзі (*ge* – жер, *politika* – қоғамдық), саяси термин. Географиялық, саяси, өскери және басқа факторлардың жүйелі ықпалын есепке ала отырып, мемлекеттің, бүтіндій әлемнің жөне оның аймақтарының даму үдерістері мен принциптерін зерттейтін ғылым.

Доктрина – латын сөзі (*doctrina*), философиялық термин. Ғылыми немесе философиялық теория, саяси бағыт, ілім.

Дүрия – жылтырауык, тығыз, жібек мата.

Ділмар – тілге шешен, сөзге бай, тілмар.

Ежітей – қайнаган сүтке қатық құйып, қант сеуіп, сарымай араластырып дайындағын ұлттық тағам.

Ердің қасы – ағаш, сүйек ердің күміспен күптелген алдыңғы және артқы басы, таянышы.

Жады ағашы – түйенің үстіне салатын қом ағашы.

Жақұт – түрлі түсті, көбіне көгілдір, жасыл түсті асыл тас, лагылдың көне атауы.

Консультативті орган – кеңес, бағыт-бағдар беруші мекеме.

Кек шулан – кекшіл тартқан, бурыл.

Кимай – кесек туралған ет, майды сарымсақпен араластырып, сиырдың ішегіне салып дайындалған, қазыға үқсас тағам.

Малма сапсу – малмага салған терінің ары-бері ауыстыру. Малма – құрттың, іркіттің сарысуына, айран-қатыққа, үн-кебек пен дәннен жасалған көкеге тұза салып, аштып, тері илейтін ашытқы.

Мөшінүр – аты, даңқы әйгілі, белгілі.

Мауыты – мата түрі.

Мес – сүйік, сусын қуыға ариалған, ешкі терісінен жасалған ыдыс.

Сақылық – жомарттық, қолы ашықтық.

Сервер – ағылшын сөзі (*server*), бірнеше компьютерге ортақ құрылғы.

Серпін – бір деңенің қозғалысынан екінші деңенің тербелуі немесе жаңғыруы. Ауыспалы магынада: екпін, қарқын, қайрат, әсер.

Сүңғыла – көп билетін, блітір, зерек.

Талмаураятқан – алсіреткен, елімсіреткен.

Тана – ақықтан жасалған, киімге тағылатын жалтырауық түйме.

Торіқа – ең қымбат жібек мата.

Тұбіт – хайуаннаттың қылышың жүнінің астындағы биязы, ұлпілдек жүн.

Тірізізер – тірілтизу, қалпына келтіру.

Үйздей үйыған – береке-бірлігі бұзылмады, ынтымагы жарасты.

Үлпіршек – малданың жүрек қабына май, кесек ет т.б. салып жасалған шұжың төрізді тарам.

Шуда жіп – түйенің шуда жібінен ірілген жіп. Шуда – түйенің өркешіне, желкесіне, тамақ астына шынқан үзүн қылышың жүн.

Ықылым – неше жұз мың жылдық откен уақыт, есте жоқ ескі заман, көне дәуір.

ЮНИСЕФ – Біріккен Ұлттар Үйімінің балаларға кемек көрсету халықаралық тегінші қоры.

ОҚУЛЫҚТА БЕРІЛГЕН ЖУМБАҚТАРДЫҢ ЖАУАБЫ

33-бет. Сыр, қыр, жыр.

41-бет. Доп, білім, қалам мен жазу.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – А., 1994. – 195 б.
2. Әкімжанов М. «Табирагат» балалар энциклопедиясы. – А., 2012.
3. «Күміс кебеже», Қазақ ақындарының балаларға арналған олеңдері. – А.: «Балауса», – 430 б.
4. Құнанбайұлы А. Өлеңдер жинағы. – А.: «Жазушы», 2013. – 294 б.
5. Алипбаева Д. «Ғылым» балалар энциклопедиясы толтамасы. – Астана, 2012. – 160 б.
6. Оңғарбай Р. Рубайлар. – А.: «Хантәрі», 2014. – 288 б.
7. «Негеш» балалар энциклопедиясы. – А.: «Атамұра», 2013. – 336 б.
8. Жұністегі К. «Темір астай» кітабы. – А.: «Хантәрі», 2014.
9. Бекей О. «Қайдасың, қасқа құлымын?». Повестер, әңгімелер жинағы. – Астана: «Елорда», 1999. – 327 б.
10. Тажібаев Ә. Өлеңдер жинағы. А.: «Көркем әдебиет», 1951. – 89 б.
11. Бодайбай Б. «Май жанбыры» повестер жинағы. – Астана: «Нұр-Астана», 2014. – 481 б.
12. Қозыбаев М. Қиелі Тәуелсіздік. – А.: «Баспалар үйі», 2009. – 426 б.
13. Қеркемсуретті Қазақстан тарихы (Ежелгі дәуірден білдің үақытыныңда дейін). 4 том-дық, 1-том. – Алматы, 2006. 47-б.
14. Досжан Д. Шығармалары. – Астана: «Фолиант», 2008. – 426 б.
15. Әлімбаев М. Шығармалар жинағы. – А.: «Өлкө», 2014. – 256 б.
16. Қазақ энциклопедиясы, 5-том. – А., 1998.
17. Есенберлин И. Қошындер. – Нұр-Сұлтан: «Фолиант», 2021. – 376 б.
18. Қазақ халқының үлттық қиімдер энциклопедиясы. – А.: «Алматықітап», 2013.
19. Медетбек Т. Қек түріктер сарыны. 3 томдық кітабы. – А.: АБДИ АҚ, 2011. – 656 б.
20. Кекілбаев Ә. Үркөр. – А.: «Сәздік», 1999. – 585 б.
21. Музыка, би, драма энциклопедиясы. – А.: «Аруна», 2004. – 700 б.
22. «Сен білесің бе?». Энциклопедия. – А.: «Аруна», 2011. – 700 б.
23. Узлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – А.: «Жазушы», 1985. – 557 б.
24. Вегманов К. Мұстафа Шоқай жолымен. – А.: «Сораба» қоғамдық қоры, 2013. – 499 б.
25. Аманжолов Қ. Дағыға, сол қыз. Өлеңдер жинағы. – А.: «Раритет», 2006. – 264 б.
26. Шаханов М. Компьютербасты жартылар. Өлеңдер жинағы. – А.: «Нұрлы алем», 2003. – 221 б.
27. Ҳұсайнұлы М. Алтай-Қобда домбыра қүйлери. – Астана: «Фолиант», 2018. – 720 б.
28. Мәдениеттану негіздер. – А.: «ЛантарТрейд», 2021. – 381 б.
29. Қазақтың этнографиялық категориялары, үгымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі. 1-том. – А., 2012. – 536 б.
30. Төле би (тарихи деректер, ақылдар, дастандар). 3-том. – А., 2013. – 481 б.
31. Бұлқышев Б. Адамзатқа хат. Шығармалар жинағы. – А.: «Санат», 2005. – 208 б.
32. Жұмабаев М. 3 томдық шығармалар жинағы. – А.: «Білім», 1995. – 251 б.
33. Оразалин Н. Шығармалар жинағы. 2-том. – А.: «АнАрыс», 2014. – 404 б.
34. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. – А., 1991. – 399 б.
35. Бабалар сезі. – Астана: «Фолиант», 2006. – 393 б.
36. «Денсаулық» журналы. – А., 2008. – 200 б.
37. «Шаңырақ» энциклопедиясы. – А., 2007. – 525 б.
38. «Денсаулық – халық байлығы» энциклопедиясы. – А., 2003. – 206 б.
39. Шорманов Т. «Егemen Қазақстан» газеті, 2022. – 10-бет.
40. Алдабергенұлы Қ. Бес гасыр жырлайды. 3-том. – А.: «Жазушы», 1985. – 352 б.
41. Еруділіңіз С. Бес гасыр жырлайды. 2-том. – А.: «Жазушы», 1989. – 489 б.
42. «Кім жақын? Не қылбат? Не қызын?». – «Орталық Қазақстан» газеті, 1990.
43. Махамбет өлеңдерінің поэтикасы. – Астана: «Елорда», 2007. – 251 б.
44. Қазыналы оңтүстік. – А.: «Нұрлы алем», 2012. – 313 б.
45. Абайдың қара сезідері. – Нұр-Сұлтан: «Мазмундама қоғамдық қоры», 2022. – 149 б.
46. Досжан Д. Таңдамалы шығармалары. – А.: «Білім», 2003. – 444 б.
47. М. Мақатаев шығармалары. – А.: «Жалын», 2013. – 320 б.
48. Айбергенов Т. Достық деген таусылмайтын қазына. 1-том. А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 320 б.
49. Узлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – А.: «Жазушы», 1935.
50. Айтматов Ш. Фасыр айрығындағы сырласу. – А.: «Рауан», 1997. – 381 б.

МАЗМУНЫ

Алғы сез	3
1-бөлім. Ауа райы және климаттың өзгерістер	4
<i>Интонация, кідіріс, логикалық екпін</i>	
1–2-сабактар. Қазақ халқының ауа райын болжауы	4
3–4-сабактар. Климат пен табиғат	9
5–6-сабактар. Ұлы Дағыраты	13
7–8-сабактар. Ауасыз тіршілік жоқ	17
9–10-сабактар. Нәтиже сабак. Табиғат және адам	22
2-бөлім. Қешпелілер мәдениеті	28
<i>Шылаудың емлесі. Орфографиялық норма</i>	
1–2-сабактар. Қешпелілер мәдениеті – еркениеттің бастауы	28
3–4-сабактар. Қешпелілердің жазуы	34
5–6-сабактар. Қешпелілердің киіну мәдениеті	38
7–8-сабактар. Қешпелілер салтанаты	42
9–10-сабактар. Нәтиже сабак. Қешпелілер үрпағы	45
3-бөлім. Денсаулық – зор байлық	52
<i>Қанатты сөздер. Фразеология. Мақал-мәтеддер</i>	
1–2-сабактар. Денсаулық және қоршаган орта	52
3–4-сабактар. Рухани денсаулық – өмірдің мәні	56
5–6-сабактар. Денсаулық кепілі	61
7–8-сабактар. Денсаулықты сактау – ұлken өнер	67
9–10-сабактар. Нәтиже сабак. Саламатты өмір салты	70
4-бөлім. Сүйіспеншілік пен достық	74
<i>Етістіктің есімше, көсемше түрлері. Түйүк етістік</i>	
1–2-сабактар. Достық – асыл қасиет	74
3–4-сабактар. Достық – өмірлік нұсқа	80
5–6-сабактар. Ұлы адамдар достығы	85
7–8-сабактар. Сүйіспеншілік – шынайы сезім	90
9–10-сабактар. Нәтиже сабак. Сүйіспеншілік бастауы – туған жерді сую	94
5-бөлім. Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы	98
<i>Етістіктің шақ түрлері. Рай түрлері</i>	
1–2-сабактар. Музыка – табиғи өнер	98
3–4-сабактар. Музыкалық бағыттар мен аспаптар	103
5–6-сабактар. Домбыра – халық мұрасы	110
7–8-сабактар. Қүй – музыканың ерекше жанры	116
9–10-сабактар. Нәтиже сабак. Музыка – өлемдегі ең жоғарғы өнер	123

6-бөлім. Фаламтор ғаламаты.....	130
<i>Шылау түрлері</i>	
1–2-сабактар. Фаламтор тарихы.....	130
3–4-сабактар. Фаламтордың пайдасы мен зияны	134
5–6-сабактар. Әлеуметтік желіні пайдаланамын	142
7–8-сабактар. Тіл және технология.....	146
9–10-сабактар. Нәтиже сабак	150
7-бөлім. Қазақстандағы үлттар достастығы	157
<i>Еліктеуіш сөз. Бейнелеуіш сөз</i>	
1–2-сабактар. Үлттар достығы – басты байлығымыз	157
3–4-сабактар. Қазақстан халқы Ассамблеясы	160
5–6-сабактар. Қазақстан – әлемдік қауымдастықта.....	164
7–8-сабактар. Үлттар достығының үйітқышы.....	168
9–10-сабактар. Нәтиже сабак	171
8-бөлім. Дұрыс тамақтану	176
<i>Одагай. Одагай түрлері</i>	
1–2-сабактар. Ас – адамның арқауы	176
3–4-сабактар. Дәрумендердің пайдасы	179
5–6-сабактар. Гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар	183
7–8-сабактар. Тамақтану мәдениеті	186
9–10-сабактар. Нәтиже сабак	190
9-бөлім. Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым	196
<i>Оқшай сөздің түрлері. Оқшай сөздердің қызметі</i>	
1–2-сабактар. Отан оттан да ыстық	196
3–4-сабактар. Қазақтың батыр қыздары.....	203
5–6-сабактар. Ерлік – елге өнеге	206
7–8-сабактар. Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті ..	210
9–10-сабактар. Ұлы ерлікке тағзым.....	214
11–12-сабактар. Нәтиже сабак	217
10-бөлім. Фылыми фантастика	222
<i>Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілер. Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілер</i>	
1–2-сабактар. Қиял-ғажайыптар әлемі	222
3–4-сабактар. Адам қиялы	227
5–6-сабактар. Қыран жетпеген жерге қиял жетеді	231
7–8-сабактар. Тұс көру.....	235
9-сабак. Фылыми фантастика	241
10-сабак. Нәтиже сабак	247
Глоссарий	252
Оқулықта берілген жұмбактардың жауабы.....	252
Пайдаланылған әдебиеттер	253

Оқу басылымы

Қосымова Гүлбанд Сейілбекқызы
Рахметова Райгүл Садуақасқызы
Бекжанова Жанат Садуқызы

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің
7-сыныбына арналған оқулық
2 басылымы, өңделген

Редакторы *P. Райбаева*
Көркемдеуші редакторлары *A. Әлиева, A. Лукманов*
Техникалық редакторы *Y. Рысалиева*
Компьютерде беттеген *A. Нұраліева, M. Куанова*
Фотоларды түсірген *A. Устиненко*

ИБ №045

Терүре 10.01.2024 берілді. Басура 30.05.2024 көл койымды. Пішімі 70x90^{1/16}. Офсеттік қараз.
Мекстегік орын. Офсеттік басылым. Шартты баспа табагы 18,72.
Есептік баспа табагы 13,38. Тарадымы 80000 дана. № 8108 тапсырыс.
«Атамұра» корпорациясы ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Махматаев көшесі, 41.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217